Оқушылардың әр түрлі себептермен оқу мәдениетін төмендетіп алғаны байқалады. Тіпті кейбіреулері бағдарламалық материалдарды игеруге құлықсыз екендігін танытты. Бұларға кезінде пән мұғалімі, кітапханашы, ата-аналары тарапынан дұрыс ақыл-кеңес, басшылық

болмай, оқырмандық тәжірибені шындай түсу бағытындағы жұмыстар өз дәрежесінде жүргізілмегендігін көрсетеді. Кітап оқу дәстүрге айналған үйде ең болмаса бір адамның көп оқуы балаларға да игі ықпалын тигізеді. *Мәселен*, зерттеу, бақылау жүргізген оқушыларымызға кітап алып оқуда 29% мұғалімнің, 19% кітапханашының, 22% ата-ананың, аға-апайының, 30% жолдастарының әсері тиетінін анықтадық.

Қазіргі заман балаларының кітаптан басқа да ермегі толып жатыр; көгілдір экраннан таңертеңнен кешке дейін көрсетілетін әсерлі мультфильмдер мен қырғын төбелес туралы фильмдер, түрлі компьютер ойындары. Бұл «Бәсекелестіктер» бала назарын кітаптан гөрі өзіне неғұрлым көбірек аударуда. Сөйтіп, бала мен көркем әдебиеттің арасы алшақтап, баланың ақыл-ойының дамуына әсер ететін мүмкіндіктер ескерілмей қалып жатыр.

*Неліктен балаға қоршаған ортаны кітап арқылы емес, көгілдір экран арқылы таныған қызығырақ?*

Өйткені, кітапты қолына алған баланың назары алдымен әріптерге түседі. Кітапты оқып, өз ой елегінен өткізген, мазмұнын жете түсінгенде ғана бала ондағы оқиғаларды ішкі жан дүниесімен көріп, сезінеді. Кітап оқу барысында кейде бір сөйлемді не біз үзіндіні бірнеше рет қайталап оқитында кез болады. Ондай жағдайда кітап оқу ерекше ден қоюды, ынта жігерімен оқуды керек етеді, яғни оқырман ой еңбегімен шұғылданады. Бала үшін бұл өте күрделі процесс. Ал, көгілдір экранда бәрі дайын: түрлі-түсті бейнелер де, дыбыстар да. Еш әрекеттенбей-ақ отыр да көре бер! Әрине, бала дайын нәрсеге ұмтылады. Бірақ теледидардан көрген нәрсенің бәрі бірдей бала ойында, қиялында қала бермейді. Кейбір оқиғалар, бейнелер балаға әсер еткенімен де ол бала есінде уақытша ғана сақталады. Уақыт өте келе мүлде ұмыт болады. Сөйтіп, бала мектеп бағдарламасы бойынша оқығанымен шектеліп қана қояды.

Ақыл айтқанда тәжірибемізді тықпалауға міндетті емеспіз және жастардың кітап оқымайтындығы үшін кінәләу қате. Себебі, қазір мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының білім алушылары арасында өзара кітап алмасу, бір-біріне жалға беру, оқып болған кітаптарын арзан бағада бір-біріне ұсыну үрдісі дамып келеді.

Осы мәселе бойынша "Booklover" жобасын қолға алу нәтижелі болады деп санаймыз. Көпшілігі бірінші кезекте, өзін-өзі дамытуға байланысты психологиялық кітаптарды, екіншіден, әлемге танымал бестселлер, үшінші орында фантастика тақырыбындағы, төртінші орында классиктердің шығармаларын оқиды. Белгілі пәндер бойынша ілім-білім алады. Бірақ оның ақыл-ойының, шығармашылық қабілеттерінің дамуы мен бала бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру үшін мұндай оқу жеткіліксіз.

Ата-анасы жоқта теледидар мен компьютерді қосып жоғары технология әлемімен бепебет қалады. Иә, компьютерден жасырын зардап шегушілер аз емес. Көру қабілеті нашар, жасына жетпей көзәйнек киетін балалардың саны болса жыл сайын арта түсуде.

Көркем әдебиет оқымаған немесе нағыз өнер туындыларына деген қызығушылығы жоқ адам өзінен басқаның жан дүниесін түсінуді, сезінуді, басқаға жаны ашу сияқты эмоционалдық-эстетикалық қасиеттерден арылады.

Абай атамыздың:

«Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап қыл артық білуге.  
Артық ғылым – кітапта,  
Ерінбей оқып көруге»,

- деген сөзін басшылыққа алып [3, 248-253 б.], балаларымыздың жарқын болашағының мәнді болуына ат салысайық. Оқушыдан озық ойлы оқырман шығару өз қолымызда екенін ұмытпағанымыз жөн.

Қорыта келе, оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруда оның құрылымдық моделін әзірлеу керек деп есептейміз. Модельде оқушылардың оқырмандық қызығушылығын қалыптастырудың келесі формалары ұсынылады:

- жеке (тұлғаның дамуы), әңгімелесу, жеке тапсырмалар орындау, оқушылар жиындарында есеп (хабарлама) беру, тәртіптік және адамгершілік ықпал ету құралдарын пайдалану, сенім арту және т.б.

- топтық (ұжымның ұйымшылдығы, дәстүрлерді қолдау және сақтау), іскерлік ойындар, жарыстар, пікірталастар, тренингтер, топтық әңгіме, баяндама жасау, ғылыми үйірмелер, ауызша журнал және т.б. әдістер арқылы жүзеге асырылады.

- бұқаралық-көпшілік (мемлекеттік-патриоттық бағытты қалыптастыру), бұқаралық-көпшілік тәсіл оқушылардың ортақ жиындары; сұрақ-жауап кештері, пікірталастар, тақырыптық кештер, ғылыми-практикалық және оқырмандық конференциялар, викториналар, саяхаттар, қабырға газеті және т.б.

Жылдам оқу жаттығулары: Шульте кестесі, пирамида кестесі, графикалық диктант, нейрогимнастикалық жаттығулар, сөздерді оңнан солға қарай жылдам оқу, эмоциялық оқу, антиципация әдістері де оқушының жылдам оқуға дайындап, зеінін дамытады, есте сақтау қабілетін арттырады, көздің көру аймағын кеңейтеді. Оларды оқу-тәрбие үдерісінде, басшылық жасау және тәлімгерлік жасау жүйесінде, өзін-өзі тәрбиелеу үдерісінде жүзеге асыруға болады. Осылайша оқушының тұлғалық қасиеті қалыптасады.

#### Әдебиеттер

1. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Ақорда 2017, 12 сәуір // [akorda.kz/kz/events...news...conferences...basshysynyn](http://akorda.kz/kz/events...news...conferences...basshysynyn)
2. Жарықбаев Қ.Б. Ұстаздық еткен жалықпас. -Алматы, 1987.
3. Абай. Энциклопедия. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1999. - 358 б.
4. Жылдам оқу жаттығулары. Ғаламат School// Алматы, 2020. -77 б.

*Аймағанбетова О.Х., Адилова Э.Т.*

*(Республика Казахстан, г. Алматы,*

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби)*

## **ОПЫТ ТРАНСПЕРСОНАЛЬНОЙ ПСИХОЛОГИИ В РЕШЕНИИ ПРОБЛЕМ СОВРЕМЕННОГО ЧЕЛОВЕКА**

Само название «трансперсональная психология» состоит из двух слов: персона - личность и транс – между, то есть дословно переводится как - межличностная психология. Однако на самом деле трансперсональная психология занимается изучением тех процессов, которые происходят с человеком в определенные периоды его жизни. Это направление, в рамках которого утверждается, что наш опыт не сводится лишь к биографическому индивидуальному опыту, что наша психика содержит измерение, выходящее за пределы биографического опыта. Трансперсональное или сверхличностное, духовное или мифологическое измерение, которое является решающим с точки зрения трансперсональных психологов для нормального функционирования психики и для развития человека как личности.

Одним из корифеев трансперсональной психологии является американский психолог, выходец из Чехословакии - Станислав Гроф, принадлежащий к плеяде тех величайших психологов, внесших большой вклад в развитие современной психологии - как З. Фрейд, К. Юнг, Э. Фромм и др. Сегодня мы можем его назвать тем психологом, который оказал огромное влияние на мировоззрение современного поколения XXI века.

Будучи, прежде всего, психотерапевтом, С. Гроф занимался и продолжает заниматься, несмотря на довольно преклонный возраст, изучением двух самых важных периодов в формировании человека – это момент зачатия и момент смерти. Будучи великолепным психотерапевтом, работая с умирающими людьми, он готовил их к смерти, к отходу. По его мнению, изучение человека нужно начинать с того момента, когда он еще находится в утробе матери.

Когда-то по легенде молодые родители, у которых недавно родился ребенок, обратились к Сократу: «Когда нужно заниматься воспитанием человека?» Сократ ответил: «Вы уже опоздали, начинать нужно с зачатия». Так и Гроф считает момент зачатия одним из важным периодов формирования человека.

Согласно С. Грофу в сфере сознания человека не существует никаких ограничений, пределов, но существуют четыре барьера психики. Первый барьер психики – это сенсорный барьер. К этому барьеру относится все, что связано с нашими ощущениями. Научкой и практикой доказано, что, когда человек утрачивает ощущения, он впадает в трансное состояние, у многих начинаются галлюцинации, в результате которых, человек перестаёт ощущать свое тело.

Сенсорный барьер может возникнуть, прежде всего, в сновидениях, когда, например, затекают конечности нашего тела, мы их чувствуем по – другому. Мы можем не чувствовать свое тело, например, во время медитации или в определённых состояниях, при использовании похожих техник мы можем абстрагироваться от него, можем преодолевать этот барьер.

Второе - это индивидуальное бессознательное, то есть –это то, что конкретно для типичного человека, это его опыт.

Третий - это уровень рождения и смерти. Именно на этом уровне, по мнению С. Грофа, реализуются перинатальные матрицы.

И четвертый уровень – это трансперсональная область.

Когда исследуется психика человека и его бессознательное, то очень часто психотерапевты сталкиваются с интересными эффектами. Например, когда человека вводят в гипноз, особенно регрессивный, то он часто может видеть и описывать свои прошлые жизни, описывать эпоху, куда его погрузили, хотя, он там никогда не был, но он может отчётливо ее видеть и досконально описать. Как подчеркивает С. Гроф - здесь что - то присутствует, то, что очень трудно объяснить. Человек, скорей всего, описывает своё индивидуально-бессознательное, но в ряде случаев, - считает он, - можно говорить о подключении его сознания к какому – то каналу, который сегодня называют - общее информационное поле, ноосфера или разумная оболочка планеты, о которой, в свое время писал академик В.И. Вернадский.

Гроф отмечает, что люди имеют доступ к разным сферам информации, некоторые из них переживают некоторые трансперсональные проявления сознания и они начинают догадываться, что эти мистические знания, не совсем принадлежат им, они связаны с какими-то другими областями знания.

В контексте такого понимания он приходит к выводу, что человеческая психика соразмерна всей Вселенной и всему существующему - человек через бессознательное имеет возможность получить информацию о всей Вселенной. Психика на бессознательном уровне может пересекать эти границы, она не имеет времени и пространства.

Подобные идеи получили распространение еще в XIX - XX веках, когда многие мистики и эзотерики заимствовали основные принципы и знания из «Изумрудной книги», созданной Гермесом Трисмигистом, где красной нитью проходит принцип аналогии или соответствия Макрокосма (Вселенной) и Микрокосма (человека): то что «наверху, подобно тому, что внизу», и то, что «внизу подобно тому, что наверху», то есть существует полная взаимосвязь между Макрокосмом и Микрокосмом. Вследствие этого, во многих теориях, особенно мистического направления, человек рассматривался как микрокосм макрокосма, что он создан по образу и подобию Бога. Кстати, и в Библии есть высказывание, что человек - есть частичка Бога, в каждом человека Бог.

В свое время об этом принцип также писала Н. Бехтерева - директор Института мозга, всю свою научную жизнь, занимавшаяся изучением мозга человека. Конечно, с точки зрения классической логики, с позиции материализма, в русле которых долгое время развивалась психология - этот вывод сложно понять. Тем не менее, такое понимание и детерминация связи человека и Вселенной дает возможность С. Грофу рассматривать людей как некоторые

биологические машины, у которых имеется биологическая оболочка, в которой они существуют и которая дается человеку лишь на определенное время.

Человек, по С. Грофу, может распознавать себя с помощью двух модусов опыта. Первый модус опыта – это хилотропическое сознание, представляющее собой знание о себе как о физическом существе, имеющим свои возможности, ограничения и временные лимиты в мире материальных объектов. С точки зрения хилотропического сознания мы знаем, что мы все люди, что люди смертны, что наше тело представляет собой оболочку, которая со временем начинает изнашиваться, она не рассчитана на длительное время.

Второй модус – это холотропическое сознание, не имеющее границ, но имеет доступ к разным аспектам реальности без посредства органов чувств. Это знание, которое мы можем получать при помощи каких-то дополнительных переживаний.

Для преодоления сенсорных барьеров С. Гроф, вслед за другим, не менее известным американским психологом Т. Лири, предлагал и сам использовал в своих исследованиях и в практике - психоделические препараты. Когда их использование запретили в США, то для вхождения в трансное состояние стали использовать шаманское дыхание, техники холотропного дыхания, заимствованные из духовной практики индуизма. Изменённого состояния сознания можно было достигнуть при помощи учащённого дыхания, приводящего к гипервентиляции лёгких, сопровождающегося специальной музыкой и другими практиками вхождения в измененное состояние.

Вторая сфера переживаний – это индивидуальное бессознательное, представляющее собой определенный биографический уровень. Это то, что реально было в жизни человека, что он пережил. Это могут быть травмирующие переживания, какие-то воспоминания с момента рождения до настоящего времени, которые возникают не случайно. С. Гроф называет их системой конденсированного опыта (СКО), представляющей собой систему воспоминаний из различных периодов жизни человека.

К индивидуальному бессознательному также относятся различные телесные травмы, события, которые человек не преодолел и которые могут вызвать у него соматические нарушения, удушье, тревожность, сексуальные проблемы. Как правило, эти травмы в системе (СКО) связаны с реальными событиями, которые были в действительности.

На биографическом уровне - уровне биографических воспоминаний человек может проходить какие-то состояния, если он заново их переживет. По С. Грофу, если у человека был неудачный опыт прохождения травматического состояния или переживания, то ему необходимо заново пережить это состояние. Этот уровень переживаний он называет бессознательной перинатальной зоной или иначе базовой перинатальной матрицей (БПМ) (от лат. *corneae regi* — «около», и *natalis* — «относящийся к переживанию рождению»).

Базовая перинатальная матрица формируется в период прохождения четырех клинических стадий биологического рождения, которые Гроф отождествляет с так называемыми четырьмя «базовыми перинатальными матрицами».

Первая базовая перинатальная матрица – это исходное симбиотическое единство плода с материнским организмом, реализующееся в период так называемого «внутриутробного рая», когда младенец ещё не родился. Во внутриматочном существовании еще неродившийся ребенок ощущает безопасность, комфорт, единство с матерью, с миром. Если беременность протекала благополучно, то ребёнок и после рождения будет чувствовать себя в безопасности, будет уверенно идти по жизни. В случае, если мать тяжело переносила беременность, то ее ребенок будет жить с ощущением своей ненужности.

Ко второй базовой перинатальной матрице С. Гроф относит период начала родов, характеризующийся началом схваток, когда шейка матки еще закрыта. На этом этапе ребенок переживает негативные эмоции, сопровождающиеся ощущением сильной боли, отчаяния, тревоги, одиночества.

Если этот период был недолгим и достаточно легким, то, как правило, этот ребенок в будущем станет уверенным, самостоятельным и самодостаточным человеком. После долгих и мучительных схваток у ребенка формируется депрессия, тревожность, двигательная

заторможенность. Ребенок, рождённый в ходе проведения кесарева сечения, не получает ни отрицательного, ни положительного опыта. По Грофу, такой человек не сможет нести за себя ответственность.

Третья базовая перинатальная матрица начинается с потуг, когда шейка матки открывается и плод продвигается по родовому каналу. Гроф называет этот период – «опытом смерти и возрождения после смерти». Весь этот процесс сопровождается ощущением сильного сдавливания, малыш задыхается, но постепенно продвигается к новой жизни, переживая измененное состояние, во время которого возникают образы войн, столкновение с огнем, сопровождающие сильным страхом.

Как утверждает С. Гроф, смысл существования человека, остановившегося в своём развитии на третьей перинатальной матрице, сводится к поиску опасностей, острых ощущений, к покорению новых вершин.

Наконец, четвертая базовая перинатальная матрица наступает в момент, когда процесс прохождения по родовому каналу достигает кульминации и после пика боли идет релаксация, заканчивающаяся моментом рождения человека. Ребенок после длительного периода темноты оказывается в ярко освещенном пространстве. Если этот процесс происходит легко, ощущается симбиоз с матерью, осуществляется взаимный хороший контакт, ребёнка сразу прикладывают к материнской груди, то, по мнению Грофа такой малыш вырастет в уверенного человека, который доверяет жизни.

Таким образом, по С. Грофу опыт рождения во многом предопределяет некоторые фундаментальные отношения человека к миру, его мировоззрение, оптимизм, доверие, способность справляться с проблемами и наоборот, паталогически тяжелое и длительное прохождение ребенка через родовой канал является основой для формирования некоторых отклонений – перверсий - как садизм, мазохизм, гомосексуализм, склонность к самоувечью, агрессивности и др. паталогиям.

Следовательно, все детские психологические травмы, переживаемые во время этих четырёх перинатальных матриц, оказывают влияние на все последующее поведение человека, на его болезни, страхи, переживания.

По мнению С. Грофа, эти внутриличностные проблемы, физические зажимы можно решить можно с помощью повторения опыта своего рождения с прохождением всех четырех матриц во всей его полноте и переживаниями. Конечно, весь этот опыт переживается символически с помощью холотропного погружения, включающего особый вид дыхания, гипноз, работу со сновидениями, медитацией и ребефинг и др. Проведенные в последние годы обширные клинические исследования подтвердили действенность этих практик в лечении и решении многих внутриличностных проблем, а сам С.Гроф был назван реформатор в области психиатрии и получил ряд международных премий за достижения в области психологии и психиатрии.

В связи с этим в последние годы особую популярность получили духовные и религиозные практики, применяемые в трансперсональной психологии, в частности самим С. Грофом, в решение проблем современного человека.

#### Литература

Гроф С. Холотропное дыхание. Новый подход к исследованию и терапии/перевод с англ. – М.: Беловодье, 2010.

Гроф С. Величайшее путешествие: сознание и тайна смерти (фрагмент)/перевод с англ. – М.: АСТ, 2017. - 22 с.



## КӨШБАСШЫЛЫҚ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

Қазіргі таңда көшбасшылықты жаңа сипатта зерттеу үрдістері белең алууда. Көшбасшылық өзінің табиғаты бойынша адамдарды бірлескен күш-жігерге біріктіре алады және бұл міндетті ұзақ уақыт бойы жүзеге асырады, біртіндеп ортақ мақсатқа бағынатын міндеттерді шеше бастайды. Біз өмір бойы көшбасшылыққа тап боламыз. Мектепте сынып старостасы, футбол командасының капитаны, жұмыста бастық және т.б. Дегенмен қандай көшбасшы немесе көшбасшылық стилі тиімді болады деген сұрақ ашық күйінде қала берері сөзсіз. Топтың мөлшері, топтағы және көшбасшыға деген сенім дәрежесі, топтағы қарым-қатынас, қойылған міндеттер, орындалу мерзімі, көшбасшының сипаты және т.б. сияқты көптеген факторларды ескеру қажет. Әрбір нақты жағдайда белгілі бір көшбасшы қажет болады.

Эксперименттік тәжірибеде көшбасшылардың бірнеше түрлері бөлінеді: көшбасшы-ұйымдастырушы, көшбасшы-бастамашыл, көшбасшы-эрудит, көшбасшы-шебер. Көшбасшысыз топ бола алмайды деп нақты айта аламыз. Көшбасшы топты ұйымдастырады, бағыттайды, ынталандырады.

Ғалым К. Левин еңбектерінен де табуға болады [1]. Аталмыш автордың тұжырымын төмендегі кестеде ұсынамыз.

Кесте 1- Көшбасшылық стилі (К. Левин бойынша)

№	Көшбасшылық түрлері	Сипаттамасы
1	Көшбасшылықтың авторитарлық стилі	Билікке ие адам барлық шешімдерді өзі қабылдайды, бұйрықтар береді. Мұндай бастық - "деспот". Оның қызметкерлерінің мәселелері оны толғандырмайды, оған жұмыс үдерісі, қойылған міндеттерді шешу маңызды. Ол жалғыз билеуші болып табылады.
2	Көшбасшылықтың демократиялық стилі	Бастық қоластындағылармен байланыста жұмыс істейді. Ұжым міндеттерді талқылауға және шешімдер қабылдауға қатысады. Бұл стиль мәселелерді шешуді жеңілдетеді, ұжымда жылы қарым-қатынасты сақтайды. Бірақ тапсырмалар авторитарлық көшбасшылық стиліндегідей жылдам орындалмайды.
3	Бос белбеулік көшбасшылық стилі	Көшбасшы бар, бірақ ол көрінбейді. Топ өз бетінше жұмыс істейді. Өзі талқылайды және шешім қабылдайды. Көшбасшы іс жүзінде топтың жұмысына әсер етпейді. Көшбасшылықтың осы стилімен топ тиімді жұмыс істей алады, бірақ жұмыс үдерісін ұйымдастыруға көп уақыт жұмсайды.

Әлеуметтік психология көшбасшылық мәселелерін дамытуға айтарлықтай елеулі үлес қосты. Онда көшбасшылық теорияларының бірнеше топтары бар. Олардың негізгі идеялары басқару теориясы мен практикасында, әлеуметтануда белсенді қабылданады және дамиды [2].

Батыс әлеуметтік-психологиялық зерттеулерде "көшбасшылық" ұғымы және оның әртүрлі тұжырымдамалары бастапқыда эмпирикалық зерттеулер негізінде пайда болды [3]. Адам көшбасшысының бірнеше түрлері бар, мысалы, жағдаяттық, жұмысшы және т.б., яғни бұл көшбасшылық психологиясын зерттейді. Көшбасшылықтың ең көп таралған типологиясы келесідей:

1. Искерлік тип. Көбінесе өндірістік мақсаттарға негізделген топтарда кездеседі. Мұнда көшбасшылық рөлдер құзыреттіліктің жоғары деңгейі, ұйымдастырушылық мәселелерді, іскерлік бедел мен тәжірибені басқаларға қарағанда жақсы шеше білу сияқты қасиеттердің болуын болжайды. Осы типтегі көшбасшының негізгі ережелері: жұмыстағы тиімділік және стандартты емес ойлау.

2. Эмоциялық тип. Бұл эмоциялық-психологиялық топтарға сипатты болып келеді. Билік жеке симпатия мен харизма негізінде қалыптасады. Адам өз ортасында сенім, жылулық, сенімділік сезімін тудырады. Онымен сөйлесу оңай және ыңғайлы.

3. Жағдаяттық түрі. Жағдаяттық көшбасшылық іскерлік және эмоциялық түрде ұсынылуы мүмкін. Бұл түрдің басты айырмашылығы-тұрақсыздық және уақытша сипат. Ол өзін белгілі бір жағдайларда ғана көрсетеді, мысалы, кез келген төтенше жағдайда.

Көшбасшылықтың тірек белгісі- бұл билік. Билікте бір адам екінші адамға бұйрық береді, бағынушы оны орындайды. Билік бұл – әрекет емес, әрекет ету мүмкіндігі [4].

Билік бір адамның екінші адамның мінез-құлығына әсер ету мүмкіндігін көрсетеді.Бағынушыларға әсер ету тәсілдері негізінде әкімшілік, экономикалық және әлеуметтік психологиялық әдіс түрлерін ажыратады.

Кесте 2 - Бағынушыға әсер ету тәсілдері

Әкімшілік әдіс	Экономикалықәдіс	Әлеуметтік-психологиялық	Ықпал ету тәсілі
Қарамағындағыларға ықпал ету үшін өзінің құқықтық өкілеттігін пайдалану.	Қарамағандағыларды материалды ынталандыру. Ықпал ету тәсілі- құқықтық жазалау шаралары	Топтық нормалар, құндылық бағдарлар, жеке беделі арқылы тұлғаға ықпал ету тәсілін енгізеді.	Сенім.

Топта «билікті жеңіп алу» үшін көшбасшы басшы сияқты ықпал етудің төмендегідей формасын пайдаланады:

- мәжбүрлеуге негізделген билік;
- сыйақы,үстемеге негізделген билік;
- дәстүрге негізделген билік;
- үлгі болу билігі;
- эксперттік билік (көшбасының білімінің құндылығына сенім);
- қатысу арқылы билік (басқаруға тарту).

Бейресми көшбасшыларға төмендегілер сипатты:

- қалыптасатын топтық мінез-құлық түрлерін басқа мүшелерге қарағанда тез арада ұғыну, топтық өмірлік әрекетте бекітуге мүмкіндік беру;
- қарқынды қарым-қатынас; адамдермен тез байланысқа түседі, топ мүшелеріне ықпал ету үшін қарым-қатынастың табысты формасын пайдаланады;
- басшылыққа ұмтылу, басқа адамдардың әрекетін бағыттауға деген қажеттілік;
- бейресми басшы рөлін табысты орындағанда қанағаттануды сезіну.

Жағдаяттық көшбасшылық (жағдаяттық басшылық) — жағдаятқа басқарудың төрт стилін пайдалануды ұсынатын және тапсырмаға қатысты қызметкерлердің даму деңгейіне тәуелді адамдарды басқару стилі.

Жағдаяттық көшбасшылықты Пол Херси (Paul Hersey) және Кен Бланшард (Ken Blanchard) ұсынды [5]. 1960 ж. бұл теория алғаш рет «Management of Organizational Behavior»атты еңбекте жарық көрді. Бұл теорияға сәйкес көшбасшылықтың және бағынушылық дәрежесі дамуының төрт стилі бар.Жағдаяттық көшбасшылықтың төмендегідей стилі ұсынылады:

С 1 — Директивті стиль немесе бұйрық беру жолымен көшбасшылық- міндетке жоғары бағдар алу, адамдарға төмен.

Көшбасшы нақты нұсқаулық береді және тапсырманың орындалуын қадағалайды. Көшбасшылықтың негізгі тәсілі- мақсатты және бұйрықты қатал қою.

С 2 — Тәлімгерлік стиль немесе идеяларды сату жолымен көшбасшылық — міндетке және адамдарға жоғары бағдарлануды қиыстыру.

Жетекші нұсқау беруді жалғастырады және тапсырманың орындалуын қадағалайды, бірақ, бағынушыға қабылданған шешімді түсіндіреді, өзінің идеясы мен ұсыныстарын айтуды ұсынады.


С 3 — Қолдаушы стиль немесе жұмыс үдерісін ұйымдастыруға қатысу жолындағы көшбасшылық- адамдарға жоғары бағдарлану және төмен-міндеттерге.

Көшбасшы қарамағындағыларға жұмыстары бойынша көмек береді және қолдайды. Көшбасшы шешім қабылдау үдерісіне қатысады, бірақ қарамағындағылар шешімді қабылдайды.

С 4 — Құқық беруші стиль — адамдарға да міндеттерге бағдардың төмен болуы.

Зерттеулерде көшбасшылықтың онбелгісі беріледі (Сох (1996))

- өзін әдепт іқтау
- жоғары қуатқа ие
- басымдықтармен жұмыс істеу (оларды белгілеп қана қоймай)
- идеяға шын берілген және ынтамен еңбек етеді
- өзіне тән ерекше
- мақсатқа жетуге бағдарланған
- шабыттандырады және ынта білдіреді
- парасатты
- басқаларға көмектесуге дайын



Сурет 1- Көшбасшылық түрлері

Көшбасшылықты қалай дамытуға болады. Біз зерттеу жұмысымызда осы сұраққа жауап іздестірдік. Көшбасшы болудың ең басты сатысы- бұл мәдениет және білім. Жалпы, кәсіби мәдениет және дипломаттық қарым-қатынас.

Екінші саты- стереотиптерді жеңу қабілеті. Ол үшін іштей есею қажет. Көшбасшы дәстүрлі құндылықтармен жоғарылауы тиіс. Мұның әрдайым бірінші сатымен келісімде жүруі маңызды. Адамгершілік және идеологиялық құндылықтарды бұзып, адамды ренжітуге болмайды. Бұл сатыға тәжірибе мен өмір мектебі алып келеді.

Үшінші шынайы көшбасшыны қалыптастырады- бұл өзінің бейсанасын білу. Бейсаналық— бұл біз соңына дейін пайдаланбайтын өмір мен ақыл көзі. Адамзат сана астарында жатқан әлеуетті белсендіру үшін ерте кезден-ақ әртүрлі тәсілдерді пайдаланып келеді. Әсіресе медитациялық жаттығулар кеңінен таралған. Шынайы көшбасшы- бұл жұмыс, жұмыс және жұмыс. Ең алдымен адамның өзімен жұмыс жасай алуы. Ал тума нышандар —бұл адамның ішкі әлеуеті, оны тек өзіне бағындырып, қажетті арнаға бағыттау қажет.

Жалпы алғанда көшбасшы (ағылш. leader – жетекші, бірінші, алға қарай жүруші) – басқарушы әрекет ретінде көрінетін беделімен мойындалған, ықпал ете алатын тұлға [6]. Психологияда көшбасшылықтың түрлі жіктелуі ұсынылады:

- 1) Іс-әрекет мазмұны бойынша (көшбасшы-шабыттандырушы және көшбасшы - орындаушы);
- 2) Іс-әрекет сипаты бойынша (жан-жақты көшбасшы және жағдаяттық көшбасшы);
- 3) Іс-әрекет бағыттылығы бойынша (эмоциялық көшбасшы және іскер көшбасшы) және т.б. Көшбасшы бір мезетте жетекші бола алады.

Қорытындылай келе, көшбасшылық топтың мінез-құлқын түсінуде басты рөл атқарады. Өйткені бұл ұйымды мақсаттарға жетелейтін көшбасшы. Жақсы көшбасшыны не қалыптастыратынын білу топтың өнімділігін арттыру үшін құнды болуы керек. Қазіргі көзқарастар көшбасшылықтың тиімділігі туралы түсінігімізге үлкен үлес қосты және этика мен позитивті көшбасшылықты зерттеу қажеттілігін ұсынады.

#### Әдебиет

1. Левин К. <https://pandia.ru/text/82/223/54444.php>
2. Немов Р.С., Алтунина И.Р. Социальная психология. Учебное пособие. СПб.: Питер, 2010.- 432 с.
3. Майерс Д.Г., Туенж Ж.М. Элеуметтік психология /ауд. Г.Қ.Айқынбаева, А.М.Айтышева, Б.Ш.Байжұманова [ж.т.б.] //Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық.- Алматы, 2018
4. Стивен Р. Кови принципіне негізделген көшбасшылық. – М.: «Альпина баспалары», 2009. – 302 с.
5. Пол Херси, Кен Бланшард <https://ambition.uk.com/obuchenie/liderstvo>
6. Гоулман Д. Эмоциональное лидерство. Искусство управления людьми на основе эмоционального интеллекта. -М: Альпина Паблицер, 2016.- 302 с.

*Әбілқасым А.Ф., Қалымбетова Э.К.*

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті)*

## ӨЗАРА ТӘУЕЛДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ

Көбінесе махаббат қарым қатынасында серіктестердің біріншісі екіншісіне патологиялық эмоционалды және мінез-құлық тәуелділігінде болатынын байқауға болады. Яғни, ол өзінің психологиялық жеке шекарасын жоғалтып, ақырындап сүйген адамына толығымен қосылып, өзін жоғалтады. Ол тұлғааралық мәселелерді ашық талқылаудан қорқады, өзінің қалауы мен қажеттіліктерін басқа адам үшін елемейді немесе басқа шектен шығатын жағдайлар ретінде: үстемдік, шамадан тыс қамқорлық және қамқоршылық, серіктестің эмоционалды және материалдық жағдайы үшін жауапкершілікті өзіне алу - мұның барлығы сүйген адамына ауадай қажет болу үшін жасалады. Екі жағдайда да барлығы қарым-қатынаста болу үшін жасалады. Егер де ақырында қарым-қатынас бұзылса, оны қабылдау және адамның өз өзіне келуі өте ауыр әрі ұзақ әрі ауыр болады. Әдетте адам келесі романтикалық қарым қатынасында да дәл осы моделді қайталайды. Мұндай қарым-қатынастар өзара тәуелді деп аталады. Өзара тәуелділік-салауатты қарым-қатынастарды бастау және сақтау қабілетсіздігі нәтижесінде қалыптасқан мінез-құлық. Өзара тәуелді адамдар бейсаналық түрде қиын, мәселелі серіктестерді таңдайды, олармен қарым-қатынас уақытша жақсы сезінуге көмектеседі және олардың өмірінің мағынасы туралы жалған бейне жасайды [2].

Бастапқыда өзара тәуелділік құбылысы алкогольге тәуелді адамдардың өзара әрекеттесуі және оларға қамқорлық жасайтындардың мінез-құлқы (құтқарушылар, олар да тәуелді) арқылы анықталды. Содан кейін алкогольге тәуелді адамның отбасылардың өзара тәуелді адамдары ауыр науқастарға немесе психикалық бұзылулары бар адамдарға қамқорлық жасайтын адамдармен ұқсастығы байқалды. Кейін, өзара тәуелді қатынастардағы адамдар

шеңбері осындай қатынастардың критерийлеріне сүйене отырып, одан әрі кеңейе түсті. Өзара тәуелді қарым қатынас кезінде [1]:

- Қарым-қатынастың пайда алып келмейтіні туралы объективті дәлелдер болса да, өзара тәуелді серіктес оларды бұзу үшін ешқандай қадамдар жасамайды.

- Өзара тәуелді адам шындықты басқа адамдардан жасыру үшін өзіне және серіктесіне сылтаулар іздейді.

- Қарым-қатынастың бұзылуы немесе өзгеруі туралы ой келген кезде, өзара тәуелді адамда қорқыныш сезімі пайда болып, серіктесіне одан да күштірек жабысады.

- Қарым-қатынасты өзгертуге тырысқанда, өзара тәуелді адам қатты алаңдаушылық, түсініспеушілік, жалғыздықты сезінеді, бұл жағдайды тек деструктивті мінез-құлықтың ескі үлгілерін қалпына келтіру арқылы ғана жоюға болады.

Тәуелді қарым қатынастағы адамдарға тән:

- Кейбір адамдар алкогольді немесе есірткіні қолданатын сияқты өзара тәуелді адамдар дәл солай қарым-қатынасты қолданады. Олар басқа адамға тәуелді болады, олардан тәуелсіз өмір сүре алмайды деп сенеді.

- Барлық назарын серіктестің мінез-құлқы мен жағдайына аударады [6].

- Әрқашан басқаларға жақсы әсер қалдыруға тырысады, осылайша басқа адамдардың қабылдауын басқаруға тырысады. Өзара тәуелді адамдар әрқашан басқаларға ұнағысы келеді.

- Өзара тәуелді адамдар өз көзқарастары мен пікірлерін қорғамайды. Өзінің меншікті көзқарасына, қабылдауына, сезімдеріне және нанымдарына сенбейді.

- Олар өздерінің психологиялық шекараларын анықтай алмайды, басқа адамдардың проблемаларын өздерінікі ретінде қабылдауға бейім.

- Басқа адамдарға қажет болуға тырысады. Олар басқа адамдарды басқара алады.

- Зардап шегуші, жәбірленуші рөлін ойнайды. Негізінде олар зардап шегеді, бірақ төзбейтін жағдайлардың барлығына шыдайды, себебі олар осылай істеу керек деп санайды.

- Өзінің шынайы сезімдерін түсінбейді [4].

Олар өз өмірлерін пайдасыз деп санайды, өздері үшін өмір сүре алмайды. Сонымен, өзара тәуелді адамның мінез – құлқы-бұл қандай да бір себептермен өзіне қамқорлық жасай алмайтын адамға қамқорлық жасау арқылы олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылатын нәтижесіз бейімделудің бір түрі. Адамның бойында құтқарушы рөлі дамып келе жатқанда, өзара тәуелді адам өзінің қажеттіліктері мен тілектерін ұмыта бастайды. Өзара тәуелді қарым-қатынастар мен осыған сәйкес өмір салты адамға айтарлықтай қиындықтар мен азап әкелетіндіктен, психологтар өзара тәуелділіктен айығуға көмектесетін жеке және топтық терапиялар ұсынады [5].

Решетников психологиялық аумақтардың өзара әрекеттесуі және тәуелділіктің "жасушалық құрылымы" тұжырымдамасын қолдана отырып, өзара тәуелді қатынастардың 4 түрін анықтайды [7].

1. Өз егемендігінен бас тарту және серіктес аумағында өзінің психологиялық аумағының сіңісіп, жоғалуы арқылы болатын махаббат.

Өз егемендігінен бас тартқан адам серіктестің мүдделерінде өмір сүреді. Ол өзінің көзқарастарын, талғамдарын, құндылықтар жүйесін біріктіреді, яғни оларды сын мен түсінусіз игереді. Ол сондай-ақ серіктесінен өзі туралы идеялар жүйесін қабылдайды.

Бұл жағдайда серіктес ата-ана рөлін атқарады, оның қарым-қатынасы бос қабықты толтырады. Өзінің «Супер эго»-сының тираниясы серіктесті толығымен көшіретін Ішкі контроллердің жаңадан енгізілген бейнесінің алдында азаяды.

Өз өмірі үшін жауапкершілік толығымен маңызды басқа адамға өтеді. Онымен бірге адам өз қалауынан, мақсаттарынан, ұмтылыстарынан бас тартады. Серіктес ол адамды тіршілік ету ортасы ретінде, барлық қажетті нәрсенің көзі ретінде, өмір сүру тәсілі ретінде пайдаланылады [8].

2. Серіктестің психологиялық аумағын иелену арқылы, оның егемендігінен айыру арқылы болатын махаббат.

Бұл жағдайда ата-ананың рөлін махаббат пен қанағаттануды іздеуші атқарады. Бұл бейне махаббат пен қамқорлық туралы эклектикалық идеялардан тұрады және кейде бір-бірімен үйлеспейді.

Бұл жағдайда адамның мінез-құлқы оның «Супер-Эго»-сы арқылы бақыланады және бақылаушы қамқоршы рөлін ол идеалды түрде орындаған кезде ғана қанағаттандырылады.

Серіктестің өмірі үшін жауапкершілік толығымен қабылданады. Өз қалауы, мақсаттары, ұмтылыстары серіктес үшін олардың пайдалылығы призмасы арқылы ғана жүзеге асырылады. Соңғысы оны балаға қатысты сияқты басқарады және басқарады. Серіктестің кез-келген тәуелсіздігі қауіпті, өйткені ол қалыптасқан «Эго»-ны жойып жіберуі мүмкін. Өзі туралы идеялардың осы жүйесін растау үшін серіктес өзінің барлық мінез-құлқымен осындай бақылау, тәрбие және қамқорлық қажеттілігін негіздеп, қамқор баланың рөлін атқарады.

3. Махаббат объектісінің психологиялық аумағын абсолютті иелену және жою арқылы болатын махаббат. Бұл нұсқада адам екі жолмен әрекет ете алады.

• Өзінің «Эго»-сын толтырғысы келетіндіктен, ол бұл тілекті серіктеске бағыттайды. Өзінің бос орнын толтыруға тырысудың орнына, серіктесті өзінің идеалды «Эго»-сы туралы өз идеяларымен толтыра бастайды. Бірақ серіктестің эго құрылымы бос емес. Сондықтан серіктесте өзін көруге мүмкіндік алу үшін оны жойып, босату керек. Ол мұны қатал және қатыгездікпен немесе біртіндеп және манипулятивті түрде жасай алады. Бұл әдіс сіңу арқылы махаббаттың экстремалды көрінісі болуы мүмкін, яғни серіктес жұтылып қана қоймай, сонымен бірге жойылады.

• Адам енді өзінің «Эго»-сын толтыра алмайды, тіпті өзінің идеалды Эгосын серіктес ретінде құра алмайды. Ол тек қиратуға, яғни бір кездері өзіне жасалған нәрсені жасауға ғана қабілетті. Оны жою арқылы ол біршама қанағат сезімін сезінеді, өйткені серіктестің жойылған тұлғасы барлық айқын куәландырады: біріншіден, ол мұндай азапты бастан кешірген жалғыз адам емес, екіншіден, ол күшке ие және, демек, қоршаған ортаны басқара алады, үшіншіден, серіктесті бұзады, бірақ сонымен бірге оны жанында ұстай отырып, ол өзін күшті, тәуелсіз және маңызды адам ретінде түсінеді, өйткені серіктес оған мойынсұнуды және өзінің кішіпейілділігі мен сүйіспеншілігін көрсетуді жалғастырады.

4. Маңызды басқа адамға рефлексия арқылы болатын махаббат.

Өзінің әл-ауқатының жауапкершілігі серіктеске жүктеледі. Оған белгілі бір мінез-құлық тағайындалады, бұл оның махаббатымен, көзқарасымен күйреген «Эго»-ны толтыруды қамтамасыз етеді. Маңызды басқа адам идеалды «Эго» стандарттарына сәйкес келетін адаммен не істейтінін әр түрлі жолмен көрсетуі керек [9, 157 б].

Отбасылық мәселелер

### Дені сау отбасы

Отбасы-қоғамның негізгі бірлігі және оның өмір сүруі үшін өте маңызды. Дені сау отбасы деп:

- оның мүшелерінің болуы мен дамуын қамтамасыз етеді;
- өз мүшелерінің эмоционалды қажеттіліктерін қанағаттандырады;
- тәуелсіздік пен тәуелділік арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді;
- қоғамдағы мінез-құлық нормаларын үйретеді;
- ата-аналарды қоса алғанда, әрбір мүшенің дамуы мен бейімделуін қамтамасыз етеді;
- бұл өзіндік "Мен" сезімі дамитын орын.

Дені сау, функционалды отбасы деп аталатын отбасында 5 еркіндік қажет:

1. Өткенді немесе болашақты емес, осы жерде және қазір не болып жатқанын қабылдау еркіндігі;
2. Ойлау еркіндігі;
3. Сезіну еркіндігі;
4. Қалаған нәрсені таңдау еркіндігі;
5. Берілген рөлді орындау немесе қауіпсіздікке үнемі қамқорлық жасау емес, өзін-өзі көрсету бостандығы.

### **Дисфункционалды отбасы**

Алкогольге тәуелділік бүкіл отбасында дақ қалдырады және оның мүшелерінің біреуін ғана емес, бүкіл отбасының ауруы болып табылады. Көптеген адамдарға мұндай тұжырымды түсіну қиын.

Мұндай дисфункционалды отбасында:

- оның мүшелерінің тұрақты және жеке дамуы мүмкін емес;
- оның мүшелері арасындағы қарым-қатынастар өзара сенім мен адалдыққа негізделмеген;
- рөлдер мен нормалар анық анықталмаған, әрдайым сақталмайды;
- сыртқы байланыстар өте шектеулі.

Дисфункционалды отбасының басқа да белгілері: 1) Проблемаларды жоққа шығару және иллюзияларды сақтау; 2) Интимдік вакуум; 3) Қатаң ережелер мен рөлдер; 4) Қарым-қатынастағы жанжал; 5) Әрбір мүшенің «Эго»-сын ажыратпау; 6) Тұлғаның шекарасы жоқ; 7) Әркім отбасының құпиясын жасырып, жалған амандықтың қасбетін сақтайды; 8) Сезімдер мен пайымдаулардың полярлығына бейімділік; 9) жүйенің тұйықтығы; 10) Еріктің және контрольдің абсолюттандырылуы [10, 86 б].

Психологиялық жеке шекара адамның өз кеңістігін түсіну және оны қорғау, симбиотикалық қатынастарды жеңу процесінде қалыптасады. Мұндай жеңу дегеніміз-өзін-өзі анықтап, бостандық құқығын алу, бірақ сонымен бірге өзі үшін жауапкершілікті қабылдау дегенді білдіреді. Жеке тұлғаның дамуы үшін психологиялық шекара өте маңызды болып табылады.

#### Әдебиет

1. Артемцева Н.Г. «Со-зависимые» – это мы! // Psycosmology. М.: Изд-во ИПР, 2017.
2. Брантбьерг М.Х. Заботясь о других – заботясь о себе / М.Х. Брантбьерг // Телесная психотерапия. Бодинамика. М.: АСТ МОСКВА, 2011. 298-314 с.
3. Емельянова Е.В. Кризис в созависимых отношениях. Принципы и алгоритмы консультирования. СПб.: Речь, 2014. - 368 с.
4. Куница М.Ю. Психологическая помощь созависимой личности из деструктивной семьи. - Ставрополь, 2006.
5. Москаленко В.Д. Зависимость: семейная болезнь. М.: ПЕРСЭ, 2014. - 336 с.
6. Назаров Е.А. Наркотическая зависимость и созависимость личности в семье. Автореф. канд. психол. наук. - М., 2010
7. Решетников М.М. Психодинамика и психотерапия депрессий. – СПб., 2003. 58–60 с.
8. Уайнхолд Б., Уайнхолд Дж. Освобождение от созависимости.- М.: Независимая фирма “Класс”, 2002., 145-153 с.
9. Москаленко В.Д. Созависимость: характеристики и практика преодоления. – М., 2000.
10. Москаленко В.Д. Когда любви слишком много: Профилактика любовной зависимости. – М., 2006.

***Әбібұллаева К.М.***

*(Қазақстан Республикасы, Тараз қ.,*

*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті)*

### **БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ ТВОРЧЕСТВАЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДАҒЫ АРТ ТЕРАПИЯНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Тұлғаның даму мен белсенділігі оның практикалық іс-әрекеттегі шындықты тану мен қоршаған ортамен эмоциялық байланыс құрумен анықталады. Тұлғаның қабілетін дамыту механизмдері оның творчестволық мәселесінің ерекше өзектілігін көрсетіп отыр. Творчестволық қабілеттің динамикалық тұлғалық сипаттамасы шығармашылықтың және оның негізгі көрсеткіштерінде көрінеді. Белсенділік тұлғаның иеленген білімі, көзқарасы және түсініктерінің ойлау, эмоция, сөз және т.б. процестер арқылы көріну және өзгеру жүйесі болса, ал творчестволық қабілет ол шығармашылық, әдемілік, көріктілік пен сымбаттылық. Мұның

барлығы адамның өмірлік позициясындағы шығармашылық іс-әрекетінен көрінеді. Әр жеке адамға тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті, білімі мен тәрбиесі бар екенін ескере отырып, творчестволық қабілетін арттыру олардың жеке басылық қасиеттерін дамытып, шығармашылық қызығушылығын оятуға мүмкіндік жасау болып табылады.

Тұлғаның қалыптасуы мен дамуы жайлы теория мен тәжірибе танымдық іс-әрекеті мен оның жеке даралық қабілетінің негізі болып табылады. Ол тұлғаның интеллектуалды дамуы мен шығармашылық қабілетінен көрінеді. Қазіргі таңда психология ғылымында кеңес психологтары Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, О.К. Тихомировтың еңбектерінен жоғары психикалық қызметтің пайда болуы мен танымдық іс-әрекет, тұлғаның дамуы мен жеке тұлғалық ерекшеліктері туралы Б.Г. Ананьев, Л.И. Божович, В.С. Мерлиннің зерттеулерінен психикалық жаңа білімді қалыптастыру тәсілі және тұлғаның әлеуметтік әрекеттену факторы екендігін көреміз.

Сонымен қатар, тұлғаның дамуы мен қалыптасуында өз халқының тарихы мен ұлттық құндылықтарды пайдалану (М.М. Мұқанов, Қ.Б. Жарықбаев, С.М. Жақыпов, С.Қ. Бердібаева, Л.К. Көмекбаева) белсенділігі жоғарылап, оны қолдануға деген қызығушылық артып келеді.

Тұлғаның жеке даралық дамуы мен қалыптасуы туралы мәселені шешкенде, ең алдымен, баланың ақыл – ойының даму деңгейін ескеру маңызды орын алады. Оның жаңа материалды меңгеруі қандай білім мен іскерліктерді талап ететіндігіне талдау жасау қажет. Белгілі бір зат, оқиғалар, жағдайлар немес іс -әрекет адамның белгілі бір ақыл –ой белсенділігінің түп негіздерімен байланысты болса, ол іс-әрекеттің себептеріне айналады.

Тұлғаның шығармашылық белсенділігін арттыру оның қоршаған ортамен қатынасы, әлеуметтенуі мен қарым-қатынасының алатын орнын басқа адамдармен өзара бірлескен іс-әрекеттегі жағдайы арқылы анықталады. Ол қарым-қатынасқа түсуші жақтармен ұйымдастырылатын жұмыстар негізінде жүзеге асырылады. Осындай дамыту іс-шараларына тренингтерді, топтық пікір таластарды, іскерлік ойындарды және т.б. жатқызамыз. Мысалы, топтық пікірталастар түрлі мақсаттарға қол жеткізуде қолданылады: мәселенің түпнұсқалы шешімін табу, оқыту мақсаттарында пікірлерді сәйкестендіру және бірыңғай шешім жасау. Ал белсенділік дегеніміз сол іс-әрекетті орындауға ынталандыру. Ынталандыру мадақтау, жарыстыру, айыптау, яғни ықпалды әрекеттер болып табылады.

Профессор С.М. Жақыпов оқыту-тәрбие процесінің тиімділігі мәселесін нақтылау үшін негізгі деңгейде қарастыра отырып, оның психологиялық мазмұнының ашып көрсетті. Ол психологиялық көзқарас тұрғысынан кез-келген педагогикалық жағдайды ең алдымен, тұлғалардың өзара әрекеттестігі, ал содан соң белгілі әлеуметтік рөлдердің иелері ретінде мұғалім мен оқушы, оқытушы мен білімгердің және т.б. өзара әрекеттестік ретінде қарастырды. Бірлескен әс-әрекет саласында біріккен басқа адамдардың өзіне қалай қатынас құратындығын өзі үшін объект болып табылады.

Белгілі бір заттар, оқиғалар немесе қасиеттер сананың белсенділігін арттыра алады, мұның өзі адамның көңіл бөліп, зейінінің аударылғанынан көрінеді, өйткені ол адамның іс - әрекетінің ішкі негіздерімен – ақпаратты қажетсінуімен байланысты. Балалар мен ересек адамдардың әр алуан іс – қимылы нәтижесінде олардың автоматталған әрекеті – дағдылары, іс - әрекет түрлерін орындауға бейімділігі мен ептілігі, тіршілікке қажетті әдеттері қалыптасып, адамның анатомиялық, физиологиялық және психикалық жағынан дамып жетілуіне әсер етеді. Оның рухани өмірінің мазмұнын байытады.

Тұлғаның творчестволық қабілетін дамыту, шығармашылық ой өрісінің дамуына жағдай жасау, белсенді көркемдік іс-әрекеттерге деген құштарлық пен ықыластылықты қалыптастыру, оның болашағын: мәдениеттік, өнерін, әлеуметтік жағдайын жақсартудың алғы шарттарының бірден-бір өзекті мәселелерінің бірі болып саналады.

Әрине, қабілетті баланы анықтау көпқырлы және күрделі процесс болып табылады. Қабілет дегеніміз не? Қабілет – іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті. Қабілет деп, мысалы, ақынның, жазушының, ғалымның, педагогтың және тағы да басқалардың қызметінде айрықша маңызы бар



бақылағыштығын айтамыз. Суретшінің жұмысы үшін айрықша маңызы бар көру есін, жазушының творчествосы үшін өте керекті эмоциялық ес пен эмоциялық қиялды, инженер мен техникке керекті техникалық қиялды, сонымен қатар музыкалық естігіштікті қабілеттер деп атаймыз. Ал қабілеттілік – қандай да болмасын бір немесе бірнеше қызметтердің үздік орындалуының шарты болатын психикалық қасиеттер.

Қабілеттердің дамуының табиғи негізін құрайтын нышандардың жинағы дарындылық деп атайды. Қабілеттің даму мәселесіне талдау жасауда, біз көбінесе бұл ұғымдарды түсіндіретін мазмұндарға байланысты түсінеміз. Қабілет пен дарын ұғымдарының анықтамасындағы біршама қиыншылықтар бұл терминдердің жалпы ұғымдық, тұрмыстық түсініктермен байланысты туындайды. Егер түсіндірмелі сөздіктерге үнілетін болсақ, онда «қабілет», «дарын», «талант» терминдері көп жағдайда синоним ретінде қолданылады және қабілеттің көріну деңгейін бейнелейді. Бірақ «талант» терминінде адамның табиғи жақтары айтылады.

«Қабілет» ұғымымен қатар «тәсілқой» және «бейімделу» ұғымдары да қолданылады. Тәсілқой адам, тапқыр, икемді, бейімделе алатын ретінде сипатталады, ал бейімделу істі үйлестіре алатын, жасай алатын, құрай алатын ретінде түсіндіріледі. Қабілетті адам бұл жерде епті адам ретінде түсіндіріледі, ал «епті» ұғымы сөздікте жоқ. Сонымен қабілеттің ұғымы іс-әрекеттегі жетістіктермен арақатынаста анықталады.

«Талант» ұғымына анықтама беруде оның туа біткен сипаты ескеріледі. Талант қандайда бір нәрсеге дарындылық, ал дарындылық туа берілген қабілеттілік деп түсіндіріледі. Басқаша айтқанда талант- іс-әрекетке жоғары жетістікті қамтамасыз ететін туа біткен қабілеттілік.

Шетелдік сөздіктерде «талант» (talanton) туа біткен қасиетті көрсететін, ерекше табиғи қабілет деп көрсетіледі. Дарындылық таланттың бір күйі, таланттың көріну деңгейі ретінде қарастырылады. Дарындылық түсінігі тәуелсіз, өзіндік ұғым ретінде В.Дальдің, С.И.Ожеговтың /3, Кеңес энциклопедиялық сөздіктерінде және шетел сөздерінің түсіндірме сөздіктерінде қабілеттің көріну деңгейімен сипатталады. Қабілет туралы ой қозғағанда, адамның қандайда бір нәрсені істеуге мүмкіншілігі көрсетіледі, ал талант, дарындылық туралы айтқанда адамның аталмыш қасиеттің (қабілет) туа біткен сапасының сипаты көрсетіледі. Осыған қоса қабілет те, дарын да іс-әрекеттің нәтижелігінде көрінеді.

Қабілет мәселесі туралы С.Л.Рубинштейн және Б.М.Тепловтың еңбектерінде іс-әрекеттің нәтижелігі бойынша «қабілеттілік», «дарындылық» және «талант» ұғымдарын жіктеуге тырысқан. Қабілет іс-әрекеттің нәтижелі болу үшін мүмкіншілігіне байланысты бір адамды екінші адамнан өзгешелейтін жеке-даралық психологиялық ерекшелік ретінде қарастырылады. Ал «дарындылық» - іс-әрекеттегі нәтижелі болу мүмкіншілігіне байланысты қабілеттердің сапалы өзіндік үйлесімділігі (жеке-даралық психологиялық ерекшеліктер) ретінде қарастырылады.

Қабілеттіліктердің дамуындағы жеке ерекшеліктер (әдетте, дарындылықтың байқалмауы немесе болмауы ретінде қарастырылатын қабілеттіліктер) біздің тұжырымдамалық сұлбамыз бойынша былайша анықталады:

- 1) қабілеттіліктердің сапалық-сандық өлшемдерімен;
- 2) бірлескен іс-әрекеттегі серіктестердің мазмұндық сипаттамасымен;
- 3) бірлескен іс-әрекеттің құрылымдық ерекшеліктерімен анықталады.

Бұл қабілеттіліктер өлшемдері және бірлескен іс-әрекет бойынша көптеген факторларға тәуелді болып келетін және айқындық сипатына ие серіктестер алдын ала берілген жағдайларда қабілеттіліктердің қалыптасуы мен дамуы, соған орай дарындылықтың көрінуі басым дәрежеде бірлескен іс-әрекеттің қызмет үрдісімен және мазмұнымен анықталады. Бірлескен іс-әрекет, өз кезегінде, біз бұрын көрсеткендей, мағыналық құрылымдардың бірлескен іс-әрекет жағдайларында қалыптасатын жалпы қорының даму деңгейіне байланысты. Жалпы мағыналық қор туындаған жағдайда және оны әр серіктес қабылдаған жағдайда ғана бірлескен іс-әрекетті қалыптастыру мүмкін болады. Кейде қабілетті «табиғаттан берілген» тума қасиет деп есептейді. Дегенмен ғылыми талдаулар тек нышан туа пайда болуы мүмкін, ал қабілет – нышанның даму нәтижесі болып табылатындығын көрсетеді.

Қабілеттер сондай-ақ төменде берілген түрлерге де бөлінеді:

1) репродуктивті қабілеттер – білімді меңгеру және іс-әрекетке икемділікті жоғары деңгейде епті болуын қамтамасыз етеді.

2) творчестволық қабілет – айрықша және нәрсені құруды қамтамасыз етеді.

Бір адамның бойында бірнеше қабілеттің түрлері болуы мүмкін, бірақ олардың бірі басқаларға қарағанда мәндірек болады. Екінші жағынан бірнеше әртүрлі адамдарда бір ғана қабілет байқалуы мүмкін, бірақ даму деңгейлері бойынша өзгешеленеді.

Қабілетті анықтаудың біршама сенімді, дұрыс жолы – іс-әрекет барысындағы оның нәтижелік динамикасын көрсету. Кез-келген іс-әрекеттің орындалу нәтижесі өз алдына қандай да бір жеке қабілетті анықтаумен емес, әрбір адамдағы өзіне тән қабілеттердің үйлесімділігінен анықталады. Іс-әрекетті меңгеру нәтижесіне әртүрлі жолдармен жетуге болады. Қандай да бір жеке қабілеттердің жоғары жетістікте дамуының жетіспеушілігі, сол іс-әрекетті нәтижелі орындауға байланысты басқа қабілеттің дамуымен компенсациялануы мүмкін...

Қабілеттілік – адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет. Қабілеттің дамуының табиғи негізін құрайтын нышандардың жинағы – дарындылық. Адамның дарындылығы оның жоғары жүйке саласының туа біткен қасиетімен тығыз байланысты. Адамға белгілі бір қызметті ойдағыдай атқару мүмкіншілігін қамтамасыз ететін қабілеттердің ерекше қиысу қызметтің сол саласында талант деп атайды. Сонымен талантты адам дегеніміз – жоғары білікті шығармашылықпен жұмыс жасайтын адам. Дарынды балаларды іздеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу қоғам үшін бүгінгі күні өте қажет, себебі дарынды адам басқаға қарағанда көп пайда әкеледі.

Балалармен жұмыста психотерапияның икемді формаларын қолдану өте маңызды. Арттерапия балаға қандайда бір қақтығыстық жағдайды оның психикасына ыңғайлы тәсілмен қайта сезінуге, саналы түрде түсіне білуге мүмкіндік береді. Арттерапиялық әдістер адамның мәселені қайта сезініп, басынан кешіруіне қаншалықты деңгейде даяр болса, соншалықты мүмкіндік береді. Баланың өзі бұл жағдайда не болып жатқанын түсіне алмайды.

Дене ақыл-ойдың материалдық тасымалдаушысы болып табылғандықтан, алдымен стрессогендік сезімдерді локализациялау қажет. Мойын, маңдай, кеуде, субкамилді аймақтың және т.б. ең реактивті бұлшықеттердің жағдайын зерттеуден бастаған дұрыс. Жасөспірімге белгілі бір сезім қажет, оның орналасқан жерін анықтауға болады.

Адам денесі тыныс алу сияқты табиғи және өмірге қажет қозғалыстарды жасайды. Қозғалыс күнделікті қабылдау шегінен шығуға мүмкіндік береді. Ол теңгереді, емдейді, өмірдің энергиясын оятады және сізді онымен толтырады. Біздің ішіміздегі психикалық және рухани физикалық байланыс құралы бола отырып, ол күш алуға, рухани жетілуге және сәтті өмір сүруге қажетті психикалық энергияны тудырады. Позалар мен қозғалыстардың көмегімен адам өзінің сезімдерін, ойлары мен тәжірибелерін өте нәзік және сонымен бірге нақты өзгерістерді тануға және басқаруға мүмкіндігі болады.

Стресті басқарудың проблемалық-бағытталған әдістері тиімді. Мысал ретінде уақытты басқаруды үйрету, әлеуметтік дағдыларды дамыту, танымдық қайта құрылымдау әдістерін игеру, мысалы, стрестік жүктеменің маңыздылығын төмендету – "рефрейминг".

Стрестің себептері физикалық және психикалық шиеленістің дамуына әкелетін оқиғалар болуы мүмкін, мысалы: сәтсіздік, уақыт тапшылығы, жанжал қауіпімен байланысты проблемалық жағдайдың пайда болуы. Стрестің қосымша факторларына белгілі бір адамның идеялары мен көзқарастарының бірқатар ұйымдастырушылық сипаттамаларының сәйкес келмеуі жатады.

Жасөспірімнің жүйке жүйесін келесі жолдармен нығайтуға болады:

- 1) толық ұйқы;
- 2) күн тәртібін сақтау;
- 3) бір қызмет түрінен екіншісіне уақытылы ауысу (жасөспірімдер жалықтыратын, монотонды жұмыстан тез шаршайды);
- 4) ойын-сауық (бірақ компьютерлік ойындар емес, өйткені олар баланың психикасын шамадан тыс жүктейді);
- 5) релаксация және өзін-өзі реттеу әдістері;
- 6) жақсы тамақтану, В дәрумендеріне бай тағамдарды тұтыну;
- 7) табиғатқа шығу;
- 8) ашық ауада қимыл-қозғалыстық ойындар;
- 9) дәрігердің кеңесінен кейін стресстен седативті препараттарды қабылдау.

Стресті басқару әдістерін меңгеру жолы осындай басқарушы болу ниетінен басталады. Сонымен теріс пиғылды оңға айналдыру қабілеті стресті басқару әдістерінің шарықтау шегі болып табылады. Жасөспірім стреске оң әсер етеді, егер ол стрестік оқиғаларды күш-жігерді марапаттайтын қиындық ретінде қабылдауға қабілетті болса. Стресті басқару әдістері туралы айтатын болсақ, көптеген стрестік жағдайлардан туындауы мүмкін жағымды жақтар туралы ойлау пайдалы.

Жасөспірімдік шақ жыныстық жетілу мен ересектенуге байланысты сапалы өзгерістермен сипатталады. Осы кезеңде бүкіл адам ағзасы белсенді физиологиялық және биологиялық қайта құру жолына түседі. Мұның бәрі шаршаудың, қозғыштықтың, тітіркенудің, негативтіліктің, жағымсыздықтың жоғарылауына әкеледі. Жасөспірімдердегі физикалық және психикалық дамудағы диспропорция, агрессивтілік, сәйкес келмейтін сезімдер, өнімділіктің төмендеуі, меланхолиямен сипатталатын мазасыздық стрестік жағдайларға әкелуі мүмкін.

#### Әдебиет

1. Селье Г. Очерки об адаптационном синдроме. - М., 2000. – 368 с.
2. Лазарус Р. Теория стресса и психофизиологические исследования. - В кн.: Эмоциональный стресс. М., 2018, с.178-209.
3. Құдиярова Ф.М. Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқушылықтар. – Алматы: Рауан, 2017. – 206 б.
4. Акажанова А.Т. Психология девиантного поведения несовершеннолетних: теория и практика. Монография. – Алматы, 2011.
5. Атабаева С.Д. Стресс физиологиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 153 б.
6. Жолдасова М.К. Стресс пен қажудың зейінді реттеуге және когнитивтік тапсырманы орындауға әсері: филос. докт (PhD) ғыл. дәрежесі дис. – Астана, 2012. – 138 б.
7. Сарина Г.Е., Гарбер А.И., Касымжанова А.А. Введение в проблему объективности измерения феномена стресса в психологических исследованиях// Психология ғылымдарының докторы, профессор Света Қыдырбекқызы Бердібаеваның 60 жылдығына арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Стресс-менеджмент: стресті басқару теориясы және практикасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 239 б.
8. Бикадамова А.К. Емтихан алдындағы стресстен шығудың жолдары // Психология ғылымдарының докторы, профессор Света Қыдырбекқызы Бердібаеваның 60 жылдығына арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Стресс-менеджмент: стресті басқару теориясы және практикасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 239 б., Б. 30-32.
9. Ван В.В. Проблема формирования стрессоустойчивости в подростковом и юношеском возрасте с помощью техник релаксации// Психология ғылымдарының докторы, профессор Света Қыдырбекқызы



Бердібаеваның 60 жылдығына арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Стресс-менеджмент: стресті басқару теориясы және практикасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 239 б.

10. Грегор О. Как противостоят стрессу // Стресс жизни: Сборник. – СПб.: Лейла, 2017. – С. 7-114.

**Жасұзақова С.М., Тоқсанбаева Н.Қ.**  
(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)

## **ТӘРБИЕЛЕУ СТИЛЬДЕРІНІҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ БОЙЫНДАҒЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ АҚЦЕНТУАЦИЯСЫНЫҢ КӨРІНУІНЕ ӘСЕРІ**

Тәрбиелеу стилінің жасөспірімнің мінез-құлқының дисгармониясына әсері қазіргі таңда аса маңызды мәселелердің бірі. Мектеп мұғалімдері мінез-құлық дисгармониясы бар жасөспірімдер жыл сайын көбейіп келетіндігін және олармен жұмыс істеудің аса күрделі екендігін атап өтті. Отбасы тәрбиесі жасөспірімнің мінез-құлық дисгармониясына әсері мәселесі әрқашан психологтардың қызығушылықтарын тудырып отырды. Бұл тақырыпқа көптеген теориялық зерттеулер және монографиялар арналған (Р. Бэрн, А. Бандура, А.Е. Личко, Э.Г. Эйдемиллер и т.б.).

Баланың мінез-құлқының қалыптасуына отбасындағы өмір атмосферасы үлкен әсерін тигізеді. Отбасы жағдайы, немен айналсатыны, материалдық жағдай, ата-ананың білім деңгейі белгілі бір деңгейде баланың өмірлік жолын қалыптастырады. Ата-аналар жеткіншекке мақсатты бағытталған тәрбиемен әсер етеді, бұл баланың өмір сүру салтының қалыптасуын, өзін қалай ұстауды үйретуді қамтамасыз етеді [1, 153 б ] .

Жеткіншек шақта мінез-құлық қырларының асқынуы басталады. Осы кезеңдегі аса маңызды қырлары – өз бетімен болуға тырысу, өзінің физикалық және рухани өсуін саналы түрде сезіну болып табылады. Осындай кезде ата-аналарға өсіп келе жатқан жеткіншекке деген өз қарым-қатынасын және тәрбиелеу стилін өзгерту қажет болады. Ата-ананың педагогикалық мәдениетінің жетіспеуі, олардың тұлғалық ерекшеліктері, отбасының құндылық бағдары ата-ана мен жеткіншектердің өзара қарым-қатынасының қалыптасуында маңызды рөл атқаруы мүмкін [2, 192 б ] , .

Отандық психологияда акцентуация типі мен дұрыс емес тәрбиелеу стилінің өзара байланысын отбасы тәрбиелеу стилі позициясынан қарастырады. Отбасы стилін зерттеумен А.Е.Личко, К.Леонгард, В.В.Юстицкий, Э.Г.Эйдемиллер айналысқан.

А.Е.Личко баланы дұрыс емес тәрбиелеудің 6 стилін бөліп көрсеткен және бұл тәрбиелеу стильдерінің жеткіншектің бойында көрінуі мүмкін акцентуацияға әсерін айтқан.

- 1) Гипопротекция
- 2) Басыңқы гиперпротекция
- 3) Еркін гиперпротекция
- 4) Эмоционалды шеттету
- 5) Қатал қарым-қатынас шарттары
- 6) Жоғарғы моральді жауапкершілік [3, 390 б ]

А.Е. Личконьң анықтаған тәрбиелеу стилдері мен жасөспірімнің бойында акцентуациялық мінез-құлықтың көрінуінің қысқаша анализі 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1 - А.Е. Личконың анықтаған тәрбиелеу стилдері мен жасөспірімнің бойында акцентуациялық мінез-құлықтың көрінуі

№	А.Е.Личко бойынша дұрыс емес тәрбиелеу стилдері	Акцентуация типтері
1	Гипопротекция	Комформды және тұрақсыз тип Ата-ана тарапынан қамқордың жетіспеуі себебінен тез әр түрлі асоциалды топтарға кіріп кетеді, өз өмірлерін жағымсыз өмір салтымен құртады. Ол отбасында қанағаттандырылмаған қажеттіліктерді сырттан іздейді, еліктегіш болады.
2	Басыңқы гиперпротекция	Психоастеникалық, сенситивті және астеноневротикалық типтер Жасөспірімнің өз бетімен жұмыс істеу қабілеті дамымайды, қоршаған ортада өзін сенімді ұстай алмайды, шешім қабылдауға қиналады және өзінің құқықтарын қорғай алмайтын күйге жетеді
3	Еркін гиперпротекция	Истероидты тип Жасөспірімде эгоцентризм басым болады, яғни ол әрқашан қоршаған ортаның назарында болуды қалап отырады. Баланы өз еркімен жіберу ақырында оның кризистік ситуацияға түсуіне алып келеді, бала өз-өзіне сенімсіз болады.
4	Эмоционалды шеттету	Гипертимді және эпилептоидты жасөспірімдер өз бетімен болуға және ата-анасынан бостандық алуға талпынады, оппозиция реакциясын көрсете бастайды: ұрлық жасау, алкогольға қызығушылық, демонстративті суицидке әрекет жасау және т.б.
5	Қатал қарым-қатынас шарттары	Эпилептоидты және комформды Жасөспірім сенімсіз, ұялшақ болады. Бойында дұшпандылық және ашу сезімдері жиі пайда болып тұрады.
6	Жоғарғы моральді жауапкершілік	Тұрақсыз, лабильді, истероидты Бала қорқақ, обсессивті-фобиялық неврозға бейім, психопатиялық дамуға соқтыруы мүмкін

А.Е.Личко бөлген акцентуация типтеріндегі отбасылық тәрбиенің, әр акцентуация типіндегі жасөспірімнің ата-ана тарапынан көрсетілген әрекеттеріне реакциясын талдауға болады. *Гиперпротекция стилімен* тәрбиелеу эмансипация реакциясының кенеттен күшеюіне алып келеді. Ата-ана жасөспірімнің эмансипациялық ниеттеріне, олардың ойынша адекватты түрде әрекет етеді, яғни, бақылауды күшейтеді, қатал қарым-қатынаста болады, оларды тыңдауын талап етеді. Бұндай тәрбиелеу – баланың бойындағы эмансипация реакциясының күшеюіне алып келеді, нәтижесінде жасөспірім мен ата-ана арасында конфликт туындайды. Конфликттің туындауына алып келетін қосымша себептер ұсақ-түйек заттар, ата-анадан келетін бақылау, нұсқау, ақыл айту болып табылады. Гипертимді жеткіншектердің бойында бұндай жүріс-тұрыстық реакциялар жеткілікті түрде айқын көрінеді.

*Гипопротекция стилімен* тәрбиелеу жасөспірімнің толықтай бақылаусыздығымен, оның жүріс-тұрысына назар аударылмаумен сипатталады. Кейбір жағдайларда дұрыс емес тәрбиелеудің бұл түрі баланың толықтай жалғыз қалуымен – аш, киімі жоқ, қиын жағдайларда өмір сүруімен сипатталуы мүмкін. Рухани өмірде бала тек өзіне ғана жүгіне алады. Гипопротекция акцентуацияның тұрақсыз және комформды типтеріне аса жағымсыз әсер етеді. Дәл осындай типке жататын жасөспірімдер ата-ана тарапынан қамқордың жетіспеуі себебінен тез әр түрлі асоциалды топтарға кіріп кетеді және өз өмірлерін жағымсыз өмір салтымен құртады. Бұнда жасөспірім отбасында қанағаттандырылмаған қажеттіліктерді, сыртқы ортадан іздейді, олар жағымсыз әрекеттерге баруы мүмкін немесе жағымсыз ортаға еліктеп кетуі мүмкін. Тұрақсыз типтегі жасөспірімдер үшін бақылаудың жоқтығы, әрдайым ата-ана тарапынан қадағалаудың жоқтығы, тіпті еңбекке деген, сабаққа деген дайындығына мән бермеу қауіп тудырады. Өз бетімен болғандықтан, олар мектепте бірінші сыныптардан бастап-ақ сабақтардан қаша бастайды, көп уақыт көшеде жүрумен өткізеді және психологиялық дамуының жолын үйден қашумен, алкоголизациямен жалғастырады.

*Басыңқы гиперпротекцияда*, ата-ана баланың әрбір қадамына бақылау жасап отырады, оның әрбір істеген іс-әрекетіне мән беріп, тіпті баланың артынан аңдуға дейін барады. Бұл дұрыс емес тәрбиелеу түрі- акцентуацияның психоастеникалық, сенситивті және астеноневротикалық түрлеріне әсер етеді. Жасөспірімнің өз бетімен жұмыс істеу қабілеті дамымайды, қоршаған ортада өзін сенімді ұстай алмайды, шешім қабылдауға қиналады және өзінің құқықтарын қорғай алмайтын күйге жетеді. Ересек шақтарында бұл тым күрделі жағдай болады, себебі адам есейген сайын өмір олардан өз бетімен өмір сүруді талап ете бастайды [4, 253 б.].

Дұрыс емес тәрбие берудің келесі стилі – *еркімен жіберу гиперпротекция* басқа стильдерден ерекше. Себебі ата-ана жасөспірімге «отбасының кумирі» ретінде қарайды. Ата-ана баласын қадағалаудан бас тартпайды, бірақ оны кез келген қиындықтан, жалықтыратын және жағымсыз міндеттерден босатады. Олар әрдайым балаларының кішкентай таланттары жайлы асыра айып, оның шынайы қабілеттерін шамадан тыс жоғары бағалайды. Балалық кезден бастап бала зор сүйініш, мақтаулар арасында өседі, бұл оның эгоцентрлік ықыласының тым артып кетуіне алып келеді, яғни ол әрқашан қоршаған ортаның назарында болуды қалап отырады. Бұндай тәрбие нәтижесінде жасөспірімнің бойында акцентуацияның истероидті типі көрінуі мүмкін. Тәрбиелеудің *эмоционалды шеттетілген түрінде* жасөспірім әрдайым өзін отбасында артық сезінеді, көбінесе бұл жағдай отбасында бірнеше бала болған кезде байқалады. Жасөспірім өзін ата-анасына масылдық жасап отырғандай, оның жоқ болғаны отбасы үшін жақсы болатындығы жайлы ойлайды. Гипертимді және эпилептоидты акцентуация типіне жататын жасөспірімдерде эмансипация реакциясы айқын көрінеді: гипертимді жасөспірімдер өзбетімен болуға және ата-анасынан бостандық алуға талпынады, ал эпилептоидты жасөспірімдер – мүліктік құқыққа ұмтылады. Бұндай жағдайда истероидты типті жасөспірімдер оппозиция реакциясын көрсете бастайды: ұрлық жасау, алкогольға деген демонстративті қызығушылық, демонстративті суицидке әрекет жасау және т.б. әрекеттер – ата-анасының назарын аударуға жасалған сигнал ретінде қабылданады. Кейбір истероидты жасөспірімдер өзіне ата-ана назарын аудару тәсілдерінен нәтиже болмағандықтан, махабатты, жылулықты, назарды сырттан іздей бастайды. Шизоидтар бұндай ситуацияға өзіне кетумен әрекет жасайды, фантазия әлеміне жүгініп, шеттен назар іздей бастайды. Тұрақсыз типтегі жасөспірімдер жақындарының эмоционалды шеттетуі жайында уайымдамайды, себебі олар қандай жағдай болмасын жасөспірімдік топтарға қосылып, жұбанышты сырттан іздейді. Дұрыс емес тәрбиелеудің бұл типі *қатал өзара байланыс шарттары стилімен* тығыз байланысты. Бірақ бұнда қатаң қатынас ашық түрде орнатылады – кез-келеген кішігірім дұрыс емес әрекеттер үшін жазалауға дейін барады, сонымен қатар басқаларға келген ашуды балаға шығарады. Бұндай дұрыс емес тәрбиелеу стилі эпилептоидты және конформды типтерге аса қауіпті болып табылады, себебі осы типтерде эпилептоидты тип бойынша психопатиялық даму басталуы мүмкін [4, 254 б.].

*Жоғарғы моралді жауапкершілікті* баланың мойнына жүктеп қою арқылы тәрбие беру – жасөспірімнің болашақтағы өміріне зиян. Бұндай жағдайларда ата-ана өзінің баласынан көп нәрсені күтеді, яғни оған әрқашан жетістікке жетуіне, оның қабілеттері мен талантына байланысты көп үміт күтетіндігі жайлы айтып отырады. Осы кезде жасөспірім ата-анасының одан күтетін үміттері көп екендігін сезеді. Тұрақсыз типті жасөспірім ата-анасының экспектацияларына мән бермеумен жауап береді. Ал лабильді жасөспірім үшін шамадан тыс моралді жауапкершілік бөгет болады және ол қашу жолын іздей бастайды. Истероидты акцентуация типіндегі жасөспірім ата-анасына жағымсыз қарауға дейін барады. Психоастеникалық және сенситивті акцентуациясы бар жасөспірімдерді бұндай жағдайда обсессивті-фобиялық неврозға алып келеді немесе психоастеникалық тип бойынша психопатиялық дамуға соқтыруы мүмкін [4, 255 б.].

Жанұяның сәтсіз болуы мінез-құлықтағы қиындықтың туындауына себепші болып табылады. Жанұядағы жағымсыз жағдайлар – бала тәрбиесіндегі өзара келіспеушілік, орынсыз кикілжің, маскүнемдік, мінез сәйкессіздігі. Осындай қолайсыз жағдайлар, яғни

жанұялық ахуалдың бұзылуы бала тәрбиесіне және мінез-құлық акцентуациясының пайда болуына өте зиянды әсер етеді және үлкен психикалық дискомфортқа алып келеді [5, 72 б].

Жапония психологы Масару Ибуканың айтуы бойынша, жоғары деңгейдегі сенімділік те, артық мазасыздану балаға жақсы тәрбие беруге көмектеспейді. Бірінші жағдайда олар балада өзіндік ізденуге, жаңаны тануға қажеттілікті тәрбиелей алмайды. Ата-ана баланы қаншалықты «бос» тәрбиелесе, соншалықты бала өз-өзіне сенімсіз болып өседі.

А. Роу және М. Сайгельман ата-ана мен жасөспірімнің арасында болатын қарым-қатынастың 6 түрін бөліп көрсеткен: шеттетілген, немқұрайлы, гиперқамқорлық, тым көп талап ету, тұрақтылық, махаббат. Жасөспірімнің үйлесімді дамуын тұрақтылық пен махаббат қамтамасыз етеді, ал жасөспірімді эмоционалды шеттету травмалық жағдайларға алып келеді, себебі ол жоғары деңгейде қорқыныш, агрессивтілік тудырады.

Д. Стивенсон және М.Симпсон ананың жасөспірімге қатынасының 2 түрін бөліп көрсетті:

- баланы тәрбиелеуде жағымды қосымша күшті қолдана отырып сабырлы тәсілді қолдану;

- кез келген әлеуметтік стимулға алаңдайтын қобалжыған ана [6, 355 б].

Бомринд тәрбие берудің 3 стилін бөліп көрсетті – либералды стиль, авторитарлы стиль және бедел стилі. Тәрбиелеу стилі субъективті және объективті факторлардың әсер етуінен қалыптасады және жасөспірімнің генетикалық ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Либералды стиль әрекеттердің еріктілігімен ерекшеленеді. Балаға өзіне және өзінің қызығушылықтарына сенуіне мүмкіндік беріледі. Жасөспірім ата-анасының көмегінен өз өмірін басқарады. Ата-ана тарапынан баланы өз бетімен жіберушілік агрессияға алып келуі мүмкін. Бұндай ата-аналық әрекеттің маңызды принципі – баланың кез келген әрекетіне қанағаттану, оның барлық қисынсыз тілектерін және талаптарын орындау және т.б. Сәйкесінше, баланың мінез-құлқында эгоисттік қырлар пайда болады. Ата-ана балаларының интеллектуалды дамуын болашақта пайда көру үшін ынталандырады. Сәйкесінше, балалар әр түрлі қиындықтарға (мысалы мектепке түсу) жауап қайтара алмайды. Нәтижесінде, жасөспірімде қоршаған ортаға деген дұшпандылық немесе ата-анаға деген өшпенділік, дербессіздік және сенімсіздік, акцентуация белгілері пайда болады [7, 103 б].

Е. Шэйфер ата-аналық гиперқамқордың деңгейі жасөспірімнің құрбы-құрдастар арасындағы әлеуметтік мәртебесін анықтайды. Жоғары деңгейдегі қамқорлық пен басымдық жағдай көрсету қаншалықты жоғары болса, бала соншалықты топта төмен мәртебеге ие болады. Е. Шэйфердің айтуы бойынша жасөспірімнің әлеуметтік дезадаптациясы мектеп мұғалімдерінің бағалауы бойынша, ата-ананың авторитарлығымен және үйдің қатаң дисциплинасы, шек қоюымен тығыз байланысты [8, 235 б].

Хоффман өзінің адамгершілік интернализация теориясында баланы тәрбиелеуде және адамгершілікті қалыптастыруда ата-аналар қолданатын 3 техниканы бөліп көрсеткен: индукция (неге олай жасауға болмайтындығын түсіндіру), билік қолдану (моралды кемсіту, балағаттау), махаббаттан бас тарту (баланы жазалау мақсатында көңіл бөлмеу). Қазіргі психологияда бұл үш техника кеңінен қолданылады [9, 257 б].

#### Әдебиет

1. Эйденмиллер Э.Г. Семейный диагноз и семейная психотерапия. Уч. пособие для врачей и психологов – СПб.: Речь, 2003.
2. Артамонова Е.И. Екжанова Е.В. Психология семейных отношений с основами семейного консультирования. Учебн. пособие для студ. высш. учеб. заведений. М.: Издательский центр «Академия», 2002.
3. Личко А.Е. Делинквентное поведение при различных типах акцентуации характера у подростков. М. – 1995.
4. Личко А.Е. Основные типы нарушений у подростков. СПб.1993.
5. Білім. Ғылыми –педагогикалық журнал. –Алматы: 2009. - №2(44). -72б.
6. Roe A., Siegelman M. A parent-child relations questionnaires // Child Development. 1963. Vol. 34. P. 355—369.
7. Baumrind D. Current patterns of parental authority // Developmental Psychology Monograph. 1971. Vol. 4. P. 1—103.

8. Schaefer E.S. A circumplex model for maternal behavior // Journal of Abnormal and Social Psychology. 1998. Vol. 59..
9. Малкина – Пых И.Г. Семейная терапия Изд-во Экспо, 2005.

**Жеткергенова Ұ.Е., Нурмаганбетов А.Л.**  
(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)

## АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ МӘСЕЛЕСІ

Қазіргі таңда тек Қазақстанда ғана емес сонымен қатар әлем үшін күрделі де қызықты мәселелердің бірі ол «адамның өзін-өзі тануы» болып табылады. «Өзін тану» айтқанда немесе құлаққа естілгенде сондай оңай дүние болып көрінгенімен, егерде тереңдей зерттей бастар болсақ шегіне жетуіміз қиын үдеріс. Үдеріс деп көрсету себебім, ол жүйелі, белгілі бір сатылардан тұрады. Ертеден бастап осы уақытқа дейін адамның болмысын зерттеген бірнеше ғалымдар бар. Оларда өзінің болмысын, табиғатын тануға тырысты. Осы уақытқа дейін түрлі ғалымдар өзіңді тануды бастау үшін табалдырығынан бастап құрастырып, жүйелеп көрсетті. Ең қызығыда осы, әр бір тұлғаның өзін тануы әртүрлі жүйе бойынша іске асады, барлығы үшін ортақ бір құрылым жоқ. Әр адам жеке тұлға болғандықтан, олардың бәрінің психикасы әр түрлі болғандықтан өзін тану жолында ғалымдар бір жүйені толық қамтып құрастыра алмай отыр. Алайда өзін тану жолында, әр адамның жеке психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір тұлға үшін оның өскен ортасының әсері зор екені белгілі, сондықтан психика үшін менталитеттің және ұлттық кодтың әсерін ұмытпаған жөн.

Қазақ халқы үшін орны орасан зор ұлы ақын Абайдың санасы биік, еңбектерінің құндылығы терең екені белгілі. Абайдың жазған еңбектерінде тек философиялық немесе діни бағыттағы көз қарастарды ғана емес сонымен қатар психологиялық та ойларды кездестіреміз. Оған дәлел академик Т.Тәжібаев пен профессор Қ. Жарықбаевтың Абайдың психологиялық көзқарастарын зерттеп, еңбектерін шығарулары. Абайда өзін танудың белгілі бір құрылымын жасап шығарды. Егерде Абайдың «қара сөздерін» мән беріп оқитын болсақ, тереңінен зерттейтін болсақ Абайдың «толық адам» идеясының мәні мен құрылымын түсінетін боламыз [1, 23 б.].

Өзін-өзі тану дегеніміз не? Өзін-өзі тану – адамның өзінің психикалық және физикалық ерекшеліктерін зерттеуі, болмысын түсінуі және бұл өмірге келгендегі мәнін түсініп, үйлесімділікте өмір сүруі.

Адамның өзін тануға ұмтылуы оның табиғатына, болмысына тән дүние. Экзистенциалды психологтардың айтуына сүйенер болсақ, адамның алғашқы қажеттіліктері өтелгеннен соң, ол өзін тану туралы, өмірге келудегі мәні туралы ойлана бастайды және осы сатыда егерде осы сұрақтарына жауап ала алмаса депрессияға түсу қауіпі жоғарылайды. Шын мәнінде қазіргі таңда ХХІ ғасырдың дерті болып тұрған бұл дерттің қазіргі таңда белең алып жатқаны белгілі. Адамзаттың, өркениеттің, техниканың барлығы қарқынды түрде даму үстінде және бұл дүниенің барлығы адамның психикасына зор ықпал етуде. Гуманистік психологияның өкілі Эрих Фромм «Тәуелсіздіктен қашу» кітабында, адамзаттың ыңғайлы өмір сүруі үшін және өмірлерін барынша оңайлату үшін түрлі техниканы ойлап тауып тәуелсіз боламыз деген сайын керісінше қиындатып жібергендерін айтады. Адамзат әркез табиғатпен байланыста болған, бұл екі жаратылыстың арасында бір-біріне қуат берер ерекше байланыс бар және адамзат бұл байланысты үзуде. Нәтижесінде қуат алар көзімен байланыс үзіліп, адамзат үшін қиын кезең басталуда. Қазіргі таңдағы психикалық аурулардың және депрессияның өршуіде осында деп көрсетеді. Шын мәнінде адамзат өзінің табиғатпен байланысын жақсартса, қайта қалпына келтіре алса қуат алар көзінде пайда болушы еді. Міне өзін -өзі тану жолында адамзаттың жіберіп жатқан қателігі осы. Адам өзін-өзі тануы үшін ол өзінің үш болмысын білуі қажет. Бұл үш болмысты үш түрлі ғылым түрі зерттейді. Оның

біріншісі-рухани болмыс, адам өзінің рухани болмысын дін жолы арқылы танып, біледі. Екіншісі – адамның сезім мүшелері көріп –біле алмайтын нәзік болмыс (психикасы), мінез-құлық ой –өрісті зерттеу психология ғылымының үлесі. Үшіншісі –адамның сезім мүшелері көріп-біле алатын тұрпайы болмыс, яғни тәнді физиологиялық және заттардың құрылымын қарастыратын ғылымдардың барлығы зерттейді. Адамның өзін тануын психология ғылымымен байланыстыра отырып талдауға тырысамыз [2,74 б.].

Өзін-өзі тану дегеніміз не? Өзін — өзі тану-адамның өзінің психикалық және физикалық ерекшеліктерін зерттеуі, өзін-өзі түсінуі. Ол нәресте кезінен басталып, өмір бойы жалғасады. Өзі туралы білім біртіндеп қалыптасады, өйткені ол сыртқы әлемді және өзін біледі.

Абай: «Адам бол!» – деген ойларынан нағыз адам болу үшін тек қана өзінді тану арқылы сыртқы мәдениетке, тілге, дінге мән бере отырып дамуға сол арқылы адамгершіліктің-қайырымдылық, биік талғам, шындық, әділдік негіздерін қабылдауға ықпал етеді. «Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» – дейді. Адамдықты көрсететін қасиеттер мен құндылықтар: жан мен рух, мінез, әрекет, тәжірибе, білім, өнер, кәсіптік икемділік. Абайдың рухани-адамгершілікті өрбітуге байланысты осындай көрсеткіші ақыл мен білім, рухтың тазалығы. Тыныштық қуаты – жүректе, келісім қуаты – қайратты, ерікті, иманды кісінде. Адамның кісілігі: – әсерлі, әдепті, табысты өнерінде. Адамның ең биік қасиеті – Адам бола білу!» – дейді.

Абай жоғарыда аталған дүниелерді талдап көрсеткен. Ең алдымен ғылым үйрену керек. Алайда ғылым үйрену үшін, адамның ішкі ынтасында ұмытпаған жөн. Абай өзінің қара сөздерінде әрбір адамның өзі қалаған іспен айналысуының маңызын көрсетеді. Абай адамның адам атануы үшін оған ақыл және ғылым керек екенін айтады. Олардың табылуы үшін тән саулығы және хауас сәлим керек. Тән саулығы көпке түсінікті ұғым болса, хауас мәселесі Абай мұрасының өте маңызды және күрделі мәселелесі. Абай көрсеткен, ақыл, ғылым, ар мінез, дегендерге жеке анықтамалар беріп кетер болсақ. Абай табиғат пен жан иелерінің өзара байланысын суреттегенде «хауас» «түйсік, сезім), «хауас сәлим» (өзіндік дұрыс қасиет, өзіне тән мінез-құлық) деген сөздерді қолданады. Бұлар нәзік болмысты білдіретін болмыстар [3, 195 б.].

Өзіндік деген ұғымды «МЕН» деген ұғыммен немесе «Эго» деп айтсақ қате болмайды. Жан материалдық әлемнің қызығын көру үшін өзінің рухани болмысын ұмытып, материалдық сана алуы керек. Жан өзін тән ретінде танығанда ғана ол өзінің рухани болмысын ұмытады. Егер өзінің жан екенін ұмытпайтын болса, онда бұл қасиеті көп жалған өмірде ол бір сәтте тұрмас еді. Жанның өзін сезінуін «Эго» дейді. Егер ол өзін тәнмен балап, осы материалдық әлемнің бір бөлігі ретінде сезінсе, онда оның эгосы жалған, яғни ол «жалған эгоға» ие болады. Бәріне танымал «эгоизм» сөзі осы мағынаны білдірсе керек. Ал егер өзін рухани танып, «мен тән емес, жанмын» деп сезінетін болса, онда ол нағыз эгонның ықпалында. Оның барлық іс-әрекет. Тіршілігінің мән-мәнісі міне осыған байланысты. Жалған эго алған жанда «менікі» деген сезім бар. Сөйтіп ол өзіне байланыстының барлығын «менікі» деп есептейді. Бұл «менікі» деген сезім түрлі заттарды, отбасын, елді, халықты, дінді және тағы басқадай тәнмен байланысты ұғымдарды қамтып, бүкіл адамзатқа дейін кеңі береді. Бұл түрлі деңгейдегі қоғам қайраткерлерінің сезімі. Осы сезім үшін олар жандарын пидә етіп, өмірлерін арнап, кейінгі ұрпаққа өздерінің аттарын қалдырады. Фәни әлем рухани әлемнің көлеңкесі тәрізді.

Ес. Жалған эго алған соң жан осы фәни әлемнің қызығын көру үшін және өзін толығырақ сезінгісі келіп әрекет жасағысы келеді. Сол үшін оған ес беріледі. Естің көрінісі- интеллект. Ес түрлі әрекетке ұмтылдырып, үлкен жоспарларды жасауға мүмкіндік береді. Естің міндеті болжау, жақсы-жаманды айыра білу және жадыға сақтау. Адам ойға алған іс-әрекетін, түрлі жоспарларды есі арқылы жүзеге асырды. Ес компьютердің орталық процессоры тәрізді ақпарат хабарды жадыға жазады, керек кезінде одан алып талдау жасап, шешімін береді. Материалды ес біздің сезімдерімізге керекті жақсы-жаманды айырса, ал рухани ес Алла тағалаға тұрғысынан, рухани құндылықтарды айырады. Рухани құндылықтарды жоғары жетілген адамдар жүрегі арқылы қабылдай алады [4, 128-130 бб.].

Ақыл. Естен кейін ақыл тұр. Ішкі сезімдер сезім мүшелерінен келген хабарды қабылдап, орталыққа- миға жібереді. ми ақпарат хабарды өңдейтін компьютер тәрізді. Сезімдерден түскен хабарлы ақыл ми арқылы адамның жеткен санасы тұрғысынан қортып, жақсы немесе жаман деген шешім қабылдайды. Сондықтан ақыл туралы Абай «Ақыл- мизан(парыз), өлшеу қыл» дейді. Естің міндеті қабылдаған қалауларды орындау жүйесін жасау болса, ал ақыл оларды қортытып, өзінше хабар жасайды. Ақылдың міндеті адамның сезімдерінен пайда болған ниет қалауды қабылдау немесе қабылдамау. Сырттан түскен хабардың барлығы адамның жадында жазылып, көріп білгеніне байланысты ол байлық молая береді. Бұл туралы Абай қырық үшінші қара сөзінде былай дейді «Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол - көп жиғаны бар адам: сынап, орындысын, орынсызын - бәрін де бағанағы жиған нәрселерінен есеп қылып, қарап табады. Бұлай етіп бұл харекетке түсінген адамды ақылды дейміз». Абай әрі ұарай ақыл есіңді өсіруге еңбек ет деп үйретеді [5, 382 б.]

Егер ес жоғары болып, ақылды басқаратын болса, онда ақыл түскен хабардың ішінен сол сәтке ең жақсы, қолайлысын қабылдайды. Ал сезімдерден туған ниет- қалаудың құндылығын анықтау сол кездегі естің рухани деңгейіне байланысты болады. Осыдан кейін ес ақылға бұйрық береді. Ал ақыл дененің қозғалатын органдарын (қол, аяқ, тіл, жыныс органдары) іске қосады. Ал егер естің деңгейі төмен болып ақылды басқара алмаса, онда ақылды сезімдер басқарып кетіп, адам барлық хайуанаттар жасайтын төрт іс-әрекеттерден (ұйқы, тамақ, ұрпақ қалдыру және қорғаныс) аса алмай, немесе өзіне берілген ақылды теріс пайдаланып, тіпті одан да төмен құлдырап кетуі мүмкін. Бұл туралы Абай әрі қарай былай деп білдіреді «Әрнешік тән қуатыменен сырттан тауып, сырттан сақтайсыз, оның аты дәулет еді. Оның да неше түрлі кеселі, кесепаты бар нәрселерін білмесең, сақтай алмаушы едің ғой. Соған ұқсаған іштегі жан қуатыменен жиған нәрсенің аты ақыл, ғылым еді ғой. Оның да неше түрлі кеселі, кесепаты тиер нәрселері бар. Оны білмесең, бақпасаң - айрыласың. Және әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса - жарамайды. Өлшеуін білмек - бір үлкен керек іс. Ойланбақ жақсы, іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қияли болып та кеткені болады. Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық - бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, боғы шығады.». Яғни, қандай нәрсенің болса да қолдану мөлшеріне байланысты дәрі не болмаса у болатын тәрізді, өлшеуін білмей жасаған нәрсенің кесепаты өте көп. Бұл фәни өмірдегілер үшін өте маңызды тұжырым. Себебі, өмірдің сергелдені көбіне жақсы мен жаманды айырып білмеуден, әрнені мөлшерінен асырып жіберуден туады. Бұл естің әлсіздігінен туындайды. Ес ақылды басқара алмай, ақыл ес пен сезімдердің арасында болғандықтан, үнемі құмарлық ықпалында болып, бірде бір сезімге, келесіде екінші сезімге беріліп, тұрақсыздыққа ұшырайды. Сөйтіп сабырлылық кетіп, адам жан тыныштығынан айрылады. Сабырлылық – ақылдылықтың белгісі. Ақыл адам өз сезімдерін ие , ол әрқашан да сабырлы, ұстамды.

Абай он жетінші қара сөзінде ақылдың қызметін былай деп түсіндіреді.

«Ақыл айтыпты: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын - мен, сенің сөзіңді ұғатұғын - мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?» - депті. Әрі қарай Абай ғылымның сөзімен ақылдың қасиетін былай деп көрсетеді.[6,67б]«-Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да - бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені - сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, - депті.» Абайдың осы сөздері ақылдың қасиеті материалды екенін тағыда көрсетеді. Ол мейірімділік, рахымдылық, сүйіспеншілік тәрізді сезімдерін білмейді. Бұл сезімдер рухани болғандықтан, жүректен, яғни жүректе орналасқан жаннан шығады. Сондықтан Абайдың «Ақыл мен қайрат жол табар, қашқанға да қуғанға» деген сөзі жүрексіз ақылдың рухани мәселелерді шеше алмайтынын білдіреді. ол жан иесіне берілген құрал ғана. Сондықтан, ол құралды пайдаланудың нәтижесі адамзатты бақытқа ғана емес, үлкен қорлыққа да алып келуі мүмкін. Ол ақылды пайдалану ниетіне байланысты. Қазіргі замандағы жер бетіндегі аса

қауіпті құралдардың бірі атом бомбасының пайда болуы да осының көрінісі. Осы сияқты рухани болмыстың төмендегінен ақылды теріс жолда пайдаланудың нәтижелері қазіргі заманда көптеп кездеседі.

Егер ес жоғары болып, жанға бағынып, сезімдерді Құдайға құлшылық жолына салса, онда ақылда таза рухани сезімдердің ықпалында болады. Бұндай адам жаман ниет қалауларға, яғни жаман істерге жол бермейді. Осының өзі ақылды таза ұстау үшін жаман, жарамсыз істерден аулақ болып, сезімдерді тек қана табиғаттың жақсылық әкелетін объектілеріне бағыттау керек екенін білдіреді. Ақыл ес пен сезімдерді байланыстырып тұратын, солардың қызметінің көрінісі. Сондықтан, Абай осылардың барлығын ақылға қосып, кейде ақыл деп атайды. Мысалы «Жүректе қайрат болмаса» өлеңінде ақын «Малда да жан мен тән, ақыл, сезім болмаса» дейді. Бұл арада сезім деген сөз адамдарға берілетін жоғары сезімді білдіреді [7].

Сезім. Сыртқы бес сезімге сәйкес ішкі бес сезім бар. Бұлар сыртқы сезімдерден, яғни сезім мүшелерінен сезімді қабылдайды. Сезім дегеніміз табиғат көріністерін қабылдау қабілеті болып табылады. Бес сезім мүшелері арқылы соларға сәйкес көру, есту, иісті білу, дәмді білу, тері арқылы жылуды, қатта мен жұмсақты сезініп қабылдайды. Бұл қабілетті исламда ішкі сезімдер деп атайды. Ішкі сезімдердің қарым-қатынасын психология ғылымы зерттейді.

Абай қара сөздерінің қазақ ұлттық әдебиетінің ішінде құндылығы жоғары, шоқтығы биік, атақты шығарма екені белгілі. Абайдың қара сөздерін психологияның түрлі теорияларымен байланыстыра отырып талдап, оның өскелең ұрпақ үшін өзін-өзі тану туралы мәліметтеріне назар аударып, оны ғылыми тұрғыдан жеткізу арқылы, болашақта жастар үшін жол көрсетер бағдарламға айналдыру бүгінгі жаһандану заманында ұлттық ерекшеліктерімізді сақтап қалу үшін маңызды еңбек болып табылады.

#### Әдебиет

1. Тәжібаев Т. Философские, педагогические и психологические мысли А.Кунанбаева. - КАЗГОС Алмата, 1957 – 23 с.
2. Тажибаев Т. Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века. - Казахстан, Алма- ата, 1965 – 74 с.
3. Жарықбаев Қ.Б. Жантану негіздері: жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған оқулық.- Алматы: Қазақ университеті, 2005.- 195 б.
4. Жарықбаев Қ.Б. Жантануға кіріспе: хрестоматия.- Алматы: Қазақ университеті, 2005. - 128-130 б.
5. Жарықбаев Қ.Б., Салғынбаев О.С. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2006 - 382 б.
6. Жарықбаев Қ.Б. Абай Құнанбаев - қазақ халқының ағартушысы. – Алматы, 1970. – 67 б.
7. Абай. Қара сөз. Книга слов. – Алматы: Атамұра, 2016. – 200 б.

*Жукешева Ж.Д.*

*(Республика Казахстан, г. Нур-Султан,  
Казахский университет технологии и бизнеса)*

*Баязи Н.А.*

*(Республика Казахстан, г. Нур-Султан,  
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева)*

## ИЗУЧЕНИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ФЕНОМЕНА ОТВЕТСТВЕННОСТИ

Вопросы психологии личности являются одним из приоритетных направлений исследований, ввиду противоречивых преобразований, где наряду с позитивными изменениями, стали актуальными вопросы, которые определяют самооценку качества жизни и личностную зрелость. Личностная зрелость имеет четыре основных, базовых составляющих, вокруг которых группируются множество других:

- 1) ответственность;



- 2) терпимость;
- 3) саморазвитие;
- 4) положительное мышление, положительное отношение к миру.

Одним из компонентов личностных характеристик зрелости является социальная ответственность личности. Многие исследователи определяют ответственность высшим личностным образованием и сложным феноменом, который отражает личностную и социальную зрелость. Кашапова Г.И. [1] в своей работе о качестве и уровне разработки данной проблемы говорит об отсутствии обстоятельно разработанной общей теории ответственности и обусловленностью в большей степени психологическим подтекстом. К. Г. Юнг увязывал достижение зрелости с принятием индивидом ответственности, прежде всего за свои проекции, их осознание и последующую ассимиляцию. К. Роджерс рассматривал ответственность в тесной связи с осознанностью, свободой быть самим собой, управлением собственной жизнью и выбором [2].

Обращаясь к Рожкову М.И. и Сапожникову Т.Н. [3, с. 90-135] одним из компонентов социальной ответственности является – когнитивный. Когнитивный компонент воспитания социальной ответственности тесно связан с формированием у молодежи социальной компетентности, определенных норм отношений с отдельными людьми и обществом в целом:

- правовые нормы, отраженные в законодательных актах, предполагают ознакомление с Конституцией государства, законами, различными кодексами, международными актами;
- нравственные нормы, выработанные в процессе развития человеческих отношений, предполагают развитие в процессе воспитания таких понятий, как культура чувств, способность к нравственному усилию, чувство эмпатии и толерантность.

В исследовании эффективным способом изучения психологического феномена ответственности оказалось использование психосемантического опросника, основой которого стал семантический и личностный дифференциал. Семантический дифференциал – это методика количественного и качественного анализа смыслов и сознания объекта. Семантический дифференциал применяется в психолингвистике, психосемантике, психодиагностике. Данная методика была предложена Ч. Осгудом в 1957 г. для измерения индивидуальных различий в интерпретации понятий [4]. Другими словами, этот метод позволяет увидеть модель представлений человека о жизни, о социальной действительности, о взаимосвязях между явлениями, какими их понимает он сам [5].

Психологи Г.М. Андреева, Н.Н. Богомолова, Л.А. Петровская подчеркивают: «Хорошо известно, что методика семантического дифференциала удобна в том смысле, что помогает прямым замером измерить отношение испытуемого к социальным объектам» [6].

Применяя психосемантические методы для исследования внутренней картины мира объектов в данном исследовании, можно выявить особенности мотивации, установок, ценностных ориентаций, отношения к значимым образам других, качественную характеристику ролевых позиций, задаваемых для анализа.

Объекту исследования, в нашем случае выборке, состоящей из студентов и работающей молодежи, предлагалось прямым замером оценить отношение к ролевым позициям, причем не выражением согласия или несогласия, а с помощью биполярных определений по заданной шкале. Валидность и надежность биполярных шкал обеспечивались контрольными ролевыми позициями, отношение к которым у объектов заранее известно («враг», «предатель», «я в идеале» и др.). В качестве инструмента шкалирования используются прилагательные из униполярного контрольного списка. Это были семантически достаточно самостоятельные «ключевые» слова.

Использование результатов процедуры шкалирования позволило провести обработку, которая проводилась следующим образом: результаты отдельных испытуемых по двум рассматриваемым группам суммировались в общегрупповые матрицы данных отдельно для групп респондентов, разделенных в зависимости от характера повседневной деятельности (учеба в университете и работа) и возраста (студенты до 23 лет и работающая молодежь в

возрасте 26-32 лет). В двух матрицах были представлены суммарные баллы на перекрестном пересечении ролевых позиций (для исследования были взяты 23 образа).

В данном случае отношение «образа - Я» можно рассматривать в системе интериоризированных образов значимых других. Наиболее простой формой обработки исходных матриц данных является сопоставление ролевых позиций путем подсчета парных коэффициентов корреляций оценок качеств, приписанных этим ролевым позициям, то есть вычисления коэффициентов парной корреляции вертикальных столбцов исходных матриц данных. Для подсчета использовался коэффициент линейной корреляции Пирсона.

В ходе сопоставления корреляционных показателей выборок каждой из групп респондентов, мы зафиксировали следующие данные:

Таблица 1 - Матрица интеркорреляции ролевых позиций в группе респондентов из студенческой и работающей молодежи с образом «ответственный человек»

Ролевая позиция	Студенты	Работающая молодежь
Начальник	0,691362	0,337401
Терпеливый человек	0,612193	0,79473
Верующий человек	0,399743	0,40444
Уважаемый человек	0,474861	0,636233
Я сейчас	0,635056	0,262711
Гражданин	0,833671	0,444659
Я в идеале	0,869595	0,123597
Семейный человек	0,656551	-0,08674
Исполняющий долг	0,633132	-0,0438
Друг	0,737997	0,500613
Человек с высоким правосознанием	0,228374	0,762715
Предатель	0,815848	0,026135
Судимый человек	0,711869	-0,18015
Исполнительный человек	0,596718	0,100118
Одинокий человек	0,997121	0,694257
Честный человек	0,552631	0,822106
Трудолюбивый человек	0,544022	-0,02766
Профессионал	0,922723	0,744263
Учитель	0,594389	0,600066
Виновный человек	0,788474	0,200319
Богатый человек	0,62919	-0,4733
Родитель	0,920452	0,466075

Как видно из таблицы 1, у респондентов из студенческой молодежи наблюдается самая высокая степень идентификации образа «ответственный человек» с образами «одинокого человека», «профессионала», «родителя» (0,99, 0,92 и 0,92 соответственно).

Образ «Я сейчас» имеет корреляцию с образом «ответственного человека» на уровне 0,63. Также образ «ответственного человека» высоко коррелирует с образом «Я в идеале» на уровне 0,86.

Образ «ответственного человека» имеет самую низкую корреляцию с образами «человека с высоким правосознанием» (0,22) и «верующего человека» (0,39).

Существенной обратной корреляции в исследуемой группе респондентов не наблюдается.

В выборке респондентов из числа работающей молодежи по сравнению с предыдущей группой образ «ответственный человек» идентифицируется больше с образами «терпеливого человека», «человека с высоким правосознанием» и «профессионала» (0,79, 0,76 и 0,74 соответственно).

Образ «Я сейчас» как ответственный человек не обозначается (показатель корреляции 0,26). Образ «ответственного человека» не является характеристикой «Я-идеала» (0,12).

Самая низкая корреляция обнаруживается между образами «ответственный человек» и «богатый человек» (-0,47).

Таким образом, при анализе полученных результатов изучения таких объектов исследования как студенты и работающая молодежь, и определению их специфики в зависимости от характера повседневной деятельности (учеба в университете и работа) и возраста (студенты до 23 лет и работающая молодежь в возрасте 26-32 лет) было обнаружено, что имеет место разное понимание и отношение к оценке наличной жизненной ситуации и оценке ответственности для студенческой и работающей молодежи.

В целом видно, что характеристика человека как ответственного не является приоритетной и ценной для современной казахстанской молодежи. В более взрослом возрасте обнаруживается больше незначимой и отрицательной корреляции по сравнению с более молодыми людьми.

#### Литература

1. Кашапова Г.И. Ответственность как социально психологический феномен и уровни ее развития. Казанский педагогический журнал. Социологические науки. 2012.
2. Личностная зрелость // <https://schoolperspektiva.ru/pushkin-a-s/lichnostnaya-zrelost-zrelost-lichnosti-psiologicheskaya-zrelost/>
3. Рожков М. И., Сапожников Т. Н. Рефлексивно-деятельностный подход к воспитанию социальной ответственности молодежи: монография / М. И. Рожков, Т. Н. Сапожников. – Ярославль: Изд-во ЯГПУ им. К. Д. Ушинского, 2010. – 195 с.
4. Андреева Г.М., Богомолова Н.Н., Петровская Л.А. Современная социальная психология на Западе. – М., 1979. – С. 136.
5. Петренко В.Ф. Основы психосемантики. – СПб.: Питер, 2005. – 480 с.
6. Панасюк А.Ю. Обвинительный уклон в зеркале психологического исследования // Психологический журнал. – 1992. – Т. 13, № 3. – С. 54-65.

**Жұмашев Н.Н.**

*(Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.,  
Қызылорда Болашақ университеті)*

## **ҒАЛАМТОР КЕҢІСТІГІНДЕ ТҰЛҒАНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК МІНЕЗ- ҚҰЛЫҒЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Жалпы ғаламтордың тартымдылығы ресми, іскерлік немесе ғылыми сипаттағы ақпаратты алу, беру және өңдеу мүмкіндіктерінде ғана анықталмайды. Кем дегенде ол қарым-қатынасқа, жеке маңызды мағыналарды білдіруге мүдделі адамдарды тартады. Қауіпсіздіктің негізгі қажеттілігін қанағаттандыратын қарым-қатынастың алыстатылған сипаты мен анонимділік мүмкіндігі, сондай-ақ бір уақытта көптеген адамдармен қарым-қатынас жасау, физикалық түрде үйде болу, контакт режимін ерікті түрде орнату, қажет болған жағдайда байланысты үзу, оны ыңғайлы ету мүмкіндігі.

Ғаламтор-кеңістік-бұл қазіргі заманғы әлеуметтену институттарының бірі болып табылады. Мұнда ғаламтор қолданушыларының коммуникативті мінез-құлқына, соның ішінде берілген ақпаратты қабылдау және сүзу үдерісіне әсер ететін әртүрлі ақпарат бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауында "Қазір – ғаламтор дәуірі. Ондағы бей-берекет ақпарат тасқыны ұрпақтың санасын улап жатыр. Бір сәттік танымалдықты көксейтін тамырсыз идеялар жаппай белең алуда. Бұл – аса қатерлі үрдіс. Дәл осы кезеңде ұлт зиялыларының ұстанымы және белсенділігі айрықша маңызды. Зиялылардың еңбегі марапатымен емес, салиқалы сөзімен және нақты ісімен бағаланады. Басты міндет – жалпы адамзатқа ортақ қастерлі құндылықтарды жастардың бойына сіңіру. Отаншылдық, білімге құштарлық пен еңбекқорлық, бірлік пен жауапкершілік сияқты қасиеттер дәріптелуі керек",- деп көрсетілген [1].

Ғаламтордың коммуникативті кеңістігі жылдам дамып, жаңа әрі біртекті емес байланыс құралдарын біріктіреді. Қоғамның феномені ретінде ғаламтордың аулан түрлілігінің салдары гамнитарлық зерттеулерде бір ғана аспектіні қарастырады. Сонымен қатар, ғаламторді зерттеудің бір немесе басқа аспектісін таңдау көбінесе авторға қазіргі қоғамдағы оның рөлін анықтауға қатысты ұстанымды талап ете отырып, парадигматикалық мәнге ие болады. Осының салдарынан ғаламтордың әлеуметтік феномен ретіндегі маңызы әлі күнге дейін бір жақты анықталмаған.

Бүгінгі таңда ғаламтор- кеңістігі әлеуметтік өзара әрекеттесу, тиісті ақпарат алу, ойын-сауық, білім алу, іскерлік белсенділік үшін кең мүмкіндіктер беретін нақты әлеуметтік ортаны қалыптастырады. Сонымен қатар, қазіргі ғаламтор кеңістігінің әлеуметтік мінез-құлықты реттеудің негізін құрайтын дүниетанымды, құндылықтарды, көзқарастарды қалыптастыруға әсерін жүйелі зерттеу жоқтың қасы. Ең көп таралған зерттеулер айқындаушы сипатта болып табылады. Алайда, олар жас ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі әсерлерге, соның ішінде теріс әсерлерге өте сезімтал жастардың әлеуметтік мінез-құлқын реттеуге ғаламтор-кеңістігінің әсер ету әлеуетін ашуға мүмкіндік бермейді.

Шетелдік ғалым П.Уоллейс адамның өмір сүретін ортасы өзгеріп, киберкеңістік салыстырмалы түрде әлі де жаңа саналып тұрған кезде олардың қалай әсер ететінін болып жатқан жайттарды психологиялық тұрғыда зерттей отырып білуге болатындығы айқын деп көрсетеді. Аталмыш ғалым бүгінде іс жүзіндегі онлайн мінез-құлықты зерттеу дами бастағанын атап өтті [2].

"Коммуникативті мінез-құлық" ұғымы, сондай-ақ оған ұқсас "коммуникативті нормалар", "коммуникация", "желілік байланыс" ұғымдары филология, семиотика, философия және психология ғылымдарында жан-жақты қарастырылған. Филологиялық тәсіл шеңберіндегі коммуникативті мінез-құлық мәселесінің жетекші зерттеушісі ғалым И.А. Стернин болып табылады [3]. Ғалым коммуникативті мінез-құлықты жалпы тіл (тілдер), қызмет түрі және жеке тұлға үшін біріктірілген лингвомәдени қауымдастыққа тән құбылыс ретінде қарастыруды ұсынды. Коммуникативті мінез-құлық, зерттеушінің пікірінше, белгілі бір әлеуметтік топтағы қарым-қатынас нормалары мен дәстүрлерінің жиынтығы [3, 28 б.].

Ғалымдар Ю.Е. Прохоров және И.А. Стерниннің [4] еңбектерінде коммуникативтік мінез-құлыққа ерекше көңіл бөлінеді. Аталмыш ғалымдардың тұжырымдарын төмендегі кестеде көрсетеміз:

Кесте 1- Коммуникативтік мінез-құлық (И.А.Стренин, Ю.Е. Прохоров бойынша)

№	Коммуникативтік мінез-құлық	Сипаттамасы
1	Рецептивті коммуникативті мінез-құлық	Белгілі бір әлеуметтік-мәдени топқа жататын коммуникативті үдеріске қатысушылардың мінез-құлқын қабылдау және түсіндіру
2	Нормативтік коммуникативтік мінез-құлық	Қоғамдастықта қабылданған коммуникативтік мінез-құлық нормалары мен ережелерін сақтау

3	Қоғамда қабылданған коммуникативті мінез-құлық	Нормалар мен ережелерді бұзудың нәтижесі ретінде коммуникативті емес мінез-құлық
---	--	--

Нормативтік және нормативтік емес идея желіге қатысты өте маңызды. Аталмыш ғалым тұжырымдамасы нақты кеңістікке бағытталғанына қарамастан, ол интернет жағдайында да қолданылады. Осы тұжырымдамаға сәйкес, онлайн-қауымдастықта қабылданған коммуникативтік мінез-құлықтың нормалары мен ережелерін бұзу әдепсіз сөздерді, арандатушылық мазмұнды, сондай-ақ қақтығыстарды тудыруға бағытталған қорлайтын хабарламаларды жариялауда көрінеді.

Адамның коммуникативті мінез – құлқы-бұл адам ретінде ұстанатын коммуникативті нормалар мен дәстүрлермен реттелетін қарым-қатынас үдерісіндегі оның әрекет-қылығы. Адамның, әлеуметтік, кәсіби, гендерлік, жас тобының коммуникативті мінез-құлқы, сондай-ақ ұлттық коммуникативті мінез-құлық бар. Топтық, яғни кәсіби, жас ерекшелігі және т.б. коммуникативті нормалар бар: мұғалімдер қатты сөйлейді, олар жиі толқып тұрады, әскери адам дәрекі, кішкентай балалар өздері туралы көп айтады, назар аударуға тырысады, егер олар қарсылықты тыңдағысы келмесе, ересектердің аузын алақанымен жабады; ерлер мен әйелдердің коммуникативті мінез-құлқындағы көптеген ерекшеліктер. Әр халыққа белгілі бір коммуникативті мәдениет тән. Коммуникативті мәдениеттің астарында халықтың коммуникативті мінез-құлқы оның ұлттық мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады; ұлттың коммуникативті мінез-құлқына жауап беретін ұлттық мәдениеттің үзіндісі ретінде.

Коммуникативті мінез-құлық белгілі бір коммуникативті мінез-құлықты нормативті немесе нормативті емес деп сипаттауға мүмкіндік беретін белгілі бір нормалармен сипатталады [5]. Нормативтік коммуникативті мінез - құлық-белгілі бір ортада қабылданған және тілдік ұжымның көп бөлігі стандартты коммуникативті жағдайларда ұстанатын мінез-құлық.

Нормативті емес коммуникативті мінез-құлық қабылданған нормаларды бұзады. Коммуникативтік мінез-құлық адам бұзатын қабылданған нормалар ретінде қарастырылады дұрыс сақталған жағдайда, негізгі нормалар туралы айтуға барабар коммуникативтік мінез-құлық. Жоғарыда айтылғандай, жеткілікті коммуникативті мінез – құлық адамның коммуникативті сауаттылығының көрінісі, ал жеткіліксіз – коммуникативті сауатсыздықты көрсету.

Тиімді коммуникативті мінез-құлықты ынталандыратын нақты жеке әрекеттерді сипаттауға көшейік. Мұндай әрекеттерді талдау үшін ғылыми әдебиеттерде коммуникациялық стиль ұғымы қолданылады.

Қазіргі әке болудың ерекшелігі – қоғам мен әйелдердің отбасын материалдық қамтамасыз етуде ең бастысы еркектер деп санайды. Сонымен қатар, олар тұрмыстық мәселелерге, бала тәрбиесіне белсене араласады деп күтілуде. Дәстүрлі және заманауи көзқарастардың мұндай қарама-қайшылығы ер мен әйел арасындағы дауларға, айыптауларға әкеледі.

Әке болудың тағы бір ерекшелігі неке-отбасылық қатынастардың күрделенуі болып табылады, бұл жаңа әкелік рөлдердің пайда болуына әкелді: биологиялық, асырап алынған, ажырасқан, бойдақ, кәмелетке толмаған. Әке категорияларының әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері, әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктері бар. Ғылыми зерттеулер жеке адамның ата-аналық стилі адамның бұрынғы өз әкесі болған тәжірибесіне байланысты екенін көрсетеді. Тәжірибе ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Бұл оң және теріс болуы мүмкін. Бірінші жағдайда еліктеу бар - әке немесе ата үлгілердің бір түрі. Екінші жағдайда, бас тарту, ұлы өз әкесіне ұнамаған нәрсені қайталамайды. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, әкелері оқуға көбірек уақыт бөлген балалар әлеуметтік сауатты және танымдық, психологиялық тұрғыда тұрақты және гендерлік стереотиптерге бейім емес. Бұдан шығатыны, әке болудың маңызды аспектісі – ер әкенің балалардың әлеуметтенуіне, дамуына және тәрбиесіне ықпалы.

Э.Гофманның пікірінше, балалардың этикалық ережелерді білуінде әкелер маңызды орын алады. Ер адамдар балаларды тәртіпке үйретеді және олар үшін мінез-құлық стандарттарын белгілейді, кейбір әрекеттерді құптап, басқаларды басады. Әкесі мен анасы арқылы бала қоршаған әлем туралы біледі, ол әлеуметтік стандарттарға және қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағыттаушы қызметін атқарады. Этикалық нормаларды ассимиляциялауға әсер ететін негізгі элементтер:

- әке мен ана махаббатын жоғалтудан қорқу;
- З. Фрейд зерттеген ата-анамен сәйкестендіру;

- ата-ананың призмасы арқылы эмпатия мен кінәні сезіну, содан кейін баланың іс-әрекетінің салдарын түсіндіру арқылы.

Э. Гофман сәйкестендіру этикалық ережелер мен әлеуметтік рөлдерді меңгерудің ең маңызды аспектісі деп есептейді, ал ұл балаларға әкелер қажет. Әке махаббаты шексіз емес, ол баланың адамгершілік дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Дәл осындай қорытындыны О.Б. Чиркова және өз еңбектерінде баланың бойында жауапкершіліктің пайда болуына әкелердің ықпалы күшті екенін анықтады. Олар тәуелсіздікке көңіл бөледі, өз іс-әрекетіне жауапты болу мүмкіндігін ұсынып, анадан гөрі балалардың тәуелсіздік танытуын ескереді [44].

Э. Берн жеткіншек үшін әкесімен жақын қарым-қатынас құнды екенін алға тартады. Қамқордың тәрбиесін алған бала болашақта әкесіз баладан әлдеқайда жақсырақ болады. Бұл ұл, соның салдарынан өз шығынын өзі толтырады, бірақ оның бастамасы қолайлы болмайды [46].

Э. Фроммның пікірінше, табиғаты бойынша әкелер қауіпсіздікті алмастыратын мүдделердің, құбылыстардың және адам жасаған заттардың елеусіз шеңберін жасауға бейім. Әкені ардақтау, заңға сүйеніп, табиғи жолмен жаратпаған анамен салыстырғанда берік байлам деп саналмайды. Әке адамгершілік борышты, ар-ожданды және заңды тұлғалайды [47].

«Әкелік махаббат» еңбегінде Д.С. Акивис аналармен салыстырғанда мейірімді әкелердің өте жақсы тәрбиешілер екенін атап өтеді. Олар аз патронат, баланың өзін-өзі тәрбиелеуіне ықпал етеді және оларға одан да көп тәуелсіздік береді. Әкеге деген сүйіспеншілік – әке мен шешенің болашақтағы балаларға деген іс-әрекетінің үлгісі, жалпы өмірге деген көзқарасының пайда болуы. Әкемен оң қарым-қатынас тепе-теңдікпен, әдептілікпен, өзін-өзі тәрбиелеумен, татулықпен, пессимизмнің болмауымен, өзін-өзі бақылаумен және балалардың әлеуметтік ережелерді меңгеруімен сипатталады. Бұл сүйіспеншілік тұлға ретінде толық және қауіпсіз дамуына көмектеседі. Автор әке тұлғасының қорғаныштық, жауапкершілік, күш-қуат, ішкі қуат сияқты келесі ерекшеліктері баламен абсолютті қарым-қатынаста тікелей пайда болатынына сенімді. Әке махаббаты туа біткен емес, бала өмірінің алғашқы кезеңдерінде қалыптасады. Бала өз әлеуетін іске асыру тұрғысынан оның үмітін ақтап, әлеуметтік стандарттарға сай болса, әкесінің сүйіспеншілігін түсінеді. Әкелер үшін балалар ұрпақ жалғастыру перспективасы болып саналады [48].

Ғалымдар әкесіз және әкесіз өскен балалар үшін тіпті ата-ананың да маңыздылығын анықтады. Әкесіз өскен қыз-жігіттердің талабы төмен, қобалжулары жоғары. Оның болмауы ұлдардың мектептегі үлгеріміне және өзін-өзі бағалауына кері әсерін тигізеді, ерлердің рөлдерін және үлгілі мінез-құлық стилін сіңіру қиынырақ, бұл агрессия мен қатыгездікке әкеледі.

Отбасының ішкі жүйесінде ер адамның болмауының көптеген себептері бар. Негізгі себеп өлім немесе бастапқы болмауы деп саналады. Бала әкесі отбасын тастап кеткен кездегі баланың жасына сәйкес қайтыс болғанға дейін әкесімен араласа алады. Көбінесе әкенің болмауы ажырасуға байланысты оқу процесінде қажетті көңіл бөлінбейді, бұл баламен жақын қарым-қатынасқа кедергі келтіреді. Шамадан тыс жұмысты қажет ететін жағдай әке мен бала арасындағы тығыз қарым-қатынасқа нұқсан келтіруде. Әкенің жеке позициясының ата-аналық беделге әсері оның отбасымен бірге тұруында, бос уақытында, қарым-қатынастан алшақтауда маңызды болады, бұл оның пассивтілігін дәлелдейді. Ажырасу кезінде балалар кәмелетке жетіп, өз әкесіне әке ретінде қарауды тоқтатқанда қиын. Ол «кәрі» болып кетті, балалар оған әке деп айтып, екі әкесі бар деп мақтанады. Балаға және жаңадан құрылған отбасына зиян тигізбеу үшін онымен қарым-қатынас стилі өзгертіледі. Айта кетерлігі, жаңа әке бұрынғы әке мен оның тәрбиесін алмастырмайды. Ғалымдар әкесінің қолында өскен 6 жастан 11 жасқа дейінгі ұлдарды және толық отбасынан шыққан балалары бар анасымен бірге тұратын ұлдарды зерттеді. Аналарының қолында өскен ұлдар әкелерімен бірге тұратындарға қарағанда өмірге жақсы бейімделе алмады. Психологиялық зерттеулердің болжамы бойынша, ер адамның болмауы мектептегі үлгерімге және өзін-өзі бағалауға теріс әсер етеді.

Эмоционалды түрде алыс әкелердің балалары қоғамда ұялшақ және бейімделмеген. Өз кезегінде әкемен жақын қарым-қатынас балаға жақсы әсер етеді [49].

Әкесіз тәрбиелеу қарым-қатынастың үш формасымен сипатталады. Біріншіден, анасы әкесі туралы айтпайды, ол болмаған сияқты. Екіншіден, отбасында ол туралы жағымды әсерге орын жоқ, әке рөлі құнсызданады. Анасы балаларды оның жақсы емес екеніне сендіреді, ал барлық қиындықтар оның кесірінен. Үшіншіден, әкесіз тәрбие балада оның кәдімгі суретінің пайда болуымен, жақсы және жағымсыз жақтарымен байланысты. Міне, ұстамды, сабырлы аналар осылай тәрбиеленеді. В. Мухинаның айтуынша, әкенің жоқтығы ұлдың мінезіне әсер етеді, оның бойында нәзіктік, кішіпейілділік, немқұрайлылық қалыптасады. Баланың атасымен, ағасымен, достарымен қарым-қатынасы құндылықтан кем түспейді. Толық емес отбасынан шыққан ұлдарда бастама жетіспейді және жетілгендік, ұстамдылық пен шешімділік бар, олар өздерін қандай да бір қауіпте сезінеді. Олар жанашырлық танытуды, өз әрекеттерін реттеуді білмейді. Басқаша айтқанда, әкесіз отбасында балалардың дамуының әлеуметтік жағдайы, әдетте, жоқшылық болып саналады [49].

А. Холмогорова мен О. Калина жеткіншектердегі әке бейнесі проблемасына тәжірибе жүргізе отырып, ұлдардағы амбивалентті бейненің еркектік дәрежесінің жойылып, депрессия белгілерінің күшеюіне әсер ететінін анықтады. Ал әкесі жоқ отбасынан шыққан жас жігіттер үшін бұл белгі имидж оң болса, әсер етпейді. Отбасымен бірге тұрмайтын жағымсыз немесе сараланбаған бейне болған кезде, бейне теріс болса да, әкесімен еркектік төмен болады. Ерте жасөспірімдік кезеңдегі қыздардың әйелдік қасиетіне әкесінің жоқтығы әсер етеді, екіұштылық бейнесі бар, бірақ теріс болса, бұл оның жоғалып кетуіне әкеледі. Депрессиялық белгілердің ауырлығы әкесінің теріс бейнесі бар жасөспірімдерде байқалады. Кіші және үлкен жасөспірім ерлер мен әйелдер үшін балаларға эмоционалды жылулық беретін әке сезімі депрессияның төмен дәрежесімен байланысты. Дәл сол топтар үшін үлкен депрессиямен жағымсыз бейне тән. Әкенің жоғарыдан бақылаушы ретіндегі сезімі екі жастағы ұлдардың депрессиясында жақсы көрінеді, ал аландаушылық дәрежесімен - тек ересек жасөспірімдерде. Кіші жасөспірім қыздарда бұл әке сезімі мазасыздану дәрежесімен оң байланысты. Әкенің бейнесі жасөспірімнің тәуелсіздігіне ықпал етеді және депрессия мен үрейі бар ұлдар үшін эмоционалдық әл-ауқатпен байланысты, ал тек депрессиясы бар қыздар үшін. Әкенің жағымды бейнесі екі жастағы ұлдардың еркектік және әйелдік қасиетін, ал қыздардың әйелдік қасиетін жақсы көрсетеді. Бақылайтын әке жасөспірім ұлдардағы әйелдік пен еркектікпен теріс байланысты. Тәуелсіздіктің өркендеуіне ықпал ететін әке сезімі қыздың әйелдік, ұлдардың еркілігімен жақсы байланысты. Қыздар үшін әкелік бейне әйелдіктің пайда болуы үшін маңызды, сондықтан ол әйелдіктің дамуына әсер етеді [49].

Осылайша, әкесіз толық емес отбасы және оның жасөспірімдердегі бейнесі психика дамуының кейбір проблемалық аспектілерінің белгілі бір салдары болып табылады және бірге әрекет ете алады. Ер адамның айырмашылығы - ол балалардың анасынан бөлінуіне әсер етеді, қарым-қатынастың жаңа проекциясын жасайды, ана мен баладан тыс әлемді қамтамасыз етеді, тәртіпті, отбасылық құрылыстың беріктігін көрсетеді. Егер бейне эмоционалды түрде салқын болса, баланың мақұлданбаған «мені» әкесінен оның қатысуы мен мейірімділігін емес, сынды қабылдамайды. Кескін ережелердің теңдестірілген ішкі жүйесін білдірмейтін жағдайда, анадан бөлінудің күрделі процесі. Агрессия осының салдары болып саналады.

Әкесі отбасында болмаған кезде балалар үшін кейбір қиындықтар туындайды. Осыған қарамастан, тіпті толық емес отбасында да жасөспірім қалыпты дамиды, өйткені гендерлік-рөлдік сәйкестік пен отбасында ер адамның болуы арасындағы байланыс біржақты емес: әкесі жоқ кейбір ұлдарда қалыпты гендерлік-рөлдік сәйкестік қалыптасады. Адамның жоқтығы өз алдына көп зиян келтірмейді. Психологияда көрініс тапқан жеткіншектің «отбасы ішіндегі әке» ең маңызды бейнесі. Толық және толық емес отбасылардан шыққан жасөспірімдердің әке болуды қабылдауы әртүрлі, сонымен қатар, маңыздысы - әкеге деген көзқарас - теріс, суық, екіұштылық.

Қазіргі заманда толық емес отбасында оқу-тәрбие процесінің салдарын болжайтын әлемдік теориялық модель анықталмаған. Әке туралы идеялар адамның жеке қабылдау

призмасы (субъективті қатынас) арқылы әкелермен өзара әрекеттесудің нақты тәжірибесі негізінде ғана емес, сонымен бірге идеалды әкенің эталоны, сол қасиеттерді ескере отырып қалыптасады. жасөспірім, ең жақсы әке болуы керек. Адамның санасында бар бірнеше құрамдас бөліктердің үйлесуі оның әкелік туралы идеяларының бірегейлігін анықтайды.

#### Әдебиет

- 1.Божович Л.И. Личность и её формирование в детском возрасте. СПб: Питер, 2008. 341 с.
- 2.Абульханова-Славская К.А. Стратегия жизни. – Москва : Мысль, 2011.
- 3.Калина О.Г., Холмогорова А.Б. Роль отца в психическом развитии ребёнка. – М.: ФОРУМ, 2014. – С. 40 – 41.
- 4.Гафизова Н.Б., Смирнова Д.И. Отцовство как социальный феномен в полных и неполных семьях // Женщина в российском обществе. – 2015. – №3/4 (76/77). – С. 67-77.
- 5.Безрукова О.Н. Модели родительства и родительский потенциал: межпоколенный анализ // Социологические исследования. – 2014. №9 (365). – С. 85-97.
- 6.Кон И.С. Зачем нужны отцы? [Электронный ресурс]. URL: <http://magazines.russ.ru/zvezda/2006/12/ko11.html>. (Дата обращения: 26.09.2020).
- 7.Прохорова, О.Г. Основы психологии семьи и семейного консультирования. Учебное пособие для вузов / О.Г. Прохорова. – М.: Юрайт, 2018. – 821 с.
- 8.Шнайдер Л. Б. Основы семейной психологии. – Москва: Огни, 2018. – 928 с.

**Сейітнұр Ж., Мақұлбек С.**

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)*

### **ТҮЛҒАНЫҢ МАНСАПТЫҚ ӨСУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫН ЗЕРТТЕУ**

XXI ғасырдағы маңызды ғаламдық тренд ретінде әртүрлі әлеуметтік топтардағы адамдардың амбициясы мен бәсекеге қабілеттілігінің артуын айтуға болады. Егер XX ғасырда, әсіресе кеңестік заманда тұлғаның мансаптық өсу туралы айту мүлдем ыңғайсыз болса, қазір мансаптық ниеттер мен ұмтылыстар кездейсоқ жайт емес, керісінше, жеке жоспарлар мен жобаларға енгізілген өмірлік мақсатқа айналуға. Совет адамы үшін мансап түсінігі баққұмарлық, мансапқорлық ретінде айыптауға лайық дүние еді. Мансапқор жан өзінің қара басының мақсаттарына жету үшін бәрін «басып өтуге» дайын, ол өте жағымсыз моральдық қасиеттердің бірі және буржуазиялық моральға тән ескінің қалдығы деп саналды. Кеңес қоғамында әдебиет пен өнерде мансапқорлық жеке адамның (жұмысшының) жағымсыз қасиеттері ретінде сипатталды, Мансапқор адам өз бойындағы іскерлік, білімділік, парасаттылық қабілеттерінің бар-жоғымен санаспай, қалайда жоғары атаққа, лауазымды қызметке қол жеткізуді мақсат тұтады. Өзінің эгоисттік ұмтылысының арқасында табысқа және жоғарылатуға принципсіз ұмтылуды жүзеге асырады делінді. Егер мансапқорға қажет болса, ол еш ойланбастан басшылықтың алдына өз әріптесін аяқтан шалуы немесе кінәні біреуге арта салуы оңай. Пысықтық пен ептілікке ие және кінәлілік комплексінің жоқтығы арқасында мансапқор көп нәрсеге қол жеткізеді. Мансапқор үшін ар-ождан, ұят, жанашырлық, қарапайымдылық сияқты ұсақ-түйек нәрселерге алаңдаудың еш қажеті жоқ. Мансапқорды мұның бәрі қызықтырмайды. Міне, социалистік қоғамның мансапқа қатысты түсінігі осындай сипатта болды. Ал бүгінгі нарықтық заманда мансапқорлықты оң бағалау орын алуда. Менеджмент тарапынан мансапқор адамның құлшынысын ескере отырып, оның еңбегін компания игілігіне пайдалану дұрыс деп саналады. Адам ресурстарын басқару персоналды дамытуға, қол астындағылардың тұлғалық әлеуетін ашуға айырықша көңіл бөлетін болды. Мансаптың психологиялық аспектісі ескерілуде. Ал жеке жұмысшы мен қызметкер үшін мансапқор болу ең тиімді бағыттылық делінеді. Мансапқор отбасының қажеттіліктерін толығымен қамтамасыз ете алады, өйткені олардың көпшілігі жақсы табыс табады.



Бүгінгі таңда «мансаптық өсу» және «мансаптық жетістіктер» ұғымдары күнделікті өмірде, адамдардың санасында жай орын алып қана қоймай, олар психология ғылымының теориялық және эмпирикалық зерттеу нысанына айналды. Тіпті акмеология (грекше «акме» – биік, шың, табыс, logos – ілім) сияқты адамның шығармашылық ғұмырына, кәсіптілік шыңға жетуіне ықпал ететін факторлар мен заңдылықтарды зерттейтін арнайы ғылым пайда болды. Мансап мәселесі кәсіби өзін-өзі анықтау, тұлғалық даму, кемелдік психологиясы, табысқа жету психологиясы, жетістік мотивациясы (Д.Сьюпер, Д.Тидман, Д.Холл, Э.Шейн, Д.Мак-Клелланд, А.А.Агапов және т.б.) сияқты концепциялар аясында зерттеліне бастады [14]. Психологиялық-акмеологиялық тұғырға сәйкес мансап мәселелері басқару психологиясы, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби мансабын зерттеуде, сонымен қатар экономика, кәсіпкерлік және салық қызметі салаларында қарастырылады (А.Л. Журавлев, Е.Г. Молл, А.Д. Кибанов; А.Деркач, В.Г.Зазыкин, В.М.Дьячков, Л.И.Катаева, Е.А.Могилевкин, Я.В.Масликова, М.В.Сафонова, С.И.Сотникова, О.Е.Игумнова, Д.Б.Волосевич және т.б.) [1-5].

Мансаптық динамиканы зерттеу Батыс психологиясы үшін мүлдем тың дүние емес. Бұл мәселе біршама ұзақ уақыт бойы шетелдік ғалымдардың назарында болды: В.Фридрих, А.Гофман, С.Бхогле, В.Мёрти, Т.Н. Бремер, М.А. Витинг, Дж.Флеминг, М.Хорнер және т.б. Посткеңестік елдерде мансаптық табыс жетуді зерттеу, әсіресе соңғы онжылдықтарда үлкен сұранысқа ие болды: Б.С. Агапова (1999), В.И. Андреева (1995), Н.А. Батурина (1987), Н.Н. Власова (1994), А.Н. Воронина (1996), б.з.б. Гончарова (1996), В.Н. Денисова (2001), А.А. Деркач, Н.В. Кузьмина (1993), С.Т. Жанерян (1999,2004), В.К. Шаповалова (1999) және кәсіби іс-әрекет психологиясы (Е.А.Климов, А.А.Крылов, К.К. Платонов және т.б.), басқару акмеологиясы (О.С. Анисимов, А.А. Деркач) аясында қарастырылды [1].

Мансаптық зерттеулердің айтарлықтай кең проблемалық өрісіне қарамастан (кәсіби сала түрлеріндегі мансап ерекшеліктері, шарттары, жеке тұлғалық аспектілері, құндылық және мотивациялық құрамдас бөліктері), мансаптық өсудің психологиялық факторларын одан әрі мағыналы талдау әрі эмпирикалық зерттеу қажет. Бұл ретте мансаптық жетістіктің психологиялық табиғаты, оны анықтайтын факторлар, жалпы мансаптық жетістіктің ерекшеліктері және оның жеке кезеңдерін зерттеу маңызды. Мансаптық жылжу сонымен қатар қызмет саласының ерекшеліктеріне, салалық құрылымға, қызметкердің жеке сипаттамаларына, мақсаттары, бейім-бағдары, құндылықтарына және тұлғаның кәсіби ортаның талаптарына, ұйымның мақсаттары мен міндеттеріне сай болуына байланысты.

Мансаптық жетістік тек сыртқы факторларға ғана емес (әлеуметтік, экономикалық, саяси, өндірістік және т.б), сонымен бірге субъектінің дара қасиеттеріне де байланысты (Деркач А.А, 1999; Дырин С.П., 1996; Емельянова А.А., 2000; Ефремова О.И., 1999; Зазыкин В.Г., Ситников А.Л., 1993; Чернышев А.Г.,1991)[4-13]. Сондай-ақ, мансап психологиясын зерттеу ұйымдық психология саласының қарқынды дамуымен, персоналды басқару жүйесіндегі психологтың практикалық аясының кеңеюі, кәсіби даму бойынша кеңес берумен тығыз байланысты екендігін айта кету керек.

Біздің дипломдық жұмыстың мақсаты - тұлғаның мансаптық өсуінің психологиялық факторларын (мансаптық жылжуға лауазымдық өкілеттілік, әлеуметтік мәртебенің, тұлғалық ерекшелік, жас мөлшері, гендерлік факторлардың және ұйымдық құрылымның типтерінің әсерін және т.б.) анықтау. Зерттеу нысаны: тұлғаның мансаптық динамикасы. Зерттеу пәні: тұлғасының мансаптық өсуіндегі психологиялық факторларды зерделеу .

Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін келесі зерттеу міндеттері алға қойылды:

1. Мансап психологиясы бойынша отандық және шетелдік зерттеулерге талдау жасау.
2. Мансаптық өсудің психологиялық факторларына теориялық талдау жүргізу.
3. Адамдардың мансаптық жетістіктің психологиялық факторлары туралы көзқарастары мен түсініктерін зерттеу. Студенттердің мансаптық жылжудағы психологиялық факторлары туралы ойларының мансаптық ниет пен ұмтылысты қалыптастырудағы рөлін ашу;
4. Мансаптық өсуді эмпирикалық зерттеу процедурасын әзірлеу; Студенттердің мансаптық жылжудағы психологиялық факторлары туралы ойларының кәсіби даму пәндеріне

деген көзқарастарын өзгертуге және мансаптық ниет пен ұмтылысты қалыптастыру бойынша жұмыс жасау қажеттілігін сезінуге әсерін зерттеу.

Зерттеу барысында мансаптық өсудегі психологиялық факторлардың орны мен рөлі көрсетіледі; жасы, мәртебесіне және гендерлік, әлеуметтік-психологиялық факторларға байланысты тұлғаның мансаптық динамикасы анықталды; мансаптық өсу мен жетістікке жету мотивациясы, бақылау локусы, өзін-өзі бағалау және қажеттіліктер құрылымы арасындағы маңызды өзара байланыстар анықталады; Сондай-ақ, мансаптық өсудің ұйымдық құрылым түріне тәуелділігі анықталды;

Жұмыстың практикалық маңыздылығы тиімді кәсіби және қызметтік мансапты жүзеге асыру мақсатында мамандардың мансаптық жоспарлау мәселелерін шешу үшін психологиялық факторларды ескеру қажеттілігін негіздейді. Алынған мәліметтерді мансаптық өсу, кәсіби маман болуды талдау және кәсіби іс-әрекеттердің қалыптасуын терең түсіну және психологиялық консультация беру үшін пайдалануға болады. Мансаптық өсу тұлғаның жеке мақсаттары мен әлеуметтік ұстанымдарына, бейім-бағдарларға негізделеді. Адамның мәртебесі өсуі мен жасының ұлғаюы арасындағы байланыстар бар екен. Мансаптық динамика мен жетістікке жету мотивациясы, бақылау локусы, өзін-өзі бағалау және қажеттіліктер құрылымы арасында байланыстар бар. Мансапты басқаруда мансаптық динамиканы бағалаудағы уақыт аспектісін және болашақ перспективаның мансаптық өсуге әсерін ескеру маңызды. Әлеуметтік лифт үшін мемлекеттің ұстанған саясатының да әсері бар.

Бүгінде мансапты арнайы зерттейтін әр түрлі психологиялық бағытар бар. «Мансап психологиясы» адамның кәсіби бағдары мен оқыту (оптация) кезеңдерінен бастап, кәсіби өмірбаянының соңғы кезеңдерімен аяқталатын тұлғаның мансаптық көтерілуінің психологиялық заңдылықтарын зерттейді (А.В.Карпов).

Шетелдік психологияда ең дамыған бағыттарының бірі – жеке дара мансапты зерттеу (Э.Шейн). Ф.Дж. Дорн кәсіптік мансапты адамның өзін мансаппен сәйкестендіру ерекшеліктерімен байланыстыра отырып зерттейді, білім алу мен мамандық таңдауға әлеуметтік және психологиялық факторлардың әсерін қарастырады. М.Вудкок пен Д.Френсис кәсіптік мансапты зерттей отырып, оны адамның жасына байланысты өзгерістерімен байланысты кезеңдерге бөледі. Бұл авторлар мансаптық өсудің психологиялық және әлеуметтік мәселелеріне, сонымен қатар мансаптық дағдарыстардың барлық түрлерінің пайда болуына көп көңіл бөледі.

Т.Санталайнен, Э.Вутилайнен, Дж.Ниссенен жұмысшыларды еңбек жолының ортасында күтіп тұрған қиыншылықтар мен кедергілерді зерттеді, бұл кезде олар айтқандай, «ашып божу» кезеңі орын алады. Д.Е. Супер, мансапты пісіп-жетілу процесі ретінде түсіндіре отырып, кәсіби өзін-өзі анықтаудың, кәсіби Мен - концепцияның даму детерминанттары мен мансаптық даму кезеңдерін қарастырады.

Бірқатар ресейлік авторлардың зерттеулерінде мансапты іске асыру процесінде тұлғаның мансаптық сәйкестігі мен өзіндік Мен-концепцияның қалыптасуы жүзеге асатынын дәлелдейтін сенімді теориялық және эмпирикалық материалдар бар (С.Т.Джанерьян, А.А.Жданович, И.П.Лотова, А.М.Шевелева және т.б.). Сондай-ақ спорттық және саяси мансаптың гендерлік аспектісі зерттелді (В.В. Макеев, Н.Б. Стамбулова және т.б.). Бұл зерттеулерде мансапты психологиялық феномен және субъектінің даму факторы ретінде қарастырылды.

Мансапты қалыптастырудың негізгі психологиялық факторларының бірі кәсіби жауапкершілік болып табылады, оны бірқатар шетелдік ғалымдар (В.А.Бодров, Т.Де Джордж Ричард, Э.Дюркгейм, А.Г.Луценко, К. Мұздыбаев, Ж.Пиаже, П.Фауконне, Ф.Хайдеггер және т.б.) арнайы зерттеді.

Жалпы, ғылыми әдебиеттерде ұсынылған әр алуан мансаптарды үш типке топтастыруға болады, олар әртүрлі әлеуметтік-кәсіптік топтардың өкілдері үшін барлық мүмкін болатын мансап траекториясын қамтиды: тік, көлденең, сатылы.

Ғылыми әдебиеттерді талдау адамның мансаптық өсуі сыртқы және ішкі факторлармен анықталатынын көрсетті. Сыртқы факторлар – қоғамның әлеуметтік және кәсіби

қажеттіліктері және оның жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау қабілеті. Ішкі факторларға әртүрлі психологиялық факторлар жатады. Біз өз зерттеуімізде осы екінші факторды басты нысана ретінде алдық.

Адамның мансаптық өсу қарқыны тұлғаның жеке психологиялық ерекшеліктеріне, кәсіби маңызды қасиеттердің қалыптасуы, бағалау мен өзін-өзі бағалау жүйесінің сипатына, талаптану деңгейіне, жетістікке ұмтылу мотивациясына, бақылау локусына, құндылық бағдарлар жүйесіне, коммуникативті дағдылары, өзіне деген сенімділікке, өзін-өзі таныту мен қабілеттіліктерге байланысты.

Жеке тұлғалық мансаптық өсу – адамның еңбек іс-әрекетінің субъектісі ретінде әлеуметтік, экономикалық, іскерлік не кәсіпкерлік, мүліктік және басқа да қатынастар жүйесіндегі қозғалысы. Өз өмір жолының белгілі бір кезеңінде оның тұлғалық позициясы, лауазымы, ресурстары мен әлеуметтік-экономикалық жағдайы (сыртқы жағдайлар) арасында туындайтын қатынастармен байланысты.

Тұлғаның мансаптық өсуінің жеткілікті қарқынын қамтамасыз ететін мағыналы байланыстарды эксперименттік зерттеу табысты кәсіби дамудағы психологиялық факторлар жиынтығын анықтауды талап етеді. Сыртқы бақылау локусы (экстерналдық) көрсеткіштерінің жоғары болуы мансаптық өсу деңгейі төмен жандар арасында байқалады және сәйкесінше негативті сипаттамалар мыналар болып табылады: дербестіктің болмауы, жиі сыртқы бақылаумен ғана өнімділіктің жоғарылауы орын алуы; маңызды мансаптық жағдайларды анықтауда шешуші рөлді басқа адамдарға телу, сыртқы себептерге үстемдік беру; мансаптық өсу мүмкіндіктері туралы аз хабардар болу және кәсіби мәселелер бойынша әріптестерден кері байланыс алуға деген құлшыныстың болмауы.

Сондай-ақ, мансаптық өсудің жыныс пен жас параметріне және лауазымдық мәртебеге байланысты екендігі байқалды. Мансаптық жоғарылау ұйымдық құрылымның әртүрлі деңгейлерінен өту процесінде тұлғаның кәсіби әлеуетін барынша ашу және жүзеге асыру ретінде көрінеді.

Нарықтық жағдайда мансаптық өсу мен көтерілу белгісіздікпен, өзгермелілікпен, тұрақсыздықпен сипатталады. С.Т. Джанерьян, Н.Л. Кирт, В.А. Полякованың зерттеулер бойынша, мансап тұлғаға түзетуші сипатта әсер етеді және оның өмір жолын қалыптастырады. Тұлғалық өзгерістер адамның кәсіби мансап субъектісінің рөлін орындауын қамтамасыз ететін жеке қасиеттердің пайда болуына және дамуына әкеледі [2;5].

Қысқасы, адамның мансаптық әлеуеті мыналармен анықталады:

- индивидтің психофизикалық ерекшеліктерімен (бейімі мен қабілеттері, денсаулығы, еңбекке қабілеттілігі мен өнімділігі);
- жеке тұлғалық қасиеттерімен (қажеттіліктер, қызығушылықтар, мотивтер, жеке қасиеттер);
- құзыреттіліктер (біліктілік, білімнің көлемі мен сапасы, іскерлік пен дағдылар жиынтығы);
- өмірлік және кәсіптік бағдарлар (әлеуметтік және кәсіби құндылықтары, талаптану деңгейі және т.б.)

Тұлғадағы бұл мансаптық әлеуеттердің құрамдас бөліктері өзара байланысты боп келеді. Олар мансап құрылымын анықтайтын тірек негіздердің бір түрі, мансаптың барлық кезеңдері мен бұрылыстарының конфигурациясы ретінде қызмет ете алады.

Зерттеу барысында мансаптық өсудің тұлғаның жеке қасиеттермен өзара байланысы анықталды:

- Мансаптық өсу мен субъективті бақылау деңгейі арасында тығыз байланыс бар. Саналы мансаптық жылжу мақсатқа жетуде және кедергілерді жеңуде белсенді әрекетке, күш пен табандылыққа шақырады.

- Мансаптық өсу мен өзін-өзі бағалау арасында маңызды корреляция анықталды. Бұл мансапта жетістікке жетуге деген ұмтылыс, шеберлік пен дағдыларды көрсетуге ұмтылу тұлға бойында өзін-өзі жоғары бағалауды, өзіне деген сенімділікті, дербестікті, қиын жағдайларда өз күшіне сену бейімділігін қалыптастыруға ықпал етеді.

- Кәсіби құзіреттілік, қызмет саласы және жетістік мотивациясының мансаптық жылжу арасында оң корреляция бар. Сәтсіздіктерден қашу мотиві мен мансаптық динамиканың арасында теріс корреляция анықталды.

Қорыта келе айтатын болсақ, бүгінгі таңда тұлғаның мансаптық өсуіндегі психологиялық факторды жан-жақты зерттемей, «мансап» ұғымының қыр-сырын ашу еш мүмкін емес. Кез келген ұйым қызметінің нәтижелі болуы қызметкердің мотивациясына, қызмет бабымен өсуі мен одан әрі дамып жетілуіне байланысты. Әлеуметтік әділдік пен қызметкерге қамқорлық әкімшілдік- әміршілдік әдістерге қарағанда анағұрлым тиімді екенін өмірдің өзі көрсетуде. Жұмысқа қанағаттанушылық, басшылық тарапынан мойындау мен қадірлеу, өсу мүмкіндігі адам ресурстарын басқарудың парадигмасын өзгертуде. Қызметкердің ұйым мен оның құндылықтарына адалдығы, басшыларға сенімі мен ұйымға қатысты мақтанш сезімі өте маңызды. Қанағаттанған қызметкер анағұрлым өнімді жұмыс істейді. «Дженарал Электрик» компаниясының HR директоры Уильям Конати: «Адамдардың есте сақтау қабілеті жақсы. Олар өзінің әділ бағаланғанын ұзақ уақыт ұмытпайды» деген екен. Ұйымдағы жеке тұлғаларды түсіну маңызды. Қағазға жазылған ресми келісімшарттан көрі ресми емес психологиялық келісімшарттың (қызметкердің үміттер жиынтығы) артықшылығын менеджмент мамандары да мойындады. Кәсіпорын, мекемеде «мүмкіндіктер мәдениетін» қалыптастыру мансаптың психологиялық факторын ескерумен тікелей байланысты.

#### Әдебиет

1. Деркач А.А. Акмеологические основы развития профессионала Текст. / А.А. Деркач. М.: Изд-во Московского психолого-социального института: Воронеж: НПО «МОДЭК», 2004. - 752 с.
2. Джанерьян С.Т. Профессиональная Я — концепция: системный анализ Текст. / С.Т. Джанерьян. Ростов н/Д: изд-во Рост, ун-та, 2004. - 480 с.
3. Джонс Р. Как сделать карьеру: Практическое руководство для всех Текст. / Р. Джонс. Челябинск, 1994. - 314 с.
4. Ильина Н.Л. Динамика мотивации на протяжении спортивной карьеры: Автореф. дисс. канд. психол. наук. СПб., 1998. - 18с.
5. Кирт И.Л. Динамика представлений о профессиональной карьере психологов образования в процессе профессионального самоопределения: автореф. канд. дис. Текст. / И.Л. Кирт. Москва, 2000.-24 с.
6. Курбатов В.И. Стратегия делового успеха. Ростов н/Д.: Феникс, 1996.-416с.
7. Макеев В.В. Политическая карьера. М.: Социально-гуманитарные знания, 2000. - 420с.
8. Михайлова Г.Б. Понятие карьеры в психологической науке // Психологические проблемы профессиональной деятельности кадров госслужбы: психологические чтения. Текст. / Г.Б.Михайлова. М.: Изд-во РАГС, 1997.-С. 85-92.
9. Могилевкин Е.А. Личностные факторы и карьера // Прикладная психология и психоанализ. 1998. - №2. - С.23.
10. Могилевкин Е.А. Личностные факторы профессиональной карьеры государственных служащих: Автореф. дисс. . докт. психол. наук. М., 1998.
11. Молл Е. Г. Консультирование по проблемам управленческой карьеры Текст. / Е. Г. Молл // Управление человеческими ресурсами: стратегия и практика. Алматы, 1996. - С.58-61.
12. Мучински П. Психология, профессия, карьера. Текст. / П.Мучински. СПб Литер, 2004. - 539 с.
13. Петрушин В.И. Психология карьеры Текст. / В.И. Петрушин. М., 2004, - 208с
14. Попов А.В. Теория и организация американского менеджмента. -М.: МГУ, 1991
15. Романов В.Л. Прохождение государственной службы: карьерная стратегия и тактика. М., 1997.
16. Ушаков А.А. Особенности национальной карьеры: как сделать карьеру в России. М., 1999. - 233с.
17. Семенова Ф.О. Психология профессионализации: выбор профессии и планирование профессиональной карьеры Текст. : учебное пособие / Ф.О. Семенова. СПб.: Копи - Р, 2010. - 324 с.
18. Сотникова С.И. Управление карьерой Текст. / С.И. Сотникова. М., 2001.-408 с.
19. Стамбулова Н.Б. Психология спортивной карьеры: автореф. докт. дис. Текст. / Н.Б. Стамбулова. СПб., 1999. - 51 с.
20. Чикер В.А. Психологическая диагностика организации и персонала. Текст. / В.А. Чикер . СПб: Речь, 2001.- 176 с.
21. Шаповалов В.К. Профессиональная карьера. Учебное пособие. - Ставрополь: Ставропольсервисшкола, 1999. 152с.
22. Якокка Л. Карьера менеджера. Тольятти, 1995. – 380 с.

## **ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭТНОФОРЛАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ**

Бүгінде халықтардың әлеуметтік өзара әрекеттесуінде этникалық фактордың рөлін ешкім жоққа шығара алмайды. Тұлға бойндағы «Ұлттық Мен»-ді ескермеудің қандай жағдайға алып келетінін еліміздің кеңестік замандағы тарихынан бәрімізге аян. Этнос факторы әсіресе, саясатта айқын көрінеді. Саясатта этникалық жұмылдыру (мобилизация) жиі қолданылады. Саясаттың этнизациялануы қазіргі әлемнің көптеген елдеріне тән құбылыс. Оның мәні этникалық параметрді белсенді саяси фактор мен саясат құралына айналдыруда жатыр. Саясатты этностандыру әртүрлі формада және бағытта жүзеге асырылады. Бүгінгі Ресей мен Украина арасындағы соғыс, Қырымды аннексиялауы (басқа мемлекеттің аумағын күштеп қосып алу) этникалық факторды саясатқа қолдану көрнісі деуге болады. Орыс әлемі мен «отандастарды қорғау» үшін Ресей қарулы күштерінің Украина аумағына басып кіруі орын алды. Орыс ирредентизмін жақтаушылар Ресейден тыс орыстарды Ресей мемлекетінің құрамына қосуға ұмтылады. Олар идеологиялық тұрғыда этникалық орыстарды әлемдік тарихтағы бірегей мәдени қозғалыстың өкілдері ретінде қарастырады. Қысқасы, этникалық феномені бүгінде мемлекеттердің саясатын анықтайтын негізгі факторлардың біріне айналады. Психология ғылымы бұл құбылысты зерттеуді назардан тыс қалдырмауы керек.

Біз өз зерттеуімізде еліміздің оңтүстік аймағын мекендейтін әр түрлі этнос өкілдерінің құндылық бағдарларын қарастырдық. Жалпы этнопсихология саласында зерттеушілер «этнофор» терминін жиі қолданады. Оған сөздікте мынадай анықтама береді: «Этнофор (грек тілінен *ethnos* – тайпа, халық + италян. *fora* – тыс, сыртқа, алға) – белгілі бір этникалық мәдениет пен ұлттық психиканың иеленушісі, жеке-дара иегері». [11.]; Этнофор белгілі бір этностың өкілі ретінде оның психологиялық қасиеттері мен этникалық санасының иесі боп табылады. Әр адамның өзінің этникалық тамыры бар, оны білу оған өзіндік бірегей болмысын түсіну, этномәдени және этносаяси әр алуан әлеміндегі орнын анықтауға мүмкіндік береді. Сол сияқты, әрбір этнос, әсіресе оның интеллектуалдық бөлігі әрдайым: «Бұл халық бұрын кім болған, бүгін кімге айналды және оның болашақта қандай болмақ?» деген сұрақтарға жауап беруге тырысады. Әрбір этнос – этникалық өзіндік санасы, психологиясы мен мәдениеті, даму тарихы бар, өздерін бірегей сияқты сезінетін, басқа осы тәріздес қауымдастықтардан ерекшеленетін адамдардың жиынтығы.

Біздің дипломдық жұмысымыздың мақсаты Оңтүстік Қазақстан этнофорларының құндылық бағдарларының мәнін, олардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ашуды көздейді. Зерттеу барысында Оңтүстік Қазақстанда тұратын әр түрлі халықтардың құндылық бағдарларын иерархиялаудағы этникалық фактордың рөлін анықтау үшін кешенді әдістер жиынтығын қолдандық. Олар: М.Рокич әдістемесі «Құндылықтық бағдар»; Л.В. Янковский әдістемесі «Тұлғаның жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделуі»; Г.Л. Бардиер әдістемесі «Толеранттылық-интолеранттылық түрлері мен компоненттері», М.Кун мен М.Макпартлендтің «Мен кімін?» әдістемесінің модификациясы және т.б. Эмирикалық зерттеу барысында бірқатар әдіснамалық әрі әдістемелік проблемалар орын алады. Тұлғаны жалпы психологиялық пен әлеуметтік-психологиялық зерттеу нәтижелерімен танысу экологиялық валидті зерттеу инструментарийі өте маңызды екендігін байқатты. Біз бүгінгі таңда психология ғылымы этномәдени байланыстар жүйесіндегі индивидтің ұлттық кодты игеру құпиясын толық аша алды деп айта алмаймыз.

Жеке тұлғаның құндылық бағдарлар жүйесінің құрылымы, мәні, мазмұны қандай? Психологиялық зерттеулерде жеке тұлғаның этномәдени әлеуметтену ерекшеліктері, ұлттық сипаттағы қасиеттер қаншалықты ескеріледі? Қандай базалық этникалық құндылықтар тұлғаның бойында көрініс табады? Бұл жерде тұлғаның мәдени-тарихи тәжірибені игеру және

төл мәдениетке ену тетіктерін ашу қажеттілігі айқын байқалады. Біз дипломдық жұмысымызда Оңтүстік Қазақстанда тұратын бірнеше ұлт өкілдерінің (қазақтар, өзбектер, орыстар) функционалдық құндылықтары мен құндылық бағдарларын эмпирикалық түрде зерттеуге тырыстық. Жалпы Оңтүстік Қазақстан этнофорларының жалпы құндылықтар жүйесіндегі этноқұндылық бағдарларының қалыптасуы мен дамуының негізгі детерминанттарын қалай анықтауға болады? Ол үшін, ең алдымен біз осы мәселеге қатысты психология ғылымындағы зерттеулермен терең таныстық. Әсіресе, отандық психологтар зерттеген еңбектерге басымдық бердік. [1-9.];

Этнопсихологияда этникалық жаңсақ наным мәселесін ғылыми тұрғыдан дамыту және оны шешудің тиімді жолдарын табудың маңызы зор (С.М. Жақыпов, З.Б. Мадалиева, Р.Т. Әлімбаева, Б.Ә. Әмірова, ЗМ Балғымбаева және т.б). Осы зерттеулердің нәтижелері (сондай-ақ бірқатар шетелдік дереккөздерді талдау) этникалық ілкі нанымды құндылық бағдарға байланысты боп келетінін, оны белгілі бір этностық топтың адамдарына бағытталған тұлғаның эмоционалдық бағалауының бір түрі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Құндылық бағдарлары мен этникалық стереотиптер арасында орналаса отыра, этностық ілкі наным өзінің психологиялық мазмұны бойынша моноэтникалық даралық көрінісі боп табылады (С. М. Жақыпов). Талданатын құбылыстардың негізгі ұғымы ретінде "мағыналық құрылымдар" алынады, ол үш векторлы психологиялық кеңістікті анықтайтын «динамика», «статика» және «этнос» координаталарын қамтиды.

Сондай-ақ, зерттеушілердің пікірлері бойынша, тұлға бойындағы этноқұндылық бағдарлардың көрінуінің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері және олардың құндылықтар жүйесіндегі эмпатия, этникалық сәйкестілік деңгейлерімен байланысы аса маңызды болып табылады. Кейбір зерттеулер костілділіктің (билингвизм) этнофордың өзінің этникалық ерекшелігін сезінуіне және ұлттық-мәдени құндылықтарға бағдарлануына әсері бар делінеді [10]. Әдетте, монотілді ұлттық ортада әлеуметтенген этнофорлар урбанизация барысында политілді ортада өздерінің қалыптасқан мәдени құндылықтарын қайта бағалауға және өзгертуге мәжбүр болады.

Құндылық бағдарлар жүйесін қалыптастырудың алғышарты ретінде адам өміріндегі әлеуметтік – экономикалық жағдайларын аламыз ба әлде тек психологиялық факторларды ғана аламыз ба? Қайсысы әсерлі? Этностық өзіндік сананы этнофорлардың құндылық бағдарларының қалыптасуының детерминанты ретінде маңызды деп санаймыз. Біз зерттеуімізде әр түрлі этнос өкілдерінің этникалық өзін-өзі анықтауы (этностық сәйкестілігі) мен олардың құндылық бағдарлары арасында өзара байланысы барын эмпирикалық түрде тексердік. Ол үшін этнофорлардың құндылық бағдарлар жүйесінің дамуы мен қалыптасуының әлеуметтік-психологиялық механизмдерін арнайы сипаттау маңызды.

Жалпы адамдар топтары тілі, тері түсі, діні, мекендеу ортасы, тарихы мен салт-, дәстүрі және әсіресе мифология сияқты белгілердің әртүрлі комбинациялары арқылы өздерін этникалық қауымдастықтармен сәйкестендіреді. Этникалық ерекшелік көбінесе топтық сәйкестіктің орталық құрамдас бөлігі болып табылады. Белгілі бір жағдайларда (қақтығыс, әлеуметтік мәселелердің ушығуы) өз этностық тобына тиесілі болу сезімі көптеген қарапайым адамдар үшін басты тірекке айналады. Мұндай кезде саяси көшбасшылар өз ұстанымдарын ұлттық бірегейлік, ұлттық мақтаныш пен тарихи әділдік үшін күрес ретінде көрсетсе, өз сайлаушыларының қолдауына ие болатыны сөзсіз. Полиэтностық мемлекеттер үшін қауіп-қатер, тәуекелдер этникалық сәйкестіктердің саясилануында жатыр. Мемлекеттің аумағы тұтастығы туралы мәселе өзінің барлық өзектілігімен осы жерде туындайды.

Біздің зерттеуімізде этнофорлардағы этноқұндылық бағдарлардың қалыптасуы мен дамуының ерекшелігі және оның дамуы мен өзгерісінің психологиялық аспектісі жан-жақты қарастырылды. Этнофорлардың құндылық бағдарлар жүйесіндегі характерологиялық тенденциялар немесе ерекше белгілер бар ма, егер бар болса оны қалай анықтаймыз? Тұлғаның тұрғылықты жері мен төлмәдениеттену жағдайы (инкультурация) этнофордың құндылық бағдарлары мен этникалық ерекшелігі туралы түсініктерін анықтайтыны белгілі болды. Этнофордың (яғни, белгілі бір этномәдениет пен ұлттық психиканың жеке иегері боп

табылатын этнос өкілі) құндылық бағдарларын қарастыруда этностың өзіндік тарихын, оның этномәдени ерекшеліктері, әлеуметтенуі мен төлмәдениеттенуі (инкультурация), ұлттық ділі, этностық сәйкестілік және т.б. мәселелерін айналып өту мүмкін емес. Этнопсихология саласындағы зерттеулер тұлғаның онтогенездегі тілдік ортаның этнофор бойында көрші этностық топтың этносәйкестігі мен мәдени шекарасы туралы көзқарасына әсері барын растайды. Этнофордың тілдік ортадағы алғашқы әлеуметтенуі оның болашақтағы этникалық өзіндік ерекшелігін алдын ала анықтайды. Этностық ілкі нанымдар балалық шақта қалыптаса бастайды. Біртекті орта этникалық мінез-құлық стереотипіне сәйкес келетін дәстүрлі құндылықтар мен нормаларды, соның ішінде конформизмге және тәртіпке бейімделуді өздігінен жаңғыртуға қабілетті.

Біз зертеуімізде осы аспектілерді мүмкіндігінше қамтуға тырыстық.

Біздің зерттеу нысанымыз этномәдени байланыстар мен қатынастар жүйесіндегі жеке тұлға боп табылады. Зерттеу пәні - Оңтүстік Қазақстан этнофорларының құндылық бағдарларының әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары мен ерекшеліктері. Зерттеудің негізгі болжамы: этномәдени байланыстар мен қарым-қатынастар жүйесіндегі этнофордың құндылық бағдарлары жеке тұлғаның сипатын және этностың тұтастығы мен бірегейлігін анықтайтын жүйекұраушы бөлік болып табылады.

Жалпы болжам келесідей жеке болжамдардан тұрады:

- Оңтүстік Қазақстан этнофорларының құндылық бағдарларының әлеуметтік-психологиялық заңдылықтары, детерминанттары, механизмдерін және сипаттамаларын анықтау оларға тән ерекшеліктер барын көрсетеді;

- жеке тұлғаның санасындағы этноқұндылық бағдарлар негізінен этнофор бойында сақталады және сол этностың ерекшеліктерін (даралығын) анықтайды ;

- құндылық бағдарлардың қалыптасуы жеке тұлғаның инкультурация барысындағы этноқұндылық бағдарларды ассимиляциялау, сақтау, қолдану және дамуы процесі ретінде көрінеді және ақыр аяғында этномәдени құндылықтар жеке-тұлғалық құндылықтарға айналады;

- әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер орын алғанымен негізгі этностық құндылықтар тұрақты сақталады және бұл этникалық сәйкестіліктің және ұлттық салт-дәстүрдің болуына байланысты.

Жалпы тұлғаның этностық өзіндік санасын этнофорлардың құндылық бағдарларының қалыптасуының детерминанты ретінде қарастыруға болады. Тұлғаны қалыптасуындағы қоғамдық-әлеуметтік қарым - қатынастардың рөлі құндылық бағдарларға тікелей байланысты. Б.Д. Парыгина, Г.М. Андреева, А.И. Донцова, Л.И. Анцыферова, В.С. Мухина, А.А. Бодалева, Г.Г. Дилигенский, В.Г. Алексеева сынды ғалымдардың зерттеу жұмыстарында бұл аспект қарастырылған. «Бөтен» мәдениетке, тілге деген толерантты көзқарастың қалыптасуына және сонымен бірге «өзінің» халқына деген құрметтің қалыптасуына әсер ететін не нәрсе?. Оңтүстік өңірлер мегаполистерге қарағанда дәстүрлі және консервативті құндылықтарды сақтауға және жаңғыртуға қабілетті ерекше әлеуметтік-мәдени орта болып табылады деп саналады.

Бүгінгі таңда құндылықтық бағдарлар түсінігі психологиялық феномен ретінде мойындалды. Тұлғалардың құндылықтық - семантикалық саласын зерттеу мәселесі әр түрлі сатыда теориялық талдау мен зерттеу интеграциялық ғылыми пәндердің ұғымдары мен әдістемелік негіздерін қолдану қажеттілігін туғызады. Тұлғалардың құндылық-семантикалық бағыта екі негізгі құрамдас бөлікті қамтиды. Олар: құндылық бағдарларды және тұлғалық мағыналар жүйесін қамтиды. Екі компонент те тұлға ұғымымен тығыз байланысты, себебі, құндылықтық бағдарлар тұлғаның мінез-құлықтары мен мотивтерін зерттеумен тығыз байланысты.

Психология ғылымындағы тұлғаны интерпретациялаудағы айырмашылықтарға қарамастан, құндылықтар жетекші тұлғалық қасиет ретінде бағдарланады. Әртүрлі концепцияларда бұл қасиет әр түрлі түрде ашылады: «Басты өмірлік бағдар» (Б. Г. Ананьев), «Динамикалық тенденция» (С. Л. Рубинштейн), «сезімді қалыптастырушы мотив» (А. Н. Леонтьев), «Бастылық қатынастар» (В. Н. Мясичев). Б. Ф. Ломовтың тұжырымдамасы

бойынша, құндылықтық бағдарлар тұлғаның психологиялық құрылымын анықтайтын жүйе құраушы қасиеті ретінде әрекет етеді.

Этникалық (ұлттық) құндылықтар – қандай бір этникалық қауымдастықтардың өкілдерінің тарихи болмыстарын қамтитын рухани мұраттарының жиынтығы болып табылады. Этникалық құндылықтар бір этнос өкілдерінің мінез-құлықтарының әлеуметтік және нормативтік-мәдени аксиомалары ретінде өз қызметтерін атқарады [11]. Этникалық құндылықтар – этностың тарихи-мәдени болмысын белгілейтін ең ерекше белгілер ретінде, этностың өз - өзімен ерекшеленетін мәдени дәстүрлерінің жиынтығы ретінде сипатталады.

Этникалық құндылықтар (этноқұндылықтар), біздің ойымызша, этникалық топқа жату, этносты сақтау, этностың дәстүрлері мен негіздерін сақтау құндылықтары ретінде өрнектеледі. Этникалық құндылықтар - бұл неғұрлым жеке, индивидуалды, спецификалық құндылықтардан жоғары орналасқан, мазмұны серпінді және ситуациялық метақұндылықтар болып табылады. Этникалық құндылықтар бір шетінен этносты этнофорлармен, екінші жағынан, этносты басқа адамзат қауымдарымен – этникалық топтармен, этникалық жүйелермен, топтармен байланыстыратын делдал позициясын қарастырады. Сонымен қатар, этноқұндылық бағдарларды жеке тұлғаның құндылық бағдарлар жүйесінде жүйені құраушы құндылық өзіндік сананың нақты детерминанттары деп санауға болады.

Біздің зерттеуімізде Оңтүстік Қазақстан облысының халықтарының этноқұндылық бағдарларының құрылымдық құрамдас бөліктерінің негізгі сипаттамалары мыналар:

- тұлғааралық қарым-қатынас құндылықтары (үлкенге құрмет, ата-ананы құрметтеу, ата-ана мен бала қарым-қатынасы, ер-әйел, үлкен-кіші, үлкен-бала, т.б.);
- ұжымшылдық құндылықтары (халық, ру, отбасы, өзара көмек, өзара қолдау және т.б.);
- сенімділік құндылықтары (мәдениет, ар-намыс, ар-ождан, тіл, дін, нормалар, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, жоралғылар, таулы жерлердің моральдық-адамгершілік кодексі және т.б.).

Этнофорлардың әлеуметтенуі мен төлмәдениеттенуінің әлеуметтік-психологиялық детерминанты этникалық құндылықтар жүйесі, этнос мүшелерінің ұжымдық өмірінің тарихи әлеуметтік тәжірибесі болып сипатталады. Құндылықтық бағдарлары – тарихи дамудың белгілі бір кезеңіндегі қоғам құндылықтарының тұлғаның, әлеуметтік топтың психикасы мен санасындағы ерекше субъективті, дараланған және мотивті көрініс. Құндылық бағдарлары индивидке, топқа әлеуметтік шындық объектілері мен мінез-құлық мотивтерін ол үшін маңыздылығына қарай дәрежелуге және өз мақсаттарына жету үшін белгілі бір ынталандыру ретінде әрекет етуге мүмкіндік береді. Жеке тұлғаның құндылықтық бағдарлары оның ішкі әлемінде қоршаған айналадағы шынайылықпен байланыстыра отырып, күрделі көп деңгейлі иерархиялық жүйені құрайды.

Қазақстан Республикасының егемендігі жарияланғаннан кейін әлеуметтік - экономикалық және саяси өмірінде орын алған түбегейлі өзгерістер республиканың демографиялық бейнесіне өздігінше өз әсерін тигізді. Оның үстіне, көптеген жағдайларда олар халықтың сандық және сапалық сипаттамаларының, оның аумақтық орналасуының және сыртқы өзгерістерінің өзгеруінен көрінетін өтпелі кезеңнің теріс және оң тенденциялары сияқты және ішкі көші-қон процестері жиынтықта олардың ықпалы болды.

Қазақстан халқының жалпы саны 2021 жылғы 8 желтоқсандағы санақ бойынша 19 169 550 адамды құрады. Оның үстіне қазақтардың үлесі 2021 жылдың басына қарай 13 миллион адамнан (69,01%) асты. Бұған Ұлттық статистикалық бюроның жыл сайынғы бюллетеньдегі мәліметтері дәлел [12]. 2021 жылдың басында қазақстандықтардың саны 264 406 адамға өсті. Көпшілігі Түркістан (1,5 миллионнан астам) және Алматы (1,5 миллионнан астам) облыстарында, сондай-ақ Алматы қаласында (1,2 миллионнан астам) тұрады.

Оңтүстік Қазақстан – еліміздің халқы ең тығыз орналасқан аймағы. Қазақстан Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің мәліметі бойынша, халық саны 2 044 551 адам (2021), яғни (9,23%, 2 орын). Түркістан облысында 2021 жылғы жеке этностар бойынша халқының саны: қазақтар (75,83%), өзбектер (17,31%), тәжіктер (1,88%), орыстар (1,69%) және басқалары (3,29%). Өзбек этникалық тобының өсуі де атап өтіледі - 2020 жылдан бері олардың саны 15 мыңнан астам адамға өсті [13; 14].



Сонымен, өз зерттеу жұмысымызда Түркістан облысы бойынша этнофоралардың құндылықтық бағдарларының ерекшеліктерін теориялық және эмпирикалық тұрғыда зерттедік. Түркістан облысы тұрғындары материалы бойынша өзбек, орыс, қазақ ұлттарының құндылықтық бағдарларын қарастырдық. Құндылықтық бағдарлар тұлғаның ішкі құрылымының ең маңызды элементі екенін сипаттай кеткен жөн. Құндылықтық бағдарлар адамның мінез-құлқының мотивациясын анықтайды және оның қызметінің барлық аспектілеріне айтарлықтай әсер етеді. Зерттеу көрсеткендей, әр этнос өкілдерінің этноқұндылықтық бағдарларының сол ұлтқа сәйкес өзіндік ерекшеліктері бар.

Қорытындылай келе, Оңтүстік Қазақстан этнофорларының құндылық бағдарларында өзіндік психологиялық ерекшелік бар деген түйінге келдік.

#### Әдебиет

1. Алимбаева Р.Т. Исследование этнических предубеждений у детей младшего школьного возраста в процессе обучения. Автореф. дисс. ... канд. психол. наук. Алматы, 2001.
2. Аманова И.К. Особенности самоактуализации личности в зависимости от этнокультурной идентичности. Автореф. дисс. ... канд. психол. наук. Алматы, 2004.
3. Амирова Б.А. Изменение этнических предубеждений в процессе обучения. Автореф. дисс. ... канд. психол. наук. Алматы, 1998.
4. Балгимбаева З.М. Роль семьи в возникновении половых этнических предубеждений у детей: Автореф. дисс. ... канд. психол. наук. Алматы, 2002.
5. Джакупов С.М. Экспериментальные исследования этнопсихологических особенностей личности // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. 2002. № 2 (9). С. 5–11.
6. Джакупов С.М., Мадалиева З.Б. Становление экспериментальной этнопсихологии в Казахстане // Экспериментальная психология. 2009. Том 2. № 2. С. 128–135.
7. Жукешева Ж.Д. Психологический феномен этнокультурной маргинальности в контексте трансформации этнической идентичности. Автореф. дисс. ... канд. психол. наук. Алматы, 2005.
8. Комекбаева Л.К. Психологические особенности этнического самосознания учителей. Автореф. дисс. ... канд. психол. наук. Алматы, 2002.
9. Қалымбетова Э.К., Баймолдина Л.О.. Құндылықтық бағдарлардың студент тұлғасына әсерінің психологиялық ерекшеліктері/ Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. №4 (35). – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 124с.
10. Уталиева Ж.Т. Язык как фактор этнической идентичности: Автореф. дисс. ... канд. психол. наук. М., 1995. —24 с.
11. Этнопсихологический словарь. — М.: МПСИ. В.Г. Крысько. 1999.
12. Основные социально-экономические показатели. www.stat.gov.kz. Сайт Бюро национальной статистики (1 октября 2021). Дата обращения: 8 декабря 2021.
13. <https://informburo.kz/novosti/dolya-kazakhov-v-etniceskom-sostave-naseleniya-kazaxstana-sostavlyayet-posti-70>
14. <http://adym.kz/28848/t-rkistan-oblysy-adam-sany-bojynsha-2-orynda>

*Толымбекова Д.Р., Кабакова М.П.  
(Республика Казахстан, г. Алматы,*

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби)*

## **ИССЛЕДОВАНИЕ СУБЪЕКТИВНОГО БЛАГОПОЛУЧИЯ КАК ФАКТОРА, ВЛИЯЮЩЕГО НА УРОВЕНЬ МОТИВАЦИИ СОТРУДНИКОВ**

Влияние рабочей среды и возможности трудоустройства сотрудников на удовлетворенность работой и производительность труда всегда были в центре внимания в области управления человеческими ресурсами [1, 2]. Многие исследования показали, что хорошая рабочая среда помогает сотрудникам активизировать свои усилия и приобретать необходимые им знания и навыки [3], тем самым улучшая психологическое состояние достижения поставленных целей [4]. Субъективное благополучие работников, в том числе

8. Пакша Л.М. Развитие творческого воображения детей. Занятия изобразительной деятельностью. // Начальная школа. 2005.
9. Изобразительное искусство и художественный труд. 1–9 классы / Под ред. Б.М. Неменского. — М., 2007.

## **ЛАҢКЕСТІК ІС-ӘРЕКЕТТІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ҰҒЫНУ**

Мынаны естен шығармауымыз керек, біз лаңкестік дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Оған дәлел, биылғы жылы елімізде болған қаңтар оқиғасынан соң, әлемге басқа көзқараспен қарай бастадық. Сол себепті өз санамызды және мінез-құлқымызды бізді қоршаған орта мен болып жатқан жәйіттерге сәйкес қабылдауымызды құру өзекті болып отыр. Мақсат – лаңкестік туралы шағын түсінік беру. Бұған дейін бұл мәселе саясаттанушылар еншісінде қарастырылды, мен Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетте магистранттарға Лаңкестік психологиясы пәні бойынша дәріс өттім. Тек Психотерапевтердің Европалық Ассоциациясында осы тараптан тиісті зерттеулер жүргізіліп, келеңсіз жағдайларда жұмыс істеуде кәсіби тәжірибесі жинақталған. Сол себепті елдің ғалымдары қол қусырып отырмай, лаңкестікке қарсы тұра білетіндей деңгейде болып, осы салада көп үйрену қажет екендігі бүгінгі таңда анық байқалып тұрғандықтан, бұл мақаланы жазуға тура келді. Лаңкестік іс-әрекет туралы қысқаша мағлұмат беріп, септігімді тигізуді ойладым.

Лаңкестік өмір мен іс-әрекеттің нақтылы тәсілі десек, адамды тұтастай билеп алып, өзінің уысында ұстау. Бұл қауіпті және лаңкестік ұйым мүшелерінің басын қатерге тігетін сала. Бұл адамның бос уақыттағы айналысатын ермегі емес. Өзі мүшесі болып табылатын бір ғана лаңкестің сәтсіздігі ұйымның жеңілісіне әкеледі. Күрделісі сол, осы іс-әрекеттің өзегі болып зорлық-зомбылық болып саналумен қатар, бұзақылық элементі көзге айқын білінеді.

Ұйымның табысқа жетуі қатаң тәртіпке байланысты, тәртіп босаңсыса, құқық қорғаушылардың қолына түседі. Қорқыныш туғызу арқылы қарсыласының сағын сындыруды көздейді. құрып, Елдің тыныштығын бұзып, зәресін алуды көздейтіндіктен, тиянақты жоспар құрады.

Лаңкестік ұйым үнемі іс-қимылдарда болып, лаңкестік іске дайындықтан соң, сойқан жасау үшін келесі объектіні бірден табуды көздейді екен. Бұл олардың реттеуші іс-әрекеттеріндегі тіршіліктерінің тұрақты өмір сүру салты.

Кез-келген іс-әрекеттің өзінің психологиялық құрылымы болады. А.Н.Леонтьев анықтаған іс-әрекеттің құрылымын жалпы түрі ретінде былайша көрсетуге болады: қажеттілік, түрткі, іс-әрекет.

Түрткінің атқаратын екі қызметі бар, біріншіден, субъект қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты іс-әрекетке ояту. Екіншіден, мағына тудырушы қызметі іс-әрекетке жеке өзіндік мағына беруі. Іс-әрекет әрекеттерге ыдырайды да, әрқайсысы мақсаттарына жетуге бағытталады. Бүкіл іс-әрекеттің түрткісіне жету аралық мақсаттарды жүзеге асырудан тұрады. Өз кезегінде әрекет жеке амалдардан құралады. Амал/операция/ - іс-әрекеттің бастапқы бірлігі. Бұл нақтылы жағдайларда берілетін міндет. Осы міндеттерді орындауда адам әрекет жасайды. Әрекеттер тізбегінен түрткінің іске асуы, яғни нақтылы іс-әрекет іске асады.

«Сонымен іс-әрекет ұғымы мотив ұғымымен байланыста болуы қажет. Іс-әрекеттер мотивсіз болмайды; «дәлелденбеген» іс-әрекет – бұл мотивтен айырылған іс-әрекет емес, субъективті және объективті жасырын мотиві бар іс-әрекет» [ 1, 34 б. ] .

Осы көзқарастан байқағанымыз, лаңкестікті ерекше іс-әрекет ретінде қарастырсақ, ең негізгісі, басты шынайы түрткісі әлдебір нәрсеге қол жеткізу арқылы бұқара халықты үркіту. Сондай-ақ көптеген әр түрлі субъективтік түрткілері бар жеке-дара лаңкес басқаратындығын жоққа шығарылмайды. Басқалардың үрейленуі түрткі ретінде лаңкес әрекеттерін қозғап, оның әрекетіне мағына береді. Осы объективті түрткіні орындау үшін, яғни жаппай үрейді туғызуда, лаңкес түрлі әрекеттер орындайды: қару-жарақ дайындайды, құрбан болатындарды аңдиды, болашақта лаңкестік істі жасауға орындарды қарастырады, көлік тасымалдау мәселесін шешеді және т.б.



Әрбір әрекет жеке операцияларға бөлінеді: мысалы, қару-жаракты өздері тандап дайындайды, ұрысқа дайын күйіне келтіру үшін тексереді, маскировка жасауға және т.б. дайындалатын көрінеді. Идеялық-риторикалық нұсқаушылар түсіндіру жұмыстарымен айналысады. Лаңкестік іс-әрекет идеологиялық бояма астарымен бағдарлама, стратегиялық, нақтылы-ситуативті немесе таза тактикалық сипатта жүргізіледі.

Лаңкестікпен айналысуға адам зорлықпен емес, ұнаған соң баратын көрінеді. Олар идеялық-риторикалық бөлімшені өте маңызды деп санайды. Құрбандары жеке басына қатысты болмағандықтан, аяушылық танытпайды.. Кәнігі қылмыскерден айырмашылығы, лаңкестік жасаушы – идеяның шырмауындағы қылмыскер. Бұлар ақталудың жолын қарастыруды қажет етеді. Күрделі әдет-ғұрыптық мәселесін шешуге тырысқандығын айтып, өзін ақтап алу жолын іздеп, яғни тұрмыстық-адами мағынада психологиялық түсіндірілуін көздейді. Лаңкестердің субъективті пікірі мәселені талдауды күрделі етіп жібереді, айтуларына, олар лаңкестікке адал берілгендігі сондай, оны іс-әрекеттің ерекше формасы ретінде қабылдайды. Жеке өзіндік фактордың мақсатты бағытталуы үнемі болатындығын ашық түрде өздерінің есеп беруінен байқатады.

Профессор Ольшанский Д.В. кітабында ресейлік лаңкес- революционер В.Нечаевты былайша сипаттаған: «Ол ешнәрсеге қызықпайды, атқаратын ісі, сезімі, тіпті есімі де аталмайды. Онда тек бір ғана қызығушылық бар, сол кезде лаңкес ретінде көрініп, көзге түсу. Революция туралы бір ғана ой, бір ғана құмарлық. Адами тәртіптен және өркениет әлемінен, адамгершілік қағидасынан қол үзген адам. Ол осы әлемнің күл - талқанын шығару үшін тіршілік етуші. Оның білетін тек бір ғана өнері бар, ол – қирату, алға қойған мақсатына кедергі жасайтындардың барлығының көзін жоюды қалайды. Революционер құпия түрде полицияға кіріп алуды қиялдап, барлық жерде өз тыңшылары болғанын қалайды. Жапа шегуді және зорлық-зомбылықты арттырып, бұқара көпшілікті көтеріліске шығуға шақырады. Бұзақылармен бірігіп, бұл әлемді жеңілмейтіндей бірыңғай күшке айналдыруды ойлайды» [2, 141 б.] .

В.Нечаевтың психологиялық тұрпаты осындай, әлемнен және жеке басының өмірінен бас тарту. Жұмыс қабілеті жоғары деңгейде болып, бүгіндей бір іске шоғырлану, азаптау мен қинауға келісіп, соған дайындық жүргізу.

Енді лаңкестік жасаушының бұл іске неге баратындығын түсіну үшін, оның ішкі мотивациясына, яғни талаптануына назар аударайық. В.Ф.Пирожковтың пікірінше, «қандай да бір мақсат көздеместен: саяси – үкіметті жаулап алып, қоғамдық құрылысты ауыстыру; әдептік - «әділеттілік» деген жалған түсінікке қол жеткізу; экономикалық – жеккөрінішті бәсекелестерді тайдыру; діни ұстанымдар – өзінің діни сенімінің тазалығына; психологиялық – танымалдыққа қол жеткізу, даңқын шығару, тарихта атын қалдыру және т.б., осының бәрі, менің пайымдауымша, адамдардың үстінен өктемдік жасауды сезінуге деген құлшыныстан шығып жатыр. Адамдарға өктемдік жасау- бұл өзгеше апиын, өмірінде бір рет қана дәмін татқан адам, одан шыр айналып шыға алмай, соған ұмтылып тұратын көрінеді. Жалдану жұмысындағылар, дау-дамай, шиеленісті аймақтан көшіп, қоныс аударғандардың психологиясын зерттеу барысындағы мәліметтерге сүйенсек, белгілі бір кезеңде оларды ақша жағы қызықтырмай, бұрын ойында жоқ жаман қылықтарға бет алады екен.

Зерттеуші Г.Ньюман лаңкестік іс-әрекеттегі үш негізгі түрткіні бөлген. 1-ден, мәдениеттану түрткісі - лаңкестер қағидасы бойынша, қоғамды арақидік «әуре-сарсаңға» түсіріп тұру керектігін айтқан; 2-ден, рационалды түрткі- саяси іс-әрекетте оңтайлы аспап болатындығы жөнінде; 3-ден, идеологиялық түрткі- лаңкес әлеуметтік үрдістерді реттеудегі бас тартпайтын құрал ретінде көрінетіндігін түсіндірген. Дегенмен Ньюманның лаңкестік теориясы мен іс-тәжірибесі бір-бірінен алшақтайды. Теориялық тұрғыдан лаңкестік «ұқсастырылады», бірақ әлеуметтік іс-тәжірибеде адамдар мен топтарды біріне-бірін қарсы қою арқылы, олардың арасында қорқынышты алынбас қамал орнатылған. Тұлға деңгейіндегі лаңкестік ұқсастыруды іздеу ретіндегі қирату құралына айналады. И.Е.Задорожнюктің жазған пікірі назар аудартады: «Егер қоғам тұрақты болған жағдайда, лаңкестік мінез-құлықтағылар үнемі өзін-өзі жою жолына түспеген болар еді».

Біріншіден, лаңкестікке қатысушылардың түрткілері: қара басының қамын, яғни құлқынын көздейтіндер және көздемейтіндер болып бөлінеді. Құлқын көздейтін түрткілері бар лаңкестердің жұмысы ақша табу тәсілі. Адамды кейбір дағдыларға үйретіп, жалақысының бір бөлігін беріп, тапсырманы орындаған соң белгілі бір ақшаны тапсырманы орындаған соң беретіндігіне уәде етеді. Ақша табу жолында ол тапсырманы орындайды: жұмыс орындарын жарады, ұшақты алып қашады, саяси көшбасшыны өлтіреді немесе тұрғындардың жиі қоныстанған орындарына жарылыс жасайды. Бірақ лаңкестік жасаушылар өздерінің қылмыстарын жасыру үшін, әр түрлі сылтауларды айтып ақталады. Тапқан ақшаларын өз ұйымдарын дамытуға жіберетіндігін түсіндірген.

Лаңкестік жасаушы үшін өзінің мотивировкасының себебін, өзінің әрекетін біреуге емес, өзіне өзі түсіндіргені маңызды екен. Лаңкес өздерінің өзіне-өзі есеп беру жазбаларында лаңкестікпен шұғылдануға себеп болған – ақша табу тәсілі. Қазір әлемде олардың қатары аз емес.

Екіншіден, идеологиялық түрткілер – орнықты түрткілер топтың, ұйымның, саяси партияның немесе кез- келген басқа саяси- идеялық күштердің идеологиялық құндылықтарының идеялық көзқарастары мен адамның өзінің құндылықтарының сәйкес келуінің негізінде болады. Адамның әлдебір қоғамдастыққа өтуінің нәтижесінде осындай түрткі пайда болуы оның талаптануына сайма-сай келеді. Осы тұста лаңкес кейбір идеяларды іс жүзінде жүзеге асыратын тәсіл болып табылып, сондай-ақ сол қоғамдастықтың «тапсырмасы», «миссиясы» болып есептеледі. Көптеген идеологиялық түрткілер: саяси – идеялық, таза саяси, діни, әлеуметтік, мәдени-әлеуметтік және т.б. бөлінеді.

Үшіншіден, қайтақұрулар, әлемнің белсенді өзгеріс түрткілері. Қазіргі әлемнің толыспағандығын және әділетсіздікті түсінуімен байланысты бұл өте қауқарлы түрткілер, жақсартуға, қайтақұруға тура ұмтылыс. Байқағанымыздай, осы тұрпаттағы түрткілер, бәрінен бұрын, лаңкестікпен кәсіби айналысатын адамдарға тән. Оларды күш қолдану арқылы әлемді қайтақұруға деген үдеріс басын айналдырады. Шын мәнісінде, болашақ деп атойлап әрекеттенгенмен, олар үшін ешбір идеялардың мәні жоқ. Әлемді қайтақұрудың мақсаты да, аспабы да лаңкестік болып саналады.

Төртіншіден, өзінің өктемдігін адамдарға жүргізу түрткісі. Бұл ежелгі, тереңде жатқан түрткілер, біреулерге жеке үстемдігін көрсету арқылы зорлық-зомбылық көрсету, лаңкестің психикасының түкпірінде сақталған тәрізді. Әрине, осындай мотивтің оның бойында бар екендігін кез-келген лаңкесші мойындамайды. Лаңкесшінің адамдарға үстемдігін көрсетуі зорлық-зомбылық арқылы өзінің бет-бейнесін нақтылайды. Қорқынышты үдету оның үстемдігін күшейте түседі.

Бесіншіден, іс-әрекет саласы ретінде лаңкестік - қызығушылық пен тартымдылық түрткісі. Тұрмыс жағдайы жақсы, ауқатты отбасынан шыққандар және жеткілікті білімі барларға лаңкестікпен шұғылданатын саланың жаңа, басқаларға ұқсамайтындығы қызығушылық тудырған. Лаңкестікпен байланысты тәуекелке бару, лаңкестік іске дайындық жүргізудегі жоспар құру және оны жүзеге асырудағы кейбір қырларды көз алдында өткізгісі келеді.

Алтыншыдан, әр түрлі нұсқадағы эмоционалды бауыр басу «жолдастық» түрткілері – күрес-жанжалдарда жолдастарына, туыстарына және т.б. көрсеткен жазалаулары және зиян келтіргені үшін кек алу түрткісі, лаңкестікке дәстүрлі түрде қатысып жүрген достары, туған туыстары олармен айналысқан. Былайша айтқанда, лаңкестікке эмоционалды факторлар негізінде аралас, құралас бір топта жүргендер де кіріп кетеді. Осындай түрткіні басшылыққа алып лаңкестікпен айналысатындар ойланбастан, не істеп, не қойғандарын білмейді. Эмоцияға беріліп, басқалардың айтқандарын орындайды.

Жетіншіден, өзін-өзі жетілдіру, реттеу түрткісі. Бұл – қарама-қайшы түрткі. Бір жағынан, өзін-өзі жетілдіру – рухы күшті адамдар, тұлғаның толық өзінің жан-тәнімен берілуі, өзін-өзі құрбан етуі. Бірақ, басқа жағынан алып қарағанда, осындай өзін-өзі іс жүзінде көрсету-мүмкіндігінің шектеулі екендігін мойындауы, зорлық-зомбылық пен деструкциядан басқа адамның әлемге ықпал етуде басқа тәсілді таба алмауы. Осындай өзін-өзі жетілдіру өзін-өзі

құрбандыққа шалып, жанын пайда ету, бәрінен бұрын тұлғаның психологиялық деструкцияға бой ұруы айғақты мойындау болып саналады.

Криминологтар мен құқық танушылар есебінше, бәрінен бұрын әлеуметтік тұрғыдағы қажеттіліктердің— қарым-қатынаста, достасуда, сыйласымдықта, мойындалуда, өмірде өз орнын таба білуде қалыптаса қоймауынан деген. Мәселе мынада, кейбір жағдайларда қалыпты адами қажеттіліктер бұрмаланудан, әдепсізденуден, қоршаған ортасында өзінің үстемдігін жүргізеді, басқа адамдарға зорлық-зомбылық көрсетеді.

Зерттеуші ғалымдардың пікірінше, лаңкестік жасаушының психикасы кәдімгі қылмыскердің психологиясынан айырмашылығы айқын байқалады. Лаңкестерге «жоғары» түрткілер тән. Кейде лаңкестік жасаушының психологиялық ауытқуының салдарынан өмір сүргісі келмейтін тілектері кездеседі. Лаңкестік жасаушының көпшілігіне өзінің аман-есен қалудағы инстинкт тән. Қорыта келе айтарым, қазіргі заманның күрделі, өзекті мәселесінің бірін қарастырдық. Лаңкестік дәуірінде өмір сүріп жатқан соң, санамыз бен мінез-құлқымызды лайықты етіп бейімдеуіміз керек. Қорқынышты жеңе біліп, үрейге бой алдырмайық.

Әдебиет

1. Леонтьев А.Н. Ис-әрекет. Сана. Тұлға. Мәдени мұра. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. Құрастырушылары: Жақыпов С.М., Балғымбаева З.М. 2-том. Алматы, 2005.
2. Ольшанский Д.В. Психология террора. М., 2002.

**Утепберген Б., Садыкова Н.М.**

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)*

## **ЖАСӨСПІМДЕР ПСИХОЛОГИЯСЫНДАҒЫ АНА БЕЙНЕСІ**

Шығыстың ғұламасы әл-Фараби: «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздің болашақтарыңызды айтып берейін» деген. Қазіргі кезеңде қазақ халқының өмірінде бұрын соңды болмаған оқуға, еңбекке, қоғамдық өмірге ықыласы жоқ балалар саны күннен күнге артуда. Бұлар дөрекі әдепсіз барлық жарамсыз әдеттерге еліктеуге бейім келеді. Баланың мінезін жалпы деңгейін ынтасын жақсы білу үшін, оның дамуына адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына не нәрсе қажет екендігін әрбір әке, әрбір ана білуге міндетті.

Баланың жас ерекшелігі, әр жасқа тән болатын дағдарыстардың себептері туралы түсіндіріп, олардан баланы қиындықсыз алып шығуға көмек көрсетуге ата-анаға көмекке келетін – мұғалім.

Өйткені мектеп жасындағы баланың көбіне көп негізгі әрекеті – оқу. Оқу барысында ол білімге, қарым-қатынасқа, имандылық адамгершілікке үйренеді. Сонда мұғалімнің жеке бас үлгісі, сөзі мен ісінің сәйкестілігі, талапшылдығы отбасында баға жетпес құралына айналады. Бала тәрбиесі болашақ кепілі, отбасы мен мұғалімдер қауымының абыройлы ісі. Тәрбиенің нәтижелігі терең тамырлы тәрбиені бойына дарытқан ортада болмақ. Ол ата-аналар өз міндетін жеке түсінгенде, мұғалімдермен ынтымақтастықта болған жағдайда алға басады

Жасөспірімдік адам өмірінде әрдайым болған осындай көрініс болса да, жеке өмір кезеңі ретінде XIX ғасырдың екінші жартысында ғана бөлінді. Жасөспірімдік ерекше кезең болғанына назар аударғандардың бірі Федор Михайлович Достоевский болды.

Сонымен бірге Батыста жасөспірімдерді зерттеуді психолог Генвилл Стэнли Холл өткізді. Ол сондай-ақ өте танымал болды жасөспірімдер анықтамасын, ұсынылған «дауыл мен стресс жасқа». Кейінірек осы зерттеулер Эдуард Шпрангер, 1900 жылғы кезеңде жалғасты, ал Ресейде бұл зерттеулер белгілі психолог Лев Выготский тартылған, және психологтар мен мамандардың кейінірек үлкен саны жасөспірім өз көңіл бөлетін болды.

Жасөспірім психологиялық теориялардың әртүрлі позицияларынан қарастырылған. Адам ойлау және зияткерлік қызметіне байланысты танымдық қабілетін қалыптасты онда

кезең ретінде қарастырылады жастық Жан Пиаже бойынша ойлау даму тұрғысынан зерттеу. Жан Пиаже мұны дерексіз ойлау мен ресми операциялардың кезеңдері арқылы түсіндірді.

Ол баланың даму жасөспірім кезеңнің соңына көрінісі, өзін-өзі іске асыру үшін қабілетін қалыптасуы тиіс деп сенген болатын. Лео Семенович Выготский бұл туралы жазған. Бұл сондай-ақ жасөспірім кезеңінде қалыптастырылуы тиіс жаңа ауруы болып табылады.

Отбасында әр адамның жеке дамуы мен қалыптасуы басталады: эмоционалды, әлеуметтік, танымдық, рухани. Тәрбиелік әсер және баламен қарым-қатынас әдістері дәстүрлі, мәдени түрде дамиды және көптеген адамдарға байланысты факторлар. Т.А. Куликова "Отбасылық педагогика және үй тәрбиесі" атты еңбегінде былай деп жазады, көптеген ғалымдар адамзат үшін отбасын құру ең үлкен құндылық деп санайды. Алғаш рет ата-анада тұтас отбасы мен ата-ананың бейнесі қалыптаса бастайды отбасы, ата-ана отбасы тәжірибе мен білім алудың негізі болып табылады индивидтің. Болашақта ол өз отбасын құру туралы идеяларға сәйкес ата-аналар отбасына. Жасөспірімдегі ана мен әкенің бейнесі оның ерекшеліктеріне әсер етеді байланыс, өмірлік серіктесті таңдау. Мәні ретінде отбасы, білім беру мекемесі оның оң және теріс әсерлері бар. Кейбір жағдайларда проблемалар, отбасында туғандар психологтардың көмегімен шешіледі.

Отбасы психологиялық Кеңеске жүгінген кезде психолог анықтайды отбасының проблемалық өрісі, әр түрлі көмегімен түзету және дамыту жұмыстарын жүргізеді әдістерін. Олардың бірі жасөспіріммен ата-анасының (анасының) бейнесін талқылау болуы мүмкін. Ананың теріс бейнесін өзгерту ұзақ мерзімді курсты қамтиды техник перепрограммирования саналы қондырғыларды, психодрама, трансакционного талдау.

Сурет көп нәрсені қамтиды: рефлексия, стандарт, идея, рөл, стереотип, орнату, Нұсқаулық, жалпылау, түсіндіру, проекция. Біз үлкен ақпараттық сыйымдылықты мойындаймыз психикалық бейнелер. Айта кету керек, "сурет" ұғымы "қабылдау" ұғымына жақын, "ұсыну", "таным", "түсіну". Бұл бірдей емес ұғымдар және олар мыналарға жатады динамиканы, процестің өзін көрсететін танымдық процестер. Және "сурет" - бұл басым адамның сана-сезімі-бұл статикалық және өзгерту қиын танымның нәтижесі. Жасөспірімдер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас мәселесін зерттеу Г.С. Абрамова, Г.В. Бурменская, Р.В. Овчарова, Ф. Дольто, Р. Байярд және Д. Байярд. Беру туралы ата-аналардың ұрпақтардағы бейнесі, өз отбасыларын өз бейнесінде және ұқсастығында құру ата-аналарын З. Фрейд, К.Г. Юнг, Э. Берн, Л. Зонди, Н. Пезешкиан жазған. Бұл теориялық зерттеулер эмпирикалық зерттеулерде С. О. Докучаеваның растауын тапты, С.А. Терехиной, Л.И. Вассерманның

Отбасылық қиындықтар, баланы елемеу теріс болуы мүмкін өз кезегінде бұрмаланған "отбасы бейнесін" қалыптастыратын салдары. Болуы отбасының жағымды мысалы жасөспірімге мінез-құлық тәсілдерін алуға көмектеседі, отбасын құру және одан әрі өмір сүру үшін қажет. Отбасы туралы идеяны қалыптастыру және түсіну ата-ана отбасына байланысты жалпы бала. Өмірдің алғашқы жылдарында әлеуметтік мұрагерлік пайда болады имитациялау және сәйкестендіру тетіктері, және бұл процесс көп жағдайда бейсаналық болып табылады. Ата-аналардың, ата-аналардың, туыстардың бейнелері, әлеуметтік нормалар мінез - құлық болашақ отбасылық адамның қасиеттерін анықтайды. Бұл туралы зерттеулер алынды П. М. Самсонова, Е. В. Туманова және Е. В. Филиппова, М. Н. Швецова, М. С. Егорова.

Жасөспірімдердегі отбасы туралы идеяны теориялық талдау

Жасөспірім - бұл ерекше құбылыс. Дәл осы жаста болады балалық шақтан ересектерге ауысу. Жасөспірім өзін бөлек сезіне бастайды құқықтары мен қажеттіліктері бар адам, ол қоршаған әлемді байқауға тырысады оны түсініп, қабылдады. Д. Б. Эльконин жасөспірім екі кезеңге бөлінеді деп жазды: \* Кіші жасөспірім-12-14 жас. \* Үлкен жасөспірім - 15-17 жас.

Бұл жастағы жетекші қызмет-құрдастарымен қарым-қатынас. Жасөспірімде өзін-өзі бағалауда өзгерістер мен нақтылаулар бар, ол өзін салыстырады және анықтайды құрдастарымен. "Балалар психологиясы" атты еңбегінде Д. Б. Эльконин бұл жаста деп жазады жеке адам ұжымға деген күшті қажеттілікті дамытады, ол бір бөлігі болғысы келеді ұжым, осы ұжыммен бірге болу және одан қолдау алу

Жасөспірім балалар белсенді түрде тікелей қарым-қатынас жасауға тырысады өз құрдастарымен бірнеше мәселелерді шешу үшін: олар үшін қоғамда болу маңызды және қызықты олар сияқты, түсіну " мен қандай құрдастар сияқтымын?"; "мен қарсы жыныспен қандай адаммын?»; "мен қарым-қатынас әлемінде қандай адаммын?». Өзінің "позитивті бейнені қалыптастыру" атты рефератында баспанадағы жасөспірім жастағы әлеуметтік жетімдердің отбасылары " Н. В. Недогожина бұл жаста адамның мінсіз бейнесі қалыптаса бастайды дейді қарама-қарсы жыныстың арқасында құрдастарымен қарым-қатынас, көркем әдебиетті оқу романтикалық жанрдың әдебиеттері мен фильмдерін қарау . Жасөспірімнің бейнесі бар сыртқы және ішкі қасиеттер, олар адам үшін қажет және басқаларға тартымды.

Қазір, қазіргі қоғамда, отбасына деген теріс көзқарас жиі кездеседі, бұқаралық ақпарат құралдарында ананың бейнесін кемсіту әрекеттері байқалады. В әлемде баласыз өмір салтын таңдайтын көптеген адамдар бар – "чайлдфри "және өзі үшін өмір – "даунтшифтинг". Олар отбасын құру көп емес деп санайды адам өміріндегі басты мақсат. Т. В. Андреева отбасы (неке) құндылығын жоғалтады қазіргі жастар . Оның бірқатар зерттеулері жасөспірімдердің тұжырымдаманы бөлісетінін көрсетті махаббат және неке . Бұл 13-15 жасында айқын көрінеді.

Жасөспірім кезіндегі қыздарда көңіл мен алаңдаушылық байқалады сыртқы түріне. Олар бағалауды іздейді, сыртқы имиджін басқалармен салыстырады қыздар, олар қарсы жыныстың назарын аудару керек. У жасөспірім ұлдар бұл кезде еркектік стандарты қалыптасады. Олар таңдайды олар еркектікпен анықталған және басталатын адамның үлгісі бұл қасиеттерді физикалық жаттығулар мен мінез-құлық арқылы қалыптастыру. Бұл жасөспірімдерде ерлердің рөлдік позициясы туралы түсінік қалыптаса бастайды және әйелдер. Жыныстық өзін-өзі тану бала кезінен қалыптасады, бірақ шыңы жасөспірім жас .

1980 жылдары Т.И. Юферева ерлер мен әйелдердің бейнесін эмпирикалық түрде зерттеді санасында жасөспірімдер. Зерттеу көрсеткендей, еркектік бейнесі және жасөспірімдерде әйелдік қарым-қатынас кезінде ғана қалыптасады жынысты. Бөлінді, бұл түрлері қарым-қатынас байланысты ерекшеленеді жасына. 12-13 жаста қарым - қатынас тек отбасылық түрге ие, 14 жасында ол басталады эмоционалды-жеке қарым-қатынас түрі және 16 жасында қарым-қатынастың бұл түрі өзінің шыңына жетеді. Бұрынғы қарым-қатынас түрлері жойылмайды, қарым-қатынастың жаңа түрлері толықтырыла бастайды бар .

Орыстардағы ана бейнесін зерттеу бойынша Н. Н. Васягина (2015) Бұл сурет аналарға құрмет, адамгершілік қасиеттер, жоғары талаптар беріледі.

Магистратураның бітіру жұмысының негізгі зерттеуі ана бейнесі мен жасөспірім бейнесінің құрылымдық-мазмұндық сипаттамаларын зерттеу психологиялық кеңес беретін отбасы мысалында балалар мен ата-аналар қарым – қатынасы психологиялық көмекке жүгінбейтін отбасылардағы ана мен жасөспірімнің бейнесін салыстыру көмегімен. НЕГІЗГІ Зерттеудің психодиагностикалық әдістерінің кешеніне мыналар кіреді:

1. Ата-аналар үшін: ата-ана қарым-қатынасының тест-сауалнамасы (ОРО) (а. я. Варга, В. В. Столин); "бала бейнесі" проективті суреті; ассоциативті эксперимент, униполярлық жеке семантикалық дифференциал.

2. Жасөспірімдер үшін: "ата-аналар туралы Жасөспірімдер" сауалнамасы (ADOR) Вассерман л. И, Горковая и. А., Ромицина Е. е., "ата-ана бейнесі" проективтік суреті, ассоциативті эксперимент, униполярлық жеке семантикалық дифференциал.

Бұл мақала бір әдістеме бойынша пилотаждық зерттеуге арналған. В пилотаждық зерттеу Владивосток қаласының жасөспірімдеріндегі ана бейнесінің ерекшеліктерін анықтады. Зерттеу үшін 64 масштабты униполярлық жеке семантикалық дифференциал (Шмелев А.Г., Похилько В. И., Козловская-Тельнова А. ю., 1988). Бұл әдіс Ч. Осгудтың семантикалық дифференциалының модификациясы болып табылады. Бұл сізге анықтауға мүмкіндік береді ана бейнесінің мазмұнды сипаттамалары; таңдаған белгілерді бағалаңыз респонденттердің көпшілігі; әр түрлі респонденттердегі сәйкестік дәрежесі; қандай баға береді жасөспірім бейнесі: оң немесе теріс; оның әр ерекшелігінің ауырлық дәрежесі ұсыну . Жасөспірімдер ананың бейнесі идеализацияланбаған жаста.

Психологиялық кеңес беруде ананың бейнесін бағалайтын жасөспірімдер кездеседі бастапқы кезеңде ата-ана мен бала арасындағы жанжалға байланысты жағымсыз кеңес беру. Эмоционалды күйзеліс жағдайында олар ата-аналарды ақымақ, әділетсіз, екіжүзді деп атайды. Айта кету керек, түзету жұмыстары кезінде отбасындағы қарым-қатынас жақсы жаққа өзгереді және жасөспірімдердің ата-аналары туралы пікірлері олар оң болады.

Біздің зерттеуімізге 13 жастан он жеті жасөспірім қатысты 15 жас, олар ерте жасөспірімнің өкілдері. Олардың барлығы отбасылардан шыққан, психологиялық көмекке жүгінушілер. Бұл 7, 8 және 9 сынып оқушылары Владивосток қаласының жалпы білім беретін мектептері. Зерттеу субъектілердің ата-аналарының рұқсатымен жүргізілді. Үлгі бөлінбеді гендерлік белгісі бойынша.

Зерттеудің бірінші кезеңі әдістемені жүргізу болды. Сыналушыларға ұсынылды 64 жеке сипаттамалары бар бланк және 0-ден 3-ке дейін ұсынуды бағалау ұсынылды осы САПАНЫҢ ауырлығына байланысты 0, 1, 2 немесе 3 нұсқасын таңдап, анасы туралы анасында. Зерттеудің екінші кезеңінде бланкілердің деректері топтық матрицаға енгізілді әрбір бағаланатын фактор бойынша және семантикалық әдіс бойынша өңделген универсалий Е. Ю. Артемьевой [20]. Семантикалық әмбебапты сапалы талдау ерекшелікті анықтауға мүмкіндік береді жасөспірімдердің санасында "ана туралы түсінік" объектісінің өкілдері. Бөлінді 90% пайда болу жиілігі бар универсалиялар. 100% деңгейдегі дескрипторлар болған жоқ. Орташа диапазон (10%) 2,71-ден 0,12-ге дейін 0,28-ге тең. 0,12-ден солға шегініс ауқымы 0,4 және оң жақта 2,43-тен 2,71-ге дейін.

Жасөспірімдердің аналарын 90% критерий бойынша топтық бағалау әмбебаптығы таңдау жиілігі дескрипторлардан тұрады: "ашық", "ақылды", "ашық", "ұйымдастырылған", "еңбекқор", "тәжірибелі", "әдемі". Мұны түсіндіруге болады жасөспірімдердің қарым-қатынасқа деген басты қажеттілігі. Ананың тәжірибесі, ақыл-ойы және әдептілігі жасөспірім үшін ең құнды және талап етілетін қасиеттер өзара әрекеттесуге көмектеседі. В. г. Казанскаяның зерттеулері қиын өмірлік мәселелермен растайды қазіргі жасөспірімдер аналарына жүгінуді жөн көреді. Сипаттамалары: еңбекқор, ұйымшыл, көпшіл және ақылды ананың әлеуметтік табысты адам ретіндегі бейнесі, оған көмектесетін қасиеттері бар қоғамда мамандық, мәртебе алу.

Сапа тудыруы мүмкін непоследовательные іс-әрекеттері ересек процесінде тәрбиелеу: "лицемерная", "самодовольная", "безвольная", "шектелген", "мечтательная", "изворотливая", "отходчивая", "закомплексованная". Бұған бірнеше жасөспірім тағайындалды 0 балл, 3-4 адамнан 3 балл, қалған 1 және 2 балл. Бұл әртүрлілік туралы айтады бағаланатын объектілердің жеке ерекшеліктері, әр түрлі отбасыларда қарым-қатынас аналар жеке-жеке ұсынылған және қақтығыс кезеңдері де бар анасының бағалауына әсер етуі мүмкін.

Осылайша, жасөспірімдер ананың бейнесін келесі дескриптермен сипаттайды: "көпшіл", "ақылды", "ашық", "ұйымдастырылған", "еңбекқор", "тәжірибелі", "әдемі". Мұндай деректер жасөспірімдердің қарым-қатынасқа деген жетекші қажеттілігін көрсетуі мүмкін, ананың мұндай қасиеттері жасөспірім үшін ең маңызды болуы мүмкін, өйткені олар қасиеттер адамға адамдармен оңай араласуға көмектеседі. Сипаттамалары: еңбекқор, ұйымшыл, көпшіл және ақылды адам мұндай бейнені айта алады аналар көмектесетін қасиеттері бар әлеуметтік табысты адамды бейнелейді қоғамда мамандық пен мәртебе алу. Қорыта келе жоғарыда айтылғандарға, сыналатын сипаттайды өз ана көмегімен позитивті және теріс сипаттамалар, бұл көріністің қуыс және тұтас көрінісін береді.

Жүргізілген пилотаждық зерттеу нәтижелері бойынша бұл 64-масштабты униполярлы тұлғалық семантикалық дифференциал (Шмелев А. Г., Похилько В. И., Козловская-Тельнова А. ю., 1988) сапалы білім алуға мүмкіндік береді 13-15 жас аралығындағы жасөспірімдердегі ана бейнесінің сипаттамалары.

Айта кету керек, респонденттер өздеріне ұсынылған сипаттамаларды түсінеді бағалау өзінің ата-ана. Ана бейнесінде жасөспірімдер көбінесе сипаттамаларды қамтиды "мейірімді", "адал", "белсенді", "көпшіл", "ақылды", "ашық", "ұйымдастырылған", "еңбекқор", "тәжірибелі", "әдемі". Бұл қазіргі жасөспірімдер туралы айтады бар оң бейнесі, ана мен

мектепке оның оң сипаттамалары бар. Біз біз диагноздағы кейбір жағымсыз сипаттамаларды өзгерту мүмкіндігін қарастырамыз жасөспірімдердің өздерінің бағалау этикасын сақтау мақсатында негізгі зерттеу үшін аналар.

Әдебиет

1. Куликова Т.А. Семейная педагогика и домашнее воспитание / Т.А. Куликова. – М.: Педагогика, 2001. – 232 с.
2. Ситников В.Л. Образ ребенка в сознании детей и взрослых / В.Л. Ситников // Ленингр. гос. обл. ун-т им. А.С. Пушкина. Фак. психологии и педагогики им. И.П. Иванова. – СПб: Химиздат, 2001. – 286 с.
3. Вассерман Л.И. Родители глазами подростка: психологическая диагностика в медикопедагогической практике / Л.И. Вассерман, И.А. Горьковая, Е.Е. Ромицына – СПб.: Речь, 2004. – 256 с.
4. Самсонова П.М. Роль родительской семьи в формировании представлений подростков о будущей семье // Тезисы второй всероссийской научной конференции «Психологические проблемы современной российской семьи» (25–27 октября 2005 г.). В 3-х частях. Ч. 3. М., 2005.
5. Туманова Е.В., Филиппова Е.В. Образ отца и образ себя у подростков (возрастные и гендерные аспекты) Е.В. Туманова // Психологическая наука и образование. – 2007. – № 2.
6. Андреева Т.В. Семейная психология: Учеб. пособие. Т.В. Андреева. – СПб.: Питер, 2014. – 244 с.

**Христофорова В.К.**  
(Республика Казахстан, г. Алматы,  
Академия «Кайнар»)

## **ВНУТРИ ЛИЧНОСТНАЯ ПОЗИЦИЯ НРАВСТВЕННОГО САМОСОЗНАНИЯ СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИ ЗАПУЩЕННОГО ПОДРОСТКА**

Процесс социализации личности подростка с психологической точки зрения, есть процесс его адаптации к условиям ближайшего окружения, который осуществляется в сложнейших условиях, связанных с глубинными преобразованиями подростка, его индивидуальных, наследственно обретенных свойств.

Результаты проведенных исследований взаимосвязи внутренней позиции личности и нравственного самосознания и поведения подростка позволили иначе взглянуть на эту проблему.

Задачей данной части исследования является доказательство предположения о том, что социально-педагогическая запущенность как определенная внутренняя позиция личности, обуславливающая неразвитость субъективных свойств личности, ее низкую активность, отрицательно влияет на нравственное самосознание и поведение подростков. Анализ взаимосвязи субъективных свойств личности и нравственного самосознания проводился посредством корреляционного анализа данных всей выборки по методу Пирсона. Исходя из общего числа испытуемых, принимавших участие в исследовании, были определены достоверные значения корреляционных коэффициентов: 0,27 при  $p < 0.001$ ; 0,021 при  $p < 0.01$ , 0,16 при  $p < 0.05$ . В приложении 3 представлены результаты расчетов.

Из полученных данных следует, что – Субъектные свойства самосознания тесно связаны с уровнем развития морально-нравственного сознания и способности личности к самосознанию. Эти свойства обеспечиваются деятельностными и альтруистическими установками, смысложизненными ориентациями, а так же ценностями духовного удовлетворения, обучения и общественной жизни. Чем выше уровень субъектности самосознаниями, тем в большей степени поведение личности строится на основе интериоризированных нравственных стандартах.- Субъектные свойства общения тесно связаны системой ценностных ориентаций, нравственной воспитанностью, смысложизненными ориентациями и устремленностью в будущее на фоне позитивного и бережного отношения к собственной личности. Эти свойства обеспечиваются ориентацией на цель, процесс и результат жизнедеятельности, ценностями саморазвития, престижа, достижений и креативности. Чем выше уровень субъектности в данном аспекте, тем выше

самоинтерес и самопринятие.- Субъектные свойства деятельности тесно связаны как с уровнем развития морально-нравственного сознания и смысложизненными ориентациями личности, так и с системой ценностей. Данные свойства обеспечиваются положительным самоотношением и стремлением к утверждению собственной индивидуальности. Отрицательные корреляты с ценностями профессиональной жизни и ценностей активных социальных контактов на наш взгляд отражают специфику кризисных проявлений подросткового возраста.

В целом полученные эмпирические результаты позволяют выстроить структуру субъектности в подростковом возрасте. Первая ее составляющая – это морально-нравственное сознание, вторая составляющая- смысложизненные ориентации, третья составляющая – это ценности, четвертая – самопринятие, и пятая – социально-психологические установки.

Проведенный на предыдущем этапе корреляционный анализ позволил выделить наиболее значимые связи показателей нравственного самосознания с компонентной структурой внутренней позиции личности.

В группе подростков, отнесенных к состоянию нормы в структуре субъектной позиции личности выявлены 7 факторов, совокупный процент дисперсии которых составляет 65,1%.

1 фактор обозначен нами как «Собственные смыслы». Значимые веса в нем имеют 26 показателей, связанных со смысложизненными ориентациями, самоинтересом, аутосимпатией, саморуководством и самопониманием. Интересно, что в данном факторе общечеловеческие ценности и волевой контроль поведения представлены отрицательными корреляциями. Мы связываем данный факт с существующим в подростковом возрасте разрывом между нравственным сознанием и поведением.

2 фактор обозначен нами как «Присвоенные ценности ». Значимые веса в нем имеют 21 показатель. Отличием данного фактора от предыдущего является представленность в нем общечеловеческих ценностей положительными корреляциями. В остальном значимые веса данного фактора так же как и в предыдущем связаны со смысложизненными ориентациями, самоинтересом и самопониманием.

3 фактор обозначен нами как «Поиск нового нравственного опыта» Значимые веса в нем имеют 10 показателей, связанных со склонностями к отклоняющемуся поведению на фоне адекватности нравственных оценок. Этот фактор на наш взгляд отражает некое поведенческое экспериментирование в переходном возрасте, связанное со стремлением быть как все.

4 фактор обозначен нами как «Самоанализ недостатков». Значимые веса в нем имеют 7 показателей, связанных с отрицанием морально-нравственных норм. Однако в отличие от подобного фактора в ситуации социально-педагогической запущенности, здесь это состояние сопровождается стремлением к самосохранению и самоинтересом.

5 фактор обозначен нами как «Победа своих возможностей». Значимые веса в нем имеют 5 показателей, связанных с морально-нравственными оценками, неуверенностью, нечувствительностью к отношению и оценкам других, склонностью к аддиктивному поведению.

6 фактор обозначен нами как « Ответственность за себя». Значимые веса в нем имеют 4 показателя, связанные с представлением как о хозяине жизни, внутренней борьбой и сомнениями.

7 фактор обозначен нами как «Служение другим». Значимые веса в нем имеют 6 показателей, связанных с альтруистической установкой, самопониманием сочетанием с отрицательными коррелятами в интегральном чувстве Я, самоуверенности и эгоистической установке.

В группе подростков, отнесенным к социально и педагогически запущенным в объективной позиции личности выявлены 6 факторов, совокупный процент дисперсии которых составляет 71,4 %.

1 фактор обозначен нами как «Объективные ценности». Значимые веса в нем имеют 18 показателей, связанных с общечеловеческими ценностями при затруднениях с формированием ценностей при затруднениях с формированием ценностного отношения,



социально желательным поведением, эгоизмом, низким уровнем интегральности собственного Я и не уважением к собственной личности.

2 фактор обозначен нами как «Пассивная морализация». Значимые веса в нем имеют 13 показателей, связанных с моральным сознанием, нравственной воспитанностью, воспитанностью в себе и стремлением к самосохранению.

3 Фактор обозначен нами как «Принятие себя плохого». Значимые веса в нем имеют 8 показателей, связанных с интересом к собственной личности, волевым контролем эмоциональных реакций, установками на процесс и результат деятельности, при недостаточной этической рефлексии и нравственной воспитанности.

4 фактор обозначен нами как «Девиантное поведение». Значимые веса в нем имеют 7 показателей, связанных с неприятием себя, отсутствием симпатии к себе, самообвинением и склонностями к различного рода отклонениями в поведении.

5 фактор обозначен нами как «Пассивная сознательность». Значимые веса в нем имеют 7 показателей, связанных с пониманием морально-нравственной неприемлемости определенного поведения в обществе, установками на социальную желательность поведения, самопонимания и саморуководства при отсутствия интереса к собственной личности и игнорировании отношения других.

6 фактор обозначен нами как «Самоутверждение любой ценой». Значимые веса в нем имеют 6 показателей, связанных с ценностью собственной индивидуальности, социально-психологическими установками и самооправданием.

Сравнительный анализ показал, что факторы нравственного самосознания подростков в норме связаны с активной субъектной позицией личности: присвоенные нравственные ценности, собственные нравственные смыслы, поиск нового нравственного опыта, самоанализ недостатков, проба своих возможностей, осознанная ответственность за себя, служение другим.

У социально и педагогически запущенных подростков, наоборот, просматривается влияние пассивной объектной позиции личности- это объективные нравственные ценности, неличностная морализация, принятие себя плохого, самоутверждение любой ценой, девиантное поведение, пассивная сознательность.

Итак, социально-педагогическая запущенность обуславливает снижение уровня развития субъектных свойств личности подростка, что формирует их объектную позицию в жизни. В свою очередь, данная личностная позиция влияет на нравственное самосознание и поведение запущенных подростков. У них более выражены отклонения в нравственном самосознании и поведении.

#### Литература

1. Ерасов Б.С. Социальная культурология .- М., 1997.
2. Змановская Е.В. Девиантология (Психология отклоняющегося поведения). М., Академия, 2003.
3. Кондратьев М.Ю. Девиантное поведение подростков. М., 2005.
4. Личко А.Е., Попов Ю.В. Делинквентное поведение , алкоголизм и токсикомании у подростков. М., 1988.
5. Макарычева Г.И. Коррекция социально и педагогически запущенных подростков.Тренинги для подростков и их родителей. СПб, Речь, 2007.
6. Мардхаев Л.В. Социальная педагогика, учебник М., Гардарики,2005. - 269 с.
7. Кон И.С. Каким они себя видят? - М.,1975.
8. Кон И.С. Открытие «Я». М, 1978.
9. Петровский А.В. Личность, деятельность, коллектив. М., Политиздат 1982.

## **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУЫ**

Қазіргі жаңартылған білім беру жағдайында педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін дамытуды зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Кәсіби құзыреттілікті дамыту жоо-да кәсіби оқыту үдерісінде жүреді. Болашақ маман жеке және кәсіби жоспарда әр түрлі білімді, іскерліктер мен дағдыларды меңгереді, сондай-ақ қабілеттерін жетілдіреді. Осы орайда, болашақ маманның білімі, іскерлігі мен дағдыларының жиынтығы ретінде алға шығатын кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға психологиялық-педагогикалық жағдай құру өзекті болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы сапалы білім беру бағытында «Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан, құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұр. Бұл – кезек күттірмейтін шаруа», - деп көрсетілген. Осы жолдауда жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті екендігі көрсетілген [1]. Сондықтан болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың заманауи психологиялық-педагогикалық жолдарын айқындау міндеті алға шығады.

Құзыреттілік мәселесі педагогика және психология ғылымының зерттеу нысанына айналғалы бері, көптеген ғалымдар бұл бағытта өз еңбектерін ұсынды. Солардың бірі қазақстандық ғалымдар Қ.С. Құдайбергенова [2], Б.Т. Кенжебеков [3], болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамыту жолдарын қарастырды.

Болашақ кәсіби мамандардың жоо-да оқып жүргенде кәсіби құзыреттіліктері дамуы үшін бірқатар төмендегідей жалпы және кәсіби компоненттер игеруі керек:

- қоршаған әлемді, үдерісті және қызмет нәтижесін тұтас қабылдауды қалыптастыру;
- оңтайлы шешімдер қабылдау технологияларын, түрлі өзгерістерге бейімделу дағдыларын меңгеру;
- қызметтегі жүйелік тәсіл мәдениетін меңгеру, тұрақты жүйелерді құрастыру қағидаларын меңгеру және т. б.

Болашақ маманның кәсіби даму үдерісіне В.А. Слостенин бойынша ішкі өзара әрекеттесу (жеке) сипаттамалары және маманның жағымды даму әлеуетінің пайда болуына ықпал ететін сыртқы факторлар (әлеуметтік орта факторлары) әсер етеді. Жоо-да кәсіби білім беру барысында дамудың ішкі жағдайлары жасалады. Білім беру өзінің мазмұнымен әр түрлі оқу пәндері шеңберінде бірнеше рет білім алушы үшін белгілі бір идеалдарды қояды, маманға оларды ұғынуға, бағалауға және кәсіби қызметте қолдануға бағыттайды [4].

Жоғары білім беру жүйесінде болашақ педагог-психологтарды даярлау үдерісі кәсіби маңызды қасиеттердің қажетті деңгейіне ие. Оның ішінде кәсіби және жеке өзін-өзі жетілдіру траекториясын жобалау қабілеті бар болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін, бәсекеге қабілеттілігі мен кәсібилігін қалыптастыруға бағытталуы керек.

Жоғары оқу орнын бітіру педагог-психолог үшін оқуды аяқтауды және оның кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейіне жетуін білдірмейді. Педагог-психологтың кәсіби қызметі дербес құбылыс ретінде жан-жақты талдауды талап етеді. Бұл педагог-психолог қызметінің басқа түрлерімен, күнделікті қарым-қатынаспен, жеке дамуымен және жиынтық жұмыс нәтижелерімен тығыз байланысты.

Кәсіби қызмет үдерісінде кәсіби құзыреттілікті дамыту көптеген факторларға байланысты, олардың ішінде, біздің ойымызша, маңыздылары төмендегідей:

- педагог-психологтың кәсіби ұстанымы;

- кәсіби қызметтің жеке стилі;
- әкімшілікпен және педагогикалық ұжыммен өзара әрекеттесуі;
- мектептің өзінде де, одан тыс жерлерде де біліктілікті арттыру мүмкіндігі;
- маманның өзінің кәсіби білімін, іскерлігін, дағдыларын жетілдіруге мотиві.

Педагог-психолог құзыреттілігі шеңберіндегі кәсіби ұстаным-бұл тұтас психикалық білім, нақты көзқарастар мен бағдарларды, жеке қалаулар мен ішкі және қоршаған тәжірибені, шындық пен перспективаларды бағалау жүйесін, сондай-ақ таңдалған жұмыста жүзеге асырылатын (іске асырылмайтын, ішінара жүзеге асырылатын) жеке талаптарды қамтитын қатынастардың тұрақты жүйесін көрсетеді.

Педагог-психологтың кәсіби ұстанымын қарастырудың маңыздылығы оның өзін-өзі анықтауы, өзінің кәсіби және жеке тұжырымдамасын қабылдауы және іске асыру тәсілін білдіретіндігімен анықталады. Мұның аясында педагог-психологтың қызметі құрылады және кәсіби құзыреттілігі дамиды.

Ғалым Р.В. Овчарованың пікірінше, мектептегі педагог-психологтың кәсіби ұстанымы, бір жағынан қатынастардың тиімділігі мен функционалдығынан болса, екінші жағынан нормативтік құжаттар арқылы көрінеді, тиімділігі мен функционалдылығы көптеген себептерге, соның ішінде келесі мәселелерді шешуге байланысты [5]:

-қандай да бір шешімдер қабылдау кезінде педагог-психолог өкілеттілігінің шекарасы айқындала ма?;

- педагог-психолог директорға және мектеп әкімшілігінің басқа өкілдеріне көмек және кеңес алу үшін жүгіне алатын жағдайлар анықталды ма?;

-педагог-психологтың қызметін бақылау нысандары, ағымдағы есептілік мерзімдері келісілген бе?;

-білім беру үдерісіне қатысушылар үшін педагог-психолог ұсынымдарының міндеттілік дәрежесі айқындалған ба?.

Педагог-психологтың мәртебесін нығайту стратегиясы ретінде ғалым И.В. Дубровина психологиялық-педагогикалық кеңестің нәтижелері бойынша бірлескен кездесулердің таза ақпараттық немесе есептік сипатынан аулақ болуды ұсынады [6]. Бұл ең алдымен, мектепте болып жатқан оқиғаларға, мектептің тұтас педагогикалық жүйе ретінде даму үдерісіне жаңа көзқараспен қарау, оны басқаруды тиімдірек және негізді ету мүмкіндігі. Ғалым М.Р. Битянованың шығармаларында осы ұстанымдар мен өзара әрекеттесу модельдерін олардың мектептегі педагог-психолог мәртебесіне әсері тұрғысынан неғұрлым толық талдау берілген [7].

Педагогикалық мәселенің жалпылау деңгейіне қарамастан, оны шешудің толық циклі "ойлау — әрекет ету —ойлау" үштігіне дейін төмендейді және педагогикалық іс-әрекеттің компоненттерімен, оларға қолайлы дағдылармен сәйкес келеді [8]. Нәтижесінде педагог-психологтың кәсіби құзыреттілік моделі оның теориялық және практикалық дайындығының бірлігі ретінде ұсынылуы мүмкін. Мұнда педагогикалық дағдылар төрт топқа біріктірілген.

1. Әлеуметтенудің объективті үдерісінің мазмұнын оқыту мен тәрбиелеудің нақты міндеттеріне "аударуға" байланысты педагогикалық міндеттерді қою мүмкіндігі: жаңа білімді белсенді игеруге дайындық деңгейін анықтау, педагогикалық әсерді көрсету және осы негізде команда мен жеке оқушылардың дамуын жобалау мақсатында жеке тұлға мен ұжымды зерттеу; білім беру, оқыту және дамыту міндеттерінің кешенін бөлу, оларды нақтылау және басым міндеттерді анықтау.

2. Педагогикалық өзара әрекеттесу тәсілдерін бағдарламалау қабілеті логикалық аяқталған педагогикалық жүйені құруға және қозғалысқа келтіруге мүмкіндік береді: білім берудің тәрбиелік және дамыту міндеттерін кешенді жоспарлау; білім беру үдерісінің мазмұны негізделген ақылға қонымды таңдау; оны ұйымдастырудың формаларын, әдістері мен құралдарын оңтайлы таңдау.

3. Педагогикалық іс-әрекеттерді орындау білігі тәрбие мен оқытудың компоненттері мен факторлары арасындағы өзара байланысты бөліп, белгілеуді, оларды іс-әрекетке келтіруді: білім беру үдерісін жүзеге асырудың қажетті жағдайларын (материалдық, моральдық-

психологиялық, ұйымдастырушылық, гигиеналық және т.б.) жасауды; оқушының оны объектіден педагогикалық үдерістің субъектісіне айналдыратын қызметін дамытуды; бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру және дамытуды; мектептің қоршаған ортамен байланысын қамтамасыз етуді, сыртқы бағдарламаланбайтын әсерлерді реттеуді қамтиды.

4. Педагогикалық міндетті шешу үдерісі мен нәтижелерін зерделеу білігі педагогикалық қызметтің қорытындыларын есепке алуды және бағалауды талап етеді: педагогикалық үдерістің барысын және педагогтің іс-әрекетін өзіндік талдау; үстем және бағынышты педагогикалық міндеттердің жаңа кешенін анықтау.

Педагог-психологтың кәсіби ұстанымы оның қызметінің жиынтық детерминанты болып табылады. Егер педагог-психологтың жалпы бағыты әлеуметтік маңызды құндылықтарға негізделсе, кәсіби қызмет саласы өмірлік маңызды басымдық ретінде танылса және қабылданса, ал егер практикалық іс-әрекеттер қазіргі заманғы кәсіби мәдениеттің, заманауи психология мен технологияның ең жақсы дәстүрлері мен өнімді инновацияларының көрінісі болса, онда психологтың негізгі мүдделері мен білім беру ортасы субъектілерінің маңызды мүдделері осы ұстанымға бағытталған. Тиісінше, кәсіби ұстаным педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін дамытуды ынталандырады.

Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін дамыту көбінесе оның ішкі ұстанымымен анықталады. Сондықтан педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін дамытуда кәсіби өзін-өзі дамыту маңызды болып табылады.

Педагог-психологтың жеке дамуы оның кәсіби құзыреттілігін табысты дамытудың кепілі болып табылады, мұнда кәсіби маңызды жеке қасиеттер ерекше мәнге ие болады. Кәсіби құзыреттіліктің дамуы, демек, оның кәсіби қызметінің тиімділігі педагог-психологтың жеке, өмірлік, кәсіби ұстанымына, кәсіби құндылықтарға байланысты.

Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігінің мазмұны біліктілік сипаттамасымен анықталады. Бұл кәсіби білімнің, дағдылардың ғылыми негізделген құрамын көрсететін педагог-психолог құзыреттілігінің нормативтік моделі болып табылады. Кәсіби құзыреттілікті басқа жеке формациялардан шартты түрде бөле отырып, біз білімді игеру (ақпараттық қорды жинақтау) өз алдына мақсат емес, "әрекеттегі білімді" қалыптастырудың қажетті шарты, яғни кәсіби дайындықтың басты критерийі болып табылады.

Қорытындылай келе, педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі ұғымы тұлғаның тұтас құрылымында оның теориялық және практикалық дайындығының бірлігін білдіріп, оның кәсібилігін сипаттайды. Сондықтан болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың психологиялық-педагогикалық жағдайын анықтау маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

#### Әдебиет

1. Қасым-Жомарт Тоқаев "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. -Астана, 01.09. 2021 ж.
2. Құдайбергенова К.С. Құзылылық білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми-теориялық негізі.- Алматы, 2008.- 327 б.
3. Кенжебеков Б.Т. Формирование профессиональной компетентности будущих специалистов в системе высшей школы: дис... док.пед. наук: 13.00.01.-2005.-405 с.
4. Педагогика. Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений /В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов; под ред. В.А. Сластенина. - М.: Издательский центр "Академия", 2013. - 576 с.
5. Овчарова Р.В., Духновский С.В. Гармония и дисгармония межличностных отношений субъектов образовательного процесса. Курган: Изд-во Курганского гос. ун-та, 2012. - 277 с.
6. Дубровина И.В. Психологическое благополучие школьников в системе современного образования: учебное пособие. СПб.: Нестор-История, 2016. - 180 с.
7. Битянова М.Р. Организация психологической работы в школе. — М.: Совершенство, 1998. — 298 с.
8. Байденко В.И. Компетентностный подход к проектированию государственных образовательных стандартов высшего профессионального образования (методологические и методические вопросы): Метод. пособие. М., 2005.- 285 с.

**ПРОФЕССОР С.М. ЖАҚЫПОВТЫҢ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАЛАРЫ**

**ЭТНОПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ И ТВОРЧЕСКИЕ НАСЛЕДИЕ ПРОФЕССОРА С.М. ДЖАКУПОВА**

**Әмірова Б.Ә.**

*(Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.,  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті)*

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ДАМУ,  
ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Еліміздің егемендік алуы, ата-бабаларымыз аңсаған арманы еді. Жалпы бұрынғы кеңес кезіндегі мемлекеттер өз тәуелсіздігін алып, әрқайсысы қарқынды дами бастады. Солардың алғашқылары болып, Қазақстан қарқынды дамудың кезеңін қолға алып, соның көптеген жемісін көріп отырмыз.

Егемендік ел болып қалыптасқанға дейін қазақ елі көптеген қиындықтар болса да, көптеген жетістіктерге де жетті. Дегенмен, өз болмысындағы құнды жағдайларды, мінез-құлық таптаурындарын көрсете алмады. Осы отыз жыл ішінде Елбасының бастауымен қазақ халқы өзінің генетикалық рухани байлығын көрсете білуде. Бұған Н.Ә. Назарбаевтың басты екі мақаласы: «Болашаққа бағдар: *рухани жаңғыру*» және «Ұлы даланың жеті қыры» ұйытқы болды. Бұл туындылар көпшілігіміздің ой-санамызға жаңа бағыт ұсынғандай болды. Мәселен, еліміздің болашағы жастарға білім мен тәрбие беру жолдарын қайта қарастыруға ой салды.

«Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының алғы сөзінде: «Бұл түп тамырымызға, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады. Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс. Оған қажетті дәйектеріміз де жеткілікті дей отырып, мына үш мәселені баса көрсетті: біріншіден, қосқан үлестері кейінірек сөз болатын протомемлекеттік бірлестіктердің дені қазіргі Қазақстан аумағында құрылып, қазақ ұлты этногенезінің негізгі элементтерін құрап отыр; екіншіден, біз айтқалы отырған зор мәдени жетістіктер шоғыры даламызға сырттан келген жоқ, керісінше, көпшілігі осы кең-байтақ өлкеде пайда болып, содан кейін Батыс пен Шығысқа, Күнге мен Теріскейге таралды; үшіншіден, кейінгі жылдары табылған тарихи жәдігерлер біздің бабаларымыздың өз заманындағы ең озық, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысы бар екенін айғақтайды. Бұл жәдігерлер Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Тіпті, қазақтың кейбір ру-тайпаларының атаулары «қазақ» этнонимінен талай ғасыр бұрын белгілі болған. Осының өзі біздің ұлттық тарихымыздың көкжиегі бұған дейін айтылып жүрген кезеңнен тым әріде жатқанын айғақтайды» - деген[1].

Бұған дәлел ретінде заманауи тарихи-этнографиялық, этнопсихологиялық т.б. зерттеулер еліміздің ертеден келе жатқан психологиялық даму механизмдерінен дерек беруде. Мысалы, егер осыдан бірнеше жыл бұрын қазақ антропологиясының зерттеушісі Оразақ Смағұлов қазақтың пайда болу тарихын 3000 жыл деп көрсетсе, кейінгі «Қазақ халқы мен оның ата –тегіне орай антропологиялық кезекті очеркі» дүниеге келген очеркінде 5000 жыл бұрын пайда болғандығын дәлелдейді[2].

Оның психологиялық құндылығы қазақ халқының «дара этнос ретіндегі бет-бейнесі, қан жүйесі, тіс құрылысы, сезімі тері бедерлері зерттеліп, олардың ешқандай этникалық топпен сәйкес келмейтіндігін, морфофизиологиялық ерекшеліктері ұлтымыздың ақыл-ой, психологиялық дамуына назар аударуымызды талап етеді. Бұл да біздің психология

ғылымындағы ішінара енетін бағыты антропология және дифференциалды психология пәндерінің болашағының этникалық зерттелу ретін аңғартады.

Осыдан мақаланың көңіл аударатын жері тұлғаның өз елінің «өкілі», «ұрпағы» деп аталуына мүмкіндік беру факторы - оның сол ортада әлеуметтену, яғни этноәлеуметтену процесінің нәтижесі екендігі.

Осыған орай, тәуелсіздіктің ең басты жетістігі - Еліміздегі бұл өзгерістер қоғамдық қалыптасу жағдайлары мен оған әсер ететін факторларын қайта қарауға мүмкіндік беруі. Ол саяси-экономикалық, техникалық және білім мен ғылымның қарқынды өсуіне мүмкіндік берді. Мәселен, бұрын - соңды елімізде қарастырылмаған мәдениеттану, әлеуметтану, әлеуметтік педагогика, дінтану, психология т.б. экономикалық, саяси ғылымдар дүниеге келді.

Соның ішінде, қазақстандағы психологиялық ғылымының да жедел дамып, жетілуіне үлкен әсер етті. XX –ғасырдың 80-90 жылдары елімізде психология ғылымының мамандарын ЖОО-да даярлау басталды. Мәселен, Алматы, Қарағанды, Нұр-Сұлтан, Павлодар, Шымкент т.б. қалаларда психолог мамандар даярлайтын университеттерде орысша-қазақша бөлімдер ашылды. Қазіргі таңда елімізде психология ғылымының әр салалары мамандары қызмет етіп, жетістіктерге жетуде.

Егер XX- ғасырдың 20-30 жылдары қазақша оқулықтардың бір ғана психология және педагогика ғылымдарының докторы, профессоры Қ.Б. Жарықбаевтың «Психология» оқулығымен ғана психология ғылымын таныған болса, бүгінгі таңда Т.Тәжібаевтың, Ж.Аймауытовтың, С.Балаубаевтың (Еңбек, даму, қарым-қатынас психологиясы), Ө.Тілеуғабыл (Шипагерлік баян) еңбектерін танып білуде. Ал, Абай, Ыбырай, Ілияс, Сұлтанмахмұт сынды классиктердің еңбектерін психологиялық тұрғыдан зерттеп, көзқарастарын зталдау мүмкіндік алдық.

80-90 жылдары елімізде саусақпен санайтындай Қ.Жарықбаев, Ж. Намазбаева, Х.Т. Шериязданова және С.М. Жақыпов сияқты докторлар мен кандидаттар ғана болды. Егемендік алуға байланысты көптеп докторлар мен кандидаттар даярлана бастады.

Қазір елімізде қаншама докторлар, PhD докторлары, ғылым кандидаттары, профессорлар бар. Ал, докторантурада оқып жатқандары қаншама.

Тағы бір егемендіктің жетістіктерін айтатын болсақ, қазақстан психология ғылымының салалық дамуы да қарқынды өсуде. Мысалы, эксперименталды психология, этнопсихология және тәжірибелік салалары жетілуде. Сонымен қатар, әртүрлі зерттеу орталықтары мен тәжірибелік орталықтар ашылып, бұқара психологиялық көмек көрсету қарқынды дамып келе жатыр.

Біздің еңбектеріміз шетел баспаларында жарық көруде. Ал, ғылыми-әдіснамалық тұжырымдарда ғылымда өз үлесін қосып келеді. Бұл көрсеткіштер қазақстан психологиясындағы жетістіктерді оның рөлін анық көрсететеді. Адамның өз - өзіне бағыттылығын анықтауға мүмкіндік жасап отыру керек. Ендеше, қандай да тұлға болмасын өз пірін өзі таңдауы қажет.

Қарқынды даму бәсекелік қабілет, білімнің салтанат құруы деген бағыттары негізгі мақсатты орындауға негіз болды.

Ал, біздің оқыту процесінде отандық ғалымдарды дәріптеу, олардың ғылыми көзқарастарын, ғылыми-әдіснамалық бағыттарын қолдану, қолдау болмай келе жатыр. «Өзіңді өзің сыйласаң жат түсіңнен түңілер» деген халқымыздың даналық сөзіне мән бермей келеміз. Әсіресе қазақстандық психолог ғалымдардың отандық бағалануы мен таралуы жеткіліксіз. Болған күннің өзінде нақтылы бір аймақтың төңірегінен шықпайды. Мәселен, елімізде тіпті шетелге аты мәлім психолог-ғалымдарымыздың, атап айтқанда, Жәмила Ыдырысқызы Намазбаеваның, Хорлан Тоқтамысқызы Шериязданованың, Алма Таурбекқызы Ақажанованы, Света Қыдырбекқызы Бердібаеваның, Бибісара Әубәкірқызы Әмірованың, Нүргүл Қорғаджанқызы Тоқсанбаеваның, Забира Бекешқызы Мадалиева, Майра Победақызы Қабақованың, Оспан Сейдуллаұлы Саңғылбаевтың, Фатима Сағымбекқызы Ташимованың, Мұқан Әтенұлы Перленбековтың т.с.с. еңбектері мен ғылыми көзқарас, тұжырымдамаларын

оқу бағдарламаларына енгізіп, насихаттау қажет. Ал, Құбығұл Бозайұлы Жарықбаевтың қазақстан психологиясы тарихнамасының өз жерімізде насихатталып таралуы өте төмен деңгейде. Ендеше, біздер осы мәселелерге үлкен назар аударуымыз керек. Шетел мен ресейлік ғалымдар ілімдерінен асып кете алмай жатырмыз. Кезінде заманауи ғалым-психолог, профессор Сатыбалды Мұқатайұлы Жақыпов қазақстандық психологияның, әсіресе, эксперименталды, қолданбалы, тәжірибелік психологияның ресейліктерден едәуір алда келе жатқанның талай айтқан болатын. Ендеше, қазақстандық психология ғылымы өзінің ғылыми-теориялық, тәжірибелік тарихын қарқынды дамытып келе жатыр.

Қандайда тұлға өзінің даму барысындағы жетістіктерге тек адал еңбек, ақыл арқылы жететіндігін осы факторлар арқылы қалыптастырамыз. Бұл туралы ғұлама Абай этикалық тұжырымдамасында «еңбек» деп аталатын ұғым ерекше орын алады. «Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа шашпақ», – деп қандай еңбекті дәріптеу керектігін байқатады. Адамның тұлға ретінде қалыптасу процесінде өскен ортаның, тәрбиенің рөліне үлкен мән бере отырып, ұлы ақын әркімнің өзін-өзі жүйелі түрде тәрбиелеп отыруы керектігіне айырықша көңіл бөледі. Өзінің он бесінші сөзінде ол осы ойды былайша толғайды: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айына бір – өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» [6]. Мұнда ақын адамның өзіне өзгелердің көзімен қарап, күнделікті істеген ісіне талдау жасауға, барлық әрекетіне жауап бере алуға, өзінің өмірдегі орнын біліп, соған лайық іс-қимыл жасауға міндеттілігін ашады.

Қорытындылай келе, адамның этникалық әлемі оның бар өмірін анықтайды, ол қабылдайтын шешімдерге тікелей әсер етеді, танымдық процестерінің сол этносқа тән ерекшеліктерін қалыптастырады дей аламыз. Этномәдениет адамда туындайтын әртүрлі сұрақтарға жауап береді және ол призма секілді болады, сол призма арқылы адам әрекет етуі тиіс қоршаған әлемге қарайды.

Қандайда болмасын ғылыми ізденіс жұмыстарын (докторлық диссертацияларды) бағалауда өте нақтылы ғылыми және тәжірибелік, қолданбалық жағын «өте жоғары» немесе «жоғары» деп бағаланады. Сұрақ «неге бұл еңбектер, көзқарастар, зерттеу нәтижелері» қолданысқа енбейді?

Біз әлі де болса тек шетелдік бағдарламаларды дәріптеп, шетелдік ғалымдардың материалдық жағдайларын жақсартып жатырмыз. Мәселен, «Темпус» бағдарламасы бізде оларға дейінгі зерттеліп келген «мигранттардың» жаңа ортаға бейімделуі жайлы зерттеп, біздің қызметіміз бен білімімізді, ақшамызды пайдаланды. Одан түскен мемлекеттік пайда немесе зерттеу қорытындылары қандай нәтижеге әкелді? (Біз үшін).

Ендеше, біздің мұңымызды кім шешеді? Сонда Абайдың, Сұлтанмахмұт сияқтылардың әдеби-философиялық, психологиялық ойларын, ғылыми-психологиялық тұрғыдан зерттеп көрсете алмай отырмыз ба деген ой келеді.

«Тұтас мемлекетті қамтитын ауқымды іс-шараларды өткізген кезде айқын көзқарас, нақты ұстаным болуы шарт. Себебі өңірлердің бәрі орталыққа бейімделіп жұмыс істейді. Сіздерден бағдар алады. Тәуелсіздіктің 30 жылдығын тек мерейтой деп санауға болмайды. Ең алдымен, бұл тарихи оқиғаға идеологиялық тұрғыдан қарауымыз керек», – дей келіп, «Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз және ол бәрінен қымбат! Біздің міндетіміз – кейінгі ұрпаққа кемел және қуатты Қазақстанды аманаттау», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президентіміздің бұл ой тұжырымы ел азаматтарынан нақтылы көзқарастар мен ұсыныстар күтетіндігін білдіреді. Ал, психология ғылымы қазір қайда болса да өз өзектілігін дәлелдеп отыр.

Әдебиет

1. <https://khabar.kz/kk/zekti/item/108727-elbasy-ma-alasy>
2. Қайратұлы Б. «Қазақ халқының бес мың жылдық шежіресі» мақаласы. – «Егемен Қазақстан» газеті. - 2021.1.11.-3 б.
3. Жақыпов С.М. Психологическая структура процесса обучения. Моногр. – Алматы: «Қазақ университеті», 2004. – 310 с.

4. Әмірова Б.Ә. Қазақ отбасы психологиясы: теориясы мен практикасы.- Қарағанды: «Ақнұр» б-сы. 2014. -134 б.
5. Әмірова Б.Ә. Этностық жаңсақ нанымдар: теориясы мен практикасы. Қарағанды. «Полиграф» баспасы, 2012 – 395 б.
6. Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағы // Аудармалар мен қара сөздер. – Алматы. «Ғылым» б-сы. – 1977 ж. II Том. – Б.149.

***Berdibayeva S.K., Karimbay A.Zh., Kurmanali A.E., Tolekazy G.G.***  
*(Republic of Kazakhstan, Almaty ,  
Al-Farabi Kazakh National University)*

## **THE INFLUENCE OF AITYS ART ON PERSONALITY DEVELOPMENT**

The main purpose of present research was to investigate the psychological nature of Kazakh Aitys and it's impact to personal development, ethnocultural values and other skills of Kazakh young People, which required by modern market world.

According to the results of the present research there are considered that the Aitys is a joint dialogical creative cognitive activity, which psychological structure has communicative-interactive nature and depends on Kazakh ethnic picture of the world. Aitys as a kind of folklore has a change trends.

The main difference of Aitys from other types of Kazakh folklore is the structured creative oral poetry, which is always connected with the modern state of Kazakh people, the valuable orientations and market, economical conditions. Therefore the popularity of Kazakh Aitys is actual nowadays.

In the Kazakhstan Psychological School there are few works on the psychological study of the work of the aitys of the Kazakh ethnos, folklore in general, among which the most important, relevant ethno-psychological studies are the works of M. Mukanov [1].

The traditions of oral arts of folklore, particularly of Aitys are the psychological basis of ethnicity research.

The purpose of this study is to analyze the psychology of the creative process of aitys through transactional analysis [2].

There were used the transactional analysis of E . Berne [3], by means of which we analyzed the creative process of Aitys with the purpose of investigating it's nature and creating new communicative and interactive model of creative process of Aitys. Transactions were found and analyzed in all of these Aitys.

Aitys introduces novelty and according to the contents it's leads to particular change in human minds. In the intellectual sphere of young people there are the development and flexibility, resourcefulness.

In this regard, one more function of an Aitys in the process of communication is the development of critical thinking of youth, and also a new creative position in a communication process.

In turn, the critical thinking corresponds to an adequate condition of the adult according to E. Berne [3]. Studying Aitys as joint and dialogical thinking process, we consider only communicative and interactive components of communication.

During the investigation of Aitys the special communicative interactive model of Aitys, which based on scientific conception of joint dialogue thinking activity of S.M. Dzakupov [4], and transactional analysis of E. Berne [3] was created. According to TA developed by E. Berne in this research have described the three Ego states of Aitys singers (see table 1).



Table 1. Diagnostic characteristics of Ego states in Aityys

Ego state:	«Parent»	«Adult»	«Child»
Means of the Ego states during Aityys	Aityys singers give an estimated judgment with ingrained voice of authority, absorbed conditioning	Aityys singers have ability to think, which based on received data. They can control their emotions. Their arguments are logical sequence of the statement	Aityys singers may have spontaneous emotional reaction with negative, impulsive statements, unreasoned estimations

Aityys singer can be in each Ego state during aityys. And all these ego states may change during aityys. Transactions during aityys process are completed, but the last one may be incomplete because the weak aityys singer can stop the aityys process.

For example, in youth aityys between Dzhabbul and Aikumis (which was in 1871) have found 7 transactions, one of them was incomplete transaction [5]. Among them Dzhabbul was in “Adult” Ego state in 5 transactions.

He was in “Parent” position only in one transaction. Aikumis was in “Parent” Ego state in 5 transactions, and only one was in “Adult” Ego state (see figure 1-3). The winner of this aityys was Dzhabbul.




Fig.1 Example of the 2-nd transaction in aityys between Dzhabbul and Aikumis




Fig.2 Example of the 3-rd transaction in aityys between Dzhabbul and Aikumis




Fig.3 Example of the 4-th transaction in aityys between Dzhabbul and Aikumis

The victory in aityys is provided with a position of "Adult" because this position can control emotional states of aityys singer and give a logic creative thinking and reflection.

Ego state “Child” not effective in aityys because it can cause a conflict situation by emotional reaction of aityys singer. And also Ego state “Parent” not effective in aityys because it characterized as authoritative position, which may cause negativism.

Aityys is a technique, training, practice of creative thinking development. Aityys is still popular in our days because it is a unique kind of folklore which allows expressing in socially comprehensible form of Kazakh people opinions about positive and negative sides of social life.

Thus, ethnopsychological research of an Aityys allows to draw the following:

1. Aitys is a type of folklore which is focused on change, expansion of consciousness and development of the identity of the person as the developing psychological practice.

As a result of joint practical activities Aitys develops not only the intelligence, but develops also the personality in general.

2. According to the concept of the transaction analysis of E. Berne, by criteria of three Ego states the empirical experimental base for future researches of an Aitys as creative cognitive joint and dialogical activity of the personality was created.

3. From a position of system approach the main function of Aitys is a strengthening of feeling of ethnic identification.

Considering critical and productive cognitive activity of participants of process of Aitys definition of process of Aitys as psychological component is given.

Process of communication in the Kazakh ethnos has its features. Aitys isn't result and a victory of one person during competition, since Aitys is result of joint creativity of listeners and poets, because they are representatives of the same ethnos.

With the influence of an Aitys uniform ethnic integrity of the Kazakh people is created. During an Aitys there is a co-authorship, empathy of the same problems and conditions of the people.

Aitys introduces novelty and according to the contents it leads to particular change in human minds.

In the intellectual sphere of young people there are the development and flexibility, resourcefulness.

In this regard, one more function of an Aitys in the process of communication is the development of critical thinking of youth, and also a new creative position in a communication process.

#### References

1. Mukanov M. M. Mental activity. - Almaty, 1975. – 181 p.
2. Berne E. Transactional analysis. – SPb, Publisher : Owl, 2004. – 928 p.
3. Berne E. Games people play: The psychology of human relationships//Balantine books, 1964
4. Dzhakupov S.M. The methodical problems of studying of joint activity// Almaty: 2003. P.114-149
5. Aitys. Almaty: Zhazushy, Vol.3. 1966. 617 p.

***Berdibayeva S.K., Abirov M.R., Molbayeva A.Zh., Sadyrkul N.G.***

*(Republic of Kazakhstan, Almaty,*

*Al-Farabi Kazakh National University;*

*Sagadat Nurmagambetov The Military*

*Institute of the Ground Forces of the Ministry of Defense*

*of the Republic of Kazakhstan)*

## **THE STUDY OF ETHNIC IDENTITY AND SELF-ESTEEM OF KAZAKHSTANI ADOLESCENTS IN MODERN CONDITIONS**

The personality of the modern teenager is influenced by communication and collaboration with peers and the older generation. Among modern Kazakh teenagers these processes occur in the new conditions of life, associated with the acquisition of the state sovereignty of the Republic of Kazakhstan.

Our research is devoted to the study of ethnic identity and self-esteem of the Kazakh teenagers in modern conditions. Our aim is to define the role of a component of ethnic identity in the structure of self-esteem of modern Kazakh teens and adolescents of the older generation.

The novelty of the work is due to the lack of experimental data on the ethnic identity and self-esteem of modern Kazakh teenagers. For the first time, the component of ethnic identity is considered not in isolation but in the structure of self-esteem of teenagers.

For the first time, social analysis of ethnic identity's features in the structure of self-esteem of teenagers in comparison with the structure of adolescent self-esteem of the older generation is conducted.

Adolescence - is a sensitive period for development of self-esteem and self-conscious regulation of their actions. During this period, the adolescent attitude to himself is developed, matching his personal features with the features of other people, other nations, and other age groups.

But each generation of teenagers is going through this period and tries to solve the problems inherent in its own way, under the new historical conditions of society.

For a teenager become a significant position, "I and the public." Teenager turns to the self-analysis, to compare himself to others, he formed value orientations, formed relatively stable patterns of behavior that are not so much in the image of a particular person, but in the specific requirements that teens make on people and themselves [1, 2, 3].

Savonko E.I. found that a marked shift in the orientation to self-esteem is in the period of adolescence. The increasing focus on self-assessment in the regulation of behavior emphasizes the continuity of the child's transition to higher and higher levels of mental development, the complexity of its self-consciousness, self-regulation and, in particular, built on self-esteem. [4].

We conclude that socialization factors play an important role in the development of self-esteem. By their nature, self-esteem is a social phenomenon, and is therefore important to study the impact of social conditions on the formation of self-esteem among adolescents in contemporary society.

One of these social conditions is gaining independence the Republic of Kazakhstan, which should definitely be reflected in the characteristics of the modern self-Kazakh teenagers.

Interest to modern ethno-psychological studies is renewed, as reflected in the analysis of the psychological aspect of ethnicity - "ethnic identity." This is reflected in an article "Anthropology and ethnicity" by Margaret Mead [5].

Stefanenko T.G. indicates that ethnic identity is the result of cognitive-emotional process of awareness itself as the representative of the ethnic group, a certain degree of unidentified with it, and isolation from other ethnic groups [6]. Undoubtedly, ethnic identity is an integral part of social identity, in this regard, there are attempts to highlight its specific features in the psychological literature.

In the post-Soviet space the problem of ethnic identity has become particularly important due to the collapse of the Soviet Union.

The emergence of independent and sovereign states led to the search for a national identity. Today the problem of ethnic identity accordingly acquired the status of a strategic, resulting in a search of the national idea, promoting social integration.

The sense of ethnic identity among the Kazakhs exposed to strong destructive factors during the period of Kazakhstan's development in the Soviet Union.

However, studies have shown that the situation has significantly changed in recent years due to the sovereignty and independence of Kazakhstan. This has led to an increase of ethno-social status of Kazakhs as nation, which forming ethnos, who had given the name of the country, to develop a sense of self-respect and pride for his nation, respect for one's mother tongue.

In other words, we need to pay more attention to the preservation and strengthening of positive ethnic identity through the formation of a positive - emotional relationship to the ethnic group on the basis of knowledge of their culture, their language, traditions, which will contribute to maintaining the individual inner desire to follow them.

Thus, it can be considered the best way of Kazakh society is taking the path of integration of current trends in the world of information, technology, economics, politics, but with the preservation of their own culture, traditions, language, and national character.

Analysis of the phenomenon of ethnic identity leads come to the conclusion that it is not a static form and under the influence of various factors can be transformed. And this means that particular ethnic stereotypes determined by the specifics of ethnic identity - the degree of its formation and its variations.

Therefore, in modern foreign, and especially in the domestic ethnic psychology, the problem of ethnic identity and its transformation in the post-Soviet period is one of the main subjects of theoretical and empirical studies of ethnic psychology.

According to Dzhakupov S.M, the content of the general fund of semantic structures is based on various characteristics of the subject-subject space, including the ethnic picture of the world of interacting actors, appearing in the individual characteristics of mental activity [7].

Among modern Kazakh teenagers these processes occur in the new conditions of life, associated with the acquisition of the state sovereignty of the Republic of Kazakhstan.

In connection with this young Kazakhs more aware of belonging to the titular nation, the language for the first time in recent history has gained the status of official language. On the formation of ethnic identity of adolescents inevitably affect the geopolitical changes in the society.

For a new generation of young Kazakh important factor in the development of their personality is the country gained independence. However, in modern psychological literature there are no reliable data on any changes in their national identity and self-esteem. This determines the novelty of our study, its theoretical and practical importance.

Features of self-esteem of modern Kazakh teenagers are, first, to its higher level in comparison with older teenagers, and secondly, the structural similarity with the previous generation, having a private nature, which speaks as of succession, and of the differences of self-assessment between two generations of teenagers.

There is a similarity in the private structure of self-esteem of modern Kazakh teenagers and adolescents of older generation by qualities received the highest and lowest scores. The structure of self-esteem of modern teenagers is significantly different from that of adolescent of older generation towards more differentiated.

In general, the general structure of the self-esteem of modern Kazakh teenagers is a more balanced and symmetrical pattern, while the general structure of adolescent self-esteem of the older generation is an asymmetric distribution of scores with explicit component of ethnic identity as the lead managers.

Thus, comparing the role of ethnic identity component in the general structure of self-esteem, it can be concluded that a component of ethnic identity came in the fourth place in importance and no longer plays a leading role, as the older generation of teenagers.

The ethnic identity of modern Kazakh adolescents revealed both similarities and differences with the peculiarities of ethnic identity of young people of the older generation.

The relevance of the development of ethnic identity and self-esteem of teenagers is important in the new conditions of life of state independence of the Republic of Kazakhstan, as is the need to take account of new scientific data to improve performance with teenagers.

Summarizing our research note that adolescence is the age of rapid development of the individual. Modern conditions of state sovereignty of the Republic of Kazakhstan create new living conditions for the dynamic development of ethnic identity of teenagers and development of the structure of their self-esteem.

The relevance of the development of ethnic identity and self-esteem of teenagers is important in the new conditions of life of state independence of the Republic of Kazakhstan, as is the need to take account of new scientific data to improve performance with teenagers.

#### References

1. Psychology of the modern teenager / Ed D.I. Feldstein. - M., 1987. - 236 p.
2. Ginsburg M.R.. Psychological content of the life field of Progress Older Personal // The world of psychology and psychology in the world. - 1995. - № 3 (4). - P. 21-28.
3. Psychological characteristics of adolescent identity / Ed. M.I. Borishevskiy. - Kyiv, 1990. - 156 p.
4. Savonko E.I. Age features of the relations between self-assessment oriented and the assessment of other people oriented. - M., 1988. - 112 p.
5. Mead M. Culture and the world of childhood. - M., 1988. - 429 p.
6. Stefanenko T.G. Ethnic psychology. - M., 2000. - 320 p.

**Орынбасаров С.Е., Кудайбергенова А.Ж.**

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)*

## **БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӘСКЕРИ ПСИХОЛОГИЯҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

«Соғыс – ұлттық ерік – жігердің сынағы ... адам өмірінде терең із қалдыратын, дүр сілкіндіретін оқиға» [1]. Басқаша айтқанда, соғыс - адамның бар тұлғалық қасиеттерінің, психологиялық тұрақтылығының сынағы.

1941-1945 жылдардағы соғыс бүкіл Кеңес халқы, Қарулы Күштер, әскери тәрбие жүйесі үшін қиын сынақ болды. «Бұл менің соғыс туралы толғаныстарым немесе оны жазушының образбен ойлауы емес, жай ғана - ерлікке тәрбиелеу туралы ойлар деп айтамын» [1, 5 б.]. Жауынгерлерді психологиялық жігрелендіру міндеттерінің дұрыс шешімі - Отан тағдырына байланысты болды. Осындай міндетті өз мойнына Бауыржан Момышұлы алған болатын.

Әскери қызметшіні тәрбиелеуде командирлердің қарамағындағылардың тұлғалық ерекшеліктерінен және жеке көзқарас, дүниетанымдарынан хабардар болу ерекше мәнге ие. Әскери қызметшінің жеке-психологиялық қасиеттерін зерттеу тәрбие процесінің тиімділігіне әсер ететін әскери қызметшінің тікелей командирінің оңай емес және өте маңызды міндеті болып табылады.

«Командирдің парызы - солдаттардың қандай да бір болмасын іс-әрекеттерін назарға алмай, ескерусіз қалдырмау. Егер солдат жақсы ісімен көзге түссе - ол мадақталуға тиіс» [1, 7 б.]. Сондықтан әскери психологтың, командирлердің және офицерлерінің қазіргі кезеңдегі жұмысы маңызды диагностикалық қызметті қамтиды, оның ішінде әскери қызметшінің мінез-құлқының себептерін, оның әскери міндеттерге, әріптестеріне деген көзқарасын, әскери жарғыларды орындауға дайындығын, моральдық-психологиялық жағдайды, тәрбие процесінде сақталуы керек ең қолайлы жеке қасиеттерді анықтау. Бұл жұмыс әр түрлі қызмет және оқу жағдайларында әскери қызметшінің мінез-құлқын сенімді және мүмкіндігінше дәл болжауға мүмкіндік береді, бұл әскери ұжымды тиімді сүйемелдеуге әкеледі. Момышұлының еңбектерінен байқауға болатындай, соғыс жағдайында жеңістің кепілі болмақ.

Әскери қызметтің сәттілігі әскери міндеттерді бөлу кезінде әр әскери қызметкердің жеке психологиялық ерекшеліктері қаншалықты ескерілгеніне байланысты болатыны анық. «Әскери қызметшінің тұлғалық психологиялық ерекшеліктері биогендік, социогендік және психогендік элементтердің интегралды тұтастығына байланысты» [2]. Басқаша айтқанда, әр адам жеке тұлға ретінде гендік және биологиялық ерекшеліктеріне байланысты ерекше қасиеттер жиынтығымен туады. Бұл ерекшеліктер болашақта оның мінез-құлқы мен қызметінің ерекшелігін анықтай алады. Демек, оның тұлғалық қасиеттерінің негізгі детерминанты болып табылады деген сөз. Б. Момышұлы айтқандай «Ұрыс жалған батырлықтың бетпердесін сыпырып тастайды. Егер де бейбіт уақытта адамның кейбір ерекшеліктері байқалынбаса, онда ол ұрыс үстінде ашылады» [1, 9 б.]. Яғни, жауынгердің тұлғалық қасиеттері оны қоршаған ұрыс шындығында сынға түседі.

Әскери қызметшінің жеке психологиялық ерекшеліктері, әрине, жинақы тұжырымдама екенін есте ұстаған жөн, оған келесі компоненттер кіреді: жеке тұлғаның бағыттылығы, мотивацияның, ерік-жігердің, эмоционалды саланың ерекшеліктері, темперамент, мінез-құлқы, танымдық іс-әрекеттің ерекшелігі, құндылық бағдарлары, әртүрлі жағдайларды қабылдау ерекшеліктері, өмірлік және кәсіби мәселелерді шешудің ұтқырлығы мен креативтілігі, мінез-құлқы стереотиптері, эмоционалды реакция. жағдайлар және т.б. [3].

Бауыржан Момышұлының еңбектерін және ҰОС кезіндегі басқа да жазбаларды талдай келе, тұлғаның негізгі компоненті оның бағыттылығы болып табылады (мүдделердің ерекшеліктері, идеалдардың болуы, сенімдер, қажеттіліктер, дүниетанымның ерекшелігі) деп айта аламыз [1, 10 б.]. Дәл осы компонент әскери қызмет атқару кезінде тез өзгеретін жағдайларында әскери қызметші тұлғасының мінез-құлқын айқындайды. Жеке тұлғаның бағыттылығы - адамның психологиялық жағдайына, эмоционалдық көріністеріне, когнитивтік және ерік процестеріне әсер етеді. Әскери қызметші тұлғасының бағыттылығы мен мотивтерінің үйлесімі моральдық, өмірлік көзқарастарын, нанымдарын, мүдделерін, жауынгерлік қызмет талаптарын жауапты орындауға бағытталуын, мақсаткерлігін көрсетеді [4]. Бауыржан Момышұлының нағыз ер жүрек жауынгерді «ұрыста, соғыста адамға тән барлық жоғары және төменгі қасиеттері» көрініс табады. Ол сезімдерді екі топқа жіктеуге болады:

Жоғарғы сезімдер:

- Парыз
- Ержүректілік
- Адамгершілік
- Ерлік
- Батырлық
- Қаһармандық және т. б.

Төменгі сезімдер:

- Опасыздық
- Үрей
- Ұждансыздық
- Қорқыныш
- Шошу және т. б. [1, 12 б.].

Б. Момышұлының айтуынша, Ұлы Отан соғысында жеңіске жетуіміздің негізгі себебі: жауынгердің «моральдік-адамгершілік күш» және «жанды, саналы адам». Ал, материалдық жабдықтар, қару-жарақ тек жеңістің бір көптен бір құралы ғана. Ал моральдік-адамгершілік қасиеті рухани күшпен анықталады. Б.Момышұлы бойынша рухани күштің негізгі компоненттері:

- Ақыл
- Сезім
- Ерік-жігер [1, 12 б.].

Осы үш қасиетті жауынгердің бойында ұштастыру тәрбилеудің мақсаты болып табылады. Осының мысалын ретінде взвод командирі Редин мен комдив Бауыржан арасындағы диалогтан көре аламыз.

«Менің ұстазым, менің алғашқы командирім менің алдымда тұрып, бас киіміне қолын созды. Ол әлі де ұқыпты және өзінше әдемі еді.

— Николай Васильевич! Бұл сіз бе, Николай Васильевич? Неліктен сіз бұрын өзіңіз туралы айтпадыңыз? Николай Васильевич!

Мен одан неге қартайғанын сұрағанда, ол жымыш, былай деді:

- Біз, полковник жолдас, Кеңес Одағына қызмет етеміз. Кеңес Одағы әлі де өте қиын жағдайда.

«Николай Васильевич, сізді жетінші рет жарақат алуға жіберуге ұятым бармайды», - дедім мен Рединге кешкі ас кезінде. - Наубайшы болып әскери наубайханаға барыңыз.

— Сіз мені ренжітпеңіз, жолдас полковник, - деді Редин ашуланып, тістері сықырлап. Менің түпкілікті шешімімді асыға күтті.

Мен де ашуландым және ресми түрде бұйрық бердім:

- Старшина жолдас Редин! Взводты басқаруға барыңыз!

- Тыңдаймын, жолдас полковник. Сізге, жолдас полковник, менің әскери жолдастарыма оралуға рұқсат бергеніңіз үшін рахмет!

Редин кеткеннен кейін, Конковский ұзақ уақыт бойы адамдармен сөйлесе алмайтынымды айтты. Мен Рединге жаман ештеңе тілемедім, тек оған қауіпсіз жер ұсындым деп ақталған кезде, Конковский жымып, былай деді:

— Мәселе сонда, жолдас командир! Сіз жауынгердің абыройы мен ар-намысын қорладыңыз! Мәселе сонда, жолдас комдив...

«Мен үн қатпадым» [5]. Бұл диалогта, комвзвод Рединнің, жоғарыда айтылған рухани күштің үш компонентінің үйлесімділігінің куәсі бола аламыз.

«Қорықпайтын адам жер бетінде жоқ. Қорқыныш тірі нәрселердің бәріне, тек адам мен жан-жануарларға ғана емес, сонымен бірге тіпті өсімдіктерге де тән. Батылдық пен қорқақтық - бұл қорқыныштың парызбен күресінің нәтижесі. Қорқыныш бар, бірақ оны жеңуге болады. Қорқынышты: біріншіден, ішкі мәжбүр ету жолымен, екіншіден, сыртқы мәжбүр ету жолымен, яғни қоғамдық ықпал ету жолымен жеңуге болады» [1, 14 б.]. Жауынгерді нағыз жауынгер ететін ерекше қасиеті - қорқақтық. Жүзден астам ұрыстарға қатысқан Бауыржан Момышұлы, қорықпайтын адамды кездестірмегенін айтады. Барлығына өзін-өзі сақтау инстинкті тән екенін айтып өтеді. Б.Момышұлы бойынша оны жеңудің екі жолы бар: біріншіден, ішкі мотивация, тұлғаның бағыттылығы болса, екіншіден, сыртқы мотивация. Автордың айтуы бойынша соғысқа өлу үшін емес, өмір сүру үшін барады [6]. Соғыс кезінде қорқу мен ерлік арасындағы ұрыста ұтылып, майдан даласынан қаша жөнелген әскерлердің кінәсын тек ұрыс даласында ғана жуып-шай алады. «Қашу - жаудан құтылудың жолы емес, өлімнен де жаман, ауыр опасыздық.» Оның дәлелі ретінде офицер Заевтің ісін мысалға аламыз [6, 14 б.].

Сонымен қатар, ұрыстағы батылдық өте күрделі психологиялық құбылыс болып табылады және сыртқы көріністердің барлық ұқсастықтарымен, әдетте, мүлдем басқа шығу тегі мен негізі бар. Соғыстың төтенше жағдайларында, қауіптің, қиындықтардың, тұрақты физикалық және жүйке кернеуінің әсерінен эмоционалды фактордың әсері ерекше қарқынды болады. Сонымен қатар, жауынгерлік жағдайда тікелей қарама - қарсы ұжымдық көңіл-күй бірдей ықтималдықпен көрінуі мүмкін: бір жағынан, жауынгерлік толқу сезімі, шабуылдаушы импульс, шабуыл экстазасы, екінші жағынан, топтық қорқыныш, үмітсіздік, белгілі бір жағдайда дүрбелеңге әкелуі мүмкін. Осындай батырлық көрінісін Б.Момышұлы «көзсіз батырлық» деп атаған. Ойланбай жасалынған көзсіз батырлық - есерсоқтық. «Ерлік - туа біткен қасиет емес» дейді Б. Момышұлы. Ерлік - әскери тәрбиенің өнімі. Ерлік - адамның ең ұлы сезімін - азаматтық парызын орындау үшін осындай адамгершілік, теңдікте өзіңмен сайысқа түсе отырып, тұтас коллектив өмірінің игілігін ғана емес, сонымен қауіп-қатерін де бөлісіп, жауды барынша жою, жанға-жанмен, қанға-қанмен аяусыз кек алу жолымен жеке басыңды және отандастарыңды қауіпсіз етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп-қатерге бас тігуге мәжбүр ету [6, 26 б.].

Жоғарыда келтірілген талдау нәтижесінде келесі тұжырымдар алынды. Соғыс - бұл адам үшін, әсіресе жақын әскери қақтығыста жаумен тікелей кездесетін жауынгер үшін қорқынышты және қиын сынақ. Сұрапыл ұрыс даласында әрбір жауынгердің жалпы адамдық әрі тұлғалық-психологиялық қасиеттері сынға түседі. 1073 атқыштар – Талғар полкі құрамы жауынгерлері бейбіт өмірде наубай, бухгалтер, шаруа болған қарапайым тұрғындар. Азаматтардан елін сүйетін патриот, елі үшін жанын беретін нағыз жауынгерлерді қысқа мерзімде даярлаған, Б.Момышұлының, әскери-педагогикалық-психологиялық тәрбиесінің жемісі болды деп айтсақ орынды болмақ. Б. Момышұлының ұрыс алдында өз жауынгерлерінің рухын көтеруі тәсілдері, ұрыс тактикалары Израиль әскерінде әлі күнге дейін қолдануы осыған дәлел болып отыр.

#### Әдебиет

1. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. Алматы: «Өнер», 2010. — 158 б.
2. Султанмуратов Ю.М., Овчинников А.А., Султанова А.Н., Сычева Т.Ю. Индивидуально-психологические особенности военнослужащих, влияющие на успешность адаптации // Сибирский вестник психиатрии и наркологии. 2017. № 3 (96). С. 50-56.

3. Психология личности: учеб. пособие для вузов / под общ. ред. П. Н. Ермакова, В. А. Лабунской. М.: Эксмо, 2018. С. 20.
4. Алещенко М. В. «Направленность личности» как черта характера военнослужащих // Психология и педагогика: прошлое, настоящее, будущее: сб. ст. Междунар. научно-практ. конф. 2015. С. 8–12.
5. Момыш-ұлы Б. За нами Москва. Записки офицера. / Изд. 3-е, доп. — Алма-Ата: Казгослитиздат, 1962. - С. 171.
6. Бек А. Арпалыс. 29 том. (3-Кітап). Алматы: «Өнер», 2010. — 260 б.

*Сейітнұр Ж., Сағынбек С.*

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)*

## **ШОҚАН УӘЛИХАНОВ - ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ЭТНОПСИХОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ**

Қазақ қазақ болғалы ресми ғылыми ортада тұңғыш мойындалған тұлға Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1864) еді. Оның жарық дүниеге келген кездегі азан шақырып қойған аты Мұхаммед Қанафия деген мұсылман есімі болған. Бірақ анасы болашақ ғалымды Шоқан деп еркелетіп атаған екен. Осы қойған лақап аты кейінірек оның ресми аты болды және бүкіл халықтық атауға айналды.

Қазақ этнологы, тарихшы Ш. Уәлиханов Ресей империясы мен түрік халықтарының арасындағы қатынасты нығайтқан маңызды тарихи тұлғалардың бірі болып саналады. Әлемдегі зерттеушілер оның өмірі мен тарихқа қосқан үлесін зерттеуге үлкен қызығушылық танытуда. Академик Ә.Х. Марғұлан Шоқан Уәлихановтың өмірбаянын алғашқылардың бірі болып жазған отандық ғалым боп табылады.

Қазақстандық зерттеушілердің мәліметі бойынша, Шоқан Уәлиханов 1835 жылдың қараша айында Құсмұрын бекетінде (қазіргі Қостанай облысы Әуликөл ауданы) аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханов отбасында дүниеге келген. Әкесі Шыңғыс Уәлиханұлы сол кезде Аманқарағай дуанының (орталығы Қараоба мекені) аға сұлтаны болған. Округ орталығы 1844 жылы Құсмұрын қамалына ауысқаннан кейін дуан аты Құсмұрын болып өзгертілді. Шоқанның өз атасы Уәли Орта жүздің ханы болған. Арғы атасы - атақты Абылай хан, Шоқан оның шөбересі. Шоқанның балалық шағы қыс кезінде Обаған бойындағы Күнтимес ордасында, жазда Есілдің оң саласы Аққанбұрлық алабындағы ата жайлауда өткен.

Шоқан Уәлиханов қазақтың ұлы ғалымы, ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі, шығыстанушы, тарихшы, этнопсихолог, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы тұлға. Ресей императорлық армиясы Бас штабының офицері, барлаушы. Оның зерттеулері өз заманында үлкен дүмпу, зор сілкініс туғызды. Ғалымның шығармалары Орыс географиялық қоғамы еңбектерінде басылып шықты.

Ш. Уәлихановтың ғылыми мұрасы ұзақ уақыт бойы мамандар үшін де, көпшілік қауым үшін де үлкен қызығушылық тудыратын тақырып болып қала береді. Патшалық Ресей заманының өзінде-ақ, 1867 жылы 24 сәуірде Императорлық Орыс Географиялық Қоғамы Кеңесінің мәжілісі қаулысымен мерзімінен бұрын қайтыс болған Ш. Уәлихановтың шығармаларын жариялау туралы шешім қабылданыпты. Әсіресе, әйгілі саяхатшы, этнограф, Сібір мен Орталық Азияны зерттеуші Г.Н. Потанин (1835-1920) өзінің досы мен әріптесі Шоқанның шығармашылық мұраларын жинауға және жариялауға көп күш жұмсады. 1904 жылы Ш.Уәлихановтың әріптестері мен замандастарының қызметтері арқасында ИРГО «Жазбаларының» ХХІХ томы жариялануымен ерекшеленді, онда біздің көрнекті жерлесіміздің маңызды шығармалары қамтылды.

Кеңес заманында Ш. Уәлихановтың көптеген іргелі қолжазбалары жарық көрді. ХХ ғ. 50-70 жылдары және 80-ші жылдардың ортасында Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі А.Х. Марғұланның ғылыми жетекшілігімен Ш. Уәлихановтың шығармалар жинағы



жарияланады. Ш. Уәлиханов туралы бірнеше монографиялар, кітаптар мен мақалалар жарық көрді (Х.Г. Айдарова, К.Бейсембиева, Ә. Марғұлан, С.З. Зиманов, А.А. Атишев, Х.Әділгиреева, К.Хасанова, О.А. Султаньяева, Г.М. Исхаков, С.Өтениязов, Ч.Д. Турдалиева, М.Мусин және т.б.). Ш. Уәлихановтың ғылыми мұрасы бойынша Қазақстанда және Ресейде кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды: К.Бейсембиев, О.А. Сегізбаев, А.Ысқақов, А. Атишев, Д.И. Дулатова, О.А. Султаньяева, Г.Р. Усенова, Ч.Д. Турдалиева, С.К. Өтениязов, Г.Ш. Уәлиханова, И.Р. Ишембетов және т.б.

Жалпы Шоқан Уәлихановтың мұрасына назар аударған кеңестік Қазақстанның алғашқы зерттеушілерінің бірі Х.Г. Айдарова еді. Ол 1945 жылы Ш. Уәлихановтың ғылыми мұрасы бойынша тұңғыш диссертация қорғады және сол жылы «Ч. Уәлиханов» атты монографиясын жариялады [1]. Сәл кейінірек ол Шоқанның таңдамалы мақалалары мен хаттарын жариялады.

Шоқан жас кезін әкесінің дәстүрлі киіз үйінде өткізді. Қазақ мәдениетінің байлықтарын анасынан үйренді. Ол жастайынан парсы, араб, қыпшақ және шағатай тілдерін меңгереді. Әкесі Шыңғыс ұлын ерте білім беруді ұйымдастырды, оны 1842 жылы алты жасында зайырлы білім беретін шағын жеке мектепке жазды. Мұнда ол сол кезде жазба тіл ретінде кеңінен қолданылған араб жазуын оқып-үйрене бастады. «Жеті жұрттың тілін білуге тиісті» хан тұқымы болғандықтан ол бірнеше тілдерді меңгерді. Шоқан ауылдық бастауыш мектепте

оқып жүріп-ақ араб, парсы, шағатай тілдерінің негізін үйреніп алды. Шоқан Уәлиханов сұлтанның ұлы болғандықтан, бала кезінен белгілі ақындармен, әншәі-жыршылар және суретшілермен сөйлесіп, олардың шығармаларымен танысуға мүмкіндік алды. Осы себептен

Шоқан қазақтың халықтық өнері мен кескіндемесіне жастайынан ерекше талғамын қалыптастыра алды. Ол алғашқы сабақтарын өз өлкесінде жұмыс жасаған орыс топографтары, геодезистерінен алды (1844 ж. Құсмұрын провинциясы болып өзгертілді). Алғашқыда көмірді қолданған Уәлиханов кейін акварельді қолдана бастайды. Оның туындылары - қазақ жасаған

қазақ даласының алғашқы көркем бейнелері. Кескіндеме практикасы Уәлихановқа көп пайдасын тигізді, ол оны кейінгі экспедицияларында жақсы пайдаланған байқампаздыққа баулиды.

1847 жылы он екі жасында Уәлиханов Омбыға кадет мектебіне оқуға жіберілді. Сөйтіп ол жастайынан Ресей империясының жоғары әскери академияларына түсіп, шәкірт ретінде оқуды бастайды. Академия офицерлері оның зеректігіне қатты таңқалады және оның болашақ жетістіктеріне үлкен сенім білдіреді. Шоқанның бүкіл келешегі мен ғылым, өнер жолындағы талантын ашуда бұл оқу орнының маңызы ерекше болды. Мұнда жабық әскери оқу орны болғанымен, көптеген пәндер әскери сабақтарға қоса орыс, батыс әдебиеті, географиясы мен тарихы, философия, физика, математика негіздері, шетел тілдері оқытылып, орыстың озық ойлы интеллигенттерінің өкілдері сабақ берген. Оқытушылар құрамында білімді және прогресшіл ой-пікірлі адамдар көп болған екен. Шоқанға, әсіресе орыс тілі мен әдебиеті оқытушысы, шығыстанушы Костылецкий мен тарих пәнінің оқытушысы Гонсевский күшті ықпал етті. Шоқанды Гонсевский өз үйіндегі кітапханасына кіруге рұқсат берген екен. Гонсевскийдің кітаптарын оқу Уәлихановқа француз және неміс тілдерін үйренуге, сонымен қатар көптеген батыстық шығармаларды өзіне ашуға мүмкіндік берді.

Шоқанның зерттеушілік қабілеті де осы корпуста оқып жүргенде біртіндеп қалыптасып, дами түсті. Ол жазғы демалыс кездерінде ел ішіндегі халық жырлары мен дастандарын жазып алып, аңыз-әңгімелерді жинауға қызыққан екен. Мысалы, "Қозы Көрпеш-Баян сұлу жыры Шоқанның алғашқы жазған шығармаларының бірі болды. Шоқан жинаған қазақтың ауыз әдебиеті үлгілері нұсқаларын, "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырын көрнекті шығыс зерттеушісі, Петербург университетінің профессоры И.И.Березин бұл зерттеулерге назар аударып, жазып алған. Шоқанның зерттеушілік қабілетін байқаған ғалым оны өз тарапынан ескі жазу ескерткіштерін зерттеу ісіне тартқан.

Кадет корпусын 1853 жылы он жеті жасында бітірген Шоқан Батыс Сібір генерал губернаторының кеңсесінде қызметке қалдырылады. Бір жылдан кейін Батыс Сібір мен Қазақстанның солтүстік шығыс аудандарын басқаратын генерал губернатор Гасфорттың адъютанты болып тағайындалады. Осы қызметті атқара жүріп, ол Орта Азия халықтарының

тарихын, этнографиясы мен жағрафиясын зерттеуге белсене араласады. 1854 жылы кадет корпусындағы ұстазы Костылецкийдің өтініші бойынша көрнекті шығыстанушы, Қазан университетінің профессоры Н.И.Березиннің тапсырмаларын орындайды.

1852 жылы он жеті жастағы Шоқан Уәлиханов Тоқтамыстың жарлығы туралы алғашқы мақаласын жазды. Ш. Уәлиханов 1853 жылы 8 қарашада әскери оқуды бітіріп, Ресей армиясының офицері болды. Уәлиханов Омск кадет мектебін бітіргеннен кейін, ол орыс тілінде ғана емес, сонымен бірге ағылшын әдебиетін де оқыды, 1850 жылдардың аяғында Орталық Азияда көптеген саяхат жасады. Оның жұмысы әскери барлау, географиялық зерттеулер және т.б. қамтыды. Ол 1857 жылы ол Ресей географиялық қоғамына сайланды.

Шоқан Уәлиханов 1858 жылы 28 маусымда оны бүкіл әлемге әйгілі еткен және тарих беттеріне қалдырған экспедицияны бастады. Қытай шекарасынан сәтті өткеннен кейін, керуен 1858 жылдың қазан айының басында Қашқарияға келді. Алты ай ішінде Уәлиханов ірі қалалар туралы, оның ішінде карталарға жазба түсірді, базарлардағы тауарлар, ауызекі тілдер мен сақталған әдет-ғұрыптар туралы толық жазбалар жасады.

Ш. Уәлиханов Санкт-Петербургке оралды және өзінің астанада болған қысқа уақытында (1860 - 1861 ж. көктемі) оның интеллектуалдық және мәдени өміріне белсене араласты. Жас Уәлиханов батысқа еліктеудің (вестернизация), одан үлгі алудың табанды жақтаушысы болды және қазақ даласындағы исламның әсерін сынға алды.

Шоқан әкесі сияқты Тобольскіде орналасқан Батыс Сібір генерал-губернаторлығындағы саяси қызметке қатыспақ мақсатта үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді, сайлауға қатысады. 1862 жылы ол аға сұлтан қызметіне сайлауда ойдағыдай дауысқа түсіп жеңімпаз болады, бірақ генерал-губернатор Александр Дюамель ( Дюгамель Александр Осипович) Уәлихановтың денсаулығын сылтау етіп оның қызмет орнын растаудан бас тартты.

Ш. Уәлиханов 1863 жылы қазақ сот практикасы туралы материалдар жинады. Бұл Дюамельдің 1864 жылғы сот реформасы туралы меморандумға қол қоюға алып келген мемлекеттік жобасының бір бөлігі болды. 1864 жылы Шоқанға Орталық Азияны үздіксіз жаулап алуда полковник Черняевке көмектесу тапсырылды. Черняевтің әскерлері Верное камалынан (қазіргі Алматы) батысқа қарай жылжыды.

Дүниежүзіне әйгілі жазушы Ф.М. Достоевский Омбыда жүрген кезінде Шоқан Уәлихановпен кездескен екен. Достоевскийдің айтуы бойынша Ш.Уәлиханов тамаша азамат, батыл адам, этнограф, талантты фольклорист болған. Өзара хат алмасуда екі зиялы бір-біріне қатысты үлкен сүйіспеншілік пен таңданушылықты көрсетеді.

Ш. Уәлихановтың 1858-59 жылдардағы Қашқарияға сапары туралы есебі Шыңжаңдағы жағдай туралы құнды есеп болып қалады. Ол туралы әйгілі орыс шығыстанушысы, академик Н.Веселовский (1848-1918) былай деп жазды: «Қазақ хандарының ұрпағы және сол уақытта орыс армиясының офицері Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов шығыстану саласында жарқыраған ақпа жұлдыз сияқты жарқ етіп ағып өтті. Ресейлік шығыстанушылар оның тарихқа қосқан үлесін бірауыздан мойындап, түрік халқының тағдырына қатысты маңызды әрі салмақты зерттеулерді күтті, бірақ Шоқанның ерте қайтыс болуы оларды бұл үміттерден айырды. Бар жоғы отызға жетпес ғұмырында ол басқалардың бүкіл өмірі бойында жасай алмаған нәрсесін жасады.

Шоқан Уәлиханов өз зерттеулерімен Ресей империясының этнографтарына ежелгі Орта Азия халықтарының тайпаларалық қатынастары мен мәдениетінің маңыздылығын түсіндірді. Ол Солтүстік Азияда белсенді болған зерттеуші және этнолог Григорий Потанинмен дос болды. Сонымен, Ресей мен Батыс Еуропаның ой-пікірлері мен мен әдебиеттерін бойына сіңіріп, Шоқан Орта Азияны дайындықтан өткен зерттеуші ретінде сапарға аттанды. 1856 жылы полковник М.М. Хоментовский басқарған әскери-ғылыми Ыстықкөл экспедициясына қатысып, қырғыз елін жете зерттейді. Сол жылдың мамыр айынан бастап ол қырғыздар арасында олардың дәстүрлері мен лирикаларын жазып екі айға жуық жүрді. Бұл сапар барысында Шоқан Уәлиханов Орта Азия халықтарының, әсіресе қырғыздардың (қара қырғыздардың) тарихына, тілі мен географиясына қызығушылық танытып, көптеген материалдар жинады. Бұл сапар барысында Шоқан қырғыздардың мәдениеті туралы көбірек

білуге мүмкіндік алды, сонымен қатар қырғыздың батырлық эпосы «Манас» жинады және «Манасты» орыс тіліне аудара бастады.

Жалпы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов Орталық Азия халықтарының тарихын, қоғамын және мәдениетін зерттеуде үлкен жетістікке жеткен шығыстанушы. Оның қаламынан шыққан «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қазақтың халық поэзиясының түрлері туралы», «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы» атты еңбектері Шоқанды әлемге танымал етті.

Ресей империясы дәуірінен бері Орта Азияны мекендеген халықтардың этникалық құрамын бүгінгі күнмен салыстыру біраз қиындықтар тудырады. Өйткені, сол замандағы ресми үкіметтік құжаттарда белгілі бір халықтардың өзіндік атауы (автоэтноним) мен өзгелердің атауы (экзоэтноним) сәйкес келе бермейтін. Мәселен, Патшалық Ресейдің ресми құжаттарында Қазақстан аумағындағы қазақтарды қырғыз-қайсақ немесе дала қырғыздары десе, Қырғызстандағы халықты кара-қырғыздар немесе тау қырғыздары деп атаған. Ал көшпелі халықтар отырықшы өзбек пен тәжіктерді сарттар деп атады.

Шығыс Қазақстан мен Жетісуға, қырғыз еліне жасаған сапары Шоқанның ғалым ретіндегі даңқын арттырды. Әсіресе, 1858-1859 жылдары Шоқан атақты Қашғария сапарын ерекше айтуға болады. Шоқанға дейін ол өлкеде бірде-бір зерттеушінің болып қайтуының сәті түспеген еді. Неміс ғалымы Р. Шлагингвейттің еуропалықтар үшін мүлде жабық өлкеге барып қайтпақ болған сапары қайғылы аяқталып, ол қатыгездікпен өлім жазасына душар болған-ды. Шоқан аса қиын құпия жағдайда өз өміріне қатер төндіре жүріп, Қашғария өлкесінің тарихы, этнографиясы, мәдениеті мен геологиясы, географиялық жағдайы жайлы Бұған дейін мүлде белгісіз аса құнды деректер жинап қайтты. Соның негізінде «Алтышардың немесе Қытайдың Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұхараның) шығыстағы алты қаласының жағдайы туралы» деген атақты еңбегін жазды. Еңбекті Ресейде де, одан тыс жерлерде де шығысты зерттеуші ғалымдар жоғары бағалады. Қашғарияға сапарынан кейін Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің арнайы шақыруымен Петербургте келіп, сонда бір жылдай тұрып ғылыми жұмыстармен айналысады.

Патша үкіметі жас ғалымның ғылыми ерлік еңбегін жоғары бағалады. 1860 жылы Санкт-Петербургте ол орденмен марапатталып, әскери шені де жоғарылатылды. Оны орыс патшасы II Александрдің өзі қабылдады. Осы кездесу кезінде Шоқан патшаға орыс шенеуніктерінің қазақ халқына жақсы қарауы жайлы өз өтінішін батыл жеткізді.

Петербургте болған кезінде (1859—1861 жылдары) Шоқан Уәлиханов әр түрлі әскери және ғылыми мекемелерде жұмыс істеді. Ол ресейлік шығыстанушылар мен дипломаттардың, жазушылар мен ақындардың сиынатын нағыз піріне айналды. Шоқан Қазақстан мен Орта Азияның және Шығыс Түркістанның карталарын жасаумен айналысып, қажымай-талмай еңбек етті. Шығыс елдерінің қолжазбаларын мұқият зерттеуді де жалғастырды. Оны Орыс географиялық қоғамы Шығыс тарихы туралы дәрістер оқуға шақырып тұрды.

Ш. Уәлиханов азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, халықтың өз тағдырын өзі анықтау құқығын дамытуды жақтады және демократиялық емес басқару түрлерін, сондай-ақ шенеуніктік бюрократияны айыптады. Шоқан Уәлиханов адам құқығы идеяларын, оның бостандығын қорғады; ағартушылық және дамыған қоғам идеялары (еуропалық өркениет пен мәдениеттің мысалында). Ол еркін және білімді қоғамды көріп, сондай ортада өмір сүргісі келді.

Ш. Уәлихановтың ғылыми мұраларымен таныссаңыз, оның қоғамның саяси өмірінің психологиялық компоненттерін зерттейтін саяси психология мәселелерін қамтығанын көреміз. Әр түрлі халықтардың саяси-мінез құлықтық ерекшеліктеріне дәл сипаттама береді. Саяси процестердің этнопсихологиялық ерекшеліктерін ескеретін «Алтышардың немесе Қытайдың Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұхараның) шығыстағы алты қаласының жағдайы туралы» еңбегі оны еліміздегі саяси этнопсихологияның негізін қалаушы ретінде бағалауға мүмкіндік береді. Ол замандарда, яғни XIX — XX ғ. басында Ресей мен Британ Империясы арасында «Үлкен ойын» деп аталатын Оңтүстік және Орталық Азиядағы үстемдік үшін геосаяси бәсекелестік орын алған еді. Орта Азиядағы хандық жүйеге негізделген мемлекеттер

осы шайқаста тек айырбас фигуралар болды. Қазақтарда аю мен арыстанның өзара көлеңкелер соғысына қатысуға мәжбүр болды. Сондай-ақ, XIX ғасырда Үндістан мен Орта Азияны бақылауға ұмтылған Ресей мен Британ империялары арасындағы текетіреске белсенді қатысушыларының бірі Қытай болып табылды. Ресей сыртқы істер министрлігінің Азиялық департаменті дипломатиялық миссияны атқару мақсатында Шығыс Түркістанға Ш. Уәлихановті жібереді. Ол Шығыс Түркістан халықтарының тарихы, саяси құрылысын, этнопсихологиясын ғылыми тұрғыдан терең зерттей білді.

Сонымен, бүгінгі таңда қазақ ғалымы Шоқан Уәлихановтың психологиялық мұрасын арнайы түрде толыққанды зерттеу аса маңызды. Біздің дипломдық жұмысымыз осы мақсатқа бағытталады.

Әдебиет

1. Айдарова Х.Ч. Валиханов. - Алма-Ата: КазОГИЗ, 1945.
2. Бейсембиев К. Из истории общественной мысли Казахстана второй половины XIX века. - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1957.
3. Зиманов С.З., Атишев А.А. Политические взгляды Чокана Валиханова. - Алма-Ата: Наука, 1965;
4. Сегизбаев О.А. Мироззрение Ч.Ч. Валиханова: Автореф. дис. .... к. филос. наук. - Л., 1958;
5. Валиханова Г.Ш. Проблемы теории и истории казахской культуры в творчестве Ч.Ч. Валиханова: Автореф. дис .... филос. наук. - Алматы, 2004.

*Сейітнұр Ж., Сайлауханқызы Г.*

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)*

## **С. БАЛАУБАЕВТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУ**

Кез-келген ғылымның қалыпты дамуы оның өткен тарихын білуді және арнайы зерттеуді талап етеді. Қазақстанда ХХ ғ. 50-60 жылдарынан бастап тарихи-психологиялық зерттеулер жүргізіле басталғанына қарамастан олардың саны әлі аз (Т.Т. Тәжібаев, Қ.Б. Жарықбаев, А.Т. Ақажанова, В.В. Чистов, А.Ж. Мірәлиева, Ж.Н. Сабирова, Ж.С. Сейітнұр және т.б.). Психологтардың жаңа буыны үшін шаң басқан мұрағаттарда отырғаннан көрі қолданбалы психологияның өзекті мәселелерімен айналысқан анағұрлым тартымды. Оның үстіне күн сайын жаңа ақпараттар легі толассыз ағылып жатан кезде жастарға өткенге оралудың қызығы шамалы. Алайда психология ғылымның қазіргі жағдайы мен болашақ даму тенденциясын жақсы түсінуге көмектесетін құрал, ол - тарихи-психологиялық зерттеулер. Өйткені, ғылымның қазіргі таңдағы жай-күйі – кешегінің салдар-нәтижесі. Елімізде психология саласында не істелінді, кім қандай үлес қосты, қандай жағымды және жағымсыз факторлар болды? Оның дамуына не болмаса тежелуіне не әсер етті? Осыны психология тарихшылары түсіндіріп беруі тиіс.

Қазақстандағы психология ғылымының даму тарихы, әсіресе кеңестік кезеңдегі тарихы күрделі және қарама-қайшы болып табылады. Бұл тарихи процесте көп нәрсе тек ғылыми факторлармен ғана емес, идеологиялық, саяси- әлеуметтік факторлармен де анықталды. Бұрынғы Кеңес Одағындағы психология ғылымның даму тарихын Торонто университетінің ғылыми қызметкері, Ph.D. (University of Toronto) докторы Антон Ясницкий өзінің «Сталиндік ғылым моделі: ресейлік психологияның тарихы мен қазіргі жағдайы» («Stalin model of science: The history and the state of the art of contemporary Russian psychology») атты мақаласында қатты сынайды [8]. Тоталитарлық режимнің ғылымды орталықтандыру мен қатаң бақылауға ұстауы, кеңес психологиясындағы теория мен практиканың алшақтығы, интеллектуалдық және лингвистикалық оқшаулану, жеке басқа табыну мен агиографиялығы (тарихи-теологиялық тұрғыдан әулиелердің өмірін зерттеуге ұқсастығы), ғылымды бақылау бір адамның немесе өте шектеулі адамдардың қолында болатын жағдайды (көбіне Мәскеу мен Ленинградтан келгендер елдегі психологияны басқарды) атап өтті [9-10]. Психология тарихын зерттеуде

экстерналдық және интерналдық тұғырлармен қатар, жүйелілік әдіснамасы жиі қолданылады. Сондай-ақ, психология тарихшысы М.Г. Ярошевскийдің кең танымал үлгісі психология дамуын үш факторлар тобының біріккен әрекеті – әлеуметтік, пәндік-логикалық және тұлғалық-психологиялық өлшемдер арқылы анықтайды [11]. Кейде ғылымның дамуы аномальды сипатқа ие болады, өйткені әлеуметтік-саяси факторлардың әсері қалғандарынан басым болып жатады.

XX ғ. 20-ғасырдың 30-жылдары қазақтар үшін қасіретке толы кезең болғаны белгілі. 1932-1933 жылдары ашаршылық кезі мен Сталиндік репрессия қазақ ұлтының жартысының (2 млн адам) өмірін әкетті. Республикадағы санаулы психолог ғалымдарымыз (Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Досмағамбетов, Салкен Балаубаев саяси қуғын - сүргіннің құрбаны болды. Бұлардың ішінен тек жалғыз С. Балаубаев қана аман қалды. Сталиндік лагерьден ол жиырма жылдан кейін елге оралды. Қатігез лагерьдегі өмір қайратты адамның жанына өшпестей жара салды, қаншама ғылымға жұмсайтын уақытын өлтірді. Бұл фактілер сол жылдардағы еліміздің тарихы Кеңес Одағындағы болған жалпы қоғамдық-саяси жағдайдың көрінісі болғанының дәлелі. Республика советтік білім беру кеңістігінде ғана емес, сонымен одан туындайтын барлық салдарлармен ортақ идеологиялық және саяси өрісте болды.

Жалпы психология ғылымы тарихын зерттеудің әр түрлі нұсқалары бар. Тарихи-психологиялық зерттеудің пәні жеке тұлғаның ғылыми мұрасы мен өмірбаяны болуы да мүмкін (персоналдық тұғыр). Біздің магистрлік диссертациялық жұмысымыз жеке ғалым – Салкен Балаубаевтың психологиялық мұрасын зерттеуге арналады. Өйткені, осы уақытқа дейін Балаубаевтың ғылыми өмірбаяны мен шығармашылық мұрасы арнайы тарихи-психологиялық зерттеу нысаны болған емес.

Тарихи-психологиялық зерттеулердің маңызды бір функциясы - өз кезінде жөндеп дұрыс бағаланбаған тұлғалар және терең әрі арнайы зерттеу пәніне айналмаған деректер мен психологиялық ой - пікірлер, бағыт-бағдарларды іздеп табу, бұлардың ғылыми құндылығын анықтау. Еліміздің тарихында өзіндік елеулі із қалдырған зиялы қауым өкілдері мен ғалымдарымыздың бірқатарының ғылыми мұралары мен өмірбаяны зерттелініп, көпшілік қауымға ұсынылып жатыр. Дегенмен бұл бағыттағы ғылыми – зерттеу жұмыстарын тереңдете жүргізіп, қазақ психолог ғалымдарының қатарын ары қарай толықтыра түсуіміз керек. Тоталитарлық режим кезеңінде тарихи-ғылыми зерттеулердің көп бөлігі «рұқсат етілген», белгілі бір тұлғаларға - отандық физиологтар, философтар мен педагогтар, ағартушыларға арналған еді. Ал саяси сенімсіз адамдардың есімдері мен еңбектерін атауға тыйым салынды.

Біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты – Балаубаевтың психологиялық мұрасы мен ғылыми өмірбаянын талдап, ғалымның отандық психологияның дамуына қосқан үлесін ашып бағалау. Зерттеу нысанымыз - С.Балаубаевтың ғылыми мұрасы (жарияланған еңбектері мен қолжазбалары, өзінің және әріптестерінің естеліктері), оның өмірі мен шығармашылық жолы. Зерттеу пәні - С.Балаубаевтың жалпы психология және өзге де психология салаларындағы психологиялық көзқарастары мен қосқан үлесі. Алға келесідей зерттеу міндеттері қойылды:

1. С. Балаубаевтың өмірі мен шығармашылық жолының негізгі кезеңдерін, оның ғылыми дүниетанымының қайнар көзі мен қалыптасу факторларын бөліп көрсету.
2. С. Балаубаевтың жалпыпсихологиялық көзқарастарына сипаттама беру
3. С. Балаубаевтың психологиялық мұрасының отандық психология ғылымының дамуы үшін маңызын бағалау.

Зерттеудің теориялық- әдіснамалық негізін тарихи-психологиялық танымның іргелі қағидалары құрайды: тарихи-психологиялық білімді сипаттаудағы ғалымның шығармашылық мұрасын жан-жақты зерттеуге бағытталған тұтас жүйелік талдау принципі; ғалымның психологиялық көзқарастары мен ой-пікірлерінің қалыптасуы мен дамуын әлеуметтік-саяси жағдаймен байланыстыра отырып қарайтын әлеуметтік-мәдени шарттану принципі; тұтастық пен нақтылықты талап ететін тарихилық принципі; детерминизм принципі, оған сәйкес психиканы оны тудыратын факторлармен шартталған себеп-салдарлық түсіндіру ; логикалық және тарихи бірлігі принципі және т.б.

Біз үшін тарихи-психологиялық зерттеуде өзінің артықшылығын көрсеткен жүйелі тұғыр қолданылды, оған сәйкес ғалым мұрасы біртұтас жүйе ретінде қарастырылады (Б.Ф. Ломов, Ю.Н. Олейник) және пәндік-логикалық, әлеуметтік және тұлғалық деңгейде де талданады (Б.Г. Ананьев, Л.И. Анцыферова, В.В.Большакова, Е.А.Будилова, А.Н.Ждан, В.А.Кольцова, Б.Ф.Ломов, Т.Д.Марцинковская, А.В.Петровский, А.А.Смирнова, М.В.Соколов, Б.М.Теплов, М. Г. Ярошевский, Т. Тәжібаев, Қ.Б. Жарықбаев, Ж.Сейітнұр және т.б.). Психология тарихшыларының еңбектерінде психология тарихының әртүрлі аспектілері қарастырылады: психологиялық білімнің дамуының әлеуметтік-мәдени жағдайлары (А.Н.Ждан, В.А.Кольцова, Ю.Н.Олейник, т.б.), ғалымдардың ғылыми шығармашылығы (В.В.Большакова). Біз мұның бәрін өз зерттеулерімізде ескереміз.

Біз жұмысымызда келесі зерттеу әдістерін пайдаландық:

- 1) қалыптасқан қоғамдық-тарихи жағдайды ескере отырып, белгілі бір құбылыстың шығу тегін (бастауын) зерттеуді көздейтін тарихи-генетикалық әдісті;
- 2) тарихи-функционалдық әдісті, соның арқасында әлеуметтік факторлардың ғылым дамуына әсері зерттеледі, бұл әдіс ғылыми идеяның тағдырын болжауға мүмкіндік береді;
- 3) сабақтастықты зерттеуге мүмкіндік беретін салыстырмалы-тарихи әдісті;
- 4) ғылыми идеялардың даму процесін ретроспективті қайта құру әдісі;
- 5) ғалымның ғылыми еңбегін талдаудың өмірбаяндық, автобиографиялық (жеке өмірдерек), психобиографиялық әдістері;
- 6) ғалымның өз мәтіндерінде келтірілген ой-пікірлерін жалпылау және жүйелеу
- 7) мұрағаттық зерттеулер мен куәгерлермен сұхбат және т.б.

Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ қайраткерлерінің отандық ғылыми психологиясының қалыптасуына қосқан үлесін зерттеудің адамгершілік-имандылық тұрғысынан да маңызы бар. Тарихи әділеттілікті қалпына келтірудің тағылымдық мәні аса зор.

Бұл зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы: диссертация материалдарын университеттердің психологиялық факультеттерінде, біліктілікті арттыру институттарында психология тарихы бойынша лекциялық курстарда пайдалануға болады.

Еліміз егемендік алғаннан кейін ғана насихатталып, арнайы конференциялар арналып, қалың көпшілікке есімі кеңінен таныла бастаған ғалым-психолог – Сәлкен Балаубаев. Бұл кісі жалпы республика бойынша, түрлі аймақтарда жоғары білім беру ісін ұйымдастырған, бірнеше кітапты қазақ тіліне аударған әрі аудармашы, әдеби қызметкер және қазақ ұлтынан психологиядан алғашқы ғылым кандидаты атағын алған ғалым. Сәлкен Балаубаев туралы біршама ақпараттар легін табуға болады, алайда бір арнаға жиылып, қалыпқа келтірілмеген. Әр жерден түрлі сарындағы мақалалар мен кітаптарды, аудармаларды кездестіруге болады. Ғалымның шығармашылық мұрасы бай, оның ішінде психология, педагогика салаларына арналып жазылған ауқымды еңбектері, журналистік қызметтегі мақалалары, біршама өлеңдері де бар.

Сәлкен Балаубаев (кейбір деректерде 1900, кейбірінде 1902 жылы) Қарағанды облысы Спасск зауытының маңында өмірге келген. Кейбір ғылыми дереккөздерге сүйенер болсақ, Сәлкен Балаубаевтың шын есімі «Мұхамедсалық» болса керек. Бұл жағдайды көпшілік зерттеушілер Шоқан мен Абай есімдерімен байланыстырып, ұқсастық тауып жатады.

Ол ең алғаш гуманитарлық пәндер бойынша 7 сыныптық білім алып, артынша Спассктегі қарапайым жұмысшы жастардың сауатын ашып, хат таныту мақсатында саяси-ағарту істерімен айналысады. Ғалымның алғашқы еңбек жолы осы кезеңде басталады. Мәдени-ағарту жұмыстары кезінде алдыңғы шепте тұрған болашақ ғалым, доцент С.Балаубаев пен жастар арасында көзі ашық, сауатты жас О.Беков болатын. Қарапайым ауыл балаларынан құралған топпен С.Сейфуллиннің «Бақыт жолы» деп аталатын пьесасын қояды. Сондағы мақсаты халыққа ой салу, мәдени істердің ұйымдастырушысы болу [1]. С.Балаубаевтың қалыптасу жолында үлкен рөл атқарған мемлекет қайраткері, қазіргі қазақ әдебиетінің негізін құрушы С.Сейфуллин болды. Өз ауылында жүріп С.Сейфуллиннің көмекшісі қызметін атқарады [2]. Жазушы С.Балаубаевты ғылым-білімге жетелеп, ары қарай дамуына ат салысады. Қызылжардағы «Бостандық туы» газетінде тілшілік қызмет атқарады. Бұл газеттің әр санын

Парижде жүрген Алаш қозғалысының төл перзенті Мұстафа Шоқай да алып отырады. Осы ықпалмен болашақ ғалым Ташкенттегі Орта Азия университетіне «Психология және педагогика» мамандығына оқуға түседі. Сабәқпен қатар жұмыс істеп жүреді, елге қайтып оралған соң Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтына проректорлыққа тағайындалады.

С.Балаубаев шығармашылығындағы негізгі бағыт психология және педагогика болды. Өткен ғасырдың 60-шы жылдары елімізде Жүсіпбек Аймауытовтың «Психологиясын» айтуға тыйым салған замандарда республикада училищеге арналған Қ. Б. Жарықбаевтың «Психология» кітабынан басқа оқу құралы болмаған еді. Осы себепті психология саласындағы ақпараттың аздығы мен кітап жетіспеушілігі айтарлықтай сезіледі. Осыдан кейін Білім Беру министрлігінің қолқалауымен С.Балаубаев 1966 жылы А. Темірбековпен бірге жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған "Психология" оқулығын жазып шығады. Ғалым бар білімі мен тәжірибесін осы бір кітапқа жинақтайды. Кейіннен балалар мен жасөспірімдер психологиясын жете зерттеп, осы бағытта «Балалар психологиясы» кітабын жазады, артынан тәрбиелеу немесе оқыту барысында қиындық тудыратын балалардың қалыптасуы мен дамуы туралы толыққанды «Қиын балалар» деп аталатын кітабы жарық көреді. Ғалымның айтуы бойынша бала бойындағы проблемалардың пайда болуына тек қана биологиялық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік факторлар да үлкен әсер етеді. Қиын балаларды классификациялау барысында екі топқа бөледі. Бірінші топқа биологиялық қорында ешқандай патология жоқ, яғни дені сау, ешбір өзгеріссіз, қалыпты дүниеге келген балалар. Тек уақыт өте келе қандай да бір қолайсыз жағдайға тап болу салдарынан дивантты мінез-құлық көрсете бастайды. Айналасындағы адамдардың жаман жолға итермелеуі, нашар үлгі көрсету, отбасында болатын теріс факторлар психологиялық жағынан керісінше ықпал етеді. Мысалы, отбасында ата-анасының арасындағы келіспеушіліктер, балаға жиі қол көтеру, аштық немесе қалаған нәрсесін алып бермеу, әрдайым кемсітушілік болса, ол мәселелер бала есейгенде де ешқайда жоқ болып кетпейді. Өмірлік ситуациялар туындағанда әрдайым деструктивті әрекет етеді, себебі бала кездегі жарақаттары адамның жадында сақталынып қалады [3]. Анасы бала үшін маңызды тұлға, егер дүниеге келе салып ана жылулығын көрмесе, сезінбесе, психологиялық ауытқуларға алып келуі мүмкін.

Қиын балалардың екінші тобына тумысынан патологиясы немесе қандай да бір «гендік» жетіспеушілігі, физиологиялық ауытқуы бар балаларды жатқызады. Бұл санаттағы балалар денсаулық жағдайына байланысты мінез-құлқындағы өзгерістерге ұшырайды және өзі сияқты деструктивті балаларды тартады. Бұл дегеніміз баланың тұлғалық тұтастығы мен қабылдауы бұзылады деген сөз. Ғалым С.Балаубаевтың айтуы бойынша қиын балаларды топқа жіктегенмен олардың нақты бір санатқа жататындарын кездестіру қиын, себебі отбасы жағдайы, ортасы немесе гендік ерекшеліктері де үлкен рөл атқарады.

Негізінен тұқым қуалаушылық, моральдық сананың қалыптасуы, қоғамдық ортада өзін-өзі ұстай білуі баланың психологиялық жетілуіне ықпалын тигізеді. Баланың индивид ретінде қалыптасуы баланың өмірге келген отбасына, ал ол отбасының қайдай тапқа жататындығына да байланысты. Себебі, кейінгі мақсаттары мен есейген шағындағы қабылдайтын шешімдері бала кезінде көрген дүниелерінен бастау алады. Өзі өмірге келген тапты қабылдай алуы, армандарын жүзеге асырып, түрлі өмірлік ситуациялардан шығу жолын таба алуы да маңызды [3]. Ал анасының аяғы ауыр кезінде қандай да бір патологиялық факторлардың туындауы баланың жетілуін баяулатып, кейде биологиялық дамуын да бәсеңдетеді. Сәйкесінше «қиын баланың» қалыптасуының алғашқы факторлары көрініс табады.

С.Балаубаев балалар психологиясымен ғана емес, сонымен қатар жалпы психологияның белгілі бағыттары мен теорияларын да зерттеп, өзіндік анықтама берген. Ересек адамның психологиялық ерекшеліктерінің түп-тамырын табу үшін балалық шақтағы жағдайларын толыққанды ескеру қажет екендігін алға тартады, дей тұрғанмен мінез-құлқы мен бітістерін ескерген абзал екендігін де атап өтеді. «Жеке адамның» психологиялық ерекшеліктерін сипаттай отырып, адамның өзі құрған қиялындағы образдар мен идеалдар, әрекеті, мақсаты мен мотивтеріне де анықтама береді. Себебі, адамның түпкі мақсатын түсіну қиын, ол негізгі

де болмауы мүмкін, тек өз қиялынан шығарған образды реалды өмірге алып келген бейнесі де болып шығатын жағдайлар кездеседі. Өзі ойлап тапқан, мүлтіксіз деп есептейтін идеалының соңын, жалпы нәтижесін көру үшін қандай да бір іс-әрекет жасайды, яғни мотив бар. Адамның идеалы ақылымен ұштасып жатса ғана іске асуы мүмкін, ал оған дейінгісі Абай тілімен «әурешілік». Осы тұста бір нәрсеге деген мұқтаждық мотивті тудыратындығын айтады. Адамның өмірге келіп, тіршілік есігін ашқан сәттен бастап әрдайым бір нәрсеге деген мұқтаждығы болады. Бұл ситуацияға байланысты әртүрлі формада көрініс тауып жатады, алайда бір қажеттілік немесе мұқтаждық артынша келесі бір қажеттілікті тудырады, тұйықталған шеңбер іспеттес тоқтаусыз жүріп жататын адам өмірінің бір бөлігі. Ғалым С.Балаубаев «мұқтаждық» ұғымына анықтама берген кезде адамды ғана емес, барлық тірі организмді де қамтиды және түрлі табиғаттағы мысалдар арқылы түсіндіруге тырысады. Жем немесе шөп шашқан кезде тауықтың тұмсығының өз асын шоқуы – тұқым қуалайтын рефлекс, ал одан басқа тірі организмдер елеңдеу немесе сыбысқа тітіркену сияқты күйінде де өз мұқтаждықтарын көрсетіп жатады [4].

Жалпы психология тақырыптарында жазған кітаптары мен мақалаларында қазақ тіліндегі ақпараттың аз екендігін, ал бар материалдар мен еңбектерге сыни көзбен қарай отырып, ой елегінен өткізіп барып қолданған дұрыс екендігін айтады. [3] Әрбір тақырыптың мазмұнын аша алатындай аудармалар жасалса, психология, педагогика саласындағы қазақ тілді еңбектердің қатарын толықтырады сөзсіз еді. Сол себепті, қолда бар дүниелер мен мүмкіндіктерді ескере отырып, асығыс диагностика жүргізуге немесе диагноз қоюдың қажеттілігі жоқ екенінде атап өтеді.

Ғалым және доцент С.Балаубаев адамның әрекеті, қиыншылықты ығыстыру және жеңу, мінез-құлық, темперамент ерекшеліктері мен қиын балалар және оларды тәрбиелеу, жалпы педагогикалық негіздер сияқты көптеген ауқымды тақырыптарды зерттеген. С.Балаубаев қазіргі Өзбекстан жеріндегі М.Ұлықбек атындағы Ұлттық университет те білім алады және Ташкентте алғашқы еңбектерін жазуды бастайды. Ташкенттегі ОАМУ (САГУ) - дің жанында Педагогика және Психология Институты мамандарымен бірлесіп С. Балаубаев өзбек және қазақ балалары үшін Бине-Симон -тестілер топтамасын құрастырды [6]. "Советская психотехника" журналына талқылау, пікірсайыс ретінде жарияланған тете автор С. Балаубаевтың мақаласында тестің мазмұны әр елдің саяси-экономикалық, мәдени жағдайларын, сол елдің ана тілі мен ұлттық форма мен образда болуы тиістілігін негіздейді [7]. Ғалымның бірнеше оқу құралдары Ташкентте қазақ тілінде жарық көреді. Сол себепті көптеген мақалалары мен психология, педология бағытында жазылған тың еңбектерін Ташкенттегі мұрағаттардан табуға болады. Қазақстанға толықтай келіп, жиыстырылған жоқ. Бір өкініштісі «халық жауы» деген желеумен 1938 жылы ақпанда ұсталынып кетеді. Осыдан кейін 18 жылға сотталып, айдауда болып, тек 1953 жылы шығады. Кейіннен бірнеше жылдан кейін қайта ақталып, барлық ғылыми атақтары қайтарылып беріледі. Арада болған үзілістерге қарамастан ғылым жолында еңбек етуін жалғастырады. Өзі қызмет еткен университетте аспирантура ашыла салысымен бірнеше аспирантқа жетекшілік етеді. Соның ішінде алғашқылардың бірі болып З.Ақмедин мен Б.Хамзин кандидаттық диссертацияларын сәтті қорғап шығады [5]. Қазақстанда алғашқылардың бірі болып психология саласында оқу құралдарын жазып, журнал басып шығарған, кандидаттық қорғатқан да С.Балаубаев еді. «Психология» кітабында «Ақыл өрісі – кісінің өте маңызды сипаты» деп анықтама берген, осыдан барып білімділік пен біліктілікті бағалағандығын көруге болады. Ғалымның шәкірті әрі ҚарМУ профессоры Ә.Н.Тельғарин С.Балаубаевтың өткізген сабақтарын қызықты әрі тартымды деп айтуының да себебі осы болар. Одан бөлек жылда өткізілетін С.Балаубаев оқуларындағы материалдар мен шәкірттерінің естеліктері де жоғарыдағы сөздерге куә болатындай.

Қорыта келе айтарым, С.Балаубаевтай тұлғаның Қазақстанда енді қалыптасып жатқан психология ғылымына сіңірген еңбегі ерен еді. Жан-жақты ізденіс пен талмас қажыр-қайраттың арқасында көптеген жетістіктерге жетті. Қуғын-сүргінге ұшырап, шамамен он сегіз жыл бойына ғылымнан қол үзгенімен, қарайып қалған жоқ. Араға 1-2 жыл салып, еңбек жолын



қайта жалғастырды. Қазіргі зерттеушілерді қынжылтып отырғаны ғалымның еңбектерінің біршамасы жоғалып кеткен. Түрлі мұрағаттар мен университет кітапханаларында, жақын туыстарының қолында қалғандарын жинақтап біріктіру қажет. Себебі, Қазақстан тарихындағы алғашқы ғылым кандидаты атағын алған бірден бір тұлға – С.Балаубаев. Ерен еңбегі ғылым кандидаттығынан бөлек, докторлық алуға жететіндей еді. Психология және педология салаларындағы жетістіктерін, еңбектерін еске алу мақсатында жыл сайын «С.Балаубаев оқулары» өткізіледі. Ал 2020 жылы біртуар ғалым С.Балаубаевтың 120 жылдығы мен С.М.Джакуповтың 70 жылдығына орай Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінде Республикалық ғылыми-практикалық конференция біріктіріліп өткен болатын. Конференция нәтижесінде білім алушыларға «Әлеуметтік және педагогикалық ғылымдар» бағытында материалдар жинақталып, С.Балаубаевтың өмір жолы, еңбектері турасында біршама мақалалар жарық көрді, себебі С.Балаубаевтай психолог ғалым бар екендігін көпшілік білуге тиіс.

#### Әдебиет

1. С.Сейфуллин туралы есте қалғандары: «Бақыт жолы». С.Балаубаев, Жұлдыз-1964, №5. 62-64 б.
2. «Сәкен ағамен кездескенде». С.Балаубаев, Орталық Қазақстан, 1973, 26 май.
3. «Нравственное воспитание личности: вопросы казахстанской педагогической теории, истории и практики» уч.посobie. Алматы, 1999. 99-121 б.
4. «Қазақтың тәлімдік ойларының антологиясы» 6 том. С.Қалиев, К.Аюбай, Алматы 2009. 190-195 б.
5. «Психологиядан алғашқы ғылым кандидаты атағын алған ғалым (С.Балаубаевтың туғанына 120 жыл)» Р.С.Каренов, Ғылыми Хабаршы, 2020. №1, 160-165 б.
6. Балаубаев, С. Метод Бине-Симона, приспособленный к исследованию умственного развития казахских детей // Методы изучения ребенка Средней Азии. I. Сборник статей Института Педагогика и Психологии САГУ с предисловием Т. Барановой. Ташкент: Издательство Средне-азиатского государственного университета, 1930. Труды Средне-азиатского государственного университета. Серия I-с. Психология, вып. 3, с. 91.
7. Баранова Т., Балаубаев С., Голяховская А., Рахматулина С. Вопросы конструирования национального теста. // Советская психотехника, 1933 -№1. С. 47-55.
8. Ясницкий А. [Yasnitsky, A.] Сталинская модель науки: история и современность российской психологии [Stalin model of science: The history and the state of the art of contemporary Russian psychology] // Доклад на конференции "Ананьевские чтения - 2015: Фундаментальные проблемы психологии". С.-Петербург, 20-22 октября 2015. // РЕМ: Psychology. Medicine. - 2015. - № 3-4; С. 407-422.
9. Ясницкий А., Завершнева Е. Об архетипе советской психологии как научной дисциплины и социальной практики // Новое литературное обозрение. 2009. № 100. С. 334-355;
10. Ясницкий А. Дисциплинарное становление русской психологии первой половины XX века // Науки о человеке: история дисциплин / под ред. А.Н. Дмитриева и И.М. Савельевой. М.: Издательский дом НИУ ВШЭ, 2015. С. 299-329.
11. Ярошевский М.Г. История психологии от античности до середины XX века. Учеб. пособие. — М., 1996. — 416 с.

**Сейітнұр Ж., Таласбаева М.**

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)*

## **ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ ДАМУЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН МІНДЕТТЕР**

Әлемнің дамыған мемлекеттері елдің басты байлығы табиғи ресурстар емес, адами капитал екендігін мойындайды. Оның айқын мысалы ретінде өз ғалымдарының еңбектері арқасында экономикалық өркендеуге қол жеткізген Батыс елдері мен Азия аймағындағы Қытай, Жапония, Сингапур елдерін келтіруге болады. Қазіргі заманда ғылым адамдар өмірінің көптеген салаларында маңызды рөл атқарады. Ғылымның даму деңгейі қоғам дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады, сонымен қатар ол мемлекеттің де заманауи дамуының көрсеткіші. Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері отыз жылдан асты. Еліміздегі ғылым дамуының жағдайы туралы деректер мен есептерді талдаудың арқасында отандық ғылым

бастан кешіп жатқан кейбір өзекті мәселелерді анықтауға мүмкіндік туды. Оны біз Қазақстандағы психология ғылымы дамуындағы мысалдармен негіздей аламыз.

Ең алдымен, Қазақстанда қоғамдық-гуманитарлық білімнің әлеуметтік жағдайы жаратылыстану ғылымдарынан айтарлықтай төмен екендігін мойындауымыз керек. Жалпы алғанда, «дәл» ғылымдарға қарағанда әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулердің мәртебелік дәрежесі төмендігі әлемдік тенденция болып табылады. Бірақ басқа дамыған елдердің жанында гуманитарлық ғылымдардың Қазақстандағы беделі мен әлеуметтік өзектілігі ең төмен құндылықтарды көрсетеді. Әлеуметтік ғылымдардың когнитивтік және өзгертуші функциялары жеткілікті бағаланбайды. Қоғамдық санада әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың маңызды нәтижелері негізінен сыртқы және ішкі саясатты идеологиялық және үгіт-насихаттық қамтамасыз етумен байланысты деген пікір кеңінен таралған. Қысқасы, бізде әлеуметтік-гуманитарлық білімнің рөлі жете бағаланбайды. Мәселен, ғылымды мемлекеттік қолдау жүйесінде іргелі психологиялық зерттеулерге сұраныс іс жүзінде жоқ. Еліміздің әлеуметтік-гуманитарлық ғылыми мектептері жаһандық академиялық дискурста шеткі орын алады. Қазіргі уақытта отандық ғалымдар халықаралық ғылыми басылымдарда тақырыптық басымдықтарды анықтайды, ғылымның алғы шебінде күн тәртібін қоя алады дегенге сену қиын. Өйткені, жаһандық академиялық дискурста қатысудың ең негізгі талабы – лингвистикалық құзыреттілік. Бүгінгі таңда ағылшын тілі жаһандық академиялық дискурстың «лингва франкасы» болып табылады. Психология ғылымындағы англосаксондық үстемдікке әзірге балама жоқ. Қазір халықаралық аудитория алдында көріну үшін академиялық ағылшын тілін меңгеруді талап етіледі. Алайда әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы отандық ірі ғалымдар мен мамандардың айтарлықтай бөлігінің ағылшын тілін меңгеру деңгейі жеткіліксіз. Қарапайым не орташа деңгейде тіл білгенімен арнайы терминология мен күрделі сөйлеу үлгілерін, сөз орамдарын қолдануда қиналады. Көбісі аудармашылардың көмегіне жүгінеді. Оның үстіне лингвистикадағы «лакуна» мәселесі бар. Кросс-мәдени психология сана бейнелерінің «семантикалық картасындағы» ақтаңдақты ескермеу салдарын жақсы біледі. Тағы бір қиынсыз жайт – отандық ғалымдарды англосаксондық дүниенің критерийлерімен бағалау әдеті. Ғылым ең алдымен, сол қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандырып, оған өмірде кездескен проблемаларды жеңуге көмектесуі керек. Тек шетелге арқа сүйеудің мемлекетті қандай күрделі жағдайға соқтыратыны Батыс санкциясына ұшыраған Ресейдің бүгінгі жағдайы айқын көрсетеді. Олар енді ұлттық және экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін импортты алмастыру саясатын жүргізуде. Бүгінгі таңда бұл мәселе әлемдегі қазіргі геосаяси жағдайға байланысты ерекше өзекті болып отыр. Отандық интеллектуалдық өнімдерді өндіру қарқынын кеңейту қажет. Бұл үшін отандық ғылымдардың, соның ішінде әлеуметтік-гуманитарлық білімнің рөлі арттыру және қазақ жастарын ғылыми өмірге тарту аса маңызды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда ғылым саласында 21 782 адам жұмыс істейді. Зерттеушілердің 35%-ының ғылыми немесе академиялық дәрежесі бар, бұл 1697 ғылым докторы, 4165 ғылым кандидаты, 1340 PhD және 293 ғылым докторы.

Әлемдік психология ғылымының қазіргі жағдайын оның дамуындағы шарықтау шегінде деп сипаттауға болады. Ғылыми психология жаңа білімдермен үздіксіз толығуда, оның түсініктік аппараты мен зерттеу әдістері жетілдірілуде, жаңа салалар пайда болып, тереңдетіліп зерттелінуде. Психология революцияға дайын болған кезеңді бастан кешіруде деп айтуға болады. Соңғы жылдары Қазақстанда адам тағдырына, оның ішкі әлеміне, мүмкіндіктері мен қабілеттеріне қызығушылықтар артуда. Мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық дамуының қарқындалуы психология ғылымының өмірдің барлық саласындағы және іс-әрекеттегі рөлінің артуын талап етеді.

Соңғы жылдары елімізде ғылыми зерттеулердің деңгейі біршама көтерілді, мұғалімдердің, ата-аналардың, қоғамның ортасында психологиялық білімдерді тарату кеңейді, республикалық ғылыми-теориялық конференциялар мен симпозиумдар өткізілді, жалпы медициналық, спорт, сот психологиясы бойынша көптеген кітаптар мен оқу-құралдары, арнайы орта және жоғары оқу орындарына арналған әдістемелік құралдар

шығарылды. Психологиядан ғылыми диссертацияларды қорғау бойынша оқу кеңестерінің қызметі қайта қолға алынды.

Алайда бұл сыртқы көрініс, ал тереңдетіп қарайтын болсақ әлі де көптеген мәселелердің бар екенін көруге болады. ҚР ҰҒА мен Білім министрлігі басқа мекемелерді есептемегенде психология ғылымының дамуына қызығушылық көрсетпейді. Университеттердегі кафедралар конференцияларды өздері ұйымдастырады. Тек анда-санда өткізілетін ғылыми конференциялар мен семинарлар ғылыми коммуникация қажетін толық өтей алмайды. Ғылыми журналдардың шектеулі саны мен аз таралымы оны көпшілікке жаю, түсіндіріп тарату ісін тежеуде. Ғылыми кадрларды дайындаудың тым қысқа мерзімдеріне байланысты жаңа ғалымдардың ғылыми-әдіснамалық құзыретсіздігі өсуде: жастардың нағыз ғылыми ортада «өсуге», ғылыми жұмыстың әдіснамалық мәдениетін бойына сіңіруге уақыты жоқ. Оның үстіне ғылыми зерттеулердің маңызды бөлігі бүгінгі таңда қолданбалы салаларда жүзеге асырылады. Іргелі ғылымнан көрі қолданбалы ғылым беделді. Қысқа мерзімді жоба аясында іргелі зерттеулер жасау мүмкіндігі аз.

Психология саласындағы мамандардың пікірлерін талдау барысында көп жайға қанық болдық. Министрліктер, Нұр-Сұлтан мен Алматыдағы ірі өндіріс орындары еңбектің психологиялық факторын ескермейді, өздерінің жұмысында инженерлік психология мен еңбек психологиясының мәліметтерін пайдаланбайды. Қызметкерлер мен жұмысшылардың еңбек, тұрмыс және демалыс шарттарын жақсарту бойынша эргономикалық және техникалық эстетика жұмыстар жүргізілмейді. Тыңдаушыларға бұқаралық ақпарат құралдарының ықпал етуінің қолданбалы психологиялық мәселелері, қылмыстық, мәдени-ағартушылық, сот, пенитенциарлық психология мәселелері зерттелінбейді. Қазақстан мектептері қазіргі уақытта да ұлттық, көпұлтты, әсіресе ауыл мектептерінің, мектеп-интернаттарының, балалар үйінің оқу-тәрбие үдерісін нақты ғылыми-психологиялық негіздеуді қажет етеді. Арнайы орта, кәсіби және жоғары мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының психологиясы бойынша зерттелмеген мәселелер көп. Республикада әлі күнге дейін нарықтық ойлаудың, бастамашылық пен жауапкершіліктің, демократиялық плюрализмнің, адам құқығы мен экологиялық, демографиялық, тілдік және ұлтаралық қатынасты шынайы түсінудің психологиялық механизмдері жасалынбаған.

Бұл кемшіліктердің себептерінің бірі іргелі психологиялық зерттеулердің қанағаттанарлықсыз жай-күйі. Материалдық-техникалық база мүлде дамымаған, себебі психологиялық орталықтар да, психология бойынша көрнекті ҒЗИ да жоқ.

Біздің көзқарасымыз бойынша, Қазақстандағы психология ғылымының маңызды міндеттерінің бірі аймақтың өзіндік ерекшеліктері ескеріп осы білім саласының теориялық-әдіснамалық негіздерін жасау болып табылады. Себебі батыстан алынған психологиялық зерттеулердің әдістемелері басқа әдіснама негізінде жасалынғандықтан қажетсіз нәтижелерге алып келуі мүмкін. Осыған орай, психология саласындағы басым бағыттар этникалық тұлғаның қалыптасуы мен даму жолдарын зерттеу, әртүрлі ұлттағы балалардың әлеуметтенуінің заңдылықтарын зерттеу, қазақстандық патриотизм сезімінің қалыптасу механизмдерін, рухани-адамгершілік саласын зерттеу болу керек.

Демократиялық қоғамның жаңаруы, оның егемендік алуы мен ізгілендірілуі, саяси реформа, құқықтық мемлекеттің құрылуы, білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы реформа, адамдардың қоғамдық-саяси белсенділігінің дамуы, елдегі полиэтникалық және көп конфессиялы құрамының ескерілуі, кәсібилік деңгейінің өсуі мен жергілікті этнос өкілдерінің мамандықтарды меңгеруі психология ғылымының артта қалуы мен бір орында тұруын жеңуді талап етеді. Мемлекеттік экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани өмірін ұйымдастыру мен бақсарудың барлық сатысындағы психологиялық мәдениетті және психологиялық білімдерді бағалауды қажет етеді.

Біздің пікіріміз бойынша, Қазақстандағы психология ғылымының негізгі міндеттері келесілер болу керек: іргелі зерттеулерді дамыту үшін қолайлы жағдай жасау; оны елдің әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени даму стратегиясына сәйкес сапалы жаңа деңгейге жеткізу; өзекті мемлекеттік мәселелерді шешуде психологтардың күшін жұмылдыру; ғылыми-

психологиялық қамтамасыз етуді нарықтық қатынасқа ауыстыру. Ана тілімізде психологиялық еңбектер санын арттыру да маңызды.

Келесі психологиялық мәселе кәсіби-бизнесмендерді, кәсіпкерлерді даярлаудың психологиялық негізделген әдістерін жасау болып табылады. Коммерциялық сауда мен бизнестің, радикалды экономикалық реформаның психологиялық механизмдерін ашуға арналған зерттеулерді бастау керек. Олардың мақсаты әртүрлі санаттағы жұмысшыларды бастамашылдық еңбекке ынталандыру, шаруашылық басқарудың командалық-әкімшілік әдістерінен экономикалық басқаруға көшуге байланысты адамдардың психологиясындағы өзгерістерді зерттеу және еңбекті ұйымдастырудың жаңа формаларының (кооперативтік, жеке дара еңбек іс-әрекеті, кіші және орта кәсіптегі бірлескен жұмыс) дамуына байланысты практикалық ұсыныстар жасау болады.

Қазақстан жағдайындағы экологиялық дағдарыстан шығудың тиімді жолдарын іздеу ерекше өзекті болған қазіргі уақытта келесі психологиялық мәселелер зерттелінуі қажет: тұлғаның жайсыз даму факторлары, адамның экологиялық мінез-құлқы мотивациясын зерттеу, қоршаған ортаға зардап келтіретін адамдардың әрекеттерінің себептерінің мәнін ашу, Арал теңізі мен Семей полигонындағы экологиялық дағдарыстың психологиялық салдарын (психологиялық денсаулықтың бұзылуы, қылмыстың өсуі және суицидтің көбеюі) зерттеу.

Қазақстандағы психология ғылымының қалыптасу және даму жолдарын зерттеп, Қазақстандағы психология ғылымының тағы да өсуіне алып келетін міндеттерді бөліп көрсетеміз:

1. Іргелі ғылыми зерттеулерді қолға алу үшін аса қажетті ғылыми-психологиялық ізденістерді қаржыландыру мәселесін шешу;

2. Психологияның басты бағыттары бойынша ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудың бағыттары мен формаларын анықтау. Білім беру психологиясы, денсаулық сақтау психологиясы, спорт психологиясы, мәдениет психологиясы, құқықтық психология, отбасы психологиясы, тілдерді оқыту психология және т.б. психология салалары бойынша докторларды даярлаудың жарқын болашағын жоспарлауды бастау.

3. Мүмкін болған жерлерде психологиялық қызмет орталықтарын ашу: жалпы білім беретін мектептерде, жоғары оқу орындарында, олардың дәрежесін, құрылымын, қызметі мен иерархиясын анықтау.

4. Республиканың жеке медициналық, ауыл шаруашылық және техникалық жоғары оқу орындары базасында психологтарды даярлау, сонымен бірге олардың біреуінде жоғары оқу орны аралық психология кафедрасын ашу мүмкіндігін қарастыру.

5. Психолог-зерттеушілердің, практик-психологтардың біліктілігін арттыру мен оларды қайта даярлаудың мүмкіндігін қарастырып, жоғары білімі бар мамандардың балабақшалар мен білім беру мектептерінің жүйесінде жұмыс істеуі үшін алты айлық және бір жылдық оқу курстарын ашу.

6. Жақын және алыс шетелдермен (ҚХР, Түркия, АҚШ және т.б.) ғылыми, оқу-әдістемелік, шығармашылық байланыстар орнату, психология саласындағы халықаралық байланыстардың мүмкіндігін шешу.

7. Мектеп психологы қызметінің енгізілуіне байланысты психология мамандығына түсетін абитуриенттердің санын арттыру керек, ірі бөлімдер базасында психология құжаттарын жасау.

8. Психологиялық әдебиеттерге, әсіресе қазақ тілді әдебиеттерге қажеттілікті қалыптастыру үшін ҚР Білім және ғылым министрлігі деңгейінде елдегі мемлекеттік баспалардың бірінде арнайы редакция ашу мәселесін қарастыру.

Сонымен, зерттеу жұмысымыздың екінші тарауында тәуелсіз Қазақстандағы психология ғылымының даму ерекшеліктері қарастырылды. Бұл кезеңнің негізгі мазмұны экономиканың нарықтық қатынасқа ауысуына, жаһандану және цифрландыру үрдісіне байланысты. Бұл фактор республиканың рухани өміріне өз ықпалын тигізді. КСРО құлдырағаннан кейін бірнеше жылдар бойы басымдық танытқан марксистік идеология әлсіреп, психология ғылымындағы теориялық-әдіснамалық негіздерге түзету жұмыстары жасалынды. Аталған

өзгерістер ұлттың зияткерлік егемендігі, қазақстандық ғылымдағы жеке ұлттық бағыттарды жасау мәселесін қалыптастырды. Дегенмен бұл міндеттерді шешу оңай болған жоқ.

Көптеген отандық психологиялық зерттеулерде ресейлік психологияға тән үрдістер байқалады. Қолданбалы зерттеулер, практикалық психологияның әртүрлі мәселелерін зерттеу қарқынды дамуда. Нарықтық экономика жағдайында экономикалық мәселелерді зерттеудің маңыздылығына қарамастан халықтың рухани мәдениетін қайта жаңғырту, ұлттық құндылықтарды ұғындыру өзекті болып табылады. Әсіресе жергілікті ұлт өкілдерінде өздерінің ата тегіне, ұлттық психологиясына, этнопсихология мәселесіне қызығушылық артуда. Егемендік алғанға дейін елде этнопсихологиялық зерттеулер жүргізілген жоқ. Бұл тарауда этнопсихология зерттеулер, тәуелсіз Қазақстандағы психология ғылымының ерекшеліктері мен болашақта зерттелінуі тиіс міндеттер мазмұндалды.

Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін психология ғылымның дамуы сол кездегі орталық болған Мәскеудің шешіміне тәуелді болды. Зерттеу тақырыптары кеңестік парадигма логикасында белгіленді. Этномәдени тұрғыда қазақтар ұлттық кемсітушілікке ұшырады. Ана тілінде оқу кәсіби өсуге мүмкіндік бермеді. Психология ғылымы бойынша диссертациялық жұмыстар тек орыс тілінде жазылды. Іргелі теориялық жұмыстар жасауға мүмкіндік болмады. Елдегі ғылым академиясында психология ғылымы құрылымдық көрініс таппады. ҚазКСР Оқу-ағарту министрлігінің ПҒЗИ білім берудің психологиялық негізі қарастырылғанымен іргелі зерттеулерге мамандар, қаржы тапшы болды. Республикадағы жоғары оқу орындарында психолог мамандарды даярлау орталықтың құзыретімен 1953 жылдан кейін тоқтатылды.

Отандық психология тарихшылары зерттегендей, Қазақстанда психология ғылымының сандық әрі сапалық өсуі әсіресе еліміз тәуелсіздік алған соң қарқынды жүрді [1-7]. Ұлттық кадрларды даярлау, мемлекеттік тілде психологиялық әдебиеттердің жарық көруі, психология ғылымының институционалдануы тәуелсіздік кезеңінде орын алды. Тәуелсіз Қазақстанда ғылыми-теориялық конференциялар мен симпозиумдардың саны күрт өсті, психологияның салалары дами бастады. Бірақ әлі де жетілдіруді талап етеді.

Қазақстандағы жоғары оқу орындарындағы психологтарды даярлау әлемдік трендпен ұштасып жатыр. Отандық ғалым психологтардың еңбек жолы мен шығармашылығы тарихи-психологиялық зерттеу нысанына айналуға бастады. Елімізде қолданбалы психологияға сұраныс үлкен. Жоғары оқу орындары психология ғылымының дамуына орасан зор үлес қосқанымен, психологиялық лабораториялардың жоқтығы сияқты кемшілік тұстары анықталды.

Дипломдық жұмыстың екінші тарауы қазақстандық психология ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелердің тізімін атаумен қорытындыланды. Біздің ойымызша, психология Қазақстандағы әлеуметтік және жаратылыстану ғылымдарының арасында өзінің ерекше орнын табады. Бұл үшін отандық практик психологтар, ғалым психологтар белсенді қатысуы керек, сондай-ақ мемлекет тарапынан да қолдау мен қызығушылық қажет.

#### Әдебиет

23. Акажанова А. Т. Возрастная и педагогическая наука Казахстана. Монография. / А.Т. Акажанова. - Алматы: Издательский дом «Альманах», 2017. - 246 с.
24. Акажанова А.Т. Қазіргі психология тарихының дамуы, жағдайы, беталысы. Оқу құралы. - Алматы, 2011. – 126 б.
25. Жарикбаев К.Б. Психологическая наука в Казахстане (история и этапы развития в XX в.): – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 308 с.
26. Жарикбаев К.Б. Становление основ научной психологии в Казахстане (история и этапы развития в XX веке): дис. д-ра. психол. наук. – Алматы, 2003. - 248 с.
27. Сейітнұр Ж.С. Қазақстандағы педагогикалық психологияның қалыптасуы мен дамуы: 19.00.01- жалпы психология, жеке адам психологиясы, психология тарихы, этнопсихология [Текст] : психол.ғылымдар.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд.дис... / Ж.С. Сейітнұр - Алматы, 2008. – 175 б.
28. Сейітнұр Ж.С. Отандық педагогикалық психологияның қалыптасу тарихы // Вестник НАПК, №1. 2005- С. 105-112.
29. Сейітнұр Ж.С. Қазақстан аймақтарындағы педагогикалық психологияның қысқаша даму тарихы // Вестник НАПК, №3-4. 2006 - С. 94-101.

**БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР**  
**СОВРЕМЕННЫЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В ОБРАЗОВАНИИ**

*Акажанова А.Т.*

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті)*

*Кулжанова Ш.Е.*

*(Алматы қаласы, ҚАЖ Департаментінің ЛА-155/6  
мекемесінің тәрбие бөлімінің бастығы)*

**ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ПСИХОЛОГ  
МАМАНДАРЫМЕН БІРЛЕСІП АТҚАРАТЫН НЕГІЗГІ ЖҰМЫСТАРЫ**

Қантар айынан кейінгі болып жатқан жаһандық өзгерістер қоғамның қазіргі заманауи әлеуметтік даму жағдайына елеулі өзгерістер енгізеді және жастардың, әсіресе кәмелетке толмағандарға айтарлықтай әсер етеді деп санаймыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 156 қаулысы бойынша жасөспірімнің құқықтарын күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020–2023 жылдарға арналған жол картасы бекітілді. Алайда, жалпы және қылмыстық-атқару мекемелеріндегі қылмыстың өсуі, мемлекеттік реттеу мен бақылау жүйесінің әлсіреуі, әлеуметтік саладағы мемлекеттік саясаттың дұрыс есептелмеуі, қоғамның рухани-адамгершілік әлеуетінің төмендеуі ықпал ететін факторлар ретінде қарастырылады [1].

Қазіргі кезде әлеуметтік оқшаулану мекемелерін психологиялық қызметпен қамтамасыз етудің маңызы күннен-күнге артып келеді. Бұл картаның мазмұнын және міндеттерін түсінбей, кәмелеттік жасқа толмаған тұлғаны жан-жақты зерттемей, мекеме қызметкерлері психологпен бірлесе отырып түзету жұмыстарын жүргізбей мақсатқа қол жеткізу және жүзеге асыру мүмкін емес. Осыған байланысты түзеу мекемесінің қызметкерлері күн тәртібіндегі жұмыстардың атқарылуына және сотталғандарды түзеу үрдісіндегі жоспарланған басқа да жұмыстарға араласады.

Қызметкерлер ұжымының алдында келесі мәселелер тұруы қажет: жазаны өтеу режимін сақтау және ұйымдастыру; сотталғандардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету; өндірістік қызметін ұйымдастыру; білім беру және кәсіби тәжірибе алуға жағдай жасау; медициналық, психологиялық- педагогикалық қызмет көрсету; бос уақытын пайдалы өткізуді ұйымдастыру; психологиялық тұрғыда арнайы кәсіби қызметтердің диагностикалық және психокоррекциялық жұмыстарды дұрыс бағытта жүргізу т.б.

Түзеу мекемесі қызметкерінің атқаратын функциясына төмендегілер жатады:

1) Әлеуметтік міндеттерді шешу, қылмыстың алдын алумен байланысты сотталғандарды әлеуметтік бейімдеу.

2) Аталмыш функцияларды мына тәртіптерді күшейтпей орындау мүмкін емес:

- заң бұзушылықты ашу және алдын алу;
- уақытында жазалау;
- сотталғандармен мақсатты түрдегі тәрбие жұмыстарын жүргізу;
- жалпы білім беру және кәсіби техникалық білім беруді жүзеге асыру;
- қызметкерлер мен сотталғандарды психологиялық дайындықтан өткізу;
- мекемедегі тәрбиеленушілерді еңбекке тартуды оңтайландыру.

Сотталғандарды түзеу мен әлеуметтендірудің нәтижелі үрдісі психологтың анықтаған мәліметтеріне сүйенеді. Осы мәліметтер арқылы мекеме қызметкерлерінде сотталғандармен

тәрбиелік мақсатта жалпы әрі нақты іс-әрекеттер жүргізуге толық мүмкіндіктері туындайды. Сол себепті – диагностикалық зерттеу жұмыстары ең негізгі және алғашқы міндеттің бірі болып табылады. Диагностикалық зерттеудегі жұмыстарынан алынған ақпараттар мен мәліметтер сотталғандарды қайта тәрбиелеуде нақты бағдарламалар жасауға ықпалын тигізеді, ал ақпараттар жинау – диагностикалық әдістерді оңтайлы қолдана білуіне үлкен мүмкіндік туғызады. Диагностикалық жұмыс барысында түзеу мекемесінің қызметкерлері зерттеу нысандарды (тұлға, ауытқы мінез-құлық, арнайы немесе формальды емес сотталғандар тобы т.б.) және басқа да мәселелерді толық анықтап алуға үйренулері шарт.

Қызметкердің ұйымдастарушылық қабілеттері – сотталған тәрбиелушілерді басқарудағы қолданатын шаралар тәртібін, ережелерді дұрыс орындаулары және жұмыс уақытын тиімді пайдаланып, қызмет жоспарын жүйелі құра білуі, құжаттық жұмыстарды жүйелеу; еңбекті ұйымдастыру мақсатында компьютерлер мен өзге де заманауи техникаларды дұрыс меңгеріп орынды пайдалана білудің жолын арттыру қажет.

Түзеу мекемесіндегі психологиялық-педагогикалық мамандардың жаңа тұжырымдаманың негізінде қылмыстық орындаушылық құқықты психологиялық мақсатта жетілдіру арқылы тұлғаның қызметін жақсартуға болатындығын көрсетеді.

1. Жұмысқа тән шарттар:

- шамадан тыс салмақты жұмыс;
- уақыт тапшылығы;
- жұмыстың қауіптілігі;
- жауапкершілік;
- жұмыстың жиі өзгеруі;

2. Мекемедегі рөлі:

- өзгелер үшін жауапкершілік;
- шешім қабылдаудағы алатын орны;

3. Мансапты дамыту:

- дағдының қалыптаспауы;
- күзiреттiлiктiң нашарлығы;
- тәжірибе алмасудағы кемшіліктер;
- берілген жұмысқа деген білімнің жетіспеушілігі;

4. Топтық ішкі қарым-қатынас:

- басшылармен қарым-қатынастың нашарлығы;
- ұжыммен тіл табыса алмау, түсініспеушілік;
- сотталғандармен қарым-қатынасты дұрыс ұйымдастыра алмау;
- өзге қызметкерлерден оқшаулану;

5. Ұжымдық ахуал құрылымы:

- нәтижелі кеңестердің жетіспеушілігі;
- тосын жағдайдағы сенімсіздік;
- кертартпалық;
- «қысымдық ережелерді» қолдану.

6. Мекеменің сыртқы әлеммен әрекеттестігі:

- мекеменің отбасылық талап-сұраныстарына қарсылығы;
- төмен деңгейдегі әлеуметтік қолдау;
- бейнелер таптауырындары (өзін-өзі бағалау);
- мекемедегі өзгерістердің сыртқы жағымсыз оқиғалармен байланысы.

Кәмелетке толмаған сотталушылармен түзеу мекеме қызметкерлерінің жұмыстарының негізгі функциялық ерекшеліктері: сотталғандардың тұлғалық қасиеттерін, қарым-қатынас жүйесін, мерзімінен бұрын босауға дайындық жұмыстарын ұйымдастыру, қылмыстық-атқару ережелерін түсіндіру, ішкі тәртіптік ережелерді сақтауды, әртүрлі шараларды ұйымдастыру, сотталғандарды жазалау мен кешірім жасаудағы ұсыныстарды сараптау, олардың арасында кездесетін әртүрлі дау-дамайды шешу мәселелерімен айналысады [2, 251–252 бб.].

Кәсіби деформация кәсіп пен қызметтің психологиялық үлгілерінің «бұрмалануы» немесе олардың деструктивті құрылысы ретінде қарастырылады [4]. Деструктивті мінез-құлық агрессивтілікке негізделі отырып, адамдарға немесе қоршаған әлемнің басқа объектілеріне физикалық, моральдық немесе басқа зиян келтіруге бағытталған, оларға қарсы зорлық-зомбылықпен байланысты әрекеттерде көрінетін агрессивті мінез-құлық ретінде қарастырылады. Деструктивті мінез-құлық жеке адамдар мен әлеуметтік топтарды өмірдің стресстік сипатына бейімдеудің балама тәсілі.

С.П. Безносовтың пікірінше, басқа адаммен кәсіби қарым-қатынас міндетті түрде соңғысының осы жұмыс субъектісіне кері әсерін қамтиды. Кәсіби деформациялар түрлі кәсіп өкілдерінде әр түрлі көрінеді [5].

Кәсіби деформацияны адамның іс-әрекеті мен жүріс-тұрысы арқылы да анықтауға болады. Деформация кәсіптің әсері арқылы адамның физикалық және психикалық күйіне әсер етеді. Бұл әсер теріс сипатқа ие. Кәсіби деформацияның пайда болу механизмі аса күрделі. Алғашында еңбектің жағымсыз шарттары кәсіби іс-әрекетте, жүріс-тұрысында негативті өзгерістер тудырады. Содан кейін, қиын жағдайлардың қайталануына байланысты теріс өзгерістер жиналып қарым-қатынаста, күнделікті өмір барысында көріне бастайды. Алдын ала, уақытша негативті психикалық жағдай мен бағдар пайда болса, одан кейін жағымды қасиеттер жоғала бастайды. Кейін, жағымды қасиеттер орнына жұмысшының жеке бас профилін өзгеріске әкелетін негативті психикалық қасиеттер пайда болады.

Кәсіби деформация адамның еңбек іс-әрекетінде туындауы өте күрделі және психиканың түрлі қырларына (мотивациялық, когнитивті, тұлғалық), қасиеттеріне әсер етеді. Тар мағынада, кәсіби деформация - бұл адамның кәсіби қызметіне және психологиялық құрылымына теріс әсер ететін психологиялық өзгерістер. Кәсіби деформацияның пайда болуына қызметкердің маңайындағылардың әсерімен кәсіби іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктері ықпал етеді. Мұғалімнің кәсіби деформациясының көрінуі сабақ кезіндегі белгілі бір уақытта жасанды түрде, тіпті параноидтық сипатта оқушылардың жұмысынан қателіктер іздей бастайды. Үйде "деформацияланған" мұғалім туыстарының іс - әрекеттерін бағалай бастайды, кейде тым қатал (ойша барлығын 5 балдық шкала бойынша) көрінуі мүмкін, көшедегі бейтаныс адамдардың іс-әрекеттерінің дұрыс не бұрыстығын талдайды, мәдениеттің болмауына не төмендігіне наразы болады, және т. б.

Кәсіби деформацияның тағы бір маңызды себебі - еңбек бөлінісі және тар мамандандыру. Көптеген жылдар бойғы күнделікті жұмыс типтік міндеттерді шешу бойынша тек кәсіби білімді жетілдіруді ғана емес, сонымен қатар кәсіби әдеттерді, стереотиптерді қалыптастырады, ойлау стилі мен қарым-қатынас стилін анықтайды. Адаптивті деформация кезінде тұлғаның нақты іс-әрекет шарттарына пассивті бейімделуі орын алады, оның нәтижесінде адамда конформизмнің жоғары деңгейі қалыптасып, ол ұйымда қабылданған мінез-құлық үлгілерін сөзсіз қабылдайтын болады. Деформацияның неғұрлым терең деңгейі қызметкердің тұлғалық қасиеттерінің, соның ішінде билеп-төстеушілік, эмоциялылықтың төмендеуі және қатаңдық тәрізді теріс сипаттағы өзгерістердің орын алуымен сипатталады.

Кәсіби деградация деп аталатын кәсіби деформация дәрежесі адамның моральдық көзқарастарын өзгертеді, кәсіби тұрғыдан тұрақсыздыққа апарды. Адамның тұлғалығы тұтас және тұрақты құрылым болғандықтан, ол деформациядан қорғанудың образды жолдарын іздейді. Мұндай психологиялық қорғаудың бір тәсілі - бұл эмоциялық күйзеліс синдромы. Синдромның негізгі себебі - қызметкерге қойылатын талаптар мен оны орындаудың нақты

мүмкіндіктерінің сәйкес келмеуі. Егер қызметкер бастықтың бұйрығын орындауды абыройлы іс деп санап, бірақ оны объективті түрде орындай алмаса стресс пайда болады. Бұл өз кезегінде жұмыс сапасының нашарлауына, әріптестерімен қарым-қатынастың бұзылуына апарып соқтыруы мүмкін.

Көбінесе бұл синдром қызметкерлердің тәуелсіздікке деген ұмтылысы және олар жауап беретін нәтижелерге жетудің әдістері мен әкімшіліктің қатаң, иррационалды саясаты арасындағы сәйкессіздіктен туындайды. Күрделі бақылау нәтижесінде өз қызметінің пайдасыздығы сезімі пайда болады. Жұмыс үшін тиісті сыйақының болмауын қызметкер өз жұмысының мойындалмауы ретінде сезінеді, бұл да апатияға, ұжымның істеріне эмоциялық қатысудың төмендеуіне, әділетсіздік сезімінің пайда болуына және күйзеліске әкелуі мүмкін.

Адамның осы принциптері мен құндылықтары және жұмыс ұсынатын талаптар арасында сәйкессіздік болған жағдайдында қызметкер үшін осы жұмыс орнында қалу маңызды болса, онда біртіндеп жеке принциптерді бұзуға тәуелділік пайда болады, олардың эмоциялық маңызы төмендейді.

Жеке тұлғаның мамандықты игеруі сөзсіз оның құрылымындағы өзгерістермен бірге жүреді, бір жағынан, қызметтің сәтті жүзеге асырылуына ықпал ететін қасиеттер күшейіп, қарқынды даму бастаса, екінші жағынан, осы процеске қатыспайтын құрылымдар да өзгеріске түсіп, басылуы немесе тіпті жойылуы мүмкін. Егер бұл кәсіби өзгерістер теріс деп саналса, нақты айтқанда, жеке тұлғаның тұтастығын бұзатын, оның бейімделуі мен тұрақтылығына зиян келтіретін болса, онда оларды кәсіби деформациялар ретінде қарастырған жөн.

Деформацияның ауырлық дәрежесі жұмыс өтілімен, педагогикалық іс-әрекеттің мазмұнымен және мұғалімнің тұлғалық психологиялық ерекшеліктерімен анықталады.

Э.Ф. Зеер, Э.Э. Сыманюк педагогтердің іс-әрекетіндегі деформациялар авторитарлық, демонстрациялық, дидактикалық педагогикалық, догматизм, доминанттылық, педагогикалық индифференттілік, консерватизм, педагогикалық агрессия, рөлдік экспансионизм, педагогтің әлеуметтік екіжақтылығы, мінез-құлық трансфері, педагогтің ақпараттық енжарлығы және үйренілген дәрменсіздік сипаттарында байқалуы мүмкін [6].

Мұғалімнің кәсіби деформациясы мәселесі кейбір ерекшеліктермен сипатталады. Педагогикалық та, салалық та білімі бар мамандардың өзіндік кәсіби деформациялары бар, олар пән мен оның пәнаралық байланыстарын, пәннің мазмұнын тереңдігімен толық көрсетуге кедергі келтіреді.

Үлкен жұмыс тәжірибесі бар мұғалімдер үшін оқытуды біріктіру кәсіби қызмет динамикасында қайшылық тудыруы мүмкін. Кәсіби шеберліктің белгілі бір деңгейіне жеткен маман жаңа пәннің мазмұнын және оны оқыту әдістемесінің ерекшеліктерін игеруге байланысты жаңа білім жүйесін, қалыптасқан өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын құруды талап ететін кәсіби дамудың төменгі сатысына көшуге мәжбүр. Бұл процесс, бір жағынан, қалыптасқан кәсіби дағдылар мен кәсіби деформациялар аясында, екінші жағынан, тұлғаның кәсіби дамуына және сапалы жаңа кәсіби деңгейдің қалыптасуына немесе кәсіби бұзылулардың одан әрі дамуымен қызметтің де бұзылуына ықпал етеді.

Шетелдік авторлардың зерттеулерінде "кәсіби деформация" термині қолданылмайды. Ең көп таралған термин - "эмоционалды жану". Кәсіби деформация - қорғаныс механизмдері әлсіреген кезде, адам деструктивті факторларға төтеп бере алмағанда жағдайдағы және тұлғаның бұзылу процесі басталатын эмоциялық күйзелістің салдары. "Эмоциялық жану синдромы" – диагностикалық мәртебеге ие (МКБ–10:z73 - "өз өмірін басқарудағы қиындықтармен байланысты проблемалар"). Эмоционалды жану синдромы ("күйіп қалу") - эмоциялық, психикалық тұрғыдан сарқылу белгілері арқылы физикалық шаршауға, эмоциялық, танымдық және физикалық энергиясын біртіндеп жоғалтуға дейін апаратын процесс. Бұл жұмыс орнындағы стресстің сәтсіз шешілуі мен психологиялық қорғаныс механизмінің нәтижесі ретінде қарастырылады.

Соңғы жылдарда мектеп мұғалімдерінің психологиялық денсаулығын сақтау мәселесі өзекті болып отыр. Мұның себептері мемлекеттік білім стандартының күрделене түсуі,

ақпарат ағымының көбеюі, мектептердегі жаңа реформалардың, заманауи технологиялардың енгізілуі, мұғалімдердің зейнетке шығу жастарының ұзартылуы және т.б. байланысты.

#### Әдебиет

1. Грановская Р.М. Элементы практической психологии. — 6-е. — СПб.: Речь, 2010. — 560 с.
2. Управление персоналом. Словарь-справочник <https://psyfactor.org/personal0.htm>
3. Маркова А.К. Психология профессионализма. — М.: Международный гуманитарный фонд «Знание», 1996. — 312 с.
4. Дружилов С.А. Профессиональные деформации и деструкции как следствие искажения психологических моделей профессии и деятельности // Журнал прикладной психологии. — 2004. — № 3. — С. 56—62.
5. Безносков С.П. Профессиональная деформация личности. — СПб.: Речь, 2004. - 272 с.
6. Психология становления педагога профессиональной школы / ред. ЭФ. Зеера. Екатеринбург: 1996. - 148 б.

*Алиева Д.Қ., Болтаева А.М., Садықова Н.М.  
(Қазақстан Республикасы, Алматы қ,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)*

### **МЕКТЕП БІТІРУШІЛЕРДІҢ ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Мемлекеттік аттестаттау мектептегі ең стресстік жағдай болып табылады, себебі ол университетке түсу және ересек өмірдің барлық жоспарларын жүзеге асыру нәтижеге байланысты болады. Орта мектептегі емтихан жылдары оқушылар үшін өміріндегі ең қиын жылдар болуы мүмкін және бұл стресс пен мазасыздықты тудыратыны сөзсіз. Оқу бағдарламасындағы соңғы өзгерістерге, емтиханның барлық мазмұнын толығымен қайта құруға байланысты көптеген оқушылар ескі емтихан жұмыстары мен мәтіндік мысалдар бойынша дайындала алмауымен байланысты бірқатар қиындықтарға тап болады. Бұл оқушыларға стресстің тағы бір деңгейін қосады, себебі олар емтиханға дайын емес екендігін сезінеді. Емтихан стресстері депрессия мен мазасыздық, паникалық атака, өзін-өзі бағалаудың төмендігі, өзіне-өзі зиян келтіру және өзін-өзіне қол жұмсау туралы ойлар, сондай-ақ бұрыннан бар психикалық бұзылулардың нашарлауы сияқты көптеген психикалық ауруларға әкелуі мүмкін.

Стресс жағдайының айқын белгілері бар: бұл қатты жүрек соғысы, терлеудің жоғарылауы, тітіркену, қатты шаршау сезімі, тәбеттің жоғалуы, бас айналу, эмоционалды толқулар, ұйқысыздық, астматикалық құбылыстар, ас қорыту бұзылыстары, жалпы әл-ауқат және демалуға қабілетсіздік болуы мүмкін.

Емтихан алдындағы мазасыздықтың жоғарылауы психофизиологиялық зерттеулермен расталады. С.И. Волкова мен Э.Ю. Сиротинаның (2014) жұмысында емтихан оқушылардың психофизиологиялық жағдайына және вегетативті жүйелеріне қатты әсер ететіндігі дәлелденді. Оқушылар емтиханға дейін, тапсыру кезеңінде және одан кейін жүйке, эмоционалды және физикалық стресс жағдайында болады [1, б.194-201].

Емтихан алдындағы мазасыздық студенттердің емтиханға дайындалуға немесе курс материалдарын оқуға уақыттың жетіспеуі немесе алдыңғы бағалардағы үлгерімге қанағаттанбау туралы шағымдарында көрінеді. Кейбір тестілік мазасыздық туралы зерттеулер гендерлік айырмашылықтарға назар аударды, олар көбінесе әйелдер студенттері ер құрдастарына қарағанда тестілік мазасыздықтың жоғары деңгейіне ие болды [2, б.13-14].

Емтихан мазасыздығы мен стресс жағдайында байқалады:

- бағдардың бұзылуы, қозғалыстардың дәлдігінің төмендетуі;
- бақылау функцияларының төмендеуі;
- қорғаныс реакцияларының күшеюі;
- ерік функциясының төмендеуі.



Сондықтан дайындық кезінде де, емтихан кезінде де психологиялық-педагогикалық көмек қажет.

Неліктен балалар қатты алаңдайды?

- Олар өз білімінің толықтығы мен беріктігіне күмән келтіреді.
- Олар өздерінің қабілеттеріне күмәнданады: логикалық ойлау, талдау, шоғырлану және назар аудару қабілеті.
- Олар емтиханнан қорқуды жеке ерекшеліктеріне байланысты сезінеді-мазасыздық, өз-өзіне күмәндану.
- Олар бейтаныс, белгісіз жағдайдан қорқады.
- Олар ата-аналар мен мектеп алдында үлкен жауапкершілікті сезінеді.

Емтиханға дайындық кезеңінің қолайсыз факторларына қарқынды психикалық белсенділік, статикалық жүктеменің жоғарылауы, қозғалыс белсенділігінің шектен тыс шектелуі, ұйқының бұзылуы, оқушылардың әлеуметтік жағдайының ықтимал өзгеруі - мұның бәрі организмнің қалыпты тіршілік әрекетін реттейтін жүйке жүйесі, вегетативтік функцияның шамадан тыс жүктелуіне әкеледі [3, б.7-8].

Емтихандық стресстер орта және әсіресе жоғары мектеп оқушыларында психикалық кернеудің себептері арасында бірінші орынға ие. Көбінесе емтихан психогенияның сипатын анықтауда және невроздарды жіктеуде клиникалық психиатрияда ескерілетін травматикалық факторға айналған (психиатрия бойынша нұсқаулық, 1983). Соңғы жылдары емтихандық стресс оқушылардың жүйке, жүрек-тамыр және иммундық жүйелеріне теріс әсер ететіндігі және тіпті генетикалық аппараттың бұзылуын тудыруы мүмкіндігі, ал бұл қатерлі ісік ауруының ықтималдығын арттыратындығы туралы дәлелдер келтірілді. Атап айтқанда, Хьюстон медициналық мектебінің (АҚШ) зерттеушілері емтихан кезінде оқушыларда ДНҚ молекуласының зақымдалған бөліктерін қалпына келтіруге жауап беретін жөндеу механизмдерін іске қосатынын анықтады (Cohen L., Marshall G. D., Cheng L. et al., 2000). Тағы бір зерттеу емтихандық стресстер, әсіресе кофеинді қолданумен бірге, оқушылардың қан қысымының тұрақты жоғарылауына әкелуі мүмкін екенін көрсетті (Schepard J., Al ' Absi M., Whitsett T. et al, 2000).

Ресейлік авторлардың пікірінше, емтихан кезінде студенттер мен мектеп оқушыларында жүрек-тамыр жүйесінің вегетативті реттелуінің айқын бұзылыстарын тіркеді (Плотников В.В., 1983; Покалев Г. М. және басқалар., 1985; Доскин А.В., 1988; Умрюхин Е.А., Быкова Е. В., Климина Н. В., 1999; Фаустов А. С., Щербатых Ю. В., 2000). Ұзақ және өте маңызды эмоционалды стресс вегетативті жүйке жүйесінің симпатикалық немесе парасимпатикалық бөлімдерінің белсенділенуіне, сондай-ақ вегетативті гомеостаздың бұзылуымен және жүрек-тамыр жүйесінің эмоционалды күйзеліске реакцияларының тұрақтылығының жоғарылауымен жүретін өтпелі процестердің дамуына әкелуі мүмкін.

Осылайша, зерттеушілердің айтуынша, емтихан стресстері студенттер мен мектеп оқушыларының денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіреді және бұл құбылыс жыл сайын еліміздің ауқымында жүздеген мың оқушыларды қамтитын проблемаға ерекше өзектілік береді [4,б.319].

Сонымен қатар, емтихан стресстері әрдайым зиянды еместігін атап өткен жөн. Кейбір жағдайларда психологиялық стресс ынталандырушы мәнге ие болуы мүмкін, бұл оқушыға өзінің барлық білімі мен жеке резервтерін өзіне жүктелген оқу міндеттерін шешуге жұмылдыруға көмектеседі.

Эверли Дж. Розенфельд Р. емтиханнан қорқатын оқушылар өздерінің жетістіктерін едәуір жақсарта алатындығын және тіпті емтиханнан қорықпайтындардан да асып түсетінін анықтады. Тек осы үшін, ғалымның пікірінше, емтихан алушылар тарапынан оларға деген мейірімділік қажет-студенттердің өзін-өзі бағалауын сақтап, оларды аз айыптап, мадақтау керек. Тек осы жағдайда емтихан пайдалы болуы мүмкін .

Емтихандық стрессінің белгілері:

Төрт топтың біріне жатқызуға болтын емтихандық стрессінің типтік белгілерін қарастырайық:



### 1. Физиологиялық белгілері:

- ❖ тері бөртпесінің күшеюі;
- ❖ бас ауруы;
- ❖ жүректің айнуы;
- ❖ диарея;
- ❖ бұлшықет кернеуі;
- ❖ тыныс алудың тереңдеуі және жоғарылауы;
- ❖ жүрек соғысының жиілеуі;

### 2. Эмоционалды белгілер:

- ❖ жалпы әлсіздік сезімі;
- ❖ шатасу;
- ❖ үрей;
- ❖ қорқыныш;
- ❖ сенімсіздік;
- ❖ мазасыздық;
- ❖ депрессия;
- ❖ тітіркену.

### 3. Танымдық белгілері:

- ❖ шамадан тыс өзін-өзі сынға алу, өзінің дайындығын басқалармен өзін қолайсыз жағынан салыстыру;
- ❖ өткен емтихандардағы сәтсіздіктер туралы жағымсыз естеліктер (өзінің немесе басқалардың);
- ❖ емтихан қорытындысының теріс салдарын елестету (университетке түсе алмау, ата-анасын жерге қарату және т. б.);
- ❖ қорқынышты түстер көру;
- ❖ жадтың нашарлауы;
- ❖ назар аудару қабілетінің төмендеуі, алаңдаушылық.

### 4. Мінез-құлық белгілері:

- ❖ емтиханға дайындалмас үшін кез-келген басқа іспен айналысуға деген ұмтылыс;
- ❖ емтихан туралы кез-келген ескертулерден аулақ жүруі;
- ❖ емтихан кезеңінде оқу тиімділігінің төмендеуі;
- ❖ алдағы емтихандар туралы мазасыз әңгімелерге басқа адамдарды тарту;
- ❖ кофеин мен алкогольді тұтынудың артуы; [5, б.14]

Мектеп бітірушілердің емтихан алдындағы емтихандық стресс, мазасыздық деңгейін, және созылмалы стресс пен мазасыздық әсерінен пайда болуы мүмкін депрессия деңгейін анықтау мақсатында 148 мектеп-гимназиясының 40 мектеп бітірушілеріне «Емтихан стрессіне бейімділік сауалнамасы», «Ч.Д. Спилбергер және Ю.Л. Ханинның мазасыздық деңгейін өзін-өзі бағалау әдісі», «Бек депрессиясының шкаласы» әдістемесі және Л.А. Курганский и Т.А. Немчинның (1990) «Психикалық активация, қызығушылық, эмоционалды тонус, кернеу және жайлылық» әдістемесі жүргізілді.

«Емтихан стрессіне бейімділік сауалнамасынан» алынған нәтиже бойынша, 40 оқушыда 17,5%- емтихан алдында стресстің төмен деңгейі, 47,5%- емтихандық стресстің орташа деңгейі, 35% - емтихандық стресстің жоғары деңгейі анықталды.

«Психикалық активация, қызығушылық, эмоционалды тонус, кернеу және жайлылық» әдістемесінен алынған нәтиже бойынша, 40 мектеп бітірушілерінде психикалық активация, қызығушылық, кернеу және жайлылық көрсеткіші орташа деңгейін, ал эмоционалды тонустың жоғары деңгейін көрсетті.

Мектеп бітірушілердің жеке және ситуациялық мазасыдық деңгейін анықтау мақсатында «Ч.Д. Спилбергер және Ю. Л. Ханинның мазасыздық деңгейін өзін-өзі бағалау әдісін» жүргіздік. Зерттеу нәтижесіне сүйенсек, мектеп бітірушілерде 11 жеке мазасыздықтың жоғары деңгейі және 16 ситуациялық мазасыздықтың жоғары деңгейі тіркелді. Тестілеу кезінде олар басқа сыныптастарының қалай жауап беріп жатқанына және өздері дұрыс жауап беретініне

қызығушылық танытты. Кей оқушылардан қозғалыс белсенділігінің жоғарылауы байқалды: яғни, тырнақтарын тістеп, аяқтарын шайқап, шаштарын саусаққа орап, төменгі ерінін тістеп отырды. Кейбір оқушылардан мазасыздықтың физиологиялық белгілерін байқауға болды, мысалы, жиі тыныс алды, алақандары терледі. Зерттеу барысында диагностикадан белсенді немесе пассивті түрде бас тартқан балалар да болды.

Ал, 26 оқушыда жеке мазасыздықтың орташа деңгейін және 20 балада ситуациялық мазасыздықтың орташа деңгейін анықтады. Мұндай балалар тестілеу барысында жоғары алаңдайтын оқушыларға тән белгілерді мүлдем көрсетпеді немесе кейбіреулері ғана әлсіз дәрежеде көрсетті.

Тек 4 оқушыда ғана ситуациялық мазасыздықтың 3-і жеке мазасыздықтың төмен деңгейін көрсетті.

Жоғары аталған мәліметтерге сүйене отырып, мазасыздығы жоғары көрсткішке ие болған оқушылардың депрессияға бейімділік шкаласын анықтау мақсатында «Бек депрессиясының шкаласы» әдістемесін жүргіздік.

Алынған мәліметтерге сүйенсек, 40 оқушының 47,5% -да депрессияның белгілері мүлдем байқалмаған, 22,5% - орташа ауыр депрессия белгісін көрсетті. 17,5%-да жеңіл депрессия белгісі, 7,5% -да орташа депрессия, ал 5% -ауыр депрессия белгісін көрсетті.

Әдістемелерден алынған нәтижелерді қорытындылай келе, мектеп бітірушілердің тең жартысы келе жатқан ұлттық бірінғай тестілеуінің алдында емтихандық стресс, жеке және ситуациялық мазасыздығы орташа деңгейден асады, сондықтан оқушыларға мақсатты және жүйелі психологиялық түзету қажет.

Мазасыздықты күшейтетін бірнеше факторлар болуы мүмкін:

- пәннің игеру қиындығы;
- отбасылық жағдайлар;
- туыстардан, ата-анасынан, мұғалімдерден қысымның болуы;
- мектептегі талаптар;
- оқушылардың өз-өзіне,біліміне деген сенімсіздігі және т.б.

Мазасыздық пен стресс деңгейін төмендету үшін мектеп психологына тренингтер, кернеу мен үрей деңгейін түсіретін түрлі релаксацияға бағытталған ойындар мен жаттығулар өткізуін, депрессия белгілері көрінетін оқушылармен әңгімелесу арқылы, мазалап жүрген мәселесін талқылап, жігер беруін ұсынар едік. Ал мектеп мұғалімдеріне оқушылардың жіберген қателіктерін қатты сынамауын, әрдайым өз-өздеріне, білімдеріне деген сенімділікті арттырып, жылы сөз бен жылы шыраймен қолдап жүрулеріне кеңес берер едік.

#### Әдебиет

1. Бочева Н.А., Хотеева Е.В. Психологическая подготовка учащихся к ЕГЭ -Наука, образование, общество. 2015.
2. Лавров О.В., Балмасова И.П. Экзаменационный стресс: кластерно иммунологическая модель– М: – 2014.
3. Микляева А.В., Румянцева Т.В.. Школьная тревожность: Диагностика, профилактика, коррекция. Санкт-Петербург 2006
4. Федоров Б.М. Стресс и система кровообращения / Б.М.Федоров – М.: Медицина. – 1991.
5. Готовимся к экзаменам: практические рекомендации по психологическому сопровождению государственной итоговой аттестации / сост. Т.И. Пономаренко, Л.К. Портнова, В.В. Рычкова. – Чита: ИРО Забайкальского края, 2015.

## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМ ПРОЦЕСТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН САБАҚТЫ МЕНГЕРУІ**

Бастауыш сынып жасындағы балалар мектепке алғаш келгенде танымдық іс-әрекеті еркін сипатқа ие болады, таным көлмін кеңейтеді. Ойлау процесі доминантты болып, интеллектуальды дамуы бірінші жоспарға шығады. Кеңес одағының ағартушы ғалымы «В.А.Сухомлинский [1] адамның бет-бейнесі балалық шақта қалай тәрбиеленгеніне байланысты»- деген. Сондықтан төменгі сынып жасындағы берген тәрбиенің зор маңызы бар екендігін есте ұстаған жөн.

Бастауыш сынып оқушылары кездескен қиыншылықтарды шешуге және алдарына қойған мақсаттарына жетуге тырысады. Мұндай жағдайлар, өздерін дұрыс ұстай білуге, ішкі және сыртқы жағдайларды бағалауға және мінез-құлқы мен танымдық өрістерін дамытып, қалыптастырады. Балалардың мектептегі оқуға дайындығын қалыптастыруда жүргізілген іс-әрекет танымдық әдістерінің дамуы арқылы, мысалы, ес пен қабылдауда, сөйлеу мен ойлауда, және тағы басқа процестерде үлкен орын алуы тиіс. Балалардың мектептегі оқу процесінде жүргізілетін сабақтардың, білімінің эффектілігін, олардың даму деңгейі мен есте сақтау және ойлаудың жоғары дамығанына, әсіресе ырықты ес процесінің рөлі ерекше жоғары болады. Балалардың санасын бақылау үшін және оқу әрекетінің менгерілу деңгейін анықтау барысында оларға мақсат қойылады. Мұндағы саналы мақсат баланың ойын арқылы ойлауын нақтылап, есте қалдыруы мен еске түсіруін оңай және анық көрсетеді. Ойын барысында көрсетілген көріністер мен әрекеттердің мазмұнын да нақтылау керек. Бастауыш сыныпта оқушыларының сөйлеу қабілетін жақсарту үшін методикалық әдістерді қолдануға болады. Методикалық әдістердің негізінде, балалардың сөздік қоры арқылы, сөйлемдердің мазмұндарын айтуға машықтанады.

Сөйлемдердің мазмұнын айту үшін сөйлеудің қалыптасқан, күнделікті әдетке айналған балаларды дұрыс сөйлетудің бір түрі. Сонымен қатар, мазмұнды айту жаңа материалды игерудің бірден-бір тиімді жолы. Мысалы, балаға сөйлемді ырғағымен оқып беріп, содан кейін барып балаға сөйлемнің мазмұнын ұғынуға уақыт беріледі. Егер бала сөйлемнің мазмұнын айтуға қиналса, оған сөйлемнің басын қайта оқып беріп есіне түсіруіне көмектеседі, онда да түсініксіз болса, сөйлемді қайтадан оқып беру керек. Ол сөйлемді толық айтып бере алмаса, балаға сұрақ қою арқылы мазмұнын айтқызу қажет. Мұндай әдістерді қалыпты сөйлейтін балалар мен сөйлеу қабілеті нашар балалар арасында қолдануға болады және оны мектепке дейінгі балаларда оқу жылының басында қолданылады. Үлкендер алдымен сөз арқылы баланың мінез-құлқын түзейді және практикалық мазмұнын игерте бастайды, сонымен қатар бала өзінің ойы арқылы мінез-құлқын реттей алады. Балалар сөзді игерген соң әңгімелесу үшін емес, сонымен қатар мінез-құлқын ұйымдастыруға қажет екенін түсінеді.

Л.С.Выготский [2] мен С.Л.Рубинштейннің [3] айтуынша ерікті актінің пайда болуы, мектепке дейінгі балалардың ерікті мінез-құлқының дамуынан туындайды.

Қазіргі ғылыми зерттеулер бойынша ерікті іс-әрекет әр түрлі аспектілер де талданады. Барлық психологтар, еріктік әрекетті оның орындалу бөлімімен сәйкестендірмей, мақсатқа жету үшін, алдымен мотивті таңдау керек деген. Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық дамуы ересектермен қарым-қатынас жасауда сезімдердің туындауынан пайда болады, мұны; Л.С.Выготский ішкі этиканың сатысы деп атайды[2]. Д.Б. Элькониннің айтуы бойынша этикалық сатының пайда болуы, ересектер мен балалардың арасындағы қарым-қатынастың өзгеруіне байланысты деген[4]. Оның айтуы бойынша, төменгі сыныптағы балаларда, ерте жастағы балаларға қарағанда қарым-қатынастың жаңа типі пайда болады. Осы жастағы балалардың іс-әрекетінің барлығы да ересектердің көмегімен орындалады: бастауыш мектеп жасындағы балалар өзінің кейбір қажеттіліктері мен еріктерін іске асыра алады.

Нәтижесінде ересектер мен бірге жүргізілетін іс-әрекет жұмыстары түзеледі. Дегенмен балалардың өмірі үшін ересектер үлгі болып қала береді. Олар ересектерге ұқсағысы келеді, ересектермен қарым-қатынас нәтижесінде және практикалық ойындардың нәтижесінде, бастауыш мектеп жасындағы балалардың білімі әлеуметтік тұрғыда дамиды, әрі бұл білімді жақсы игеруге көмектеседі. Төменгі сыныптағы балалардың оқуға деген ынта әрекетінің мотивтері, балалардың оқуға деген оқу әрекеттеріне әсерін тигізеді. А.Н. Леонтьев өзінің көптеген зерттеулерінің нәтижесінде, әріптестерімен бірге жүргізіген жұмыстарында, ерекше жағдайды көрсетті [5].

Ол мектепке жаңа барған балаларда алғаш өз еркіне бағындыратын мотивтер системасы туындайды және балаға тән ерекшеліктер көрінеді, сондықтан да оны «алғаш рет жеке адам ерекшеліктері көрінетін кезең», - деп атады. Өзін-өзі бақылау системасының мотивтері баланың мінез-құлқын реттеп отырады және барлық жағынан даму деңгейін анықтайды. Мұндай көрсеткіштер психологиялық зерттеулер нәтижесінде көрсетілген. Бастауыш сынып жасындағы балаларда ең бірінші болып туындайтын нәрсе, тек қана бағыну мотивтері ғана емес, сонымен қатар айтарлықтай нақты жағдайға бағына алмауы. Бұл жағдайда алдымен мотивтік иерархия жүйесі туындайды. Мектепте балалар ересектердің іс-әрекеттері мен мінез-құлқына сүйенеді, әрі балалар өзін-өзі бақылап, ерік-ынтасы пайда болады. Бұл жаңа сатыға көтерілгеннің белгісі. Бұл жастағы балалардың ойлау деңгейінің даму мәселесін түсіну үшін таңырқауға деген бейне құрлысының механизмдері туралы сұрақтың жауабы табылады. Таңырқауға дейінгі түсінік қазіргі заман психологиясында екі мазмұнды аспектіге ие болады.

З.М. Истомина [6], олардың біріншісіне таңырқаулық, екіншісі таңырқауға дейінгі жағдай, ол пайда болғанға дейін баланың іс-әрекетінің мүмкіндік нәтижелерін көрсетуін қарастырады. Таным процестерін қалыптастырушы процесс зейін. Зейін белгілі бір затқа адам санасының бағытталуын, тұрақталуын көрсететін құбылыс немесе айналасындағы заттар мен құбылыстардан белгілі бір объектіні бөліп алып, соған назар шоғырландырып, психикалық әрекеттерді тұрақтандыруды айтамыз. Зейін баланың іс-әрекетіне, таным процестеріне тікелей қатысты, баланың қызығуы мен бағытын көрсететін процесс. Мысалы, оқушы есеп шығару үшін бар зейінін, ақыл-ойын соған жұмылдыруы қиын болады, сонда да ол өзін-өзі соған зорлап, шарттарына зер салады, соны шығаруға күш жұмсайды. Бастауыш сынып оқушыларының зейіні олардың нерв системасының дамуына байланысты. Балалар сырт әсерлерге өте сезімтал келеді, әрбір тітіркендіргішке зейіннің тез ауып кетуі де осыдан. Бастауыш сынып оқушыларының зейіні көбінесе бейнелі, көрнекі оқу материалдарымен тартымды, әсерлі болудан туады.

Оқыту процесі өз құрамына мақсат, міндет, әдіс, тәсіл, оқытудың ұйымдастыру формасын, оқу іс-әрекетін, белсендіру әдістері және тиімді бақылау жұмыстарын негізгі компонент ете отырып, көптеген ғылымдардың, оның ішінде, психология мен дидактиканың зерттеу объектісі болып отыр.

Оқыту процесі мен дидактиканың қатынасын оқыту процесінің дидактикалық жаңа моделін топтастырып, оған көптеген оқыту теориялары енгізілген. Дидактиканың негізгі қарайтын мәселелері: оқыту процесінің заңдылығын ашу, білімнің мазмұнын анықтау, оқытудың барынша тиімді әдістері мен ұйымдастыру түрлерін жасап шығару болып табылады. Оқыту процесі тек мұғалімнің басшылығымен өтеді. Соның негізінде, білім алу, іскерлікпен дағдылану процестері, оқушының негізгі міндеті әрі өз қызметі, оны педагогикада - оқу деп атайды. Оқу - танымның өте маңызды түрі. Оқи жүріп оқушылар өздерін қоршаған дүниені таниды. Теория мен практиканың жаңаша даму кезеңінде оқу процесінің тиімділігін арттыруға баса көңіл бөлініп, оның құрылысы, жоспарлануы, мазмұнын кеңейтуі басқаша құрастырылуда.

Екінші, прогрессивті көзқарастар: олар оқушының оқудағы ролін өте белсенді қызымет деп қарайды. Олар Гербарттың “Білім беру” концепциясын жоққа шығарып, оқушының өз қабілетін қалыптастырудағы оның тәжірибелік, зерделілік іс-әрекетінің қалыптасуына, есінің дамуына белсенділігіне үлкен мән берді [7]. Қандайда болмасын оқу процесінің нәтижесін оқушылардың өз бетінше атқарған іс-әрекетінен көреміз. Қазіргі кезде әр мемлекет өз

егемендігін алғаннан бері әр ұлттың өз тілі негізгі болып, басқа тілдер жанама тіл болып отырған кезде оқу процесінің негізгі мазмұны да өзгерістерге ұшырады. Мұғалімнің қызметі оқушылардың танымдық іс-әрекетінің қалыптасуын олардың бір-біріне әсерін, өзара әрекет етуін ескеруге мәжбүр етеді. Сонымен, танымдық оқу іс-әрекетінің танымдық деңгейінің интеграциялануына байланысты білім шеберлігі арта түсіп, оқушылар өз ұлтының тілімен, мәдениетімен, әдебиетімен, болмыс-тіршілігімен таныса түседі. Соның нәтижесінде әр жас шамасына қарай, әр сыныпта олардың өзіне, өзгеге деген қызығушылығы артып, танымы кеңейеді. Сөйтіп, оқыту процесінің үшінші бағыты алғашқы екеуін жинақтауымен жүзеге асады, әрі оқу процесімен оқыту процесінің органикалық үйлесуі пайда болады.

Ал, Ю.К. Бабанскийдің “Оқу мен оқыту бірлігі – оқыту процесінің заңдылығы болып табылады” деген тұжырымы, дидактиканың саналық, белсенділік, өзбетіншелік принциптерінен туындайды. Мұндағы айтылып отырған “оқу” мен “оқыту” ұғымдары оқытушы мен оқушының қызметі тұрғысынан түсіндіріледі [8]. Төменгі сынып оқушыларының қарым-қатынасы, мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасы қандайда болмасын әркімнің өзіндік ерекшеліктерінің бір-біріне сіңісуіне, үйлесуіне, олардың бейімделу әрекетіне дағдылануына әкеледі. Сөйтіп, “дидактикалық процесс, іс-әрекеттік процеске айналуы оқытушы мен оқушының біріккен іс-әрекетін құрайды.” Біздің негізгі міндетіміз – оқу процесінің ішкі мазмұнын ашып, ондағы мұғалім мен оқушының қызметіндегі өзара әсер, өзара әрекетті көрсету, соның психологиялық негізін ашу, оқу процесіндегі мұғалім мен оқушының іс-әрекет ерекшеліктерінің әр түрлілігін, олардың іс-әрекет мазмұнының, бағытының, мақсаттарының әртүрлілігінің, әрі қарай бейімделетіндігін көрсету, “оқытушы – оқушының” диалогы ішкі психологиялық тұрғысынан танымдық іс-әрекет болып табылатындығын көрсету. Мектепке жаңа келген оқушы, өзінің оқушылық өмірінің ең алғашқы сәттерінен бастап, жаңа ортаға бейімделуі мен оның тануымен іс-әрекеттерге қатысып, бейімделе бастайды. Сөйтіп, белгілі ортаға ортақ боларлықтай іс-әрекет барысында бейімделу әрекеті артып, қалыптасады. Баланың макро деңгейінен микродеңгейге көшуі оқушының жаңа ортаға бейімделуіне басталады.

Мұны кезінде А.Н.Леонтьев көрсеткен: жеке адам өзін тек іс-әрекет ретінде ғана қолдана алады. Осы оқытушы мен оқушының іс-әрекеттері арқылы оқу мазмұны, әдісі, құралы толық қолданылып, өзінің негізгі міндетін атқарып, оқытушы мен оқушының іс-әрекет нәтижелері болып табылады. Жоғарыда көрсетілген оқытудағы оқытушы мен оқушының іс-әрекет деңгейлері олардың оқу процесіндегі бір-бірімен қарым-қатынасын, ондағы өзара әрекет пен өзара әсерлердің білім алу мен білім берудегі орнын анық көрсетеді. Баланың психикалық даму ерекшеліктерінің негізі нақтылы тұжырымдалған пікір бойынша жеке оқушының қалыптасуы және жас кезеңдерінің сатылап дамуы қалыптасады. Міне, осы оқушылардың дамып, қалыптасып, бейімделуге машықтануы әрбір іс-әрекетінде бір-біріне өзара әсер етуін туғызады. Оқушылар өз өмірлерінің осы кезеңінде, төменгі сыныпта үлкен психикалық даму өзгерістеріне тап болады. Сондықтан, оқушының жас мөлшерін белгілеу өте қиын. Тек, оқушының, әсіресе төменгі сынып оқушысының танымдық әрекетінің қалыптасуын, сабақ үлгерімінің жеке нәтижелерін байқауда сыныптардағы сатылап даму, әрбір тоқсан соңындағы қалыптасу, даму, бейімделу көрсеткіштері арқылы ғана көрінеді. Себебі, ол оқушы бола отырып, өмірдің жаңа сатысына аяқ басады, қоршаған жаңа ортаны басқаша қабылдап, оған бейімделе бастайды. Өзіндік сана – сезімі біртіндеп дамып, оқу іс-әрекетінің мотивациялық әрекеті, өрісі де өзгереді. Оқытудағы меңгеру процесінің механизмдері: білім, дағды, шеберлік, ептілік жүйелерінің нәтижелік көрсеткіштері өзгеріске ұшырайды. Сол себептен де, төменгі сынып оқушыларының сыныптан сыныпқа көшу барысында оқу түрлері де үлкен өзгерістерге түседі. Оқушы бірінші сыныпта оқу түрткісінің мақсатын, негізгі қажеттіліктерін дұрыс анықтай алмаған болса, оқи келе мұғалімдері мен өз сыныптас құрбылары мен қарым-қатынасқа түсе келе оқу іс-әрекетіндегі мотивациялық өзгерісін кеңейтеді. Кез келген оқу түрткісі әр сыныпта әртүрлі маңыздылық көрсетуі мүмкін, сондықтан, түрткілендіру күші де әр түрлі болады. Оқу мотивтерін оқушының білім алуға қызығушылығынан, оқудағы белсенділігінен және баланың ішкі психикалық жағдайларынан байқауға болады. Танымдық

қызығушылықтар, қажеттіліктер, сезім, ынта және тағы басқа оқу түрткілері адамның мінез-құлқының түрленуіндегі негізгі құбылыстар болып есептелінеді.

Мақсат – қажеттіліктің жетістікке жету кезеңін көрсететін нәтижелерге белсенділіктің бағытталуы. Оқу түрткісін іске асыру үшін оқу іс-әрекеті де көптеген аралық мақсаттар қойып, оны орындауға тырысу керек, көптеген психологтардың айтуына қарағанда түрткілер көп жағдайда оқу іс-әрекетін тұтастай бейнелейді, ал мақсаттар жекелеген оқу іс-әрекетін белгілейді.

А.Н. Леонтьевтің айтуы бойынша, негізгі мақсатты іс-әрекет немесе әрекет жасау арқылы бейімделіп меңгеру қажет. Мақсатты қабылдау мақсат қоюға емес оған жету жолдарын талдауға бейімделуі керек. Оқушының білімді дұрыс меңгеруі үшін, өзі бейімделуі керек. Оқушының бірінші күннен бастап дұрыс бейімділік көрсетуі, оның жан-жақты зерделі, білімді болуына қандай қиындық кездесе де, өзі шеше білетіндей халге жететіндігі оқушының бейімделуіне байланысты. Сол бейімділік арқылы достарының алдында беделді, оқуда алғыр, айналасындағылармен қарым-қатынас кезінде ынтымақты болады, сол арқылы оқу, білім алу нәтижесін меңгереді.

Оқушыда таным процестерінің қалыптасуы, жетілуі, одан белгілі іс-әрекеттерді меңгеруі, орта мен сананың арасындағы процестерді жүзеге асыруға бейімделуі – оқу іс-әрекетінің нәтижесі. Барлық таным процестері (түйсік, қабылдау, ес, ойлау, сөйлеу, қиял) танымдық іс-әрекеттер құрамындағы әрекет, іс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылып отырады. Оқыту процесінде бала мұғалімнің айтқанын қабылдаушы ретіндегі объекті болса, оқу әрекетіне өзін ұйымдастыра білу жағынан оқушыны субъекті деп қараймыз.

#### Әдебиет

1. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. изд.2-ое. М., 1977.
2. Выготский Л.С. Проблема возрастной периодизации детского развития // Выготский Л.С. Вопросы детской психологии. СПб, 1997.
3. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. СПб, 1997.
4. Эльконин Д.В. Психология обучения младшего школьника. М.,1974.
5. Рубинштейн С.Л. Принципы и пути развития психологии. М.,1979.

**Әбдіқұлова Г.С.**

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)*

## **18-23 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ КОММУНИКАЦИЯ ДАҒДЫСЫ МЕН ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТ БАЙЛАНЫСЫ**

Коммуникация дағдысы мен эмоциялық интеллект болашақ мамандардың басты, әрі өзекті мәселесі болып табылады. Толықтыра айтсақ, тұлғааралық қарым-қатынас қабілеті, эмоцияларыңызды басқара білу, коммуникация дағдылары сияқты құзіреттіліктер барлық қызмет салаларының болашақ мамандары үшін қажет. Коммуникативтік қабілетті құрайтын білім мен коммуникация дағдыларының жиынтығы кез-келген іс-әрекеттің тиімділігі мен жетістігіне әсер етеді. Коммуникация дағдыларының құрылымын талдау оның танымдық, эмоциялық бағалау және мінез-құлық компоненттерінен тұрады. Коммуникация дағдыларын қалыптастыруға басқа адамдардың психикалық көріністеріне, олардың ұмтылыстарына, құндылықтары мен мақсаттарына сезімталдықтың ерекше, эмоциялық сипаты бар болуы ықпал етеді. Бірқатар зерттеулерде авторлар эмоциялық саланың кейбір құрылымдық элементтерін жеке адамның коммуникативті қабілеті ретінде қарастырады және оларды эмоциялық интеллект тұжырымдамасында ажыратады [1, б. 7].

Е.П. Ильин айтуынша, эмоциялар рефлекторлық психовегетативті реакцияға, жағдайға, оның нәтижесіне субъективті тәуелділіктің көрінісімен байланысты және осы жағдайда тиісті мінез-құлықты ұйымдастыруға ықпал етеді. Бұл тұжырымнан эмоциялар арқылы адам кез-

келген жағдайда оң нәтижеге жету үшін мінез-құлқын реттей алады. Демек, эмоциялар адамның қарым-қатынас сапасына оң әсер етуі мүмкін, бұл оған басқа адамдармен қарым-қатынасты белгілі бір жағдайларда ең қолайлы түрде құруға мүмкіндік береді [2, б. 50].

Эмоциялық интеллект – бұл адамның өз эмоцияларын және басқалардың эмоцияларын түсіну қабілеті, алынған ақпаратты өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін пайдалану. Эмоциялық интеллектті әлеуметтік немесе көшбасшылық интеллект тұрғысынан қарастыруға болады [1, б. 4].

Көптеген зерттеулер адамның танымдық ғана емес, сонымен бірге эмоциялық саласы тиімді қарым-қатынас жасауға, жеке тұлғаның сыртқы жағдайларға бейімделуіне ықпал ететіндігін анықтады. Қарым-қатынас дағдыларының ролі әсіресе қазыргы қоғамынан бастап өсті, осыған байланысты тәжірибеге бағытталған зерттеулерге деген қызығушылық артып келеді.

А.И. Полянский, Л. И. Быковсканың зерттеу жұмысында студенттердің коммуникация дағдысы мен эмоциялық интеллектісін қарастырған. Зерттеу нәтижесінде сыналуды студенттердің коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділік бірдей дәрежеде көрінетіндігі, сондай-ақ екі бейімділік көрсеткіштері бойынша айырмашылықтар бар екендігі анықталды. Зерттеу қорытындысында, басқа адамдардың эмоцияларына назар аудару, олардың сезімдерін түсіну және эмпатия қабілеті адам өміріндегі эмоциялық саланың маңыздылығын растайтын тиімді қарым-қатынасқа ықпал етуі мүмкін [3, б. 81].

Г.Ж. Владимировна, Х.Н. Андреевичтің зерттеуіне сәйкес, басқа адаммен қарым-қатынас жасау процесінде ұйымдастырушылық бейімділігі бар адамдар өздерінің эмоцияларының көріністеріне назар аудармайды, керісінше олар сұхбаттасушының не сезінетінін және қандай ақпарат бергісі келетінін интуитивті түрде түсінеді. Сондай-ақ, мұндай адамдар өздерінің эмоциялық жағдайына өте мұқият қарайды, өйткені олар әрдайым нысанда болуы керек және олар ұйымдастырған адамдарға үлгі болуы керек. Коммуникативті бейімділігі бар адамдар эмоциялық интеллекттің келесі элементтерін көрсетуде тиімді бола алады: олар өзін-өзі ұстауымен ерекшеленеді, өйткені олар өз эмоцияларын қалай басқаруға және оларды бақылауда ұстауға болатындығын біледі. Мұндай адамдар ұжыммен өзара әрекеттесуге және ынтымақтастыққа дайын [4, б. 38].

Я.Э. Владимировнаның зерттеуінде эмоциялық интеллекттің психологиялық құбылысында адам психикасының эмоциялық және интеллектуалдық аспектілерінің бірегейлігі байқалды. Эмоциялық және интеллектуалды бұл екі жақты қарым-қатынас коммуникативтік құзыреттілікті, өзара қабылдауды дамытудың жоғары деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ өзара әрекеттесудің ең тиімді деңгейін қамтамасыз етеді, оның ішінде әлеуметтік қатығыстарды модерациялау және реттеу [5, б. 412].

Зерттеуімнің мақсаты - эмоциялық интеллектіні құрайтын элементтердің жеке тұлғаның коммуникативті бейімділіктерімен байланысын зерттеу. Осыған байланысты белгілі бір коммуникативті бейімділіктер эмоциялық интеллекттің белгілі бір элементінің көрінісінде анықталады деген болжам жасаймыз.

Зерттеуге 18-21 жастағы 34 қыз қатысты. Олардың 11,8%-і 18 жаста, 11,8%-і 19 жаста, 29,4%-і 20 жаста және 47,1%-і 21 жаста.

Зерттеу мақсатына сәйкес келесідей әдістемелер қолданылды:

- "Коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділік" В.В. Синявский, В. А. Федорошин (КОС) тесті [7];

- Н. Холлдың эмоциялық интеллект деңгейін анықтауға арналған сауалнамасы (EQ) [8].

Коммуникативті бейімділік дегеніміз - адамның ұжымда қарым-қатынасты сауатты құру қабілеті, оның тиімді қарым-қатынас пен ынтымақтастыққа бейімділігі. [6, б. 52]

Ұйымдастырушылық бейімділігіне келесі дағдылар жатады: стандартты емес жағдайлардағы барабар мінез-құлық; өз мүмкіндіктері мен міндеттерін бағалау; орындалған жұмыстың нәтижелерін сыни және барабар бағалай алу.

Зерттеу екі кезеңнен тұрды: бірінші кезеңде зерттеушілерге коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділік әдістемесінің сұрақтарына жауап беруді ұсындық. Оның

көмегімен әр қатысушының бейімділік деңгейін анықтай алдық. Әрі қарай, қатысушылардың эмоциялық интеллект компоненттерінің даму дәрежесін 5 шкала бойынша бағалауға мүмкіндік беретін Н. Холлдың эмоциялық интеллект тестінің сұрақтарына жауап беруді ұсындық:

1. Эмоциялық хабардарлық - бұл эмоцияларды түсіну, эмоциялар сөздігін үнемі толықтыру. Жоғары эмоциялық білімі бар адамдар басқаларға қарағанда өздерінің ішкі жағдайын көбірек біледі.


2. Өзіңіздің эмоцияларыңызды басқару - бұл эмоциялық сезімталдық, эмоциялық икемділік және т.б., яғни эмоцияларыңызды еркін басқару.

3. Өзіндік мотивация - эмоциялар арқасында өз мінез-құлқын басқару.

4. Эмпатия - бұл басқа адамдардың эмоцияларын түсіну, эмоциялық жағдайына жанашырлық таныту, сондай-ақ қолдау көрсетуге дайын болу. Бұл адамның жағдайын мимика, ым-ишара, сөйлеу реңктері, позасы арқылы түсіну қабілеті.

5. Басқа адамдардың эмоцияларын тану - бұл басқа адамдардың эмоциялық жағдайына әсер ету мүмкіндігі [9].


"Коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділік" тестін нәтижесіне сүйенсек, қатысушылардың 70,5%-інің коммуникациялық қабілетінің жоғары, ал 29,4%-інің коммуникациялық қабілетінің төмен деңгейде екендігі анықталды. Сонымен қатар, ұйымдастырушылық бейімділігіне тоқталатын болсақ, 70,5%-інде жоғары және 29,4%-інде төмен болды. Коммуникациялық бейімділік пен ұйымдастырушылық бейімділікті салыстырғанда, ұйымдастырушылық бейімділіктің коммуникациялық бейімділіктен қарағанда жоғары болды (64,7%), екі бейімділіктің бірдей деңгейде дамуы 5,8%.



Сурет 1 - Коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділік нәтижесі

Н. Холлдың эмоциялық интеллект деңгейін анықтауға арналған сауалнамасының нәтижесіне сәйкес 11,76%-інде жоғары, 47,05%-інде орташа және 41,1%-інде төмен деңгейде екендігі көрсетілді.





Сурет 2 - Эмоциялық интеллект деңгейін анықтауға арналған сауалнамасының нәтижесі

Коммуникациялық бейімділіктің жоғары деңгейіндегі 58,33%-інде эмоциялық интеллект орташа деңгейде, ал 41,66%-інде төмен деңгейде дамыған. Коммуникациялық бейімділіктің төмен деңгейіндегі 20%-інің эмоциялық интеллектісі жоғары деңгейде, 40%-і орташа және 40%-інде төмен деңгейде қалыптасқан.

Коммуникациялық бейімділігі жоғары адамдардың эмоциялық интеллектінің негізгі элементтерімен байланысы 1 кестеде көрсетілген:

Кесте 1 - Коммуникациялық бейімділігі жоғары адамдардың эмоциялық интеллектінің негізгі элементтерімен байланысы

	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төменгі деңгей
Эмоциялық хабардарлық	25%	41,66%	33,33%
Өзіндік эмоцияларды басқару		41,66%	58,33%
Өзіндік мотивация	8,33%	50%	41,66%
Эмпатия	50%	25%	25%
Басқа адамдардың эмоцияларын тану	16,66%	58,33%	25%

Зерттеу нәтижесіне сүйенсек, коммуникациялық бейімділігі жоғары адамдарға эмоциялық интеллектінің келесідей элементері сәйкес: басқа адамдарды түсінуі, эмоциялық жағдайына жанашырлық таныту қабілеті, яғни эмпатиясы жақсы дамыған. Сонымен қатар, келесі элементтерді де жатқызсақ болады: эмоциясын тану, самомотивация және эмоциялық хабардарлық (1 кесте). Коммуникациялық бейімділігі төмен адамдардың эмоциялық интеллектісіне сәйкес басқа адамдардың эмоциясын тануы жақсы дамыған. Бұл дегеніміз коммуникациялық бейімділігі төмен адамдардың басқа адамдардың эмоциялық жағдайына әсер ету мүмкіндігі жоғары болып келеді.

Органикалық бейімділігі жоғары адамдардың эмоциялық интеллекттің негізгі элементтерімен байланысы 2 кестеде көрсетілген:

Кесте 2 - Органикалық бейімділігі жоғары адамдардың эмоциялық интеллекттің негізгі элементтерімен байланысы

	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төменгі деңгей
Эмоциялық хабардарлық	33,3%	33,33%	33,3%
Өзіндік эмоцияларды басқару		41,66%	58,33%
Өзіндік мотивация	8,33%	50%	41,66%
Эмпатия	41,66%	33,33%	25%
Басқа адамдардың эмоцияларын тану	16,66%	58,33%	25%

Органикалық бейімділігі жоғары тобындағы адамдарға эмоциялық интеллектінің келесідей элементтері тән: басқа адамдардың эмоцияларын тануы және эмпатиялық қабілеті, эмоцияларды түсіну (2 кесте). Бұл топтағы адамдар өздерінің эмоциялық білімін үнемі толықтырып, ізденіп жүреді. Жоғары эмоциялық хабарлығы бар адамдар басқаларға қарағанда өздерінің ішкі жағдайын көбірек біледі. Органикалық бейімділігі төмен тобындағы адамдардың өзіндік эмоцияларды басқаруы қабілеті төмен деңгейде, яғни эмоциялық сезімталдығы, эмоциялық икемділігі нашар қалыптасқан.

Қорытындылай келе, біздің гипотезамыз расталды, белгілі бір коммуникативті бейімділіктер эмоциялық интеллекттің белгілі бір элементінің көрінісін анықтайды. Яғни әр түрлі коммуникативті бейімділігі бар адамдар эмоциялық интеллекттің бір немесе басқа элементін көрсетудің әртүрлі қабілеттеріне ие.

#### Әдебиет

1. Гоулман Д., Бояцис Р., Макки Э. Эмоциональное лидерство: Искусство управления людьми на основе эмоционального интеллекта. М.: Альпина Бизнес Букс, 2008.
2. Ильин Е. П. Эмоции и чувства. СПб. : Питер, 2001.
3. Полянский А.И., Быковская Л.И. Эмоциональный интеллект и коммуникативные способности современных студентов // Горизонты гуманитарного знания. – 2019. - № 4, С. 81.
4. Андреевич Х.Н., Владимировна Г.Ж. Взаимосвязь элементов эмоционального интеллекта с коммуникативными навыками // Universum: психология и образование, 2017. - № 8, С. 38.
5. Владимировна Я.З. Эмоциональный интеллект в деятельности сотрудников органов внутренних дел // Azimuth of Scientific Research: Pedagogy and Psychology. 2020. Т. 9. № 4(33), С. 412.
6. Mayer J.D. Emotion Intelligence: Theory, Findings, and Implication. – NN.: Psychological Inquiry, 2008. – 268 с.

**Баймолдина Л.О., Буркитбаева Е.Е.**

(Қазақстан Республикасы, Алматы қ,

Әл- Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)

## **6-7 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мектепке бейімделу-бұл әр бірінші сынып оқушысы басынан өткеретін және өз жолымен түсінетін жаңа мектеп жағдайларына үйрену процесі. Мектепке дейін балалардың көпшілігі балабақшаға баратын, онда күн сайын ойындар мен ойын сабақтарына, серуенге толы болатын, ал күндізгі ұйқы мен асықпай өтетін күн тәртібі сәбилердің шаршауына жол бермейтін. Мектепте бәрі басқаша: жаңа талаптар, қарқынды режим, бәріне үлгеру қажеттілігі. Оларға бейімделу үшін күш пен уақыт қажет. Баланың мектепке бейімделу кезеңі 2-3 аптадан алты айға дейін созылады. Алғашқы оқу апталарында болашақта әлсіз оқу үлгерімінің дамуына негіз қалануы мүмкін, сондықтан көптеген зерттеушілер мектепке дайындық

мәселелеріне, сондай-ақ бірінші сынып оқушысын құрдастар ұжымында жүйелі оқытудың жаңа жағдайларына бейімдеуге үлкен мән береді (М.М. Безруких, Л.И. Божович, А.Л. Венгер, Л.А. Венгер, И.В. Дубровина, С.П. Ефимова, И.А. Коробейников, Н.Г. Лусканова, Р.В. Овчарова, Д.Б.Эльконин).

Бала мектепке барғанына қарамастан, бұрынғы баланың әлеуметтік мәртебесі өзгереді - "оқушы" деген жаңа әлеуметтік рөлі пайда болады. Мұны баланың әлеуметтік ортада "мен" –нің туылуы деп санауға болады.

Мүмкін, кез-келген адам бірінші сыныпқа кіретін барлық балалар жақсы оқушы болғысы келетіндігімен келісе алады. Олардың мектептегі мотивациясы қандай болмасын, олардың көпшілігі жақсы оқуға тырысады. Бірақ, өкінішке орай, бәрі бірдей сәтті бола бермейді, олардың көпшілігі оқуда әртүрлі қиындықтарға тап болады.

Зерттеудің өзектілігі қазіргі уақытта әртүрлі авторлардың пікірінше, жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып оқушыларының 15-тен 40% - на дейін осындай қиындықтарды бастан өткеретіндігімен анықталады және олардың санының одан әрі өсу тенденциясы байқалады.

Мектепке бейімделу-"жүйелі ұйымдастырылған мектепке көшу кезінде баланың танымдық, мотивациялық және эмоционалды-еріктік салаларын қайта құру" [1, 176 б.] .

Алғашқы оқу апталарында болашақта әлсіз оқу үлгерімінің дамуына негіз қалануы мүмкін, сондықтан көптеген зерттеушілер мектепке дайындық мәселелеріне, сондай-ақ бірінші сынып оқушысын құрдастар ұжымында жүйелі оқытудың жаңа жағдайларына бейімдеуге үлкен мән береді. Көптеген еңбектерде үлгерімі төмен студенттер келесі жеке қасиеттермен сипатталады: жалпылау мүмкін еместігі, ақыл-ой белсенділігі туралы әлсіз хабардарлық; инерттілік, енжарлық, ақыл-ойдың имитациясы, интуитивті-практикалық және ауызша-логикалық ойлау деңгейі арасындағы айқын сәйкессіздік. Баланың мектепке дайындығы интеллектуалды, мотивациялық, коммуникациялық және физикалық қатынастардағы тұлғаның даму деңгейімен анықталады. Қазіргі заманғы ғылым зияткерлік дайындық деңгейіне негізделген мектепке дайындық критерийлерін жасады (А.В. Запорожец және т. б.), сөйлеуді дамыту (Л.Е. Журова, В.И. Логинова, Ф.А. Сохин және т. б.), математикалық даму (А. М. Леушина және т. б.), адамгершілік-ерік тәрбиесі (Р.И. Жуковская, Т. А. Маркова, В.Г. Нечаева )

Сонымен қатар, дайындықтың әртүрлі компоненттерінің өзара байланысы зерттеледі (Н.И. Гуткина, А.К. Маркова, Л.М. Цеханская); "мектептегі жетілу" және "мектепке дайындық" ұғымдарының арақатынасы, сондай-ақ Мектепке дейінгі және мектептегі тәрбие мен білім берудің сабақтастығы мәселелері қарастырылады (Н. Ф. Алиева, С.В. Гаврилова, Ю.Ф.Змановский, А.А. Люблинская) [2, 448 б.].

Т.В. Дорожевец баланы мектеп жағдайларына бейімдеудің үш компонентті моделін ұсынады. Оның пікірінше, мектепке бейімделу келесідей жүзеге асырылады:

1) баланың мінез-құлқының мектеп өмірінің нормаларына сәйкестік дәрежесін сипаттайтын академиялық модель (мұғалімнің талаптарын және оқу іс-әрекетінің ырғағын қабылдау, сыныптағы мінез-құлық қағидаларын меңгеру, сабақтағы танымдық белсенділік);

2) баланың жаңа әлеуметтік топқа кіруінің сәттілігін сыныптастарының қабылдауы, коммуникативті байланыстардың жеткілікті саны, тұлғааралық мәселелерді шеше білу және т. б. түрінде көрсететін әлеуметтік модель;

3) баланың өзін жаңа әлеуметтік қоғамдастықтың өкілі ретінде қабылдау деңгейін сипаттайтын жеке тұлға; тиісті өзін-өзі бағалау және талаптардың деңгейі, өзін-өзі өзгертуге деген ұмтылыс түрінде көрінеді .

Зерттеу нәтижелері бойынша Я.Л. Коломинский және Е.А. Панко мектепке бейімделуде келесі факторлар оң рөл атқарады:

- жанжал жағдайларының болмауымен сипатталатын қолайлы отбасылық микро орта;
- отбасында тәрбиелеудің дұрыс әдістері;
- баламен толыққанды қарым-қатынас, баланы мектепке дайындауға қызығушылық;
- ата-аналардың мұғаліммен тығыз байланысы;

- бастауыш мектеп жасындағы балаларды оқыту мен олардың тіршілік әрекетін ұйымдастыруда жүйелілік пен дәйектілік қағидатын іске асыру;  
- мұғалім ата-аналар үшін психологиялық-педагогикалық білім көзі болуы керек;  
- отбасы мен мектептің бірлескен тәрбиелік әсері арқылы баланың компенсаторлық мүмкіндіктерін іздеу.

-баланың мектеп режимінің талаптарын орындауы .

Топ – бұл әлеуметтік психологияның негізгі түсініктерінің бірі. Зерттеу тақырыбы және нысаны ретінде ол көптеген белгілі ғалымдардың және практиктердің назарында болған, бірақ бұл құбылысты белсенді түрде зерттеу ХХ ғасырдың екінші жартысында жүзеге асырыла бастаған еді. Дәл осы кезеңде психологияның қолданбалы және тәжірибелік салаларында тренинг түсінігі пайда болды және кеңінен қолданыла бастады.

Адамдарға психологиялық көмек көрсету тәсілі ретінде топтық тренинг алғаш рет шет ел психологиясында қолданылды. К. Левин қалыптастырған негізгі ой: «Адамдар өздерінің бойындағы барабар емес белгілерді анықтау және мінез-құлықтың жаңа түрлерін қалыптастыру үшін өздерін басқалардың көзқарасымен көре білуді үйренуі қажет» - деген мазмұнда болды [1].

Алғашқы тренингтік топты (Т-тобын) жаратылыс ғылымдары саласындағы бірнеше мамандар құрған, олар 1946 жылы негізгі әлеуметтік заңдарды (мысалы, жұмысқа алу заңы) зерттеу, шешімдердің оңтайлы варианттарын іздеу және оларды қолданумен байланысты әртүрлі жағдайларды «ойнату» үшін іскер адамдар мен кәсіпкерлерді жинаған. Нәтижесінде, алға қойылған мақсаттармен бірге, топтың әрбір мүшесі кері байланыс алу көмегімен өз-өзін жаңа қырынан ашу және өз-өзін түсіну тәжірибесін игерді. 1947 жылы Бетеле қаласында (Мэн штаты) тренингтің ұлттық зертханасы құрылған болатын. Алғашқы тренингтік топтар «базалық ептіліктердің тренингтік тобы» деп аталды. Т-топтың негізгі міндеттері оған қатысушыларға өзара жеке тұлғалық қатынастың негізгі заңдарын, қиын жағдайларда жетекшілік ете білу және дұрыс шешім қабылдай алуды үйрету болды. Кейінірек мұндай топтар міндеттері бойынша бөлшектене және белгілі бір категорияларға бөліне бастады:

- 1) икемділік топтары (жетекшілерді, іскер адамдарды дайындау);
- 2) өзара жеке тұлғалық қарым-қатынастар топтары (отбасы мәселелері);
- 3) «сенситивтілік» топтары (жеке тұлғаның өсуі және өзіндік жетілуіне, жасқаншақтықты жеңуге және т.с.с. бағытталған топтар).

Бірақ та ұзақ уақыт бойында мұндай топтар негізінде дені сау адамдарды әр түрлі рөлдік қызметтерге үйретуге бағытталған болатын:

- басшылықпен және қол астындағы қызметкерлермен қатынас;
- қиын жағдайларда тиімді шешімдерді өндіру;
- ұйымдастырушылық іс-әрекетті жақсарту әдістерін іздестіру және т.с.с.

Адамдардың кез-келген тобы шынайы өмірді, қарапайым адамдардың өмірінде бар қарым-қатынастарды бейнелейді. Алайда жасанды түрде құрылған зертхана шынайы өмірден келесі белгілерімен ерекшеленеді:

- әркім тәжірибеші және тәжірибенің нысаны бола алады;
- шынайы өмірде шешілуі мүмкін емес міндеттерді шешу мүмкіндігі туады;
- топтағы дәрістер «психологиялық қауіпсіздікті» ұйғарады, бұл тәжірибенің «тазалығын» қамтамасыз етеді.

Психологиялық тәжірибе саласында белгілі мамандар Т-тобының басқа түрдегі топтардан айырмашылығы қалай үйрену қажеттілігін баулуға негізделеді деп жазады. Мұнда топтың мүшелерінің барлығы жалпы өзара үйрену процесіне тартылады және сондықтан олар әдетте жетекшіге емес бір біріне сүйенеді. Т-тобында оқыту жетекшінің түсіндіруі және нұсқауларынан бұрын, топтың өз тәжірибесінің нәтижесі болып келеді.

Т-тобының басқа да басымды жағы:

- өз-өзін таныстыру;
- кері байланыс;
- эксперименттеу

сияқты элементтерді шамалаған процестің сипаттамасына байланысты [2].

Топтық психологиямен және «топ нәтижесін» жеке тұлғаға арнайы әсер ету құралы ретінде пайдалануға байланысты нәтижелі жұмыстар қатарына көп жағдайда А.Адлердің, К.Левиннің, Дж. Мореноның, Дж. Праттаның, К.Роджерстің еңбектері жатады.

Топтың жеке тұлғаға кәсіби әсер ету құралы ретінде, отандық психологиялық көмек тәжірибесінде, XX ғасырдың басынан бері қолданылады деп айтуға болады. Дегенменде топтық жұмыстар әдістемелеріне деген ғылыми және тәжірибелік қызығушылық Ресейде тек осы ғасырдың 90 жылдарында ғана арта бастады. Ресей ғалымдарының арасынан топтық жұмыстардың мәселелерін теориялық және әдістемелік жағынан талдаған алғашқы ғалым ретінде Лариса Андреевна Петровскаяны атауға болады, оның монографиясы 1982 жылы жарық көрген [3]. Өзінің еңбектерінде ол тренингті (нақтырақ айтқанда, әлеуметтік-психологиялық тренинг-ӨПТ) қатынас саласындағы білімге және жеке қабілеттерге үйретудің өзіндік түрі, сондай-ақ оларды түзетудің сәйкес формасы ретінде қарастырды. Бұл формалардың алуан түрі үлкен екі класқа бөлінеді:

а) арнайы қабілеттерді дамытуға бағытталғандар;

б) қатынас жағдайында талдау тәжірибесін тереңдетуге мақсатталғандар;

Әрине кеңестік тренинг мектептерінің көбі батыстан келген теориялық тұжырымдамаларға сүйенетін, әрі топтық психологиялық жұмыстардың формаларының өзі бүгінгі күнге дейін шетелдік үлгілердің өзгертулері болып табылады. Дегенменде, соңғы уақытта әлемдік деңгейдегі мамандар жетілуде, олардан шетелдік психологтардың да алар тәлімі мол.

Топтық психологиялық тренинг практикалық психологияның өзін-өзі тану және өзін-өзі жетілдіру дағдыларын қалыптастыру мақсатында қолданылатын белсенді әдістерінің бірігуі болып табылады. Сонымен бірге тренингтік әдістердің клиникалық психотерапия аясында неврозды, алкоголизмді және бір қатар соматикалық ауруларды емдеу кезінде қолданумен бірге, психикалық жағынан сау, алайда жеке басында психологиялық проблемалары бар адамдармен жұмыс істеу кезінде, оларға өзін-өзі жетілдіруде көмек көрсету мақсатында қолданылатындығында баяндайды [4].

Психологиялық тренинг – топтық жұмыстың кез-келген түрі емес, бұл өзінің мүмкіндіктерімен, шектеулерімен, ережелері және мәселелерімен топтық жұмыстың ерекше түрі. Тренинг өзінің мәні бойынша оқытудың түрі, жаңа дағдыларды игеру, өзінің бойынан жаңа психологиялық мүмкіндіктерді ашуды білдіреді. Оқытудың бұл түрінің ерекшелігі дәріс алушылар онда белсенді бағыт ұстанады, ал дағдыларды игеру өмір сүру барысы, мінез-құлқының, сезінулерінің, әрекеттерінің жеке тәжірибесі процесінде жүзеге асады.

Яғни, екі түсінікті: психологиялық тренинг және оқыту іс-әрекеті аясында жүргізілетін тренингтік дәрістерге, бөлетіндігін ескерейік.

Оқыту іс-әрекеті барысындағы тренингтік дәрістер (мектепте, колледжде, жоғары оқу орнында):

- а) барлық оқу тобына;
- б) міндетті тәртіпте;
- в) аптасына бір рет қысқа кездесулер тәртібінде;
- г) оқу орындарына тән өте төмен психологиялық қауіпсіздік жағдайында- тренингті пайдалануға болатын тренингтік әдістемелердің және процедуралардың маңызды өзгертулері [1].

Тренингтің мәніне түсінік беретін көзқарастарға шолуды түйіндей келе, аталмыш түсінікке жалпылама анықтама берілетін тағы да бір көзқарасқа тоқталсақ. Этникалық толеранттықтың және осы контексте тренингтік топпен жұмыс жүргізу әдістері мен шарттарын ұйымдастыру мәселелерін шеше келе Н.М. Лебедева, О.В. Лунаева, Т.Г. Стефаненко тренингті белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған арнайы үлгіде ұйымдастырылған топтық жұмыс ретінде қарастырады [2].

Жоғарыда келтірілген көзқарастарды және анықтамаларды жалпы қорытындылай келе практикалық психологияның бұл түрін оқыту аясында да қолдануға болады.

Әдебиет

1. Жігітбекова Б.Д. Топтық психотерапия / Алматы, Ұлағат, 2008. - 196 б.
2. Пахальян В.Э. Групповой психологический тренинг / Санкт-Петербург: Питер, 2006. – 224 с.
3. Вачков И.В. Основы технологии группового тренинга / М.: Ось, 2007. – 256 с.
4. Сартан Г. Подготовка профессиональных тренеров // Вестник практической психологии образования. Сер. психология -2004.-с.28-34.

## **ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДЕГІ ПСИХОСОМАТИКАЛЫҚ АУРУЛАР ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Психосоматикалық компонент қан айналымы жүйесі, ас қорыту, тірек-қимыл аппараты және тері патологиялары, тыныс алу органдары аурулары бар науқастарда кездеседі. Соматикалық ауруларды диагностикалау мен емдеуде психикалық факторды елемеу олардың асқынуына, емдеудің кешігуіне, жиі ауруханаға жатқызылуына, тексеруге, емдеуге кететін шығындардың өсуіне әкелуі мүмкін. Психосоматикалық аурулардың көбею мәселесі жыл сайын өзекті болып келеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының психикалық денсаулық бойынша Еуропалық министрлер конференциясының «проблемалар мен шешімдер» (2005) баяндамасында: психикалық денсаулық қазіргі кезде барлық Еуропа елдерінің алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі болып табылатыны атап өтілген. Қазіргі қоғам өмір салты адамға күйзелістің әсерін күшейтіп, оның психологиялық тұрақтылығын төмендетеді. Невротизмнің жоғарылауы, стресске төзімділіктің төмендеуі үнемі психологиялық мәселелердің соматикалық патологиясына алып келеді [1].

Ең алдымен, бұл әскери қызметкерлерге қатысты. Әскери қызмет, командалар мен жауынгерлік тапсырмаларды сөзсіз және дәл орындауға, сондай-ақ кәсіби қызметтің төтенше жағдайларына байланысты жоғары қарқындылықпен сипатталады. Әскери қызмет әскери қызметкерлердің денсаулығына, олардың психофизиологиялық жай-күйіне және жүйке-психикалық тұрақтылығына ерекше әсер етеді. Көбінесе қызмет кезінде психосоматикалық аурулар мен бұзылулар, сондай-ақ психологиялық кәсіби стресс пайда болады. Әскери психологтар А.Я. Анцупов, М.И. Дьяченко, А.М. Жуков, А.Г. Караяни, Л.А. Кандыбович, В.П. Каширин және т.б. кәсіби стресстің теріс психологиялық салдарын көрсетудің әртүрлі формаларын зерттеген. Ал әскери қызметкерлердің кәсіби күйзелісінің әртүрлі аспектілерін Р.А. Абдурахманова, В.Д. Бицоева, А.В. Булгакова, С.В. Захарика, А.А. Камышанова, И.Б. Лебедева өз жұмыстарында келтірген [2].

Ал осы кәсіби стресс немесе психоневротикалық бұзулулары кезінде, мысалы, әскери қызметкерлердің ұйқысының бұзылуы, алаңдаушылықтың жоғары деңгейі, тітіркену және т.б., сондай-ақ шаршауды, эмоционалды стрессті жедел жеңілдету және күрделі қызмет жағдайларында өнімділікті арттыру үшін психологиялық өзін-өзі реттеу әдістерін қолдануға болады. Кері байланыс негізінде қызметті өзін-өзі реттеу мәселесін эксперименттік зерттеу бастапқыда физиология мен психофизиологияда 20 ғасырдың 30-жылдарында И.М. Сеченов, И. П. Павловтан басталды. Теориялық және әдіснамалық тұрғыдан психиканың реттеуші функциясы туралы идеялардың дамуы орыс психологиясының классиктері С.Л. Рубинштейн мен Л.С. Выготскийдің, сондай-ақ А.Н. Леонтьевтің, А.В. Запорожецтің, П.Я. Галпериннің, А.В. Брушлинскийдің және т. б. есімдерімен байланысты [2].

Психологиялық өзін – өзі реттеу-бұл субъектінің мінез-құлқын немесе қызметін басқару және шындықты бейнелеу мен модельдеудің психикалық құралдарын қолдану арқылы оның қол жетімді күйін өзін-өзі реттеу [3, б.30].

Осылайша, психологиялық өзін – өзі реттеу-бұл әскери қызметкердің өз ішіндегі реакцияларды бақылау қабілеті. Өзін-өзі реттеу тетіктеріне әскери қызметкердің биологиялық (темперамент/бейімділік) және жеке сипаттамалары (мінез-құлқын және т.б.) әсер етеді. Өзін-өзі реттеу әскери қызметкердің жаңа тапсырмалармен қаншалықты жақсы айналысуына тікелей байланысты, сондай-ақ өзін-өзі реттеу процестеріне әскери қызметкердің алдыңғы тәжірибесі үлкен әсер етеді. Өмір барысында алынған және адамның өмірлік тәжірибесіне айналған психологиялық дағдыларды оң және теріс стресс факторларымен күресу және өзін-өзі реттеу мен тұрақтылыққа ықпал ету үшін қолдануға болады [4, б.200]. Өзін-өзі реттеу

адамдар өз ойларын, эмоцияларын, зейінін, мінез-құлқы мен импульстарын басқару үшін пайдаланатын саналы және бейсаналық процестерді қамтиды.

Әскери қызметкерлердің арасында өмір салтының, тамақтануының және жүктеменің түбегейлі өзгеруіне байланысты әсіресе әскерге жаңа шақырылған сарбаздардың 65-78%-ында физикалық және психоэмоционалды шиеленіс дамиды, бұл әртүрлі функционалды бұзылулар мен соматикалық аурулардың себебі болуы мүмкін. Сондықтан жас сарбаздардың денсаулығын нығайту кезінде эмоционалды компонентті ескеру қажет. Оның мәні эмоциялардың мінез-құлықты реттеудегі рөліне, олардың психикалық танымдық процестерге әсеріне, орындалған іс-әрекеттің сапасы мен тиімділігіне, қоршаған орта өзгерістеріне бейімделуіне байланысты. Кәсіби денсаулықты сақтау міндеттерін шеше отырып, бұл кезеңді назардан тыс қалдыруға болмайды, өйткені әрбір әскери қызметкер қызмет жағдайларына алғашқы бейімделу кезеңінен өтеді. Дәл осы кезең аурудың жоғарылауымен сипатталады. А.Г. Маклаковтың (1996) 1988-1996 жылдардағы қызметтің бірінші кезеңіндегі әскери қызметкерлерді бақылауға негізделген зерттеулері қызметтің бірінші кезеңіндегі әскери қызметкерлердің 65% - дан 77% - ға дейін медициналық көмекке жүгінетіндігін көрсетті. Сонымен қатар қызметтің II-IV кезеңдеріндегі әскери қызметкерлер медициналық көмекке сирек жүгінеді -23% - дан 37% - ға дейін. Демек, бірінші қызмет кезеңіндегі әскери қызметкерлер арасында аурудың жоғары деңгейі көбінесе бейімделу процесімен байланысты, оның нәтижесі әскери қызметкерлердің қызмет жағдайларына да, олардың жеке психологиялық ерекшеліктеріне де байланысты [5].

Б.А. Гунзунова, А.Ю. Степанованың созылмалы гастрит кезінде эмоционалды сфераның өзін-өзі реттеуі мен мерзімді қызметтегі әскери қызметкерлердің жеке қасиеттерінің арақатынасының ерекшеліктерін зерттеген мақаласының нәтижелеріне жүгінетін болсақ: мерзімді қызметтегі сарбаздардың 13% - ында мінез-құлықты өзін-өзі реттеудің жоғары деңгейі басым болған. Мұндай сарбаздар икемді және жағдайлардың өзгеруіне тез бейім, алға қойған мақсаттарына деген мотивация негізінде өз-өзін реттей алады. Ал әскери қызметкерлердің 45% - ында өзін-өзі реттеудің төмен деңгейі анықталған. Яғни, оларда мінез-құлқын саналы түрде жоспарлау және бағдарламалау қажеттілігі қалыптаспайды, олар жағдайға және айналасындағы адамдардың пікіріне көбірек тәуелді. Саналы өзін-өзі реттеудің жалпы деңгейі неғұрлым жоғары болса, адам жаңа қызмет түрлерін тез меңгереді, бейтаныс жағдайларда өзін сенімді сезінеді, әдеттегі іс-әрекеттегі жетістіктері тұрақты болады. Осылайша, біз мерзімді қызметтегі әскери қызметкерлердің басым көпшілігінде өзін-өзі реттеу жеткіліксіз дамығанын көреміз, бұл адамның денсаулығы мен эмоционалды жағдайының күрт нашарлауына әкеледі. Мұның салдары эмоционалды фонның төмендеуі, теріс эмоциялардың басым болуы, белсенділікті бейтараптандыру болуы мүмкін, ол назардың, есте сақтаудың, ойлаудың, сананың бақылау және реттеу функцияларының қиындықтарына алып келеді. Алынған мәліметтерді талдау өзін-өзі реттеудің төмен көрсеткіштерімен созылмалы гастриті бар мерзімді қызметтегі сарбаздардың келесі жеке қасиеттерінің үстемдігін анықтады: өзін-өзі реттеудің төмен деңгейі бар сарбаздар үшін эмоционалды тұрақсыздық, мазасыздық, өзін-өзі бағалаудың төмендігі, өткен оқиғалар үшін кінә сезімі және өмірлік қиындықтар алдындағы дәрменсіздік сезімі, қарым-қатынасқа деген қажеттілік, басқалармен сенімді қарым-қатынас жасауға деген ұмтылыс тән екенін көрсетеді. Әскери шындық жағдайында нақты қызметке шақырылған қазіргі жастардың көпшілігі жаңа жағдайларға бейімделуде айтарлықтай қиындықтарға тап болғандықтан, әскери қызметкерлер арасында нейропсихикалық тұрақтылықтың төмендеуі сирек емес [6].

Масимова А.Э., Мамедов М.Н. жүргізген зерттеуді талдасақ, зерттелген топта ең көп таралған қауіп факторы ретінде гиперхолестеринемия анықталған, ол зерттелінушілердің 80% – ында (46 әскери қызметкерде және 47 азаматтық тұлғада) кездескен. Артериальді гипертония әскери қызметкерлерде 78% ал азаматтық тұлғада 68 %. Темекі шегу әскери қызметкерлер арасында (68%) бақылау тобымен салыстырғанда (50%) жиі анықталған. Психосоматикалық бұзылулар (созылмалы стресс, мазасыздық және депрессия) әскери қызметкерлер арасында азаматтық адамдарға қарағанда 50% - дан астам жиі тіркелген [7].



Савченко С.В. жүргізген зерттеулерді талдасак, психосоматикалық бұзылулар жас (19,8%) және орта (28,6%) офицерлердің және әскери қызмет ардагерлері зейнеткерлерінің (41.75%) едәуір бөлігінде байқалған. Олардың көпшілігінде психосоматикалық бұзылулардың бірнеше симптомдық кешендерінің әртүрлі комбинациясы бар, олардың арасында "кардиалгия", "астено-невротикалық бұзылулар", "цереброастения", "жыныстық денсаулықтың бұзылуы" және "ұйқының бұзылуы" басым. Бұл бұзылулар денсаулық пен әлеуметтік бейімделу деңгейінің төмендеуіне әкеледі және оларды мақсатты түзетуді қажет етеді. Әр түрлі жастағы офицерлер мен әскери қызмет ардагерлерінің психосоматикалық бұзылыстары тек ұқсастықтары ғана емес, сонымен қатар айырмашылықтары да бар екені аныталған. Жас офицерлерге (28-39 жас) ұйқының бұзылуы (24%), кардиалгия (20%) және астено-невротикалық белгілер (19.8%) тән. Орта жастағы офицерлер үшін ұйқының бұзылуы (35.1%), кардиалгия (32.1%), цереброастения (25.5%), жыныстық денсаулықтың бұзылуы (22.6%), астено-невротикалық белгілер, истерикалық, психопатикалық және депрессиялық реакциялар тән. Әскери қызмет ардагерлері психосоматикалық шағымдармен (77.5%), депрессиялық реакциялармен (36.6%), көңіл-күйдің тұрақсыздығымен (35%), ұйқының бұзылуымен (35%), сондай-ақ айқын депрессиялық, демонстрациялық және психопатикалық реакциялармен сипатталады [8].

Осылайша, зерттеулерді талдау кезінде байқағанымыздай невротикалық спектрдің бұзылуы бар әскери қызметкерлерде соматикалық аурулардың жоғары пайызы анықталған. Сонымен қатар, неврозы бар адамдарда соматикалық бұзылулар жүрек-тамыр жүйесі мен асқазан-ішек жолдарының аурулары көбірек кездеседі. Ал осы ретте өзін-өзі реттеудің қалыптасуы жеке тұлғаның және функционалдық жүйелердің белгілі бір реттеуші және бейімделу қасиеттерінің жалпы контекстінде жүреді. Сонымен қатар өзін-өзі реттеудің төмен деңгейі бар әскери қызметкерлер үшін эмоционалды тұрақсыздық, мазасыздық, өзін-өзі бағалаудың төмендігі, өткен оқиғалар үшін кінә сезімі және өмірлік қиындықтар алдындағы дәріменсіздік сезімі, қарым-қатынасқа деген қажеттілік, басқалармен сенімді қарым-қатынас жасауға деген ұмтылыс тән екенін көрсетеді.

#### Әдебиет

1. Жоламанова А.А., Методико-организационные аспекты профилактической помощи контингенту с пограничными состояниями на уровне ПМСП//Автореф. дисс.канд. психол. наук. – 2015.
2. Филинов Н. В., Лямзин Е. Н. Теоретико-методологический анализ основных подходов к изучению психологической саморегуляции состояний военнослужащих // Актуальные исследования. 2021. №47 (74). С. 148-151.
3. Конопкин О.А. Психологические механизмы регуляции деятельности: авторский сборник. – Ленанд. – 2011. – 320 с.
4. Караяни А.Г., Корчемный П.А., Митасова Е.В., Караяни Ю.М., Некрасова Е.А. Психологическая коррекция и реабилитация. Учебное пособие / Под общей редакцией Митасовой Е.В. Москва, 2015. 230 с.
5. Маклаков А.Г. Основы психологического обеспечения профессионального здоровья военнослужащих: автореф. дис. д-ра психол. наук. – СПб., 1996.
6. Гунзунова Б.А., Степанова А.Ю. Особенности саморегуляции эмоциональной сферы военнослужащих срочной службы при психосоматических заболеваниях // Вестник бурятского государственного университета-2013. – №1. – С. 25–28.
7. Масимова А.Э., Мамедов М.Н. Изучение особенностей факторов риска и психосоматического статуса среди военнослужащих Азербайджана с ишемической болезнью сердца. Российский кардиологический журнал. 2021;26(2):4146. <https://doi.org/10.15829/1560-4071-2021-4146>
8. Савченко С.В., Психофизиологическая коррекция психосоматических нарушений у военнослужащих// Автореф. дисс. д-ра мед. наук: 14.00.32 / 2006.

## **СТРЕССОУСТОЙЧИВОСТЬ КАК ОДИН ИЗ ФАКТОРОВ ЭФФЕКТИВНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СОТРУДНИКОВ**

Стресс – это нормальная часть повседневной жизни. В различные моменты жизни человек будет подвергаться воздействию стрессовых ситуаций, которые могут привести к общему снижению эффективной жизнедеятельности. События последних двух лет: локдаун, удаленная работа, страх связанный с риском заболеть, большое количество смертей, невозможность поддерживать привычный уровень общения и социальной активности, жесткие карантинные меры привели к не только к снижению уровня жизни, высокой конкуренции на рынке труда, сокращению рабочих мест и заработных плат, но и существенно повлияли на эмоциональное состояние: вырос уровень тревоги, агрессии, увеличилась частота депрессий. Человечество оказалось не готово к таким кардинальным изменениям ритма и стиля жизни и его способность противостоять стрессовым ситуациям ощутимо снизилась.

Проблеме стресса посвящено достаточное количество научных работ, однако публикаций, посвященных исследованию стрессоустойчивости как способности справляться со стрессом, не так много. Изучение и развитие стрессоустойчивости личности – серьезная теоретическая проблема и сложная область прикладных психологических исследований. В современном мире стрессоустойчивости личности придается очень большое значение, поскольку от степени ее развития зависит как психическое здоровье человека, так и его профессиональная деятельность. Высокий уровень стрессоустойчивости позволяет быстрее преодолевать профессиональный стресс, и человек сталкивается с меньшим количеством последствий от стрессовой ситуации [1].

Стрессоустойчивость как феномен рассматривается в психологии с различных позиций: и как индивидуальная способность человека сохранять оптимальную работоспособность во время действия стресса, и как индивидуальный стиль совладания, формируемый защитными ресурсами личности. Регуляционные ресурсы принято рассматривать как функциональный потенциал, который обеспечивает высокий уровень достижений результатов; как физические и психические возможности (способности) человека, мобилизуя которые можно прийти к предотвращению стресса посредством выбранных стратегий поведения.

Развитие стрессоустойчивости является необходимым условием психического здоровья людей и важным фактором социальной стабильности, прогнозируемости и управляемости процессов, происходящих в социуме. Следовательно, эффективность и стабильность профессиональной деятельности, удовлетворенность трудом обеспечиваются стрессоустойчивостью сотрудников организации [2].

Эффективность персонала зависит от ряда факторов: от наличия специальных знаний и профессиональных навыков; от опыта работы и способности к обучению и конечно от индивидуально-личностных характеристик личности, которые включают в себя саморегуляцию, жизненные ориентации, автономную мотивацию, стратегии преодоления стресса, навыки разрешения конфликтных ситуаций, все те качества, которые приобретают особую значимость в стрессовых ситуациях в рабочем пространстве [3].

Таким образом, в психологии управления проблеме стрессоустойчивости и ее влияния на эффективность персонала придается большое значение, поскольку от этого зависит продуктивность работы не только отдельного сотрудника, но и коллектива в целом. Высокий уровень стрессоустойчивости позволяет не только быстрее преодолевать профессиональный стресс, но и сталкиваться с меньшим количеством последствий от стрессовой ситуации.

Цель исследования: успешность процесса формирования стрессоустойчивости обеспечивает повышение эффективности работы сотрудников, за счёт развития у них новых стратегий преодоления стресса и механизмов саморегуляции.

Предмет исследования: стрессоустойчивость как фактор эффективности в профессиональной деятельности сотрудников.

Гипотеза исследования: Успешное формирование стрессоустойчивости обеспечивает повышение эффективности работы сотрудников, за счёт развития у них новых стратегий преодоления стресса и механизмов саморегуляции.

В нашем исследовании важны методологические и теоретические подходы к пониманию стрессоустойчивости следующих авторов:

- системно-структурный подход теории стрессоустойчивости личности П.Б.Зильбермана, А.П. Катунина, С.В.Субботина и Р.М. Шагиева.

- теория интегральной индивидуальности В.С. Мерлина;

- современные теории ресурсов субъектов труда: модель многоосевого копинга С. Хобфолла и субъектно-ресурсная концепция противодействия профессиональному выгоранию Н.Е. Водопьяновой;

- практические исследования казахстанских авторов по проблеме стрессоустойчивости (О.Х. Мадалиева, А.А. Касымжанова, Бердибаева С.К., Н.С. Ахтаева, Б.Е., Б.Е. Смагулов, А.Р. Ризулла, Ф.С.Ташимова, А.Т. Атахан, Б.Т.Токарбаева, Н.Б. Токсанбаева, Б.Б. Аязбаева [4], І.Қ. Қайратова, К.Д. Серикова, А.К. Мынбаева, Э.Т. Адилова, М.П. Кабакова, А.Х. Кукубаева, С.С. Досанова [5]) и копинг-поведения (Ж.К. Айдосова, А.М. Ким, Н.Н. Хон, Р. Абдуганиева, В.П. Трубников).

Методики исследования: тест на самооценку стрессоустойчивости личности (Н.В. Киршева, Н.В.Рябчикова); тест самооценки стрессоустойчивости (С.Коухена и Г.Виллиансона); шкала общей самоэффективности Р.Шварца, М.Ерусалема; опросник SACS «Стратегии преодоления стрессовых ситуаций» С.Хобфолла; шкала организационного стресса Мак-Лина, русскоязычная адаптация Н.Водопьяновой; опросник «Потери и приобретения персональных ресурсов» (ОППР); опросник «Стиль саморегуляции поведения - ССПМ» В.И. Моросановой.

Характеристика выборки испытуемых. Исследование проводилось в Алматы, на базе ТОО «АлТС». В исследовании приняло участие 100 сотрудников коммерческого блока в возрасте от 23 до 60 лет: средний возраст 38,5 лет. Из них 42% мужчин и 58% женщин. Сотрудники были разделены на 2 группы: контрольная группа – 50 человек и экспериментальная группа – 50 человек (с низкой эффективностью работы). Для оценки эффективности профессиональной деятельности использовали Performance review в качестве подхода к оценке эффективности сотрудников: для оценки эффективности на рабочем месте использовали внутреннюю оценку КРП и ОКР и для отчета о проделанной работе шкалу общей самоэффективности Р.Шварца, М.Ерусалема.

Для развития стрессоустойчивости сотрудников организации была использована модель управления стрессом «Три слона и одна черепаха» и программа по стресс-менеджменту «Управляй стрессом с оптимизмом!»

Статистическая обработка данных производилась с помощью программы SPSS, версия 23.0: использовался U-критерий Манна-Уитни.

После прохождения тренинга по повышению стрессоустойчивости были выявлены значимые различия по стрессоустойчивости, самоэффективности, стратегиям совладания со стрессом и саморегуляции. В таблице 1 представлен сравнительный анализ в уровне развития стрессоустойчивости и самоэффективности, после прохождения тренинговой программы повышения стрессоустойчивости.

Таблица 1 – Значимые различия в стрессоустойчивости и самоэффективности

Переменные	ранги		U -критерий	p
	ЭГ	КГ		
Стрессоустойчивость (Киршева, Рябчикова)	28,18	19,82	24,500	0,03
Стрессоустойчивость(Коухена, Виллиансона)	30,30	20,70	27,000	0,05
Общая самоэффективность	28,18	19,82	24,500	0,03

Из таблицы 1 следует, что выявлены значимые различия в уровне стрессоустойчивости ( $p=0,03$  и  $p=0,05$ ) и самооффективности ( $p=0,03$ ). В экспериментальной группе стрессоустойчивость поднялась до 7 уровня – выше среднего (по методике Киршева, Рябчикова) и до оценки «отлично» по методике Коухена, Виллиансона. Уровень самооффективности также поднялся до высокого. Важно отметить, что сами работники организации, прошедшие тренинг, отмечают, что «работать стало как будто легче, с большим удовольствием и интересом».

В ходе сравнительного анализа были выявлены значимые различия в персональной восприимчивости к организационному стрессу по шкалам: гибкость поведения ( $p=0,05$ ) и активность и продуктивность деятельности ( $p=0,01$ ). После прохождения тренинговой программы у сотрудников организации отмечается повышенные показатели по гибкости поведения, активности и продуктивности деятельности.

В ходе прохождения тренинга произошла некоторая переоценка приобретений в экспериментальной группе, на первое место вышли такие приобретения как чувство оптимизма, ощущение стабильности своей работы и положительное мнение о себе ( $p=0,04$ ). Уровень ресурсности поднялся до 1,4, что соответствует высокому уровню ( $p=0,02$ ).

На рисунке 1 представлен сравнительный анализ стратегий совладания с профессиональным стрессом (С. Хобфолл) между контрольной и экспериментальной группой после прохождения тренинговой программы повышения стрессоустойчивости.




Рисунок 1 – Ранговые показатели стратегий совладания с профессиональным стрессом в экспериментальной и контрольной группах

Выявлены значимые различия в стратегиях совладания с профессиональным стрессом: ассертивные действия ( $p=0,01$ ), вступление в социальный контакт ( $p=0,02$ ) и поиск социальной поддержки ( $p=0,05$ ). Сотрудники из экспериментальной группы, прошедшие тренинг повышения стрессоустойчивости достоверно чаще стали использовать конструктивные стратегии совладания с профессиональным стрессом стали не только отстаивать свои профессиональные интересы, но и стараться решать сложные рабочие задачи совместными усилиями, стараясь найти эффективное решение и получить поддержку и понимание коллег.

Так же были выявлены значимые различия в стиле саморегуляции поведения сотрудников организации: моделирование ( $p=0,05$ ), оценивание результатов ( $p=0,05$ ), гибкость ( $p=0,05$ ) и общий уровень саморегуляции ( $p=0,04$ ). У сотрудников компании, прошедших тренинг повышения стрессоустойчивости, произошли существенные изменения в общем уровне саморегуляции, он поднялся до 37,5 баллов, также несколько изменился типичный профиль.

Выросли показатели по трем шкалам: моделирования, гибкости и оценивания результатов. У сотрудников организации повысилась устойчивость целевой профессиональной деятельности, реалистичность и объективность в оценке значимых и второстепенных условий для достижения профессиональных целей; они стали лучше адаптироваться к новым условиям на работе; стали более оптимистичны и уверены в себе; повысилась гибкость поведения при изменении условий труда. Так же важно отметить, что существенно возросла адекватность оценки промежуточных и конечных результатов.

Таким образом, можно говорить о том, что после прохождения тренинговой программы повышения стрессоустойчивости произошли значительные изменения не только в уровне стрессоустойчивости, но и в компонентах, ее обеспечивающих: механизмах саморегуляции, индексе ресурсности, стратегия совладания с трудными, стрессовыми ситуациями.

#### Литература

1. Никандрова Н.П. Стрессоустойчивость проводников пассажирских вагонов как фактор безопасности транспортных перевозок // Вестник Сибирского государственного университета путей сообщения: Гуманитарные исследования. – 2019, № 1 (5). – С.5-12.
2. Киреева М.В. Стрессоустойчивость как компонент культуры человекоориентированных профессий // Вопросы журналистики, педагогики, языкознания. – 2011, № 18 (113). – С. 288-293.
3. Зеленова М.Е. Индивидуальный стиль саморегуляции как внутренний ресурс стрессоустойчивости субъектов трудовой деятельности // Социальная психология и общество. – 2013, № 1. - С. 69-82.
4. Атахан А.Т., Токарбаева Б.Т., Токсанбаева Н.Б., Аязбаева Б.Б., Қайратова І.Қ. Балаларды түзету мекемелері мамандарының кәсіби қызметінде стресске төзімділікті қалыптастыру // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии.– 2020, №1 (72). – С.34-43.
5. Кукубаева А.Х., Досанова С.С. Влияние стресса на эффективность профессиональной деятельности // Психология ғылымдарының докторы, профессор Света Қыдарбекқызы Бердібаеваның 60 жылдығына арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Стресс-менеджмент: Стресті басқару теориясы және практикасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – С.73-76.

**Жаманова Г.Р.**

*(Қазақстан Республикасы, Жамбыл обл.,  
Сарыкемер, №1 мектеп-гимназия)*

## **ЖАҢА КЕЗЕҢДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ**

Патриотизм – Отанға, мемлекетке және өз ұлтына деген сүйіспеншілік. Ол жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну.

Көрнекті педагог, ғалым Ә.Табылдының пікірінше, ұлтжанды болу өз ұлтын бағалап, басқа ұлттарды менсінбеу емес. Анасын, ата-баба мен ұлтын сүйген адам жалпы адамзатты да ардақтай біледі. Әрбір адам –ұлы тұлға, бүкіл адамзат – ғаламшардағы құдірет күш [1]. Оқушылардың бойына осы ұлттық мақтанышты тәрбиелеуге ұмтыла отырып, тәрбиешілер біздің халқымыз заңды түрде мақтан ететіндердің бәріне біздің саяси және әлеуметтік құрылысымыздың артықшылығына, дүние жүзілік ғылым, техника және мәдениет қазынасына біздің ғалымдарымыздың, инженерлеріміз бен әдебиет және өнер қайраткерлерінің қосып отырған үлесіне т.б. біздің оқушыларымыздың назарын көбірек аударуға тырысады.

Өз отанына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру - бүгінгі күннің білім беру жүйесі алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі. Тұлғаның бойында өзінің отбасына, отанына және туған өлкесіне деген сүйіспеншіліктің бастауы мектепке дейінгі білім беру мекемелері болса, бастауыш мектеп қабырғасы сол қасиетті ұғындырушы орта болып табылады. Сондықтан негізгі білім бастауыш мектепте болғандықтан, оқушыларды халықтың тарихи-этникалық мұрасын, ұлтының әдет-ғұрып өнегесін, салт-дәстүрін сақтауға, саналы көзқарасын қалыптастыруға, ұлттық рухын көтеруге тәрбиелеу педагогтардың маңызды міндеттерінің бірі.

Оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу үрдісін төмендегі іс-шараларға бөлуге болады:

- тілді құрметтеу;
- ұлттық салт-дәстүрді зерделеу;
- елдің тарихы мен мәдениетін оқып зерттеу;
- ата-бабалар өсиетін орындау;
- жер байлығы мен табиғатын қастерлеу.

Оқушылардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру арқылы оның танымдық және жеке тұлғалық ерекшеліктерін дамыту маңызды. Ол әр бір оқушыда патриоттық тәрбие, патриоттық сана, патриоттық сезім, патриоттық рухты қалыптастырудан бастау алғанда ғана тиімді болмақ. Мысалы, оқушыларға оқу үдерісінде патриоттық білім мен тәрбие беруде дәстүрлі оқыту әдістерін, оқытудың белсенді әдістерін пайдаланудың маңызы ерекше. Сонымен қоса, оқу-тәрбие үрдісінде патриоттық тәрбие беруде оқытудың формалары мен түрлерінің әсері жоғары. Мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеуге арналған кейбір іс-шаралар: дөңгелек үстелдер, тәрбие сағаттары, түрлі тақырыптағы кештер, мерекелі атаулар, ертеңгіліктер, семинар-конференциялар, тренингтер, пікірталастар, кездесулер т.б. Ұйымдастырылған әрбір іс-шаралардың мақсаты мен міндеттерін дұрыс нақтылау, оның нәтижелерінің тиімділігін анықтау педагогтың кәсіби шеберлігінен байқалады. Ол үшін төмендегі негізгі атқарылатын критерилерге мән беру қажет, олар:

1. Оқушыларды патриотизмге тәрбиелеуге арналған барлық іс-шаралардың мақсаты нақты және анық қойылуы керек;
2. Қойылған мақсаттың тақырыпмен тығыз байланысты болуы;
3. Оның міндеттері қойылған мақсатты жүзеге асыруды амалдарынан құралуы;
4. Қойылған міндеттерді шешудің тәсілдері, әдістері т.б. нақтылануы;
5. Күтілетін нәтижені алдын-ала болжау;
6. Қорытынды мен ұсыныстар жасау.

Осы жүйемен ұйымдастырылған тәрбиелік іс-шараның мақсаты – патриоттық сана қалыптастыру болса ол ар, намыс, ождан, қарыз, парыз секілді т.б. ұғымдар мен түсініктерді нақтылау, олар туралы білімдерін жетілдіру және олардың ауқымын кеңейтіп, тереңдету және Отан, мемлекет, ел, ұлт, халық, атамекен секілді киелі ұғымдармен байланысын ашып көрсету.

Ұлттардың сана-сезімдерінің қалыптасуына рухани-мәдени шығармалар, ұлттық рухани мұралар үлкен рөл атқарады. Ондай шығармаларда халықтың сана-сезімінің жетілуіне ерекше әсер ететін көңіл-күй, оқиғалар бейнеленеді. Патриоттық сезімнің нысаны мен азаматтық парыздың өтелер өлшемі – Отан. Оны таратып айтсақ, бұл туған жер, оның табиғат байлықтары, ұлттық тілі, дәстүрі, мәдени ерекшеліктері, тарихы жасалған өлкедегі киелі орындары. Олардың адам санасына жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің бастауына айналуы – патриотизмге тәрбиелеудің арқауы.

Патриоттық сезім келтірілген киелі ұғымдармен байланысты: қуаныш, сүйсіну, күйіну, мақтаныш секілді т.б. эмоциясына түрткі беру, ояту, қозғау салу, дамыту, қалыптастыру мақсатын көздейді. Патриоттық сезім жоғары сезімдер тобына кіреді. Өйткені ол «қоғамдық мәнді және жеке көңіл күйге байланысты моральдік сезімдерге» қатысты болып, сананың жетілуімен тығыз байланысты. Қоғамдық тәрбенің ықпалымен патриоттық сезімдер тұрақтанып, оқушының іс-әрекеті, мінез құлқын, сөзі мен ісінен көрініс беріп, ұлты, халқы, Отаны үшін қызмет етуге дайын тұрады. Бұл бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда, өзінің жеке басы үшін адал қызмет етуінен басталады. Мектеп оқушыларына қатысты бұл жақсы оқуға ынталы болу, туып-өскен жерін қадірлеу, отанын сүю, денсаулығын сақтау, жеке іс-әрекетінде өзінің қазақ ұлтының өкілі, Қазақстан Республикасының азаматтығын қадір тұту мен құрметтеу.

Патриоттық тәрбие беру арқылы оның іс-әрекеті, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, күнделікті оқу-тәрбие барысында әр бір оқушының көздеген нысаны мұратымен тығыз байланысты болып, тәрбиелік жұмыстарда осыған орай әдет, дағды, икемділік, іскерліктерін дамыту, меңгерту, қалыптастыру және бойына сіңіру мақсаты белгіленеді.

Оқушының бойында патриоттық сезімді қалыптастыру ол әрбір іс-әрекетке саналы түрде тәрбиеленуі – ол осы бағыттағы жұмыстардың табыстылығының жоғары көрсеткіші. Бірақ

бұған жету оқу-тәрбие мекемелері мен ата-аналардың жеке басқа да әлеуметтік ұйымдардың бірге отырып ұзақ мерзімді, жүйелі әрі мазмұнды жүргізілуін талап етеді. Сонымен қатар, баланың өзін-өзі тәрбиелеу мүмкіндігін белсендіру.

Патриоттық сана, патриоттық сезімнің көрсеткіші – оқушының жемісті іс-әрекеті. Ал, жетекші іс-әрекет оның танымдық белсенділігінің дамуы мен тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуына ықпал ететін басты фактор. Іс-әрекет барысында оқушы қоршаған ортаның құндылықтарын арттыруға үлес қосады, бұл өз кезегінде патриоттық сана қалыптасып, сезім, қабілет, қасиеттерінің дамуына ықпал етеді.

Жастарды отанға, елге, жерге, әдет – ғұрыпқа сүйіспеншілігін арттырудың ерекше маңыздылығын ұлы, ойшыл ақын Абай Құнанбаевтың өзі қазақ жастарын ерік – күші мықты, өз халқының салт – дәстүрін игерген, ғылымды игерген, ғылымды үйреніп, білім алуға, адамгершілік, мейірімділік сияқты қасиеттерді игеруге арнап көптеген еңбектер жазды. Мәселен, Абай «Жиырма бірінші қара сөзінде» мақтаншақтың екі түрлісі болады, біреуі адамның өзін дұрыс ұстағысы келгендігінен, екіншісі мақтаншақ ойдан туады дейді .

«Үлкендік, - деп жазды Абай, - адам ішінен өзін - өзі бағалы есеп қылмақ, яғни надан атанбастығын, әдепсіз, арыс, байлаусыз, пайдасыз, сураншақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді – осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек».

Оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылықтың негізгі мазмұнын игеру тетігі өзара әрекетестіктің арнайы формасындағы мақсатты ұйымдастырылған балалармен ересектердің бірлескен іс-әрекеті, олардың мазмұнды танымдық әңгімелері. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру барлық пәндердің үлесіне жатады. Ал алғашқы әскери дайындық пәнінің патриоттық сезімді қалыптастыруда атқарар міндеті ерекше. Сондықтан пәнге оқушылардың ынта-ықыласын, қызығушылығын арттыру үшін әр түрлі инновациялық технологияларды қолдану тиімді.

Оқушыларды өзін-өзі тәрбиелеуге бейімдеу ең алдымен ұстаздардың көмегімен жүзеге асырылады. Мұнда оқушының өз тұлғасын қалыптастырудың субъектісіне айналуына шарт түзу қажет. Оқушыны өзін-өзі тәрбиелеуі оның ішкі қажеттерінен туындаған ой-сана, мінез – құлық, іс-әрекетінің сыртқы жағдайларға сәйкестенуі. Олай болса жас ұрпаққа салт-дәстүрді қолдану арқылы ұлттық тәрбие беру мен ұлтжанды тұлға қалыптастыру отбасынан бастап, үздіксіз әлеуметтік орта, қоғам, білім беру жүйесі арқылы жүзеге асатынын нақтылайды. Сол арқылы ұлттық рух, отансүйгіштік, ұлтжандылық, адамгершілік қасиеттерді дамыту болып табылады. Білім беру жүйесінің басты міндеттері - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіпке үйретуге бағытталған біліммен қамтамасыз ету болып табылады. Білім беру оқыту мен өз бетінше іздену негізінде жүзеге асырылады. Ол білім беру ісін жетілдіруге, сақтауға және оны ұрпақтан ұрпаққа жалғастыруға, еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуын қамтамасыз ету мақсатында мәдениетті жаңа ұрпақ тәрбиелеуге, тұлға мен қоғамның адамгершілік, интеллектуалдық, эстетикалық және физикалық жағдайын үнемі жетілдіріп отыруға бағдарлануы және білім мен ғылым арқашан интеллектуалдық дамуына ықпал етуі тиіс.

#### Әдебиет

1. Табылды Ә. Ұстаз тәлімі. – А.: Білім, 2006.
2. Абай. Қара сөз. Поэмалар. – А.: Ел, 1993. – 271 б.
3. Жарықбаев Қ. Этнопсихология - ұлт тәрбиесінің өзегі. - А.: Білім. 2005. – 144 б.
4. Әбенбаев С. Тәрбие териясы мен әдістемесі. – А.: Дарын, 2004. - 96 б.

## **ЖАҒЫМСЫЗ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ КҮЙЛЕРДІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДЕГІ КӨРІНІСІ**

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері: Әскери қызметкер үшін эмоционалды тұрақтылық маңызды. Себебі, олардың жұмысында стресс, эмоционалды шиеленіс, мазасыздық, шамадан тыс жұмыс, депрессия, невротикалық күйлер, апатия, өз-өзіне күмәндану секілді жағымсыз эмоционалды күйлер жиі орын алады. Әскери қызметкерлердің кәсіби ортасының эмоционалды факторларының әсеріне үнемі қарсы тұруы денсаулықтың, оның ішінде психикалық денсаулықтың бұзылуына әкеледі. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, қазіргі таңда Қазақстан Республикасы суицид, яғни өз-өзіне қол салушылардың саны бойынша әлемде үшінші орында тұр. Аса маңызды көңіл аударатын жайт, осындай негативті әлеуметтік жағдайлар Қазақстан Республикасының әскери бөлімдерінде де орын алып жатыр. Бұған дәлел, 2014 жылғы өз-өзіне қол салушылардың статистикасының қорытындысы бойынша, елімізде әскери қызметкерлер арасында суицидтің 27 жағдайы тіркелген, ал 2015 жылдың қорытындысы бойынша 18 жағдай орын алған екен. Жыл сайын бұл көрсеткіштер артуы зерттеушілердің назарын алаңдатады [1].

Әскери қызмет барысында әскери қызметкердің тиімді әрі нәтижелі жұмыс атқаруы туралы зерттеулерді жүргізу өзекті саналады. Әлемде орын алған саяси-экономикалық, әлеуметтік-демографиялық ақуалдар салдары әскери қызметкерлердің де психо-эмоционалды күйіне әсерін тигізбей қоймады. Әскери қызметкерлердің жарақат, контузия алуының, жаралануының, мертігуінің, сондай-ақ жеке құрамның қаза болуының алдын алу, әскери қызметті өткерудің қауіпсіз жағдайларын жасау және қамтамасыз ету проблемасының ерекше өзектілігі мен маңызы бірқатар себептермен айқындалған. Әдетте әскери қызметкерлердің бойында болуы керек қасиеттерге жоғары талаптар қойылады. Әскери қызметкердің бейтаныс жағдайда кәсіби дағдыларын жоғалтпай, кәсіби қызметтегі тиімділікті сақтай отырып, оның маңыздылығы мен өнімділігін арттыруы эмоционалды тұрақтылық пен үйлесімді жұмыс істеу қабілетімен көп жағдайда байланысты болады. Күрделі психо-эмоционалды жағдаяттар орын алғанда және шұғыл эмоционалды тұрақтылықты ұстап тұру қажеттілігі туындаған жағдайда әр адам өзінің мәселесін шешу жолдарын немесе "күресу стратегиясын" қолданады. Мұндай стратегиялар көбінесе жеке тәжірибеге және оның психологиялық ресурстарына негізделеді [2].

Кәсіби парыз әскери қызметкерлерден жауапты шешімдерді қабылдауды, ашу-ыза мен мазасыздық секілді жағымсыз эмоционалды күйлерді жеңуге міндеттейді. Жағымсыз эмоционалды күйлерге әскери қызметкердің кәсіби ерекшеліктерін ескере отырып, жиі кездесетін агрессивтілік, мазасыздық, апатия, депрессия стрессті тереңірек қарастырсақ болады.

Агрессивтілік-бұл өз мақсаттарын жүзеге асыру барысында, зорлық-зомбылық құралдарын пайдалануға дайын тұлғаның жеке қасиеті. Агрессия-агрессивтілік көрінісінің деструктивті әрекеттер барысында, белгілі бір адамға зиян келуі болып табылады. Әскери қызметкерлердің агрессиялық мінез-құлқы әртүрлі мақсаттарды көздейді: өмірлік мүдделерді қорғау тәсілі; психологиялық босату, бұғатталған қажеттілікті алмастыру тәсілі; жеке мүддені қамтамасыз ету және белгілі бір мақсатқа қол жеткізу құралы; зорлық-зомбылық арқылы өзін-өзі растау қажеттілігін қанағаттандыратын мақсат болып табылады. Алайда, агрессияның белгілі бір түрлеріне дайын болу және мұндай мінез-құлықтың мақсаттары қажеттіліктердің және осы қажеттіліктер жүзеге асырылатын жағдайлардың иерархиясымен, әлеуметтік қатынастар жүйесіне қосылу дәрежесімен анықталады [3].



В.Ф. Перевалов, жағымсыз мінез-құлық белгілерін қалыптастыруда және тіпті тұлғаның деформациясында мазасыздықтың себебі туралы айтады. Әскери қызметкерлер мазасыздыққа, оған қоса ауыр оқиғалар, авариялар мен апаттар тудыруы мүмкін әрекеттерді жасауға бейім келеді. Мазасыздық белсенділікті ынталандыруы және бейімделмеген мінез-құлық стереотиптерін бұзуы да мүмкін. Бұл әскери қызметке теріс те, оң да әсер етуі ықтимал. Әскери қызметкерлерге қатысты оңтайлы жағы: ықтимал төніп тұрған қауіпті сипаттайтын мазасыздық олардың көздерін іздеуге және нақтылауға, қоршаған ортаны белсенді зерттеуге итермелейді. Әскери қызметкер үшін ұрыс қимылдары жағдайында өнімді зияткерлік қызметті сақтау маңызды. Сонымен қатар, мазасыздық кез-келген шиеленісті қажет ететін жағдайларда белсенділікті қиындатады, мұны көптеген зерттеушілер дәлелдеді. Л.В. Бороздинаның жүргізген зерттеулері мазасыздық деңгейі неғұрлым жоғары болса, оның интеллектуалдық белсенділікке бейтараптандыратын әсері соғұрлым айқын болатындығын көрсетті [4]. Әскери күрес барысында мазасыздық біршама төмендейді, ал орындалғаннан кейін мазасыздық деңгейі қайтадан жоғарылайды. Осыны ескере отырып, мазасыздық деңгейі жоғары әскери қызметкерлер үшін әскери-кәсіби қызметте мақсат қоюдың жеткіліксіздігі, өз қызметіндегі басты нәрсені бөліп көрсете алмауы, іс-әрекеттің дәлдігі мен автоматизмінің төмендеуі, эмоционалды және психикалық жағдайдың нашарлауымен сипатталады деуге болады. Мұның салдары қызметте тиімділіктің төмендеуіне әкелуі мүмкін. А.М. Прихожан, айтқан ережелеріне сүйене отырып, мазасыз әскери қызметкерлердің табысқа деген көзқарасы қақтығыс ретінде сипатталатынын атап өтуге болады. Олар әрбір нәтиженің сәтті аяқталуын күтеді, тіпті егер ол екіталай болса да, бірақ сонымен бірге сәттілік ықтималдығы объективті жоғары болса да, оған сенімділік танытпай, күмәнданады. Бұл қарама-қайшылық белгісіздік жағдайын тудырады, мазасыздық деңгейін арттырады және әрекет жағдайларын қалыпты есепке алуға кедергі келтіреді. Сонымен қатар, олар жағдайдың нақты әрекеттеріне емес, ішкі сезімдерге, үміттерге, сенімдер мен қорқыныштарға назар аударуы мүмкін. Мұндай әскери қызметкерлер өз әріптестеріне қарағанда сәтсіздікке жиі ұшырайды деп болжауға болады, сонымен қатар, бұл өз кезегінде теріс эмоционалды тәжірибе жинақтауға әкелуі мүмкін [5, 11-18 с.].

Таралу деңгейі бойынша депрессиялық бұзылыстар, басқа психикалық бұзылыстардың арасында сөзсіз көшбасшы болып табылады. Әскери ортада дезадаптациямен байланысты депрессиялық күйлер, оның ішінде реактивті депрессиялар жиі орын алуды, сонымен қоса, бұндай күйлерді анықтау оңай емес. Әскери қызметкерлердегі депрессиялық жағдайлардың психологиялық аспектілері, әсіресе Қазақстан Республикасының армиясында болып жатқан қазіргі күрделі әлеуметтік-саяси жағдайларға қатысты. Әскери қызметкерлердің депрессиялық күйлері күрделі құрылымға ие. Бақылаулар көрсеткендей, депрессиялық күйлер, эмоционалды күйзелістің көрінісі ретінде, әскери қызметкерлерде көбінесе басқа психологиялық күйлердің маскасымен жүреді, мысалы, агрессивтілік, оппозициялық, апатия, бұл олардың уақтылы диагнозын қиындатады, осыған байланысты әскери қызметкерлердің депрессиялық күйлерін тану, депрессияның агрессивті және аутоагрессивті эмоционалды көріністерімен байланысы өзекті мәселелердің бірі болып табылады және мұқият назар аударуды және зерттеуді талап етеді [6].

Әскери қызметшілердің депрессиялық күйлерін А.Эллис теориясының көмегімен түсіндіруге болады. Әскери қызметтің ерекшелігі-тапсырмалардың көпшілігі командалар мен бұйрықтар түрінде беріледі, бұл белгілі бір ойлау жүйесін қалыптастырады: әскери қызметкердің ішкі диалогы командалар түрінде де болады. Бақылау және реттеу әдісі ретінде командалардың, бұйрықтардың өзі жеке стильде болуы жағдайға икемді, бейімделгіш реакцияны болдырмайды, тіпті қалыпты жағдайда да бұйыра сөйлеуді қабылдау өте қиын, шұғыл сәттерде немесе әскери қызметтің шиеленісті жағдайларында сипатталған дәрменсіздік, кінә, жазаны күту сезімдерін қалыптастырып, күйзеліске әкеледі. Әскери қызметкердің "барлығы немесе ештеңе" деген ойы, өз-өзіне қол жұмсау үрдістерінің пайда болуы тұрғысынан қауіпті болуы мүмкін [6, 291 с]. М.Селигман зерттеген «дәрменсіздік теориясын» әскери қызметкерлердегі депрессияны түсіндіру үшін де қолдануға болады. Кез-

келген сарбазға сыртқы оқиғалар оған тәуелді емес деп үйретеді, сәйкесінше оларды өзгерту немесе болдырмау үшін ештеңе істей алмаймын деген ой қалыптасады. Әскери қызметкерлер мен төменгі қолбасшылықтың сарбаздарында өзіндік "үйретілген дәрменсіздігі" бар. Әсіресе, бұл жағдайды өздеріне шамадан көп жауапкершілік алып, барлық нәрсені өз бақылауында жиі ұстайтын, сәтсіздіктен қорқатын әскери қызметкерлер сезінеді. Мұндай адамдарда кінә, реніш, негативизм секілді депрессияның қосалқы көрінісі дамып, эмоционалды күйдің нашарлауына, тіпті кей жағдайда өз-өзіне қол салумен аяқталуы [7].

Стресс-бұл жеке тұлғаның өз эмоциялары мен әрекеттерін бақылауды жоғалту салдарынан ағзаның экстремальды іс-әрекеттерге қайтаратын интегралды жауабы. Әскери қызметкерге өз міндетін орындауда зейінін шоғырландыру қиындық тудырып, оның көңіл-күйі жиі өзгереді, истерия және қозғыштық реакциялары жоғарылайды. Стрестік жағдайға жиі ұшырайтын әскери қызметкерде эмоционалды проблемалардан бөлек, танымдық процесстердің жұмысының нашарлауы да байқалады. Алайда, әскери қызметкер айналасында болып жатқан оқиғаларға бейімделуге мәжбүр [8].

Стресс ұғымы әртүрлі уақытта және әртүрлі бағытта қарастырылды. Стресс ілімінің негізін қалаушы-канадалық ғалым Ганс Сельеден бастап, В. Вундт (1880), У. Джемс (1905), В. Кхрон (1982), Р.Лазурский (1956) ұсынған концепцияларынан бөлек қазіргі психологтардың еңбектеріндегі «коппинг» терминін қарастырсақ болады. Қазақ тілінде «күресу» мағынасын беретін бұл термин қазіргі таңда «стресс» сөзіне синоним ретінде қолданылады, оның мәні осы авторлар ұсынған тұжырымдаманың мәнін көбірек көрсетеді. Тұжырымдаманың мазмұнына сәйкес «жағдайды жеңу» қиын жағдайды тудырған себептерді уақтылы және дәл тануды, өмір сүру ортасының белгілі бір жағдайларына уақтылы және барабар жауап беруді білдіреді [9].

Әскери қызметкерлердегі кәсіби стрессті жауынгерлік, әскери-кәсіптік күйзеліс реакцияларының және жарақаттан кейінгі стресстік бұзылулардың дамуы бойынша жоғары тәуекел тобына жатқыза аламыз. Жауынгерлік және қызметтік стресс бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдау операцияларында күйзелістік әсеріне ұшыраған адамдардың күтілетін және болжанатын эмоциялық, зияткерлік, физикалық және мінез-құлық реакцияларын қамтиды. Әскери қызметкерлерге әсер ететін негізгі стресс факторлары психологиялық, эмоционалды, танымдық және экологиялық болып бөлінеді. Көбінесе жауынгерлік, қызметтік стресс факторлары әскери немесе арнайы операцияны жүргізу объектісінің әскери қызметкерлердегі дене жарақаттарына бағытталған әрекеттерімен қалыптасады [10].

Әдебиеттерге шолу жүргізу кезінде әскери қызметке байланысты стрессті зерттеуді көрсететін Elibrary ғылыми кітапханасындағы 123 жарияланымның іріктемесіне жасалған талдау бойынша 54 әдебиетте (44%) – әскери қызметшілердің жекелеген санаттарындағы стрессті анықталған: әскери училище курсанттарында – 42,6%, ұшқыштарда – 9,3%, әскери училищелер оқытушыларында-7,4%. Ал қалған 69 (56%) әдебиетте жоғары командалық құрамның, әскерге шақырылушылардың күйзелісі бойынша әскери қызметкерлердің аралас топтарындағы зерттеулерге арналған. Әскери университеттің курсанттары мен офицерлерінде стресстің пайда болуына себеп болатын стресс факторлары зерттеулерінде ең көп таралғандары: жеке тұлғалардың теңгерімсіздігі, олардың тәртіпсіздігі, басқарушылық қабілетсіздігі және қызметтегі стресстік факторларға байланысты тұлғааралық қақтығыстар. Сондай-ақ офицерлер арасында стресс факторларының келесі таралуы көрсетілген: респонденттердің 21% – да жеткіліксіз қаржылық жағдай, 14% – да қызметтік жүктеме, 14% - билік тарапынан біржақты көзқарас, 14% - қосымша жауапкершілік, қолайсыз өмір сүру жағдайлары. Келісімшарт бойынша міндетін атқарып жатқандар арасында үш жетекші стресс-агент анықталған: төмен қаржылық жағдай, биліктің біржақты көзқарасы және қолайсыз өмір сүру жағдайлары [11].

Әскери қызмет ер адамнан пендеге берілген бүкіл жақсы қасиеттерді көрсетуді талап етеді. Әскери қызметкер, өз ісінің маманы саналуы үшін, ең алдымен өзін тұлға ретінде қалыптастыруы шарты, әрі қиын кезеңде алғырлық, сенімділік, тапқырлықты өз бойында тәрбиелеуі қажет деп білеміз. Әскери қызметкердің психологиялық бейнесі- бұл қиын кезеңде

өзіне жауапкершілік алып, алдына қойылған мәселені жылдам әрі тиімді жолмен шешетін, кей жағдайда халқының тыныш аспан астында бейт өмір сүруі үшін өз өмірін құрбан ететін, отанын қорғаушы саналы тұлғаны сипаттайды. Осындай әскери қызметкерлердің жұмысының қиын тұстарын ескере отырып олардың бейбіт өмірді қорғау жолындағы қызметіне алғыс ретінде, әлеуметтік-психологиялық, эмоционалды күйіне жетік көңіл аудару қажет. Зерттеу жұмысы әскери қызметкерлердің қызметіне кері әсерін тигізетін жағымсыз эмоционалды күйлерінің көрінісіне тоқталып, артынан әкелетін зардаптарына теориялық шолу жасалды.

#### Әдебиет

1. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы // <https://stat.gov.kz/> (жүгіну уақыты: 20.03.2022).
2. Васильевна Е.Н. Социология культуры: теория и практика // Журнал социологии. – 2016. – №4. – С. 37-49.
3. Бовина Б.Г., Мягих Н.И., Сафронова А.Д. Основные виды деятельности и психологическая пригодность к службе в Вооружённых силах: справочное пособие / - СПб., 1997.
4. Бороздина Л.В., Залученова Е.А. Увеличение индекса тревожности при расхождении самооценки и притязаний // Вопросы психологии. - № 1. - 1993. - С.104-113.
5. Прихожан А.М. Причины, профилактика и преодоление тревожности // Психологическая наука и образование / А.М. Прихожан. - 1998. - №2. - С.11-18.
6. Чухрова М.Г., Храмов А.В., Депрессивные состояния у военнослужащих и особенности их проявления // Мир науки, культуры, образования - № 6 (31) 2011. -С. 287-288.
7. Seligman M.E.P., Weiss J. Coping behavior: Learned helplessness, physiological activity, and learned inactivity. Behavior Research and Therapy. 1980.
8. Власова В.И., Искалиев Р.Р. Психолого-педагогические подходы устойчивости к стрессу в педагогической деятельности [Электронный ресурс] // Студенческий научный форум: матер. VII Междунар. студенч. электронной научной конференции. – Режим доступа: <http://www.scienceforum.ru/2015/1248/13080> (дата обращения: 20.03.2022).

*Жубаназарова Н.С., Асхатова М.*

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)*

### **3 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАР ДАҒДАРЫСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Шаңырағында дүниеге келген сәбиін «бесіктен тәрбиелеген» халқымыз 3 жастағы баланың ой өрісінің дамуына, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына жете мән берген. Сол үшін аяғын енді ғана басып жүрген баланың қалауын орындауға, оның ішкі сана-сезімінің сыртқы ортадан қандай да бір соққы алмауын бақылап, бетінен қақпай өсіруге тырысқан. Өйткені дүниеге деген қызығушылығы артып көзіне көрінген затқа, тіршілік иесіне жақын барып көруге, ұстауға талпына бастаған шағы да осы кезең болып саналады.

3 жастағы сәби өз ауызына тамақ сала алатын, өзі қозғала алатын болғандықтан ішкі жан-дүниесінде өзінше дербестікке, үлкендерден тәуелсіздікке ұмтылыстың пайда болуы заңдылық. Мұндай жастағы балалар қарапайым серуендеудің өзінде жетелеген ата-анасынан ұстамай өзі жүргісі келіп, өз қалауын білдіре бастайды. Мұндай кез көптеген Отандық және шетелдік психолог мамандардың айтуынша баланың «Мен өзім» деген санасын қалыптастырып, «алғашқы есею» кезеңіне тап болған сәті деп есептеледі.

2007 жылы жарық көрген «Жалпы психологияға кіріспе: оқу құралы» еңбегінде Отандық ғалым С.М. Жақыпов: «Жас баланың санасындағы мұндай өтпелі кезеңнің дұрыс өтуінің маңызы зор. Бала психологиясының алғашқы қалыптасу кезеңі болған соң көрініс тауып жатқан жаңа құрылымдар мен саналық ерекшеліктерге жете мән беру қажет» - дейді [1, 7 б]. Мұндай сәтте қандай да бір ғылыми теориялық нұсқаулықтар, болмаса салт-дәстүрдің негізінде қалыптасқан әдет-ғұрып, тыйымдарды қолдануға болмайды. Өйткені әлі де болса саналы түрде дамымаған бала үшін сыртқы ортаның айырықша талабы оның мінезінің

бұзылуына зардабын тигізетін негатив болуы мүмкін. Өз қалауын орындағысы келіп тұрған бала ойын уақытының өзін созғысы келуі, болмаса күн тәртібіндегі ұйықтау мерзімінде ұйықтағысы келмеуі де ықтимал. Үлкендердің айтқанына қарсылық білдіру арқылы өзінің дегеніне жеткісі келуі баланың жаңашылыққа деген ұмтылысынан туындайды.

Адам ғұмырындағы барлық жастың өз ерекшеліктерін жете зерттеп, айтулы еңбек жазған белгілі ғалым, психология ғылымдарының кандидаты Н.С. Жұбаназарова балада пайда болатын 3 жылдық дағдарысты былайша сипаттайды: «Ол – үлкен өмірдің салыстырмалы түрде қысқа кезеңі. Оны бірнеше айға, кейде екі жылға дейін сипаттауға болады. Бала осы кезеңде айтарлықтай өзгереді, өзінің өмір жолында жоғары деңгейге көтеріледі. Үш жасқа толғаннан кейін оның айналасы (ата-анасы, туыстары) баладағы елеулі өзгерістерді байқай бастайды. Бұл кезде баланың мінезінде қыңырлық, өзгермелілік, көңілсіздік пен қатар белсенділіктің болуы ықтимал» [2, 1986].

3 жастағы балалардағы дағдарыстың басты себептерін былайша қарастырып көруге болады. Өкінішке орай, ересектердің басым көпшілігі дамудың бұл кезеңі нәресте үшін өте маңызды психикалық процеспен сипатталатынын түсінбейді де баланың жеке қалауынан туған «Мен» деген алғашқы көрінісі пайда болады. Осылайша, балалардың мінез-құлқы көп нәрсені өз бетімен жасауға және өз проблемаларын шешуге үйренуге тырысудан байқалады. Бұл жағдайға қатысты Қ. Жарықбаев: «Адамға дұрыс талап қойылмаса, тапсырылған іс уақытында қадағаланбаса, біртіндеп берекесіздік пайда болады. Сондықтан балаға кішкентай кезінен бастап, шамасы келетін талаптар қойып, міндеттер жүктеп, олардың орындалуын бақылап отырмаса, жас өскінді жауапкершілікке, өз борышын дұрыс түсіне білуге машықтандыру қиын» - дейді [3, 41 б].

Әйгілі Кеңестік психолог Лев Выготский 3 жылдық дағдарысты балалардың өсу жолындағы ең қиын кезең деп санады. Н.С.Жұбаназарова: «Үш жасар баланың жаңа қажеттіліктері онымен өзара әрекеттесудің бұрынғы моделіне және бұрын қалыптасқан өмір салтына сәйкес келмейді. Сондықтан, ол өзінің «Мен» сөзін қорғау үшін ата-анасына қарсы әрекет етеді, өзінің «Мен қалаймын» және «сөйту керек, былай істеу керектің» арасындағы қайшылықты сезінеді. Осылайша баланың даму процесі жүреді [2, 203 б]. Дамудың кез-келген процесі баяу өзгерістерден басқа, күрт дағдарыстық ауысулармен бірге жүреді. Біртіндеп тұлғалық өзгерістер жағдайға байланысты ауысып тұрады.

Көп ата-ана байқай бермейтін 3 жылдық дағдарыстың белгілері қалайша байқала бастайды? Бұл назар аударуды қажет ететін өте маңызды жағдай. Дағдарыс кезеңінде балалар өздерінің жеке басын және іс-әрекеттерін бағалауға ерекше сезімталдықпен реакция береді. Олар ортадағы оқиғаларды аңғарғыш, әрі өзіне жақпаса кекшілдеу (олар ұзақ уақыт бойы есінен шықпайтындай етіп сақтай алады), айлакер (сезімдер мен көңіл-күйлерді көрсетеді).

Баладағы 3 жылдық дағдарыс белгілері мен негізгі көріністерін алғаш рет австриялық психолог Эльза Келер сипаттаған. Ол үш жылдық дағдарыстың осындай белгілерін былайша атап өтті: «Негативизм, қыңырлық және қырсықтық, өзіндік ерік-жігер, наразылық, ересектерді елемей, деспотикалық мінез-құлыққа ұмтылу кездеседі. Алайда, бұл композицияның теріс сипаттамаларының артында ата-ана баланың қоршаған ортамен сапалы жаңа қарым-қатынас жасау әрекеттерін көруге және өзінің «Мен»-ін бөлуге тырысуы керек.

Көбінесе үш жастағы балалар ата-аналарының ұсыныстарына жауап ретінде кез-келген әрекеттерді «мен өзім» деген сөздермен сүйемелдейді. «Мен өзім» тіркесінің феномені іс-әрекеттегі тәуелсіздікті ғана емес, сонымен бірге баланы ересек адамнан психологиялық оқшаулауды да білдіреді. Ата-ана баламен қарым-қатынасты өзгерту және оларды қайта құру қажеттілігін неғұрлым тез түсінсе, дағдарыстың көріністері соғұрлым теріс болады [4, 586].

Қырсықтық және негативтілік балалар мінез-құлқының пайда болуы көп жағдайда олардың ойындағы қалауын үлкендерге жеткізе алмауынан деп түсінуге болады. Оны 3 жас шамасындағы баланың іс-әрекеті мен көңіл-күйіне қарау бағамдай аламыз. Көп жағдайда үлкендер бұл қылықты өздеріне қарсылық ретінде қабылдайды да, балаға жасаған тыйымды үдете түседі. Психологтардың айтуынша үш жастағы дағдарыс кезеңіндегі балалар шамадан тыс табандылығымен сипатталады. Егер бала ересек адамнан нақты бір нәрсеге қол жеткізгісі

келсе, онда қалауы орындалғанша (болмаса өзге бірдеңеге алаңдап бастапқы қалауын ұмытып кеткенше) қасарысып тұрып алуы мүмкін. Бұл жағдай бала қалаған нәрсесін алмаған жағдайда жиі байқалады. Олардың ата-аналарына мұндай жағжайға жол бермеу үшін оны қызықтыратын объектіге немесе құбылысқа баланың назарын аударуға тырысу керек. Ең бастысы ойластыра отырып әрекет ету керек. Ата-ананың айқайы жағдайды тек қана нашарлатуы мүмкін.

Сондай-ақ, қыңырлық-үш жастағы дағдарыс кезеңіндегі балаларға тән қасиет деп қарауға болады. Бұл нәресте белгілі бір нәрсені қалайтындықтан емес, ол талап ететін нәрсені орындау үшін қажет болғандықтан көрінеді. Бала тек өзінің бастапқы шешімімен байланысты қарайды. Балалардың мінез-құлқындағы қыңырлық үш жылға дейін қалыптасқан білім беру жүйесіне, өмір салтына қарсы бағытталған.

Халықаралық «Денсаулық және медицина» журналы жеке тұлға қалыптасуының бұл кезеңін шартты түрде «үш жылдық дағдарыс» - деп атаған. Ересек адамға бағынбаудың алғашқы белгілері кейде сәбидің 18-20 айында байқалады, бірақ олар 2,5 жастан 3,5 жасқа дейін ең жоғары деңгейге жетеді [4, 34 б].

Бұл құбылыстың ұзақтығы да шартты және әдетте бірнеше айды құрайды. Алайда, қолайсыз оқиғалар жағдайында дағдарыс бірнеше жылға дейін созылуы мүмкін. Бұл психоэмоционалды реакциялардың ауыр дәрежесі болып саналады, дегенмен кезеңнің ұзақтығы мына сипаттамаларға байланысты:

- балалардың темпераменті (холерикалық белгілер айқын көрінеді);
- ата-ана стилі (ата-аналардың авторитаризмі балалардың негативизмінің көріністерін күшейтеді);
- ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктері (қарым-қатынас неғұрлым жақын болса, жағымсыз жақтарды жеңу оңайырақ [3, 305 б].

Мамандардың айтуынша бұрын толығымен ата-анаға мойынсұнғыш бала кенеттен «өзіндік көріністерді» ұйымдастыра бастайды. Қалаған нәрсеге қол жеткізуге тырысады. Кейде дағдарыс кезеңінің қарқындылығы соншалықты ата-аналар жүйке нервтерін тыныштандыру үшін валерианға жүгінеді дейді. Сонымен қатар, психологтар үш жылдық дағдарыс әр баланың өміріндегі міндетті кезең болып табылады, ол ересек адамнан бөлініп, өзін тәуелсіз бірлік ретінде таниды. Сондықтан мұндай жағдайда баланың өсуіне кедергі жасамауыңыз керек, бірақ балаға осы кезеңді барынша тиімді өткізуге көмектесу қажет. Бұл - элеуметтік қатынастарды бұзу және қайта құру деп қарауға да болады [5, 14 б].

Американдық ғалым Эрик Эриксон үш жылдық дағдарыс баланың ерік-жігері мен тәуелсіздігін қалыптастыруға ықпал етеді дейді [5, 49 б]. Жанама жағдайлар эмоционалды реакциялардың қарқындылығына әсер етуі мүмкін. Мысалы, балабақшаға бейімделуге немесе отбасындағы өзінен кейін інісінің немесе қарындасының дүниеге келуі кезіне сәйкес келсе балаға дағдарысты бастан кешіру сәл қиынырақ болуы мүмкін. Ал, психология ғылымы 3 жылдық дағдарысты симптомдардың жеті жұлдызы ретінде сипаттайды. Бұл ерекше қасиеттер баланың ересектерден тәуелсіздік кезеңіне өткенін анықтауға көмектеседі. Оның эмоционалдылығы бүлінудің немесе әдеттегі қауіптіліктің салдары емес дейді.

Көп жылдардан бері бала психологиясын зерттеп, жас ұрпақтың мінез-құлқын дұрыс қалыптастыру мәселесімен айналысып жүрген мамандар ата-аналарға балада болып жатқан өзгерістерге тиісінше мән беруге тырысқан жөн дейді:

- Баламен болған авторитарлық қарым-қатынас стилін гипер-қамқорлыққа, серіктестік қарым-қатынасқа ауыстыру қажет;
- балаға дербестікті (ақылға қонымды шектерде) беру керек;
- эмоциялар мен агрессивтіліктің өршуіне қатысты ақыл беру керек;
- баланың агрессиясын елемегендей күй танытпай, керісінше өзіне түсінікті етіп оны талқылап көру керек.

«Симптомдардың жеті жұлдызы» ретінде Л. Выготский 3 жылдық дағдарысты сипаттады. Үш жылдық дағдарыстың алғашқы белгілері - негативизмнің пайда болуы және тәуелсіздікке деген қызығушылықтың артуы. Мұндағы негативизм - баланың өз тәуелсіздігін

көрсету әрекеті. Басқаша айтқанда, ата-анадан естіген кез-келген сөйлемге керісінше жауап береді. Бұл кезде «жоқ», «ойнамаймын», «жатпаймын», «отырмаймын» деген сөздер оның сүйікті сөздеріне айналады. Мысалы, анасы баланы түскі асқа шақырады, бірақ ол «жоқ» - деп жауап береді, бірақ 10 минуттан кейін қарны ашқан соң үстелдің басына өзі-ақ келеді. Осындай мінез-құлықпен ол түскі ас ішу керек пе, жоқ па, соны шешетінін көрсетеді. Мұндай әрекеттер сөйлемнің мазмұнына жауап болып табылмайды. Бұл реакция ұсынысты жіберушіге бағытталған деп қарауымыз керек. Дамудың дағдарыстық кезеңін бастан кешіретін бала. Сондықтан өзінің қалауына қарсы болса да, керісінше жауап беруге тырысады [6, 62 б].

Біз мақалада келтірген мысалдар, пікірлер мен жоғарыда сипатталған агрессивті сезімдерге сәйкес келетін әдістердің әрқайсысы белгілі бір жағдайларда ғана орынды болуы мүмкін. Көп жағдайда бала тәрбиесі әр отбасыда өзгеше болуы себепті кейбір тұжырымдар жарамас еді. Ал, шынайы өмірде балаға қысым жасаудың немесе оны қажетті әрекетті орындауға мәжбүрлеудің қажеті жоқ. Керісінше бала өзінің есейіп келе жатқанын сезінуі үшін сәл де болса ересек адамша сөйлесіп көріңіз. Егер сіз анасы болсаңыз баламен әкесінің немесе керісінше жасауға болады. Бала – тіршіліктің жалғасы, өміріміздің ертеңі. Сондықтан оның әр сәтін, қылығын, тәрбиесін бақылап отыру, психологиялық қалыптасуына назар аудару ата-ана үшін маңызды болуы керек.

#### Әдебиет

1. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе: оқу құралы, - Алматы, Қазақ университеті, 2007. – 230 б.
2. Жұбаназарова, Н.С. Жас ерекшелік психологиясы. Оқу құралы/ Н.С.Жұбаназарова. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 249 б.
3. Жарықбаев Қ., Саңғылбаев О.С. Психология: Энциклопедиялық сөздік./ Бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 б.
4. Мұқанов М. Ақыл ой – өрісі. - Алматы, 1975.
5. Алдамұратов Ә. Жалпы психология. - Алматы, 1993 .
6. Вопросы детской психологии / Л. С. Выготский. — Москва : Издательство Юрайт, 2019. — 160 с.

*Жұбаназарова Н.С., Даулетова А.С.*

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)*

## **ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН МАНСАПТЫҚ ЖЕТІСТІК АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС**

Қазіргі таңда тұлғаның табысты дамуы, қалыптасуы және жүзеге асуы үшін ең маңызды қабілеттердің бірі - адамдардың мінез-құлқын дұрыс түсініп, сыртқы әлеммен тиімді әрекеттесе білу қажет. Бұл қабілет әлеуметтік интеллект деп аталады. Бұл тұжырымдама қазіргі психологияда салыстырмалы түрде жаңа және зерттелу үстінде. Әлеуметтік интеллекттің дамуы адамның әлеуметтік ортаға сәтті бейімделуіне ықпал етеді, бірақ адамдарды түсіну және олармен қарым-қатынас жасау қабілеті қазіргі қоғамдағы ересек адамның табысты өмірі үшін ғана емес, күнделікті өміріне де өте маңызды.

Ғалымдардың пікірінше, әлеуметтік интеллект деңгейі жоғары болып табылатын көшбасшылар барынша мұқият қалыптасқан перцептивті және мінез-құлық үлгілеріне ие. Олар топтың өзге мүшелеріне қарағанда қалыптасқан жағдайды тезірек ұғынып, сәйкесті шешімдерді дер кезінде қабылдап, оларды өмірде өзгелермен салыстырғанда тиімді түрде іске асыра алады. С. Заккароға сәйкес [1], әлеуметтік интеллектісі жоғары басшылар ұйымдастырушылық жағдайлардың талаптарын дәл қабылдап, дұрыс жауап бере алатын көрінеді. Ғалым пікірінше, бұл басшылар жоғарғы әлеуметтік құзыреттілікке ие болғандықтан, тұлға аралық стресі жоғары болып табылатын жағдайларға жиі ұшырай бермейді, ал белгілі бір стрестік жағдайларға түсіп қалған кезде оның әсерлеріне жеңіл төтеп бере алады. Б. Басс пікірінше [1, 216], әлеуметтік интеллект эмоциялық интеллект

көшбасшының өз қоластындағыларын шабыттандыруы және олармен өзара әрекеттесуі кезінде аса маңызды рөлге ие. Р. Стернберг пікірінше [1, 326], әлеуметтік интеллект ұғымына тығыз ұғым эмоционалды интеллект болып табылады.

Қазақстандық психология мектебінің көрнекті өкілі С.М. Жақыпов қарым-қатынастың күрделі сипаты зерттеуге кешенді, пәнаралық тұрғыдан келуді талап етеді. Бұл жерде айрықша рөл адамдардың қарым-қатынасы мен өзара түсінісуін ішкі құрылымдық тұрғыда, оның механизмдері мен функциялары тұрғысында, ақырында, әрбір нақты тұлға өміріндегі оның рөлі мен мағынасы тұрғысында зерттеуімен біршама басқалардан өзгешеленетін психология ғылымының еншісіне тиеді. Бүтіндей себептер қатарымен шарттанған өзара түсінісудің бұзылуы қарым-қатынаста қиындықтар мен кедергілерді тудырады, жалғыздық пен қарым-қатынасқа түсе алмаушылыққа алып келеді, адамдар арасындағы шиеленіс пен кикілжің қатынастарды ұлғайтады. Дәл осы өзара түсінісудің болмауынан (жанұяда, қызметте және т.б.) психологиялық кеңеске жүгінудің кең тараған түрі болып табылуының кездейсоқтықтың еместігі де сондықтан [2].

Қазақстанды дүниежүзілік қоғамдастық нарықтық экономикасы бар мемлекет ретінде таныды. Нарықтық қоғам өз кезегінде тұлғаның ұтқырлығы сияқты сапаның дамуын талап етеді. Жеке ұтқырлық икемділік пен жаңа нәрселерді қабылдауды, жақсы оқу қабілетін, күнделікті сананың, эмоциялар мен сезімдердің және жеке тұлғаның бүкіл мінез-құлқының дамыған өзін-өзі реттеуін білдіреді [3].

Ғалым, доцент А.А. Толегенова эмоциялық интеллекттің психофизиология тұрғысынан қарастырған [4]. Оның зерттеу еңбегінде эмоциялық интеллекттің психофизиологиялық параметрлері адамның эмоцияны реттеу кезіндегі индивидуалды ерекшеліктерінің негізі ретінде қарастырылған. Эмоциялық интеллекттің адамның өнімді іс-әрекет, әлеуметтік бейімделу және стрестік жағдайлар үшін маңыздылығы көрсетілген.

Эмоциялық интеллект көшбасшылық тиімділігінің факторы ретінде 1990-жылдардың басталуымен ғылымда көшбасшылықта маңызды орынға ие тұлғалық факторларға зерттеу қызығушылығы арта түсті. Ғалымдарды қолданбалы, әлеуметтік және эмоциялық секілді интеллект түрлерінің көшбасшылық тиімділігіне әсері қызықтырды.

Сонымен қатар, Р. Риджио өзінің серіктес авторларымен бірге [1, 35 б.] эмоциялық интеллект пен әлеуметтік интеллектті тиімді көшбасшыларды ерекшелендіретін тұлғалық қасиет ретінде қарастырып, оларға кез келген жағдайда тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді деп есептейді. Көшбасшы қызметіндегі әлеуметтік интеллекттің рөлі сөзсіз жоғары. Бұл қабілет тұлғааралық тиімді әрекеттестік пен табысты әлеуметтік бейімделу үшін қажет. Әлеуметтік интеллект адамды қарым-қатынас пен белсенділікте серіктес ретінде көрсетумен байланысты танымдық процестерді жүзеге асырады. Менеджердің әлеуметтік интеллектінің даму деңгейі көп жағдайда топтағы адамдардың өзара әрекетінің және ұжымның (команданың) қалыптасуының ерекшеліктерін анықтайды. Яғни, айтарлықтай маңызды рөл атқарады.

Қазақстандық ғалым, профессор С.М. Жақыповтың ғылыми зерттеуінің мақсаты лабораториялық эксперимент жағдайында екі сыналушының формасы жағынан псевдобірлескен және мазмұны жағынан тәжірибелік іс-әрекетті формасы бойынша бірлескен және мазмұны бойынша ойлаушы іс-әрекетке өзгеруі барысындағы мақсат құрылу процесін зерттеу болып табылды. Диада субъектілерінің қарым-қатынасы процесінде қалыптасатын «мағыналық құрылымның жалпы қоры» ұғымы эксперименттік түрде негізделді.

Психологиялық шынайылық ретіндегі бірлескен іс-әрекет диаданың қарым-қатынас барысында жүзеге асатын мағына құрылуы ортақ мақсат пен ортақ мотивті қалыптастыратын болса ғана мүмкін болады. Іс-әрекеттің бірлескендігінің белгісі боп қатысушылардың ортақ мотивтерінің болуы саналады. Бұл мотив бірден пайда болмайды, қайта бірте-бірте қалыптасады. Сондай-ақ мағыналық құрылымдар мақсат құрылу процесінің сапалы өзгерістеріне әкелетіні, қалыптасатын мақсаттардың тиімділігін арттыратыны дәлелденді [5].

Әлеуметтік интеллектісі қалыптасқан тұлға-өзінің қоғамдағы орының лайықты тапқан, өмірлік бағытын дұрыс таңдап, басқара алатын тұлға. Әлеуметтік интеллект және оның даму

деңгейін арттыру мәселесі адамдар мен ұжымдарды басқаратын кәсіби менеджерлер арасында ерекше өзектілікке ие болып отыр. Алғаш рет "әлеуметтік интеллект" ұғымын өз еңбектерінде 1920 жылы Э.Торндайк қолданған [6]. Ол оны "басқа адамдарды түсіну және басқаларға ақылмен әрекет ету немесе әрекет ету қабілеті" деп санады [6, 228 б.], бұл әлеуметтік интеллекттің танымдық және мінез-құлық аспектілерін қарастыру қызығушылығын тудырды. Көптеген зерттеушілердің (Р.Л.Кричевский, В.Зигерт, Л.Ланг, А.Л. Журавлев және т.б.) пікірінше, табысты басқару шешімдерін қабылдау, басқару тиімділігі, ұйымның табысты болуы көбінесе басшының жеке басына байланысты. Көшбасшының жеке қасиеттері оның кәсіби қызметін оңтайландырудың маңызды факторы болып табылады. Әлеуметтік интеллект адамның психологиялық сипаттамасы ретінде көшбасшының кәсіби маңызды қасиеттерінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, оның жеке қасиеттермен байланысын зерттеу маңызды болып көрінеді, бұл әлеуметтік интеллекттің кәсіби қызметтегі және көшбасшының жеке дамуындағы маңыздылығын анықтауға мүмкіндік береді.

Бірқатар зерттеушілер әлеуметтік интеллекттің психологиялық көрсеткіштерін іздеумен айналысты – зерттелетін құбылыстың сипаттамаларын бақылау немесе өлшеу, бұл тікелей зерттеуге қол жетімді емес сипаттамаларды бағалауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік интеллекттің жоғары деңгейін көрсететін индикаторлары ретінде А.А. Бодалев пен А.И. Савенков әлеуметтік икемділік пен эмпатияны, В.Н. Куницына-өзін-өзі реттеу деңгейі және өзіне деген сенімділік, А.Л. Южанинова-бейімделу деңгейі деп тұжырымдайды. В.Н. Куницынаның пікірінше [7, 48 б.], әлеуметтік интеллекттің төмен деңгейінің индикаторлары-агрессивтілік пен ұялшақтық, ал А.Л. Южанинованың пікірінше [8, 84 б.], – өзін-өзі бағалаудың төмендігі деп айқындайды. Айта кету керек, бұл қасиеттер әр түрлі мінез акцентуацияларына тән. Бұл әлеуметтік интеллект деңгейі мен мансаптық жетістік арасында байланыс бар деген болжам жасауға негіз болды.

Дегенмен, қолданыстағы анықтамаларда бірқатар ортақ тармақтарды бөліп көрсетуге болады:

- әлеуметтік интеллект-бұл қабілет, сондықтан ол белгілі бір қызметпен байланысты және жеке білім болып табылады; әлеуметтік интеллект бірқатар қабілеттерден тұратын күрделі құрылымға ие; әлеуметтік интеллект жалпы интеллектке тәуелсіз және вербалды емес тәсілдермен өлшенеді; әлеуметтік интеллект субъект-субъективті қатынастар саласына қатысты.

Әлеуметтік интеллект арқылы, көшбасшы функцияларының тізімін нақтылай келе, басшының табысты мансапқа қол жеткізу барысында, кәсіби қызметінің құрылымы мен ерекшелігін көрсететін келесі функцияларды атауға болады:

- таным функциясы – адамның, ұйым тобының, оның ішкі және сыртқы ортасының, басқарудың қазіргі жағдайының танымы;

- болжау функциясы – бақыланатын айнымалылар дамуының негізгі бағыттары мен динамикасын анықтау;

- жобалау функциясы – ұйымның миссиясын, мақсаттары мен міндеттерін анықтау, іс-шараларды бағдарламалау және жоспарлау;

- коммуникациялық-ақпараттық функция – байланыс желілерін қалыптастыру, құрылымдау және сақтау, басқару үшін қажетті ақпаратты байланыс желілеріне жинау, түрлендіру және бағыттау;

- мотивация функциясы – басқару субъектісі мен объектісі қызметінің бағытын айқындайтын және белсенділікті тудыратын сыртқы және ішкі жағдайлардың жиынтығына ұтымды әсер ету;

- басқару функциясы – нормативтік құқықтық актілер немесе ұйымшылдық келісімдер негізінде ұсынылатын шешімдер мен олардың салдары үшін жауапкершілікті алу;

- ұйымның функциясы – басқарудың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру;

- оқыту функциясы – ұйымның персоналына қажетті білімдерді, дағдыларды және дағдыларды беру;



- даму функциясы – жеке тұлға мен топтың психологиялық айнымалыларының мақсатқа сай өзгеруі;

- бағалау функциясы – қызмет нормалары мен стандарттарын қалыптастыру және қолдану;

- бақылау функциясы – ұйымның ағымдағы жай-күйінің басқару мақсаттарына сәйкестігін көрсету;

- түзету функциясы – мақсаттар мен басқару бағдарламасына қажетті өзгерістер енгізу.

Тиімді басшының тұлғалық қасиеттерін көрсете отырып, А.Д. Карнышев басшылық қызметтің келесі функцияларын бағдар ретінде таңдады: 1) мақсат қою, 2) ұйымдастыру және үйлестіру, 3) бақылау және бағалау, 4) басқару процесінде оңтайлы байланыстарды (ынтымақтастығын) қамтамасыз ету.

Жоғарыда аталған тізімдегі соңғы функция, біздің ойымызша, көшбасшының әлеуметтік интеллектінің дамуына байланысты басқаларға қарағанда, оңтайлы байланыстарды қамтамасыз ету функциясы болып табылады. Ұжымда оңтайлы байланыстарды жүзеге асыру үшін автор анықтаған көшбасшының маңызды дағдылары мен қасиеттерін атап керсек:

- адамдарды құрметтеу, оларға адамгершілік және әдептілікпен қарау;
- тікелей қызметкерлер мен серіктестердің жеке ерекшеліктерін, олардың қасиеттері мен реакцияларының нақты жағдайға тәуелділігін білу және түсіну;
- қарамағындағылардың ұсыныстары мен пікірлеріне ұқыптылықпен және мейірімділікпен қарау, олармен ақылдаса білу;
- адамның ішкі дүниесін барабар түсіну, қарым-қатынаста эмпатия;
- адамдармен қарым-қатынаста ашықтық, сенімділік, шынайылық;
- адамның ең жақсы рухани-адамгершілік қасиеттерін түсіну және қарым-қатынаста оларға сүйену қабілеті;
- басқарушылық және іскерлік этика нормаларын білу, оларды нақты жағдайларда пайдалана білу;
- адамның эмоционалдық жағдайына әсер ету, оның көңіл-күйін әзіл, жігерлендіретін сөздер арқылы көтеру;
- қажетті жағдайларда қаттылық пен қатаңдық, көз жұму пен салғырттықтың болмауы; жағымпаздыққа, сыпайылыққа, мақтауға теріс көзқарас.

Кез келген мамандықтағы адам үшін де өз жұмысында жетістікке жету үшін сүйіспеншілікке үйренуі қажет екенін де білу қажет. Дүниеге деген оң көзқарас болуы кез келген адамды талай биіктерге әкеледі [9].

Қорыта келе, әлеуметтік интеллект шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерттелген. Зерттеу нәтижесінде, әлеуметтік интеллект арқылы адам өзінің және өзгенің мінез-құлқын адекватты түрде бағалау қабілетіне ие болады деген тұжырымдауға болады. Қабілет арқылы тұлғааралық байланыстарды тиімді орнатуға және табысты мансапқа оңтайлы қол жеткізуге болады деп пайымдаймыз.

#### Әдебиет

1. Люсин Д.В. Современные представления об эмоциональном интеллекте. // Социальный интеллект: Теория, измерение, исследования. - М.: Изд-во «ИП РАН», 2004. - С. 29–39.
2. Жакыпов С.М., Есенбаева Э.Ө. Қарым-қатынастағы өзара түсінісу механизмдерінің әлеуметтік-психологиялық мәні. // Материалы меж. конф. под ред. Т.А. Кожамкулова. Казахстанская цивилизация: проблемы адаптации и социализации человека. –Алматы: Қазақ ун-ті 2005 – КазНУ им. аль-Фараби, 27-28 октября 2005. С. - 213 - 216.
3. Ким А.М. Личность и структура социально-психологических знаний на современном этапе. Учебное пособие// Алматы:-Изд-во «Қазақ университеті», 2015.
4. Толегенова А.А. Психофизиологическое исследование эмоционального интеллекта. - Алматы: Казахский национальный университет, 2019. – 115 с.
5. Джакупов С.М. Целеобразование в совместной деятельности/ Автореф.дис... канд.психол.наук. М., 1985. - 22 с.
6. Thorndike E. L. Intelligence and its use / E. L. Thorndike // Harper’s Magazine. – 1920. – P. 227–235.

7. Куницына В.Н. Социальная компетентность и социальный интеллект: структура, функции, взаимоотношение / В. Н. Куницына // Теоретические и прикладные вопросы психологии / Под ред. А.А. Крылова. – СПб. : 1995. – С. 48-59.

8. Южанинова А.Л. К проблеме диагностики социального интеллекта / А. Л. Южанинова // Проблемы оценивания в психологии. – Саратов: 1984. – С.84-87.

9. Штемман П., Венцель М. Секреты преуспевающего менеджера. – М.: АО «Интэрэксперт», 2000. -22 с.

*Жұбаназарова Н.С., Тұрсынғали А.А.*

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)*

## **ӘР ТҮРЛІ ЖАС КАТЕГОРИЯЛАРДАҒЫ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ЖАНУ КӨРІНІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ**

Профессионалдық қызмет - адам өмірінің маңызды бөлшегі болып табылады. Алайда, профессионалдық даму деген, тек қана позитивті тұрғысынан ғана емес, деструктивті сипаттардың бар болуымен де сипатталады. Оған дәлел, педагогтердің эмоционалды жану көріністері. Аталған синдром қызметтік сферадағы эффективтілікті төмендетіп, қызметшінің психикалық және соматикалық денсаулығына кері әсерін тигізеді.

Қазіргі кездегі эмоционалды жану синдромының өзектілігі жоғары деңгейде. Оның себебі - заманауи қоғамның тұрақсыз әлеуметтік-мәдени дамуына байланысты, еңбек нарығында тұлғаның профессионалдылығына қойылатын талаптардың көбеюі. Эмоционалды жану синдромының терең зерттелуі - эффективті профилактикалық шаралар мен онымен күресу жолындағы тәсілдерді кеңейтуге және жетілдіруге жол ашады.

Эмоционалды жану синдромы - профессионалдың эффективтілігін төмендететін, тұлғаға және оның денсаулығына кері әсері бар құбылыс. Әлеуметтік-мәдени әдебиеттерге сай, бұл феномен қазіргі адамның қызметтік өмірінің көрінісі ретінде әлеуметтік професияларда өте кең таралған (психолог, педагог, юрист, дәрігер және т.б.). Эмоционалды жану синдромын зерттеу бағытында бірталай еңбектердің болуына қарамастан, “адам-адам” типіндегі мамандықтарда қолданылатын эффективті психопрофилактикалық және психокоррекциялық әдістер әлі де жеткіліксіз зерттелінген. Соған орай, зерттеу жұмысының мақсаты, педагогикалық сферадағы мамандардың эмоционалды жану синдромына ұшырау ерекшеліктері мен оның жас категорияларымен байланысы жайлы теориялық және практикалық білімдерді анықтау болып табылады. Зерттеу объектілері ретінде 5 жылға дейін және 5 жылдан көп еңбек өтілі бар колледж педагогтері қарастырылды.

Шетелдік әріптестердің мәліметтеріне сүйенсек, 1995 және 2002 жылдар аралығында Американдық психологиялық ассоциация базасындағы журналдарда жану синдромына байланысты 150-ге жуық мақала жарық көрген [1, 25]. Жалпы алғанда, бүгінгі күннің статистикасы бойынша 6000 астам кітап, диссертация, мақалалар осы мәселені көтерген [2, 12]. Кейбір Швеция, Нидерланды сияқты әлеуметтік қолдау бағдарламалары жақсы дамыған еуропалық мемлекеттерде жану синдромы медициналық диагноз ретінде бекітіліп, онымен дәрігерлер арнайы айналысады. Соған орай, Қазақстандық еңбек нарығында да аталмыш мәселе тиянақты қарастырылуы тиіс.

Зерттеу жұмысының міндеті бойынша, түрлі жас ерекшеліктеріне сай зерттелінетін педагогтер, эмоционалды жану синдромы жайлы ақпараттандырылып, оны оңалту мен профилактикалық бағытта дағдармен таныс болады. В.В. Бойконың айтуынша, сыртқы әсерлердің эмоционалдық және интеллектуалды көріністеріндегі тұтастылық-цивилизациялық шарттарындағы адамның дамуы, өзіндік өзектендіруінде, өзінің қажеттіліктерін тиімді қанағаттандыра алуында көрінетін - психиканың заманауи формасы не парадигмасы деп есептелінеді [3, 45]. Б. Пелман және Е. Хартман (1982) “Эмоционалды жану”

түсініктерін жалпылай отыра, оның негізгі үш компоненттерін көрсетті: эмоционалды не физикалық сарқылу, деперсонализация, жұмыстағы төмен продуктивтілік[4, 17].

Зерттеу жұмысының құрылымы мәселенің негізгі зерттеу бағыттарын қамтиды: ғылыми-зерттеу аспектісі, нақты педагогикалық саладағы эмоционалды жанудың эмпирикалық зерттеулері, профилактика мен коррекцияға қатысты сұрақтар. Медициналық салаларда жүргізілген зерттеулер бойынша, еңбек өтілі мен тұлғалық деформация арасында корреляция анықталған, өзінің психологиялық жағдайын “мазасыздық”, “болашаққа деген сенімсіздік” деп, бағалағандар арасында жану синдромының анық сипаттары мен суицидалды ойлардың бар екендігі анықталған [5,75].

Профессионалды қызметте туындау мүмкіндігі жоғары эмоционалды жану синдромы тұлға бойындағы күрделі өзгерістерге әкеледі: мінез-құлықтық сфера (әлеуметтен қашу, психоактивті заттарды қолдану), эмоционалдық деңгейде (өзін-өзі кінәләу, агрессия), когнитивті сфера (зейінді шоғырлай алмау, төмен физикалық белсенділік, физиологиялық деңгейде (ұйқының бұзылуы, сезімталдылық, либидоның төмендеуі).

Зерттеулерді талдай отырып, қазіргі күні профессионалдық деформацияға әсер етуші факторлар ретінде келесі тізімді ұсынуға болады: қызметті таңдаудағы белгілі-бір мотивтерге акцентуация; қызметтік сферадан күтілетін аса жоғары үміттер; профессионалдық белсенділіктің төмендеуі; тұлғалық даму кезіндегі профессионалдық интеллект деңгейінің төмендеуі; профессионалды қызметтің жоғары қысымда өтуі.

Түрлі професиялар бойынша алынған статистикада мектеп мұғалімдері эмоционалды жану бойынша бірінші орында - 21,25%, екінші орында жоғарғы оқу орындарының ұстаздары-18,57% [6,40].


Н.Е. Водопянова құбылыстың алдын-алу және түзету бойынша ұсыныстарды келесідей сипаттады[7,15].

Олар: бүкіл ұйым деңгейінде және оның бөлімшелері деңгейінде ұйымдастырушылық стресстің әсерін азайту; қолдау, қызметкерлердің мансаптық дамуы; корпоративті мәдениетті дамыту; стресстік жағдайларды бағалау қабілетін қалыптастыру, стресске төзімділіктің жеке ресурстарын өзектендіру; позитивті және рационалды ойлау дағдыларын игеру; қызметкерлерге бағытталған психологиялық көмектің жеке бағдарламаларын енгізу.

Ғылыми әдебиеттерде еңбек өтілі әр түрлі педагогтердегі эмоционалды жану көріністерінің пайда болуы мен динамикасы жайында мәліметтер әртүрлі нәтижелерді береді. Осыған сәйкес, бұл мақаланың мақсаты, эмоционалды жану синдромының түрлі еңбек өтілі бар педагогтердегі көріну ерекшеліктері мен байланысын көрсететін эмпирикалық мәліметтерді ұсыну болып табылады.

Зерттелінушілердегі эмоционалды жану синдромының ерекшеліктерін зерттеуде

В.В. Бойконың “Тұлғаның эмоционалды жануын диагностикалау” әдісі қолданылды. Зерттеуде еңбек өтілі 0-ден 15 жылға дейінгі, 21 және 55 жас аралығындағы 30 колледж педагогтері қатысты.




Сурет 1 - Еңбек өтілі бойынша іріктеме құрамы

Бірінші топқа қызметтік ету сферасына адаптация кезеңімен сипатталатын, еңбек өтілі.

1-2 жылды құрайтын респонденттер кірді. Жалпы саны 10 адам (33,3%).

Қатысушылардың орташа жасы 25. Екінші топқа қызметтік салада 4-тен 9 жылға дейінгі, орташа жасы 34-ті құрайтын 15 педагог (50%) кірді. Үшінші топта - орташа жасы 41, еңбек өтілі 10-нан 15 жылға дейінгі, 5 педагог (16,7%) болды.

Алынған нәтижелерді талдау арқылы, эмоционалды жану синдромының даму және қалыптасу кезеңдеріне сай, графикалық көріністе салыстыру жасалды.



Сурет2 - Эмоционалды жану фазалары бойынша мәліметтер

Зерттеу нәтижесі бойынша, профессионалдық еңбек өтілі 10 жылға дейінгі 1 және 2-топта фазалардың критикалық деңгейі ( 37 балл) анықталмады. Яғни, профессионалдық эмоционалды жану құрауыштары толық қалыптаспады. 3-топтағы, еңбек өтілі 10 жылдан асқан қатысушыларда, эмоционалды жану “қалыптасу” кезеңінде: резистенция көрсеткіші 55,6 %, сарқылу фазасы 52,8 %. Яғни, педагогикалық еңбек өтілі өскен сайын, эмоционалды жану компоненттерінің көрінісі де күшейеді.

Сонымен қатар, еңбек өтілі 2 жылға дейінгі педагогтердің резистенция шкаласы бойынша көрсеткіштер - профессионалдык қызметке қалыпты адаптациясының төмен деңгейі, қысымның жоғары деңгейін көрсетті.

Педагогикалық еңбек өтілі 10 жылға дейінгі, 2-топ респонденттері бойынша көрсеткіштер: эмоционалды жану фазалары қалыптаспаса да, психотравматикалық уайымдар мен эмоционалды қысымның жоғары деңгейін көруге болады.

Пилотажды эксперимент нәтижесінде алынған эмпирикалық мәліметтерге сүйене отырып, педагогтердің еңбек өтілі мен эмоционалды жану синдромының дамуы арасында байланыс бар екендігіне көз жеткізуге болады.

Алынған мәліметтер негізінде, субъектінің мамандану кезіндегі психологиялық қолдауға ие болу бағдарламасы қолданысқа енгізіледі. Профилактикалық бағдарлама - профессионалдык қызметіндегі психологиялық стресс және оны жеңу, төмендету, онымен жұмыс жасау әдістеріне негізделіп жүргізіледі. Психолог-валеолог Г. Кривонос айтуынша, эмоционалды жанудың қауіптілігі - оның уақыт өте келе тез прогресс жасайтынында. Бұл процессті тоқтату оңай емес екендігі айтылады. Оның әсерімен түрлі хроникалық сырқаттар пайда болып, тіпті қанның құрамы өзгеруі де мүмкін. Сондықтан, бұл құбылыстың алдын-алу мәселесі өте өзекті.

Эмоционалды жану синдромы психикалық, соматикалық және әлеуметтік сфералардағы бұзылысымен сипатталатын симптомдардың жиынтығы. Оны профессионалдык стресстен туындайтын тұлғалық деформацияның аспектісі ретінде қарастыруға болады. Эмоционалды жанудың пайда болуы педагогтің индивидуалды-психологиялық ерекшеліктері мен қызметінің спецификасына қатысты факторлар комплексімен сипатталады. Сондықтан, түрлі факторларды ескеру эмоционалды жануды алдын-алуда қолданылатын әдістерді белгілеу үшін қажет. Уақытында жасалған диагностика мен өзіндік диагностика өте маңызды, сондықтан педагогтерде симптомдар жайлы білім болу керек. Аталған шараларды жүзеге асыру арқылы осы салада педагогтердің, жалпы қызметтік саладағы эмоционалды жану синдромы қолға алынады деп күтілуде.

#### Әдебиет

1. Shirom A., Melamed S., Toker S., Berliner S., Shapira I. Burnout and health: current knowledge and future research directions // *International Review of Industrial and Organizational Psychology*. – 2005. – Vol. 20. – P. 269–279.
2. Maslach C., Schaufeli W.B., Leiter, M.P. Job burnout // *Annual Review of Psychology*. – 2001. – Vol. 52. – P. 397–422.
3. Boiko V.V., “Energija emosii v obenii: vzglyad na sebia i na drugih - M: Informacionno-izdatelskii dom “Filin”, 1996.-472 p.
4. Orel V.E. Fenomen «vygoraniya» v zarubejnoj psihologii: empiricheskie issledovaniya i perspektivy [Tekst] / V.E. Orel // *Psihologicheskii jurnal*. – 2001. – T.1. – S.31-37.
5. Reva L.N. Professionalnoe vygoranie u medisinskih rabotnikov: formirovanie, profilaktika, korreksiya. — Kiev: Sfera, 2004. — 272 p.
6. Maslach C., Schaufeli W.B., Leiter M.P. Job burnout // *Annual review of psychology*. — 2001. — V. 52. — P. 397–422.
7. Vodoryanova N. E. Profilaktika i korreksiya sindroma vygoraniya: metodologiya, teoriya, praktika / N. E. Vodoryanova. – SPb.: İzd-vo S.-Peterb. un- ta, 2013.

## **ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ВЛИЯНИЯ ГАДЖЕТОВ НА РАЗВИТИЕ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА**

Современный мир трудно представить без компьютеров, смартфонов и планшетов, так как они являются источниками самой разнообразной информации: познавательной, научно-популярной, развлекательной и т.д.

Но использование современных устройств характерно не только для взрослых людей, но и для детей различного возраста, причем даже самого раннего, поэтому как у родителей, так и у психологов появляется вопрос: насколько сильно гаджеты влияют на психоэмоциональное состояние ребенка?

Многие родители специально дают пользоваться детям различные гаджеты, причем цели могут преследоваться разные: успокоить ребенка, чтобы он не вел себя и не закатывал истерик, занять его во время длительных поездок и т.д. Подобный способ отвлечения ребенка становится в большинстве случаев систематическим, при этом можно отметить сразу два вида зависимости, как у родителя, так и у ребенка.

Родитель получает зависимость «свободных рук», поэтому успокоив ребенка гаджетом один раз, он начинает продолжать это делать на постоянной основе [1].

У ребенка же появляется прямая зависимость к гаджету, который в некоторых случаях становится чуть ли не единственным способом проведения досуга.

Необходимо рассмотреть психологическое влияние гаджетов на ребенка более подробно, для этого необходимо учесть психологические особенности детей дошкольного возраста:

1. Возраст: 3-4 года. Ребенок желает быть независимым, поэтому старается вести себя как взрослый. Поэтому необходимо провести параллель: родители много времени проводят за гаджетами, получая положительные эмоции, и это приводит к тому, что ребенок начинает копировать поведение взрослого и гаджеты привлекают его внимание [2, с. 23].

В этом возрасте происходят существенные изменения в характере и содержании деятельности ребенка, во взаимоотношениях с окружающими: взрослыми и сверстниками.

Эмоциональное развитие ребенка характеризуется проявлением таких чувств? как любовь к близким, доброта к сверстникам.

Ребенок способен к эмоциональной отзывчивости – он может сопереживать, утешать сверстника, помогать ему, стыдиться своих дурных поступков, хотя, надо отметить, эти чувства непостоянны. У ребенка появляется острая потребность в общении с взрослыми людьми и сверстниками, поэтому при попадании гаджета в руки ребенка, подобный опыт он получает из виртуальных игр. И при систематическом использовании гаджета, заинтересованность и потребность в общем перерастает в потребность использования гаджета для удовлетворения потребностей.

Тем не менее, в компьютерной игре ребенок знакомится со свойствами предметов, развиваются его восприятие, мышление, воображение, что является полным аналогом практической игре.

Внимание детей с четвертого года жизни непроизвольное. Однако его устойчивость проявляется по-разному. Обычно малыш может заниматься 10-15 минут, но увлекательное занятие длится достаточно долго и ребенок не переключается на что-то другое и не отвлекается, поэтому у ребенка появляется желание много времени проводить за гаджетом, играя в различные игры и просматривая видео, считая это наиболее увлекательным занятием.

2. Возраст 5-6 лет. Интерес ребенка сосредоточен на сфере взаимоотношений между людьми: между семьей, мамой и папой, между сверстниками в детском саду. В этом время происходит повышение избирательности и стабильности отношений со сверстниками. Дети

спокойно могут определять успех того или иного ребенка, например, на основе игр или обучения. Дети могут давать и качественный анализ сверстника: злой, плохой, глупый, драчливый и т.д., благодаря чему ребенок ставит перед собой два «я»: «я реальное», «я идеальное» [3, с. 87].

Ребенку нравится обучаться, развивается функция речевого планирования, т. е. умение последовательно и логично строить свои действия, рассказывать о них. Причем обучение может производиться как при помощи наставника, так и самостоятельно.

Внимание ребенка этого возраста становится более устойчивым, ребенок способен производить последовательную деятельность в течение 20-30 минут, что также становится возможным благодаря улучшению памяти. Если же в данный период жизнь ребенка большую часть времени будет проводить за гаджетами, то развитие в определенных областях существенно замедлится, а также сыграет отрицательную роль на психическом состоянии ребенка [4, с. 29].

В таблице 1 определено положительное и отрицательное влияние гаджетов на детей при их постоянном использовании.

Таблица 1 – Положительное и отрицательное влияние гаджетов на детей дошкольного возраста

Положительное влияние гаджетов	Отрицательное влияние гаджетов
Улучшение мелкой моторики	Снижение объема общения с родственниками, сверстниками, проблемы с социализацией
Улучшение памяти	Нервное состояние при отсутствии гаджета и повышенная возбудимость, депрессивное состояние
Улучшение внимания	Ухудшение восприятия реального мира
Получение новой информации	Замедленное развитие речи
Улучшение логического мышления	Нарушение зрения, проблемы со сном

Из таблицы видно, что гаджеты оказывают как положительное, так и отрицательно влияние на малышей, необходимо рассмотреть данный факт подробнее.

Во-первых, телефоны и планшеты помогают отвлечь малыша от длительных занятий. Ребенок устает долго сидеть на одном месте, начинает нервничать, плохо себя вести. Он хочет бегать и прыгать, и в этом нет ничего плохого. Здесь на помощь приходят электронные устройства, которые занимают ребенка игрой, рисованием или же просмотром видеороликов [5, с. 66].

Во-вторых, цифровое образование как никогда необходимо современному человеку: чем раньше ребенок научится пользоваться информационными технологиями, тем выше навыки в данной области у него будут в будущем. Книжки и пособия постепенно отходят на второй план, уступая место компьютерным играм и мобильным приложениям. Они учат дошкольников читать, считать и рисовать, помогают развивать их память, внимание, логическое мышление. Существуют также развивающие мультипликационные фильмы, которые рассказывают ребенку о природе, мире, вселенной, обо всем окружающем мире.

Из таблицы видно, что гаджеты имеют как положительное, так и отрицательное влияние на детей дошкольного возраста, но с учетом наличия большого количества негативных факторов, использование различных современных устройств на постоянной основе недопустимо.

Если говорить об отрицательном влиянии, то современные дети с раннего возраста сидят в социальных сетях, что постепенно «теряются» в них, забывая о реальной жизни. Ребенок настолько увлечен виртуальным общением, что забывает об уроках, прогулке во дворе, иногда даже о приеме пищи.

В Интернете также много насилия, там находится множество агрессивных видео. Другие сайты также содержат информацию, также наносящую вред ребенку, в некоторых случаях

контент может серьезно навредить психике, что малыш может начать относиться ко всему враждебно или же замкнуться в себе.

Особой областью научных и прикладных исследований является дистанционное обучение с использованием информационных и коммуникационных технологий. Часто эта форма образования представлена под термином «технологии дистанционного обучения».

Важным элементом персонального сайта учителя, позволяющим отразить его индивидуальность и профессиональные достижения, является электронное портфолио [3].

Портфолио – это инструмент мониторинга профессиональных достижений.

Таким образом, образовательный сайт расширяет возможности педагога, дополняя традиционную форму обучения. Однако стоит отметить, что не всякий сайт соответствует достижению перечисленных задач. Рассмотрим требования, которые выделяются к персональному сайту учителя английского языка для реализации всех его потенциальных возможностей при применении в образовательном процессе.

Очевидно, что все педагогические сайты должны удовлетворять определенным запросам целевой аудитории: быть приятными с точки зрения визуального восприятия, иметь логичную и лёгкую структуру и иметь интересное наполнение для желания учить язык [4, с. 78].

С постоянным усовершенствованием информационных и инновационных технологий растёт актуальность дистанционного обучения, которое оказалось путем решения проблемы получения образования во время пандемии коронавируса, получившей начало 16 марта 2020 года. Стремительное распространение вируса отрицательно сказалось на уровне получения образования молодого поколения, однако внедрение дистанционного обучения принесло ряд положительных сторон, позволивших студентам не останавливаться на достигнутом и получать

новые знания в непривычном формате В связи с ситуацией все преподаватели были вынуждены перейти на дистанционное обучение.

Дистанционное обучение имеет следующие дидактические особенности:

- Ведущая роль теоретических знаний;
- Соответствие дидактического процесса закономерностям учения;
- Единство образовательной и воспитательной функций обучения;
- Сочетание абстрактности мышления с наглядностью в обучении;
- Доступность;
- Гибкость обучения;
- Массовость;
- Параллельность обучения;
- Развитие компьютерной грамотности пользователей;
- Системность и последовательность в обучении.

Было проведено множество семинаров, видеоуроков и конференций по компьютерной грамотности с целью информирования учащихся об особенностях используемых платформ и предотвращения возможных проблем дистанционного обучения, таких как проблемы с микрофоном, звуком, демонстрацией экрана, камерой и т.д. Более того, при возникновении каких-либо вопросов касательно компьютерной грамотности были организованы дополнительные конференции с обсуждением возникнувших проблем при использовании обучающих платформ.

Основными обучающими платформами стали такие приложения как Google Drive (Гугл Диск), Canvas (Канвас) и Zoom (зум).

#### **Гугл Диск**

Гугл Диск – это сервис хранения, редактирования и синхронизации данных, разработанный всемирно известной компанией Google. Он включает в себя три основные функции:

- Совместное редактирование файлов;
- Хранение данных в интернете;
- Общий доступ данных для определенных пользователей.

В состав приложения входят такие основные офисные инструменты как Гугл Документы, Таблицы и Презентации для редактирования, совместного использования и создания учебного материала, что позволяет предоставлять информацию в виде схем, текста, графиков, чертежей, таблиц, рисунков, слайдов и т.д. Более того, Гугл Диск предоставляет возможность редактирования и оформления интерфейса так, как удобно пользователю для упрощения работы и легкости использования [3]. Существует множество возможностей этого приложения, которые сделали его лучшим облачным хранилищем среди всех существующих, что является основной причиной постоянного использования Гугл Диска студентами в дистанционном обучении:

- Сканирование документов;
- Веб-клипер;
- Перетаскивание и копирование файлов;
- Автозагрузка и синхронизация;
- Быстрое создание файлов;
- Управление версиями;
- Закладки;
- Комментирование папок и файлов;
- Копирование текста с изображений;
- Разметка и подпись файлов;
- Поиск по тексту;
- Конвертация файлов и т.д.



## **Канвас**

Канвас – это система массовых открытых онлайн-курсов (МООК), где преподаватель может разместить собственные электронные курсы, проводить регистрацию, онлайн-занятия, контрольные работы, оценить успеваемость студентов, размещать задания и установить программу обучения. Канвас включает в себя ряд инструментов для удобства в использовании и является бесплатной платформой образования. С помощью этого приложения можно интересно провести любую видео-лекцию, викторину и живую онлайн-дискуссию. Кроме того, в приложение были включены следующие особенности для комфортной работы пользователей:

- Календарь, в котором можно запланировать какое-либо событие на определенный день (к примеру, тестовую работу);
- Почтовый ящик для внутренней коммуникации;
- Витрина курсов, в которой продемонстрированы все дисциплины учащегося.

Кроме возможности создания своих авторских курсов, на платформе есть шанс воспользоваться курсами других учителей различных предметов. Они бесплатны, не предполагают жёстких сроков изучения, полны современных материалов и предоставляют простор для саморазвития и самосовершенствования.

## **Зум**

Зум – это сервис для проведения и организации онлайн-занятий, семинаров и конференций для студентов. Организовать конференцию может абсолютно любой пользователь, создавший учетную запись. Удобство приложения заключается в том, что платформа подходит как для индивидуальных, так и для групповых занятий, при этом зайти в приложение можно и с телефона, и с компьютера, и с планшета, т.е. по мере своих возможностей.

Преимущества платформы Зум [4]:

- Отличное качество связи;
- Видео и аудио связь с каждым участником конференции;
- Возможность демонстрации экрана со звуком;
- Возможность видеозаписи конференции;
- Наличие интерактивной доски для заметок;
- Наличие чата;
- Деление присутствующих студентов на группы по комнатам (сессионным залам) для групповой работы и т.д.

В результате внезапно возникнувшей пандемии коронавируса студенты и преподаватели были вынуждены перейти на дистанционное обучение, что открыло для них ряд новых возможностей и повысило компьютерную грамотность населения благодаря регулярному использованию приложений и организации семинаров и обучающих конференций по использованию таких платформ, как Зум, Гугл Диск и Канвас. Будем считать, что образовательный сайт способствует реализации педагогических функций в ИОС, если структура и содержание сайта отражают предложенные возможности дистанционного обучения.

### Литература

1. Хуторской А.В. Современная дидактика: Учебник для вузов, Серия "Учебник нового века", Изд. "Питер", Санкт-Петербург, 2001.
2. Хуторской А.В. Интернет. Практикум по дистанционному обучению. ИОСО РАО, М., 2000.
3. Портал о дистанционном обучении. - [Электронный ресурс] <http://dstudy.ru>
4. Черемисин А.Г. Развитие Интернет – образование в условиях информационного общества. // Инновации в образовании, 2005.

## **ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПОДРОСТКОВ**

Подростковый возраст является переходным, критическим и трудным переломным, возрастом, периодом полового созревания. В данный период развитие ребенка считается особенно тяжелым: трудности испытывают учителя и родители, а также сами дети. Это происходит вследствие большого количества критических физиологических и психологических состояний, объективно возникающих в процессе развития; данные состояния называются так же «критическими периодами детства».

Подростковым периодом является возраст от 12 до 15 лет ( $\pm 2$  года). Это время, когда происходит начало перестройки организма ребенка: наряду с ускоренным физическим развитием происходит половое созревание. Работа желез внутренней секреции, в том числе половых желез, производит в организме резкие перемены. Обмен веществ протекает более интенсивно. Происходит нарушение прежней слаженности в работе организма; как результат еще не отрегулированной новой системы функционирования возникает общая неуравновешенность подростка, а также взрывчатость и раздражительность: часто могут происходить резкие перепады настроения от чрезмерной активности к вялости и даже апатии.

Таким образом, подростковый возраст – это такой возраст, когда внешне и по своим притязаниям человек уже взрослый, однако внутри он еще во многом имеет особенности и возможности ребенка. Поэтому подросток все еще нуждается в ласке и внимании, ему еще интересны детские забавы и игры. Вместе с тем параллельно с чувством взрослости у подростка возникает и постепенно формируется самосознание; это может проявляться в осознании половой принадлежности, в обостренном чувстве собственного достоинства. Подросток так же чрезвычайно критичен. Если раньше, когда он был ребенком, то на многие события в окружающем мире он не обращал внимания или не оценивал слишком критично, то теперь, став подростком, у него происходит переоценка уже привычного, он дает свои собственные суждения зачастую категоричные, бескомпромиссные и прямые. Так же в подростковый период помимо коренной перестройки уже сложившихся ранее психологических структур, возникают новые образования, формируются основы сознательного поведения, начинает выстраиваться общая направленность социальных установок и нравственных представлений.

В качестве отрицательных проявлений ребенка на этом сложном этапе выступают дисгармоничность в строении личности, протестная линия поведения по отношению ко взрослым, смена уже установившейся системы интересов. В то же время, в подростковом возрасте наблюдается и много положительных факторов - самостоятельность ребенка увеличивается, его взаимоотношения с детьми и взрослыми становятся намного многообразнее и содержательнее, сфера деятельности подростка в значительной мере расширяется и претерпевает качественные изменения, при этом формируется ответственное отношение к другим людям и к себе, и т.д.

Отечественные психологи глубинно и всесторонне исследовали особенности подросткового возраста. Далее будут рассмотрены взгляды на проблему подросткового возраста известных отечественных психологов. Л.С.Выготский [28, с.114] тщательно изучал проблему интересов подростка в переходном возрасте; он считал это «ключом ко всей проблеме психологического развития подростка» [28, с.131]. Выготский писал, что на каждой ступени развития, так же и в подростковом возрасте, все психологические функции человека работают по определенной системе; и эта система складывается и направляется определенными влечениями, интересами и стремлениями, заложенными в личности. Л.С.Выготский особенно акцентировал внимание на том, что данный возраст – время, когда отмирают старые интересы, а также когда происходит становление новой биологической

основы, которая является основой для развития новых интересов в будущем» [28, с.131]. Он писал: «Если в начале фаза развития интересов стоит под знаком романтических стремлений, то конец фазы знаменуется реалистическим и практическим выбором одного наиболее устойчивого интереса, большей частью непосредственно связанного с основной жизненной линией, избираемой подростком» [28, с.133].

В качестве доминантных, то есть самых ярких интересов подростков Л.С.Выготский назвал:

- «эгоцентрическая доминанта» (интерес, который подросток испытывает к своей собственной личности);

- «доминанта дали» (ориентир подростка на глобальные, объемные масштабы, которые подросток считает для себя намного более приемлемыми по сравнению с более близкими к настоящему, сегодняшнему моменту);

- «доминанта усилия» (стремление подростка сопротивляться, преодолевать препятствия, испытывать волевые напряжения; это может проявляться в упрямстве и хулиганских выходках, в противостоянии воспитательскому авторитету, а так же в протесте и т.д.);

- «доминанта романтики» (жажда подростком нового, неизведанного, что проявляется в рискованных поступках, приключениях, в героизме). Л.С. Выготский большое внимание уделял развитию мышления у подростков. Он считал, что основное, чем нужно овладеть на данном этапе - процессом образования понятий, что повлечет за собой высшее проявление интеллектуальной деятельности - новые способы поведения. Функция образования понятий является основой любых интеллектуальных изменений в подростковом возрасте. «Понимание действительности, понимание других и понимание себя - вот что приносит с собой мышление в понятия», - писал он Л.С.Выготский [28, с.137]. Заметный вклад в разработку проблему подросткового возраста внес Д.Б.Эльконин [31, с.412].

По Д.Б.Эльконину, подростковый возраст – это новый период в жизни ребенка, и он несет в себе новообразования, рождающиеся на основе той деятельности, которая была ведущей в предшествующий период. Эльконин говорит, что учебная деятельность, направленность которой была на окружающий мир, теперь нацелена на себя самого. Уже к концу младшего школьного возраста ребенок не знает, что ему делать с новыми возможностями, которые у него появились, ему не понятно, что он представляет из себя. Найти ответ на вопрос «Что я такое?» ребенок сможет только окунувшись в реальную жизнь. Таким образом, подростковому возрасту свойственны следующие проявления ребенка: - результатом упрямства и негативизма часто возникают проблемы со взрослыми; при этом подростки часто демонстрируют безразличие к оценке своих успехов, могут уходить из школы - ведь самое важное для ребенка теперь происходит за стенами школы. - активно заводятся компании друзей-ровесников, как результат стремления найти тех, кто тебя понимает [30, с.245]. - ведутся дневники и тайные тетради, в которых подростки, чувствуя себя в безопасности, могут свободно раскрыть свои потайные мысли. Здесь они, никого не стесняясь, могут написать о своих переживаниях, о наблюдениях, а также выразить свои мысли и сомнения – все, что волнует в данный момент.

Когда подросток начинает сравнивать себя со взрослыми, он может сделать вывод, что между ними нет никакой разницы. Такой подросток больше не хочет, чтобы его считали маленьким и требует соответствующего отношения к себе; в это же время он начинает понимать, что у него есть права. Так у него рождается представления о себе как «не о ребенке». К тому же он уже начинает ощущать себя взрослым, и он стремится, чтобы его считали таковым. Он считает, что уже не имеет отношения к детям, одновременно с этим не ощущает себя взрослым полностью; однако от окружающих его людей требует быть признанным взрослым.

Часто такая жажда быть взрослым приводит к противостоянию окружающей среды. Подросток выясняет, что в системе отношений со взрослыми у него пока нет своего места, и он в большинстве случаев снова может примкнуть к сообществу детей. В данном возрасте

господствующее положение занимает преобладание детского сообщества над взрослым. Именно здесь выявляется новая социальная ситуация, в которой развивается ребенок. На данном этапе ребенок активно взаимодействует и осваивает сферу моральных норм, которые лежат в основе социальных взаимоотношений. Ведущим типом деятельности у подростков является общение со сверстниками. Именно в таком общении подростку проще понять и освоить социальные нормы, а также нормы морали; в таком общении они тренируются устанавливать отношения равенства, уважения друг к другу.

Подростковый возраст сложен тем, что происходит коренная перестройка ранее сложившихся психологических структур, при этом возникают новые образования, закладываются основы сознательного поведения, формируются нравственные представления и социальные установки, меняется мотивация. Именно в этот период развиваются акцентуации характера, а позже часто сглаживаются в процессе жизни. Очень многое зависит от типа акцентуации, от ее явного или скрытого характера, от системы воспитания, используемого родителями, от среды, от условий становления личности.

#### Литература

1. Выготский А.С. Педология подростка // Собр. соч.: В 6 т. Т. 4. - 462 с.
2. Возрастные и индивидуальные особенности младших подростков / Под ред. Д.Б. Эльконина и Т.В. Драгуновой. М., 1967. - 325 с.
3. Смирнов С.Д. Психология и педагогика в высшей школе: учеб. пособие для вузов. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: Издательство Юрайт, 2018. - 352 с.

**Пошаев М.Д., Казиханов Б.М.**

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қ., ҚР ҰҚК Академиясы)*

## **ПОЛИГРАФТЫҚ ТЕКСЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ПСИХОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАРСЫЛЫҚ ЖАСАУДЫ ЖІКТЕУ ЖӘНЕ ОНЫ БЕЙТАРАПТАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазіргі таңда еліміздің барлық дерлік мемлекеттік органдар мен коммерциялық ұйымдарда қызметкерлер мен үміткерлерге, сондай-ақ басқа да қызметтік жағдайларда полиграфологиялық тексерулерді өткізу табысты қолданылып келе жатқаны мәлім.

Осы бағытта бірнеше ондаған жылдар бойы полиграфологиялық тестілеу әдістерін қолдану және оны жетілдіру жұмыстары аясында сенімді де нақты технологиялар мен әдістер қалыптасып та үлгерді.

Дейтұрғанмен, полиграфты қолдану және зерттеулер нәтижелерінің шынайылығы туралы сөз қозғалса «Полиграфты алдау мүмкін бе?» деген логикалық тұрғыдағы сұрақ жиі туындайтыны сөзсіз. Осы риторикалық сипаттағы сұраққа жауап бермес бұрын, полиграфологиялық тексерулер барысында зерделенушінің тарапынан жасалынатын қарсы әрекет жасау мәселесіне тоқтала кеткен жөн.

Өйткені, статистикалық мәліметтерге сүйенер болсақ, қазіргі таңда тескеруден өтуші қылмысқа күдікті тұлғалардың 100 пайызы, ал қатысты жоқ тұлғалардың 60 пайызына дейін полиграфпен тексеру барысында өздерінің психофизиологиялық көрсеткіштерін өзгертуге тырысып бағатындығы анықталған. Олай болса, полиграфта тексеруге деген сұраныстың қаншалықты сұранысқа ие болып, оған деген талаптардың артқандығын ескеретін болсақ, соншалықты аталған тексерулерге қарсы әрекет жасау фактілерінің де арта түскендігі бұлтартпайтын факт ретінде қарастыруымызға болады [1].

Дегенмен де полиграфологиялық тексерулерге қарсы әрекет жасау қазіргі заманғы полиграфологтар үшін мүлдем күтпеген құбылыс болды деп те айтуға келмейді. Полиграфология мәселелеріне арналған шетел әдебиеттеріне шолулар көрсеткендей, полиграфологиялық тексерулерге қарсы әрекет жасау мәселелері полиграфологияның отаны саналатын АҚШ мемлекетінде 90-шы жылдары өзекті бола түскен. Қарсы әрекет жасаудың

мемлекет қауіпсіздігіне келтіретін залалының нақты масштабын сезіну және оған дер кезінде қарсы қимыл жасау қажеттігі 1997 жылы АҚШ Орталық барлау басқармасына қызметке тұрғысы келген кандидаттардың бірінің тарапынан қарсы әрекет жасау жағдайы әшкереленіп, ресми мойындалғаннан соң барып туындады [2].

Осы тұрғыда, қарсы әрекет жасауды айқындау және оны бейтараптандыру мәселелеріне арналған әлемдік ғылыми зерттеулер тәжірибесіне сүйене отырып келесі түрлері мен формалары анықталған. Атап айтқанда, полиграфологиялық зерттеу іс-шараларының тәжірибесі мен осы бағыттағы зерттеу жұмыстарын жүргізген әлемдік теорияға сүйенсек, қарсы әрекет жасау жасырын (*бұркеме*) немесе ашық сипатта болуы ықтимал.

Ашық түрде саналы қарсы әрекет жасау тым қарапайым болғандықтан оның маман үшін қарсы әрекетті анықтау бойынша қосымша амалдар қолданудың және кәсіби біліктілігі деңгейінің қомақты дәрежесінің қажеттілігі жоқ.

Ал жасырын (*бұркеме*) қарсы әрекет жасауды анықтау үшін маманның, керісінше, білікті болуы аса маңызды. Бұл сайып келгенде полиграфолог маманнан жаңа білім мен дағдыны талап етеді [3].

Әрі қарай, қарсы әрекет ету формаларын олардың дайындық сипаты және дайындалу сапасына қарай бөліп қарастырдық. Яғни, дайындық сипаты бойынша төмендегідей жіктеледі:

- *өздігінен* – тексерілуші тұлғаның тестке қарсы әрекет жасау әрекеті тікелей тест барысында немесе оның біршама алдында жоспарлануы негізінде тиісті арнайы дайындықтан өтуге мүмкіндігінің аз болу факторлары бойынша;

- *жоспарланған* – тестілеуге қарсы әрекет жасау тексерілуші тұлғамен алдын-ала жоспарланған және оны жүзеге асыру үшін біршама күш-жігер жұмсап дайындықтан өткендер.

Сондай-ақ, дайындалу сапасына қарай:

- *аңғалдау және қарабайыр* – тексерілуші тұлға тестілеу процесінің қалай жүргізіліп жатқанынан бейхабар және полиграфолог маманның жұмысына әралуан және бейберекет жолдармен кедергі келтіруге тырысып бағу;

- *кәсіби* – тексерілуші тұлға тестілеуге қарсы әрекет бойынша әдебиеттер мен мағлұматтарды мұқият зерделеген, өзінің әрекеті мен әдіс-айласын алдын-ала жоспарлаған. Сонымен бірге, аталған тұлға полиграфологиялық тестілеуге қарсы әрекет жасау бойынша алдын-ала осы бағыттағы жұмыс жүргізуші белгілі бір маманнан тәжірибелік тренингтен өтуі мүмкін болып жіктеледі.

Жоғарыда көрсетілгендей, аталған полиграфологиялық тестілеуге қарсы әрекет жасаудың негізгі және полиграфолог маманға күрделі түрлері жоспарланған және кәсіби түрлері болып табылады.

Демек, тексерілуші тұлғаның біріншіден, оның жалпы психофизиологиялық жағдайының өзгеру сипатына, яғни ол өзінің бойында қатты тежелу немесе керісінше шамадан тыс қозу процесін тудыру мақсатында әралуан психологиялық, физиологиялық әдіс-айлаларды қолдануы немесе фармакологиялық препараттарды қабылдауы, екіншіден, жеке психофизиологиялық реакцияларының өзгеруіне, нақтырақ айтқанда тексерілуші тұлғаның ерікті түрде тестілеудің белгілі бір сәттерінде өзінің реакцияларын екіпіндетуге немесе тежеуге мүмкіндік беретін түрлі жолдарын қолдануына басты назар аударып отыру керекті.

Көрсетілгендерден қатар, полиграфологиялық тексерулерге қарсы әрекет жасаудың орындау түрлеріне қарай төмендегідей түрлері анықталған:

а) механикалық (физикалық) – барлық жағдайда тексерілуші тұлғамен мақсатты түрде қандай да болмасын бұлшық етінің жиыру реакциясының тіркелуі (*тыныс алу процесін өзгеру, қимыл-қозғалыс, қандайда да бір ауырсыну сезімдерін мақсатты түрде келтіру және т.б.*);

б) психикалық (мінез-құлықтық) – тексерілуші тұлғамен когнитивтік (*ойлану, еске түсіру тәсілдерін қолдану*) және эмоционалдық (*жасанды ренжу немесе қуану*) процестерін қолдануға негізделген қарсы әрекет жасау формалары;

в) фармакологиялық – жалпы (*транквилизаторлар, жүйке жүйесін тежеу процесіне алып келетін нейролептиктер, стимуляторлар*) және жергілікті (*антиперспиранттар, түссіз клей және т.б.*) әсер ететін медициналық препараттарды қолдану формалары. Аталған түріне алкогольдік ішімдік заттарын пайдалану арқылы қарсы әрекет жасау формаларын да жатқызуымызға болады.

Аталғандармен бірге, кейбір ғалымдар қарсы әрекет ету түрлеріне қосымша мінез-құлықтық және экзотикалық түрлерін де бөліп қарастыруда.

Яғни олар, мінез-құлықтық қарсы әрекет ету – тексерілуші тұлғамен полиграфолог маманды әралуан сылтау-себептермен манипуляциялауға әрекеттенуі, ал экзотикалық – тексерілуші тұлғаның өз организмін тексеріс алдында саналы түрде күш-қайратының сарқылуына (*жүгіру, физикалық жүктеме жасау, ұйықтамау және т.б.*) алып келетін әрекеттер жасау болып табылады [4].

Жоғарыда көрсетілген полиграфологиялық тексеруге қарсы әрекет ету түрлері мен формаларын сипаттай келе қазіргі таңдағы заманауи техникалық жетістіктердің нәтижесінде полиграфқа қарсы әрекет етудің қосымша тағы да бір түрі - техникалық түрін қарастыруды да ұсынып отырмыз. Аталған қарсы әрекет түрі, ешбір ғалымдар мен мамандар тарапымен осы уақытқа дейін қарастырылып, талқыланбағандығын ескерсек, көтеріліп отырған тақырыптың өзектілігі мен көкейкестілігін сипаттайтын факторларды алға тартуымызға болады.

Яғни, полиграфологиялық тексерулерге қарсы әрекет етудің жаңа түрі - техникалық сипаттағы жасанды әсер ету ерекшеліктері (*индустриалды, радиоэлектрондық және электроэнергетикалық*) – қазіргі таңдағы заманауи ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін пайдалану арқылы, яғни электромагниттік кедергілер арқылы (*техникалық құрылғылардың қалыпты жұмыс істеуіне кедергі жасайтын немесе оны толық істен шығаратын физикалық немесе электрлік тоқтар, магниттік және электромагниттік кеңістіктер, электрондық әсер ету арқылы*) радиотолқынды басу немесе тежеу (*радиоэлектрондық жүйелер мен құрылғылардың жұмысын тежеуге немес мүлдем тоқтатуға бағытталған іс-шаралар кешені: радиотехникалық, опико-электрондық және гидроакустикалық басу болып санатталады*) арқылы жүргізілу мүмкіндігін жақын болашақта қолдану фактілерінің орын алуын жоққа шығара алмаймыз.

Сонымен бірге, полиграфта тексеру жүргізудің бейқатынасты (бесконтактная) түрлерін әлемнің дамыған елдерінде қызу енгізуге талпынысын байқап отырғанымыздай, қарсы әрекет жасаудың да техникалық түрлері жақын болашақта біздің қоғамымызға етене енетіндігі сөзсіз. Осы тұрғыда полиграфолог-мамандар тарапымен де тиісті оларды бейтараптандыру мәселелері бойынша тиісті зерттеп-зерделеу іс-шараларының кешенін жандандыру және дер кезінде қолға алу керектігі уақыт күттірмейтін талаптардың бірі болып қала бермек.

Бұл аталған мәселелер, осы бағытта нақты және мақсатты зерттеу іс-шараларының жүргізілмеуі, еліміздің мемлекеттік органдары мен коммерциялық ұйымдарының полиграфолог-мамандарының қолында ғылыми негізделген, қарсы әрекет жасауды анықтау және бейтараптандыру алгоритмінің болмауы жүргізілетін тексерулердің сапасына, ал нәтижесінде жасалатын полиграфологиялық тұжырымдардың дәйектілігіне кері әсер етуінің салыстырмалы көрсеткіштерін арттыратындығы сөзсіз.

Осының негізінде қазіргі таңда біздің арнаулы жоғары оқу орнының полиграфолог-мамандары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және социология факультеті жанындағы қолданбалы психофизиология зертханасымен бірлесе отырып ғылыми зерттеу жобасы аясында ғылыми-зерттеу жұмыстары қолға алынып, полиграфологиялық зерттеулерге қарсы әрекет жасауды бейтараптандыру алгоритмдері бойынша жұмыстар жүргізді. Баяндалған іс-шаралар мен жүргізіліп отырған ғылыми зерттеу жұмыстары жоғарыда көрсетілген мәселелердің түйінін шешудегі отандық полиграфология мектебін құруда және қазақстандық полиграфологтар кластерін түзуге деген нақты да мақсатты қадамдары деп тұжырымдауымызға болады.

1. Варламов В.А., Варламов Г.В. Противодействие полиграфу и пути их нейтрализации. – М.: ПЕР СЭ-Пресс, 2005. – 229 с.
2. Пеленицын А.Б., Сошников А.Б. Современные технологии применения полиграфа, 4 часть. – М.:Издательство АНО ДПО «Центр прикладной психофизиологии», 2015. – 204 с.
3. Полиграфология сұрақтары, 1 шығарылым – Алматы: ҚР ҰҚК Академиясы, 2019. – 129 б.
4. «Полиграф в Казахстане – избранные страницы»: Библиотека полиграфолога/ Под.ред.Алесковского С.Ю. и Алибаевой Г.А. – Алматы, 2016. – 264 с.

*Салимова Г.Е., Токсанбаева Н.Қ.*

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)*

## **ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОНФОРМДЫ МІНЕЗ- ҚҰЛЫҚТАРЫНЫҢ МОТИВАЦИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ**

Дамудың қазіргі кезеңінде жасөспірім кезіндегі конформды мінез - құлық мәселесі ерекше мәнге ие болады, өйткені бұл жас жеке тұлғаны, дүниетанымды, құндылық бағдарларының жүйесін, сенімдері мен семантикалық саласын қалыптастыру үшін өте сезімтал. Жасөспірім үшін маңызды топта дамитын қатынастар, сондай - ақ топтың жеке адамға жасаған әрекеті адамның сезімін, пікірін қалыптастырудың өзіндік өзегі ретінде қызмет етеді [1].

Конформизм-бұл адамның жеке пікірі мен топтың пікірі арасындағы қақтығыстан туындайтын топтық қысымға немесе адамның әрекетіне бағыну. Яғни, адам өзіне зиян келтіретін топтың пікірін таңдағанды жөн көретін жағдайда конформды мінез-құлықты көрсетеді [2].

Конформды мінез - құлық мәселесін зерттеуді психологтар С.Аш, Р. Крач – филд, Д. Креч, М. Шериф жүргізді, олар ұсыныстың жоғары деңгейіне, еріксіз еліктеуге, "инфекцияға", белсенділікке байланысты конформды мінез-құлық мәселесін, белсенділікті реттеудің мотивтері мен механизмдерін қарастырды[3].

Үш классикалық эксперимент әлеуметтік психологтардың конформизмді қалай зерттейтінін және адамдар қандай дәрежеде конформды бола алатындығын көрсетеді. М. Шериф [4] басқалардың пікірлері нүктелік жарық көзінің айқын жылжуын бағалауға әсер ететінін анықтады. "Дұрыс" жауаптардың нормасы эксперимент барысында пайда болады және ұзақ уақыт сақталады, субъектілердің ауыспалы "ұрпақтарына" таралады. Зертханалық жағдайда анықталған топтық ұсыныстың бұл мүмкіндігі нақты өмірдегі болжамға ұқсас.

Соломон Аштың [5] 1951 жылы жүргізілген топтық қысымның әсеріне арналған әйгілі эксперименттері ерекше қызығушылық тудырады, бұл эксперименттер өте қатты сынға ұшырағанына қарамастан классикалық болып саналады.

Құрдастарымен қарым-қатынасқа бағытталған бағдар көбінесе ол үшін маңызды топты қабылдамаудан қорқады. Жеке тұлғаның эмоционалды әл - ауқаты оның ұжымда алатын орнына байланысты болады, жолдастарының көзқарасы мен бағаларымен анықтала бастайды [6].

Жасөспірімнің өз позициясы бар, ол өзін ересек деп санайды. Тәуелсіздікке ұмтылу бақылау мен көмек қабылданбайтындығында көрінеді. Жасөспірімнен жиі естуге болады: "Мен бәрін білемін!"[7, 115 б.]. Бірақ мұның бәрі жасөспірім үшін өте маңызды, ол үшін маңызды топтың пікірі. Пікірлері осы топтың мүшелерін жасөспірім тындайтын, дәл осы топта тұрақтануға ұмтылады, деңгейді көтерудің бір құралы. Мұның бәрі конформды мінез-құлықтың пайда болуына себеп болады.

Жасөспірімдердің психологиялық ерекшелігі оның анықтамалық тобында жүретін мінез - құлық нормаларына бағдарлау деп аталады. Жасөспірім құрдастарына тәуелді, оларға ұмтылады және топ оны итермелейтін нәрсені орындауға дайын[8].

Жасөспірімдер киім стиліне, шаш үлгісіне, сондай - ақ адамгершілік көзқарастарына, қызығушылықтарына қатысты олар үшін маңызды балалар тобында қабылданған нормаларға шамадан тыс тәуелді.

Таңдау жағдайында жасөспірімнің анықтамалық топтың ресми көпшілігінің реакциясына бағыты жиі кездеседі. Бұл оны "жағдайдың тұтқыны" етеді. Егер топта әлі де оң құндылықтар басым болса, онда сәйкестік жеке тұлғаның, әлеуметтік маңызы бар қасиеттердің қалыптасуын тездетеді[9].

Сонымен, дәстүр бойынша, әлеуметтік - психологиялық тұрғыдан конформизм әртүрлі көзқарастардан қарастырылады: жеке қасиет ретінде – таңдау бейсаналық адамдарға жасалады - бірақ ол өзін алдамшы, циникалық мінез-құлықты көрсетудің орнына топтың пікірін қабылдау қажеттілігіне сендіреді; және сәйкестік әлеуметтік бейімделу ретінде. Бұл сәйкестік адамның әлеуметтік мінез-құлқының маңызды факторы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [10, 118 б.].

Зерттеу мақсаты: топ қысымындағы жоғары сынып оқушыларының конформды мінез-құлық көріністерінің мотивациялық факторларын анықтау.

Зерттеу гипотезасы: аффилиация мотивтері мен қабылданбау қорқынышы жоғары сынып оқушыларының әрекеті дара тұлғаға ықпал ететін топтың маңыздылығы дәрежесіне байланысты конформды мінез-құлық факторларының бірі болады

Зерттеу пәні: жоғары сынып оқушыларының конформды мінез-құлқының мотивациялық ерекшеліктері.

Зерттеу объектісі: жоғары сынып оқушылары. Эксперименттік зерттеу Алматы қаласының Әуезов ауданында орналасқан №123 мектеп гимназиясында жүргізілді. Зерттеу 10 сынып базасында (10 «А» және 10 «В» сыныптар) өтті. Зерттеуге 45 сыналушы (22 адам – 10 «А» сынып және 23 адам – 10 «В» сынып) қатысты. Зерттеу шеңберінде сыналушылардың гендерлік құрамын жазу қажет: 10 «А» сынып – 14 қыз бала және 8 ұл бала; 10 «В» сынып – 11 қыз бала мен 12 ұл бала, яғни, зерттеу қорытындысында 25 қыз бала мен 20 ұл бала қатысты.

Жоғары сынып оқушыларының конформды мінез-құлқының мотивациялық құрамын зерттеу үшін М.Ш.Магомед-Әминов түрлендірген А.Меграбянның «Аффилиация мотивациясы» (қосымша А) әдістемесі таңдалды. Бұл әдістеме аффилиация мотивациясы құрылымына кіретін ортақ тұрақты екі мотиваторды – қабылдануға талпыну (ҚТ) және қабылданбау қорқынышы (ҚК) анықтау үшін қолданылды.

Зерттеу жасау мақсатында А.А.Реан әзірлеген «Жетістік мотивациясы мен сәтсіздіктен қорқу» (қосымша А) әдістемесі пайдаланылды. Респондент төменде берілген мақұлдаулармен келіскенде немесе келіспеген жағдайда «иә» немесе «жоқ» жауаптарының бірін таңдауы қажет болды. Жауап беруге қиналған жағдайда «иә» дәл «иә» жауабын, сонымен бірге «жоқ дегеннен гөрі, иә» жауабына сәйкес екенін білу қажет.

Сыналушылардың иланушылығы мен конформды дәрежесін зерттеу үшін В. Пелевиннің «Суггестивтілікті бағалау» (қосымша Ә) әдістемесі мен «Конформдылық-иланушылық» сауалнамасы таңдалды.

«Суггестивтілікті бағалау» әдістемесі адамның сыртқы ықпалдарға еруі қабілетін бағалайтын бес «шұғыл» тапсырмалардан құралады.

М.Ш. Магомед-Әминов түрлендірген А.Меграбянның әдістемесі аффилиация мотивациясының құрылымына кіретін екі тұрақты ортақ мотиваторларды – қабылдануға тырысу (ҚТ) және қабылданбау қорқынышы (ҚК) анықтауға арналған.

Зерттеу нәтижелері бойынша А эксперименттік тобындағы ұл балаларда қабылданбау қорқынышы 5 (35,7%) анықталса, қыз балаларда аффилиацияға талпыну – 9 (64,3%) белгілі болды.

В тобындағы сыналушыларда аффилиацияға талпыну ұлдардың 6 (50%) және қабылданбау қорқынышы 6 (50%) ұл балада бірдей анықталды. Қыздарда аффилиацияға талпыну 6 (54,5%) және қабылданбау қорқынышы сыналушы қыздардың 5 (45,5%) басым болды.

Төмен аффилиациясы бар жоғары сынып оқушылары тез жәбірленгіш және барлығына сезімтал. Олар ескертулер, күлкі, мін тағымен бірге жүретін.



Кесте 1 – Сыналатын бірінші топтағы аффилиация мотивін зерттеу нәтижелері (10 «А» сынып)

Аффилиация мотивациясы	Сыналушылар саны			
	Қыздар		Ұлдар	
	Абсол.с.	%	Абсол.с.	%
Аффилиацияға талпыну	9	64,3	3	37,5
Қабылданбау қорқынышы	5	35,7	5	62,5
Σ	14	100%	8	100%

Ұл балалардағы аффилиацияның төмен қажеттілігі мен қабылданбау сезімінің жоғары болуы олардың қолдау көрсету мен түсіністікке деген қажеттілігінің жоғары екенін білдіреді. Оларда өзінің күйзелісіне батып кету қаупі жоғары.

Зерттеу жұмысының келесі сатысында респонденттердің «Жетістік пен сәтсіздік мотивациясын» анықтау болды, ол үшін А.А.Реан әзірлеген әдістемені пайдаландық.

Алынған нәтижелерді өңдеу барысында сыналушы А тобындағы қыздарда (71,4%) жетістікке жету мотивациясы басым (жетістікке үміттену) болса, ұл балаларда жетістік пен сәтсіздік мотивациясы бірдей 4 (50%) екені анықталды.

Кесте 2 – Сыналушы екі топтағы жетістікке талпыну мен сәтсіздіктен қашу мотивациясын зерттеу нәтижелері

Жетістікке жету мен сәтсіздіктен қорқу мотивациясы	Сыналушылар саны			
	Қыздар		Ұлдар	
	Абсол.с.	%	Абсол.с.	%
Жетістікке талпыну мотивациясы (жетістікке жетуге үміттену)	17	68	9	45
Сәтсіздіктен қашу мотивациясы (сәтсіздіктен қорқу)	8	32	11	55
Σ	25	100%	20	100%

10 А және 10 В эксперименттік топтардағы ортақ нәтижелер қыздардың жетістікке жету мотивациясы (жетістікке үміттену) 17 (68%) басым болса, ұлдардағы сәтсіздік мотивациясы (сәтсіздіктен қорқу) 11 (55%) басым екенін көрсетті.

Тәжірибенің келесі сатысында сыналушыларға С.В.Клаучек пен В.В.Деларю дайындаған «Конформдылық-иланушылық» тесті ұсынылды. Бірінші топтағы конформдылық деңгейін анықтауға жүргізілген әдістеме нәтижесінде (10 «А» сынып) 3 кестеде көрсетілген қорытындыларды алдық.

Кесте 3 – Сыналушы екі топтағы конформдылықты зерттеу нәтижелері

Конформдылық деңгейі	Сыналушылар саны			
	Қыздар		Ұлдар	
	Абсол.с.	%	Абсол.с.	%
Әлсіз конформдылық	11	44	5	25
Орташа конформдылық	8	32	7	35

Күшті конформдылық	6	24	8	40
Σ	25	100	20	

Кестеде жалпы қыз балалардың арасында төмен конформдылықты немесе мықты Доминанттықты адамдар (44%) анықталғаны, ал ұл балалар арасында күшті конформдылықты сипаттайтын (40%) адамдар көбірек анықталғаны көрінеді, бұл сынып құрамындағы жағдаятпен не болмаса оқушылардың гендердік тұлғалық ерекшеліктерімен байланысты болуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелері бойынша қыздар тобы үшін отбасы ең референттік болып табылатыны анықталды - 11 (44%), екінші орында маңыздылығы бойынша мектеп бойынша Достар тобы (сыныптастар) - 9 (36%), үшінші орынды оқу бойынша құрбылар тобы және 2 - секция бойынша құрбылар тобы (8%) және соңғы орында тұрғылықты жері бойынша компания 1 (4%) бөлісті.

Ұлдар тобының зерттеу нәтижелері олар үшін мектептегі достар тобы (сыныптастар) - 9 (45%), екінші орында маңыздылығы бойынша отбасы – 7 (35%) және үшінші орында тұрғылықты жердегі компания - 4 (20%) болып табылатынын көрсетті. Зерттеу нәтижелері 11-кестеде және 11 және 12-суретте көрсетілген.

Осылайша, қыздар тобы үшін де, ұлдар тобы үшін де мектептегі достар тобы (сыныптастар) – 18 (40,5%) референттік болып табылады, өзін және айналасындағыларды бағалауда эталон болып табылады, олар үшін әлеуметтік нормалар мен құндылық бағдарларды қалыптастыру көзі болып табылады.

Конформды мінез-құлықтың мәні - адамның бәріне басқаларға еліктеуге деген ұмтылысы. Әдетте, бұл жалпы қабылданған нормаларға қайшы келетін мінез-құлық стандарттары топта қабылданған жағдайларға да қатысты. Мысалы, сыныптастарының белгілі бір тобына еліктейтін студент темекі шегуді, кішкентайларды ренжітуді немесе қоғам айыптайтын басқа да әрекеттерді жасай алады. Ол өзінің негізгі әлеуметтік шеңберіне кіретін адамдардың өмір салтын толығымен қабылдайды және әдеттері мен талғамынан бас тартады. Конформды мінез-құлық, әсіресе, адам өзінің сыртқы түрін, оның ішінде киім мен шаш үлгісін басқаларға ұқсас етіп өзгерткен кезде, тіпті жаңа келбеті оның талғамына қайшы келсе де айқын көрінеді.

Конформды мінез-құлық, әдетте, адамның дұрыс пікірін ескере отырып, зиянды әдеттер мен қасиеттерден арылуға көмектесетін жағдайда ғана қолайлы деп саналады. Жалпы алғанда, ең сәтті нұсқа – адам өзінің жеке басын сақтаған жағдайда конформды мінез-құлықтың кейбір элементтерін ғана қолдану. Бұл оған өзін ұстауға және басқалармен жақсы қарым-қатынасты сақтауға мүмкіндік береді.

#### Әдебиет

1. Леонтьев Д.А. Понятие мотива у А.Н. Леонтьева и проблема качества мотивации. // Вестник Московского университета. Серия 14. Психология. — 2016.— №2 — с.3-18.
2. Авдулова Т.П., Кузнецова О.В. Особенности самооценки и склонность к конформизму у дошкольников. Журнал Психологические исследования 2018 N 1
3. Московичи С. Социальная психология / С. Московичи. – 7-е изд. – СПб. : Питер, 2019. – 592 с.
4. Розенберг Н.В., Ушкина И.А. Конформизм как социальный феномен / А.В. Кидинов. – М. : ЮНИТИ-ДАНА., 2019. – 127 с.
5. Холодовская А.В. Некоторые социально-психологические механизмы формирования конформизма / А. В. Холодовская // Вестник Брянского государственного технического университета. – 2019. – N 1. – С. 113–118.
6. Холодовская А.В. Конформизм современного общества, его виды и особенности проявления / А. В. Холодовская // Вестник Брянского государственного технического университета. – 2018. – No 3. – С. 112–122.
7. Асмолов А.Г. Общая психология. Словарь. – М.: Просвещение, 2002. – 205 с.
8. Васильев А.П. Влияние конформизма на формирование ценностных ориентаций в процессе социокультурной адаптации женщин. Кандидатская диссертация. Л.: 2005.
9. Васильева И.А. Конформность как элемент континуума реакций индивида на ситуацию конфликта мнений // Интегративный подход в психологии: сборник научных статей под ред. В.Н. Панфёрова и Е.Ю. Коржовой СПб.: изд-во РГПУ им. Герцена, 2003. - с.276-285.
10. Ильин Е.П. Мотивация и мотивы. - СПб.: Питер, 2006. - С. 66.

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭМОЦИЈАЛЫҚ ЖАНЫП КЕТУІНІҢ (ТАУСЫЛУЫНЫҢ) ТҰЛҒАЛЫҚ ДЕТЕРМИНАНТТАРЫН ЗЕРТТЕУ**

Елімізде болып жатқан экономикалық және әлеуметтік-мәдени өзгерістер қоғамның барлық саласы мен әрбір жеке тұлғаға әсер етуде. Енді ғана кәсіби қызметке дайындалып жатқан, кәсіби өзіндік санасы әлі толық қалыптасып бітпеген студенттер сыртқы әсерлерге тез ұшырайды. Студенттік жас – адамның өзіндік көзқарасы мен қатынасы қалыптасатын кезі. Жас мөлшері жағынан студенттер ересек адамның даму кезеңдерімен сәйкес келеді, негізінен «пісіп-жетілуден кемелдікке дейінгі өтпелі кезеңді» білдіреді және кеш жастық шақ – ерте ересектік (18-25 жас) ретінде анықталады. Студенттік жасқа арналған зерттеулерде олардың ішкі жан дүниесінің қарама-қайшылыққа толы екендігі, өзіндік ерекшелігін табудың қиындығы және қайталанбас, шығармашылық дара тұлғаның қалыптасуы жүретіндігі атап өтіледі. Студенттік жастағы психиканың кейбір ерекшеліктері олардың әлеуметтік жағдайы мен мәртебесінің аралық сипатта болуымен анықталады. Ересектер әлеміндегі өз орнын анықтау ең алдымен тұлғаның өзін-өзі анықтауын талап етеді. Студенттік жас сонымен қатар экономикалық белсенділіктің дамуымен сипатталады, ол өз бетінше өндірістік әрекеттерді түсінуді, еңбек өмірінің басталуы мен өз отбасын құруға дайындықты қамтиды. Бұл өмір кезеңі жас адамды кәсіби даярлау мен оқыту үшін ең қолайлы шақ. Студент - әрі тұлғалық әрі кәсіби даму үстіндегі тұлға.

Бүгінгі таңда болашақ мамандардың кәсіби дамуының психологиялық ерекшеліктері белсенді зерттеу нысанына айналды. Соның бірі – тұлғаның эмоциялық жанып кетуі феномені. «Эмоциялық жанып кету» немесе «іштей таусылу» (ағылш. burnout) түсінігі психологияда ұзақ мерзімді өзіндік дәрменсіздік, қажу, әрекетсіздік, жұмыс пен өмірге немқұрайлылық, үнемі шаршап-шалдығу күйін білдіреді. Біздің зерттеуіміз студенттерде эмоциялық жанып кетудің қалай жүретінін анықтайды.

Жалпы зерттеушілер тарихи тұрғыда эмоциялық күйіну, іштей таусылу құбылысын зерттеуде төрт кезеңді бөліп көрсетеді:

I – іштей таусылу құбылысын түсінудің ғылымға дейінгі сипаттамалық кезеңі (халық ауыз шығармашылығы, әдебиет үлгілерінде, өмірбаяндық және төлөмірбаяндық деректер және т.б.);

II – іштей таусылу құбылысын ғылыми тұрғыдан түсіну кезеңі (1974 - 1980 жылдардың ортасы);

III – іштей таусылу синдромын зерттеудегі аналитикалық-эксперименттік кезең (1980 жылдардың ортасы – 1992 ж.);

IV – жанып кету синдромын зерттеудің қазіргі кезеңі (1992 жылдан бастап) [4].

Бұл жерде айта кететін бір мәселе бар. Эмоциялық жанып біту, іштей таусылу проблемасының тарихи аспектісінде көптеген қателіктер, дәлсіздіктер мен ақтандақтар бар. Психологиялық әдебиеттерде бұл терминді 1974 жылы американдық психиатр Герберт Фрейденбергер (дұрысы, Г.Фройденбергер) енгізген делінеді. Ал шын мәнінде, оны алғаш рет 1969 жылы американдық ғалым Г.Б. Брэдли (H.B. Bradley) өзінің ««Жас құқық бұзушыларды қоғамдық емдеу» атты мақаласында қолданады. Ол кәметке толмаған құқық бұзушыларға ықпал ету бағдарламасын қолдану кезіндегі офицерлердің мінез-құлқын сипаттау үшін «stuff burnout» (ағылш. "персоналдың іштей таусылуы" ) терминін пайдаланды. Термин кәметке толмаған құқық бұзушылармен жұмыс жүргізетін түзеу қызметкерлеріндегі жалпы шаршау синдромын білдіреді. [3]. Дәл сол 1969 жылы неміс ғалымы Д. Боярле (D. Bäuerle) «жанып кету» (burn-out) ұғымына ғылыми түсініктеме берді. Т.А.Колтуновичтің пікірі бойынша, Д.Боярле, жанып кетуді кәсіптің, жастың ішіндегі психикалық мүмкіндіктердің төмендеуімен,

наразылықтың пайда болуы және одан әрі жұмыстан шығарылумен сипатталатын біртіндеп баяу дамиды күй ретінде анықтайды [4].

1974 жылы Герберт Фройденбергер өзінің әйгілі «Персоналдың жанып кетуі» атты мақаласын жариялады. Мақала оның Нью-Йоркте нашақорларға арналған тегін емханадағы еріктілердің (оның ішінде өзі де бар) психикасын бақылауына негізделген. Фройденбергер бақылау барысында еріктілердің көпшілігі шамамен бір жылдық белсенділіктен кейін күллі мотивацияларын жоғалтатынын байқайды. Өйткені, олар өздерінің күш-қуаттарының көбінесе босқа кететінін көреді. Жасаған әрекеттің күткен нәтиже бермеген кезде адамның өз жұмысына деген ынтасының жоғалуы орын алады. Фройденбергер «жанып кетуді» (іштей таусылуды) шамадан тыс талап ететін жұмыстан шаршауды, сондай-ақ бас ауруы мен ұйқысыздық, тез ашулану және тұйықталу сияқты физикалық симптомдарды қамтитын белгілердің жиынтығы ретінде сипаттады.

Эмоциялық таусылуды алғашқы жүйелі эмпирикалық зерттеулер 1980 жылдардың басында жарық көре бастады. Жанып кету (іштей таусылу) ұғымы нақтырақ анықталып, концептуализацияланды. Атақты әлеуметтік психолог Филипп Зимбардоның әйелі Кристина Маслач өзінің зерттеуінде басында синдром екі өлшемді қамтиды деп болжайды. Біріншісі эмоционалдық сарқылу, ол ресурстардың таусылуына және мотивацияның жоғалуына сәйкес келеді. Екіншісі, деперсонализация (тұлғасыздану), яғни клиенттерге, пациенттерге және басқа да жандарға негативті қатынаста болу (қатыгездену) және өзін өзгелерден оқшауланып алшақ ұстауы, эмпатияның азаю байқалады. Содан кейін Кристина Маслач пен Сюзан Джексон эмоциялық жанып біту, іштей таусылу үш құрамдас бөліктен тұратынын тұжырымдайды: яғни, «басқа адамдармен кәсіби қарым-қатынаста болатын адамдарда көрінетін эмоционалдық сарқылу, тұлғасыздану және жеке жетістіктердің төмендеуі (өз қадір-қасиетін кемсіту) синдромы» деп анықтайды. [3]. Эмоционалды сарқылу «жанып кету (таусылу) синдромының» аффективті құрамдас бөлігі болып саналады, ал қалған екі өлшем, тұлғасыздану және жеке жетістіктердің төмендеуі мінез-құлықтық немесе когнитивтік компоненттерді құрайды. Осы үш параметр іштей таусылу синдромын анықтау үшін пайдаланылды. Үш шкаладан тұратын бұл өлшем қазір кеңінен тараған «МВІ» (Maslach Burnout Inventory) сауалнамасын құрайды. Кристина Маслач пен Сюзан Джексонның эмоциялық таусылуға берген анықтамасының кеңінен мойындалуының бір себебі, оның тексерілген және қолдануға оңай өлшеу құралдарының бірімен үйлесетіндігінде жатыр. «МВІ» сауалнамасын қолдану тиісті анықтаманы қабылдауды білдіреді. Бұл эмоциялық таусылу синдромын белгілі бір кәсіптермен шектейді. Алайда, іс жүзінде зерттеулер біртіндеп осы синдромның әр көрінісіне әсер ететін ұйымдастырушылық факторларды анықтады. Бұл факторлар шешім қабылдауға қатыспау, шамадан тыс жұмыс, әділетсіз қарым-қатынас және басқалар. Маслачтың «эмоциялық таусылу» ұғымы негізінен кәсіби салаға қатысты. Жұмыс барысында орын алатын мәселелерден туындайтын құбылыс. Алайда кейінгі зерттеушілер бұл ұғымды өмірдің басқа салаларына да қолданатын болып жүр. Сол себепті К. Маслач пен С. Джексонның анықтамасы мен өлшемі барлық мамандықтарды қамту үшін өзгертілуі керек. Кейінірек эмоциялық таусылу мағынасы қайта ұғынылды. Бір жағынан эмоциялық таусылуды өркениеттің патологиясы ретінде қарастыруға болады, ол қазіргі әлеуметтік ұйымның кейбір қараңғы жақтарын, атап айтқанда өнімділік пен шұғыл қауыртылыққа табынуды, бәсекелестіктің күшеюін немесе тіпті бағалау әдістерін жалпылауды көрсетеді.

Эмоциялық таусылу синдромы көпшілік арасында танымалдығына қарамастан, МКБ-10 немесе DSM-5 сияқты халықаралық анықтамалық нозологиялық жіктеулерде тәуелсіз бұзылыс ретінде танылмайды. Қазіргі уақытта медицина әлемінде оны диагностикалаудың жалпы қабылданған критерийлері жоқ. Десе де, іштей таусылудың басты себебі – жұмысты ұйымдастыру. Ол кәсіптік стрессті тудыратын еңбекті ұйымдастырусыз болмайды. Жұмыстың шамадан тыс жүктелуі, тапсырмалардың қарқыны, уақыт қысымы, ұзақ, болжауға болмайтын жұмыс уақыты, монотонды, ынталандырмайтын жұмыс, тұлғаралық қатынастар мен қақтығыстар, психологиялық ахуал және т.б. эмоциялық жанып кетуге әсер етеді. Бұрын психикалық бұзылулары жоқ адамдарда жұмыс барысында эмоциялық таусылу пайда болады.

т.б.) отбасының шаруашылық-тұрмыстық, экономикалық, репродуктивті функциялары негізгі болып табылмайды. Ал қазіргі таңда отбасының негізгі функциялары ретінде психологиялық және тәрбиелеушілік функциялар шықты. Осы функциялар үйлесімді отбасылық өзара қатынас жасаудың негізі болып табылады.

Бүгінгі күнге дейін жастар белгілі бір жасқа жеткенде автоматты түрде отбасын құруға дайын болады деп есептелді. Бірақ көптеген зерттеулер бойынша жастар отбасын құру барысында психологиялық дайындауды қажет етеді. Ал жастардың некеге және отбасылық өмірге психологиялық дайындығы отбасын тұрақтылығын қамтамасыз ететін факторлардың бірі болып табылады.

Көптеген психологиялық зерттеулер (Н. Акерман, М.Ю. Артюнян, Е.П.Белинская, С.И. Голод, А.А. Клещин, И.А. Горьковская, А.Н. Елизарова, Е.Е. Леванов, О.С. Сермягина, М.П. Кабакова ) бойынша неке құрған жастар, неке-отбасылық қатынастарындағы кездесетін қиындықтарды білмейді және ұғынбайды. Ерлі-зайыптылар қатынасының тұрақтылығы мен үйлесімділігінің алғышарты бұл жастардың неке құруға деген әлеуметтік-психологиялық дайындығы болып табылады. Әлеуметтік-психологиялық дайындық өзара байланысты факторлардан тұрады: психолого-педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және т.б. Некеге психологиялық дайындық – бұл субъектінің сәтті некеге түсуін қамтамасыз ететін психологиялық сипаттамалар жүйесі болып табылады. Қазіргі таңда кеш және қайтадан неке құру санының өсуіне және жаңа қатынас формалары мен неке түрлерінің пайда болуына байланысты осы мәселені зерттеу өзекті болып табылады.

Қоғамда жастарды тәрбиелеудің мазмұны мен әдістемесін анықтауда, некелік отбасылық қатынаста тұлғаның қалыптасуын және дамуын талап етеді. Жастар отбасын құрғанда, ең алдымен материалдық және тұрғын үй мәселелерін қарастырады. Бірақ көптеген психологиялық зерттеулер бойынша, материалдық ауқаттылық және тұрғын үймен қамтамасыз болу факторлары отбасы тұрақтылығына елеулі әсерін тигізбейді. Отбасы өміріне мотивациялық дайындық махаббат сезімін отбасы құрудағы негізгі түрткі ретінде санайды. Бұл сезім дербестікке дайындық, құрылатын отбасына жауапкершілік сезімі, нәрестелі болуға және баланы тәрбиелеуге дайындық.

Отбасындағы қиындықтар, жағымсыз жағдайлар мен дағдарыстар бүгінгі психология саласында көкейтесті мәселелер. Өмірлік циклда кездесетін дағдарыс түрлеріне психологиялық білім мен мәдениеттің төмендігінен көптеген отбасы бөгеттерден шыға алмай, кері кетіп отбасы ажырауына немесе отбасындағы жағдайға күш-жігер салуға жауапкершілік алмау кеңінен етек жайып барады. Қазіргі таңда отбасын құруға ұлттық немесе қандай да бір басқа, мысалға әлеуметтік тосқауыл жоқ. Жастар жолдас таңдағанда, оның бойында өзіне ұнайтын мінез қырларын табуға тырысады. Отбасын құрудың маңызды факторларының бірі — жастардың өнегелі санасының деңгейі. Дамыған өнегелі сана, жастардың отбасының әлеуметтік маңыздылығын түсінуде, некеге байсалды қарауында, жолдасты ойланып таңдағанында құрылатын Отбасыға сабырлықпен қарағанында, Отбасының барлық мүшелерін және олармен қатынасты құрметтегенінде білінеді.

Қоғамда жастарды тәрбиелеудің мазмұны мен әдістемесін анықтауда, некелік отбасылық қатынаста тұлғаның қалыптасуын және дамуын талап етеді. Оның ішінде негізгілері: бүгінгі ғана бағдар емес, сонымен қатар оның дамуының ертеңгі күнгі болашағын, үйренуші іс-әрекетінің әртүрлілігіне тірек болатын (оқу, оқудан тыс, ойын, еңбек, отбасылық-тұрмыстық, қоғамдық-саясаттық, көркем өнер, спорт), тұлғаралық қатынастың ерекшеліктері, қоғамның отбасыға деген талабы; оны тудыру процесінің күрделілігі отбасыдағы шаруашылық-экономикалық қатынастың күрделенуі; Отбасыны тәрбиелеу потенциялы негізге алынады. Отбасылық қарым-қатынастың үйлесімді дәрежеде дамуы жастарды отбасылық өмірге дайындалуының психологиялық ерекшеліктеріне төмендегідей тұжырым жасауға болады:

— өсіп келе жатқан ұрпақты отбасылық өмірге дайындау-адамның жас ерекшелік дамуының әр кезеңінде жүру қажет және тәрбиелеудің жалпы мәселесінен бөлінбеуі керек.

— жастарды отбасылық өмірге психологиялық дайындау мәселесінің қалыптасуы бірнеше аспектілерден, яғни қазіргі қоғамда некеде және Отбасыда жастардың ролін дұрыс түсінуде,

оларда неке қиюға бейімділік және нұсқаулардың қалыптасуының ерекшеліктерімен байланысты.

— қоғамда жастарды тәрбиелеудің мазмұны мен әдістемесін анықтауда, некелік-отбасылық қатынаста тұлғаның қалыптасуын және дамуын талап етеді.

Неке және отбасы соның ішінде жастардың отбасылық өмірге дайындығының психологиялық факторлары күрделі және толық зерттелмеген мәселелер қатарына жатады. Жастарды отбасылық өмірге психологиялық дайындау психологиялық жұмыстың негізгі мақсаттарының бірі болуы тиіс.

Некеге психологиялық дайындық – бұл субъектінің сәтті некеге түсуін қамтамасыз ететін психологиялық сипаттамалар жүйесі. Жастарды отбасылық өмірге психологиялық дайындығын қалыптастыру аспектілерінің ең маңыздысы – бұл жастардың отбасы мен неке ролін дұрыс түсінуі, ал бұл ең алдымен оларда неке құру бағдарын қалыптастыру ерекшеліктерімен байланысты.

Жастарда негізгі отбасылық функцияларды жүзеге асыратын ролдік бағдар некеге дейінгі кезеңде қалыптасады. Жастарда болашақ отбасылық өмір туралы көзқарастарды қалыптастыратын факторлар - ата-ана, мектеп, қоршаған орта және бұқаралық ақпараттар жүйесі болып табылады. Ананың ролдік мінез-құлқы қызының болашақта әйел және ана ролін орындауға әсер етеді, ал әкенің ролдік мінез-құлқы баласында ролдік бағдарды қалыптастырады яғни қысқаша айтқанда отбасындағы үстем көзқарастар мен идеалдар жастар үшін өмірлік бағдар болады. Осы көзқарастар мен бағдар адамға отбасылық өмірді тануға мүмкіндік береді және отбасылық өмірге адаптациялану тәсілі болып табылады.

#### Әдебиет

1. Шнейдер Д.Б. Психология семейных отношений. изд-во ЭКСМО-Пресс, 2000.
2. Иванова Е.Н. Социально-психологические факторы семейного самоопределения военнослужащих: диссертация...кандидата психологических наук – М., 2009.
3. <https://strategy2050.kz/news/zha-a-zha-dayda-y-neke-men-otbasy-m-seleleri/>
4. Андреева Т.В. Семейная психология. – СПб, 2004
5. Ахтаева Н.С., Әбдіғаппарова А.І. Әлеуметтік психология. — А.: Қазақ университеті, 2007

**Тезекбай Г., Садықова Н.М.**

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)*

## ҚАЗІРГІ ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ӨЗІНДІК БАҒАЛАУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жасөспірімдік шақ – жеке тұлғаның қалыптасу кезеңі болып табылатын барлық балалық шақтағы ең қиын және күрделі кезең. Сонымен бірге бұл ең шешуші кезең, өйткені мұнда адамгершілік негіздері қалыптасады, әлеуметтік көзқарастар, өзіне, адамдарға, қоғамға деген көзқарас қалыптасады. Сондай-ақ, бұл жаста мінез-құлық ерекшеліктері мен тұлғааралық мінез-құлықтың негізгі формалары тұрақтанады. Жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіруге белсенді ұмтылысымен байланысты осы жас кезеңінің негізгі мотивациялық желілері - өзін-өзі тану, өзін-өзі көрсету және өзін-өзі растау. Кіші мектеп жасындағы баламен салыстырғанда жасөспірім психологиясында пайда болатын негізгі жаңа қасиет – өзін-өзі танудың жоғары деңгейі. Өзіндік сана – жасөспірім психологиясы ұшырайтын барлық қайта құрулардың ең соңғысы және ең жоғарғысы.

Жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауын қалыптастыруда ата-ананың құндылық бағдарларымен, қарым-қатынастарымен, балаға деген эмоционалдық қатынасымен анықталатын отбасы, отбасылық тәрбие стилі маңызды рөл атқарады. Баланың ата-ананы қабылдау ерекшеліктері және олармен өзін-өзі ұстау тәсілдері жасөспірімдердің мінез-құлықтың негізгі ережелері мен нормаларын меңгеруін анықтайды, олардың әлемге және өзіне қатысты ұстанымын дамытады.

Жасөспірімдік шақтың тұлғалық ерекшеліктерін көптеген шетелдік және ресейлік психологтар зерттеген. Е. Фромм, К.Хорни, Э.Эриксон, Л.С. Выготский, Л.И. Божович және т.б. [1,2].

Қазіргі психологиядағы сәттілік заманауи қоғамның маңызды құндылықтарының бірі ретінде қарастырылады (Собкин, Буреломова, 2012; Реан, 2016). Жетістікті түсіну жасөспірімдік шақта ерекше мәнге ие болады. Жеткіншектің құндылықтар жүйесі белсенді түрде қалыптасатын, оның негізінде оның әлем және ондағы орны туралы түсініктері құрылатын кезең. Жетістікті түсіну мақсат қоюға және оның жетістіктерін бағалауға әсер етеді жасөспірімнің өзі және өмірі туралы, оның психологиялық сәттілігі туралы түсініктерін қалыптастыру үшін өте маңызды (Абулханова-Славская, 1991; Божович, 1997; Эльконин, 1989).

Бұл жасөспірімдердің жетістік туралы ойлары олардың жеке басының қалыптасуына қандай әсер етеді деген сұрақ. Атап айтқанда, өзін-өзі бағалау және өмірлік жоспарларын қалыптастыру, меңгереді ерекше өзекті болып табылады.

Жасөспірімдік кезең өзіндік имиджді белсенді түрде құрумен сипатталады, оның маңызды бөлігі өзін-өзі бағалау болып табылады (Божович, 1997). Отандық және шетелдік концепцияларға сәйкес, өзін-өзі бағалау тұрақты емес, ол әртүрлілігіне байланысты өзгеретін факторлар, соның ішінде тәжірибе сәйкес басқалармен қарым-қатынас және өз қызметін бағалау құндылықтар мен идеалдармен (Бернс, 1986; Захарова, 1989 ж.; Лисина, 1986) қалыптасуының ең маңызды шарты өзін-өзі бағалау - басқа адамдармен (ересектермен және құрдастармен) қарым-қатынас [3].

Бұл жасөспірім әлеуметтік нормалар мен мәдени құндылықтарды меңгереді, сонымен қатар басқалардың оны қалай бағалайтынын көреді (Бернс, 1986; Лисина, 1986; Кон, 1989) сонымен қатар, рефлексияның дамуы жасөспірімнің білім алуына ықпал етеді және өз жетістіктері бойынша өзін бағалайды. Кез келген әрекеттегі табыс адамның осы әрекетке қабілеттілігінің критерийі болып табылады (Лисина, 1986).

Жасөспірімдік шақ, сонымен қатар, эмоционалды және әлеуметтік құзіреттіліктің дамуымен сипатталады. Эмоционалды құзіреттілік эмоцияларды басқару қабілетімен байланысты, ал әлеуметтік құзіреттілік басқалармен тиімді қарым-қатынас жасау қабілетіне бағытталған. Бұл процесс барысында жасөспірімдер өздерінің сезімдері мен басқалардың сезімдерін анықтап, белгілей алатындығын жақсы түсіне бастайды.

Жасөспірімдік шақ 10-11 жастан 15-16 жасқа дейінгі кезеңді қамтиды және баланың және оның ата-анасының өміріндегі ең қиын және жауапты кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл жас дағдарыс деп саналады, өйткені даму мен өмірдің барлық аспектілеріне әсер ететін өткір сапалық өзгерістер бар. Жасөспірімдік кезеңнің дағдарысы даму мен жетекші іс-әрекеттің әлеуметтік жағдайының өзгеруімен байланысты.

Психологтар жасөспірімді екі кезеңге бөледі: жағымсыз және жағымды.

Жағымсыз кезеңде - құндылықтар мен мүдделердің ескі жүйесін жою, ішкі өзгерістерден белсенді түрде бас тарту. Бала өзгерістер болып жатқанын сезінеді, бірақ психологиялық тұрғыдан ол оларға әлі дайын емес, сондықтан оның ашушандығы, апатиясы, үнемі мазасыздығы мен наразылығы басым болады.

Жағымды кезеңде жасөспірім болып жатқан өзгерістерді қабылдауға және жүзеге асыруға дайын. Оның жаңа достары, қызығушылықтары бар, ол жаңа сапалы деңгейде сөйлесе алады, жетілгендік сезімі пайда болады, эмоциялар тұрақты болады.

Дамудың әлеуметтік жағдайы – бұл белгілі қоғамда қабылданған қарым-қатынастар жүйесіндегі баланың ерекше орны. Жасөспірімдік кезеңде ол тәуелді балалық шақтан тәуелсіз және жауапты ересек өмірге өтуді білдіреді. Жасөспірім балалық шақ пен ересектік арасындағы аралық орынды алады.

Жетекші әрекет – бұл әрбір жеке кезеңде баланың психикалық дамуындағы негізгі өзгерістердің пайда болуын анықтайтын әрекет. Кіші жастағы оқушылар үшін бұл әрекет тәрбиелік сипатта болса, жасөспірімдік кезеңде ол интимдік-тұлғалық қарым-қатынасқа ауысады. Дәл құрбыларымен қарым-қатынас процесінде баланың өзіндік санасының жаңа

деңгейі қалыптасады, әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдылары, бағыну және сонымен бірге өз құқықтарын қорғау қабілеті қалыптасады. Сонымен қатар, қарым-қатынас жасөспірімдер үшін өте маңызды ақпараттық арна болып табылады[4].

Жасөспірімдік шақтағы қызығушылықтың осындай күрт өзгеруі нәтижесінде оқу әрекеті жиі зардап шегеді, мектеп ынтасы төмендейді. Мектептегі бұрынғы жетістіктерін қалпына келтіруге тырысқан ата-аналар балаларының құрдастарымен қарым-қатынасын шектеуге тырысады. Дегенмен, жасөспірімдер үшін ең маңызды іс-әрекет – бұл құрдастарымен қарым-қатынас жасау және ол баланың толық психикалық дамуы үшін қажет екенін есте ұстаған жөн.

Өзін-өзі бағалау - бұл адамның өзін-өзі бағалауы: оның қасиеттерін, мүмкіндіктерін, қабілеттерін, өз қызметінің ерекшеліктерін. Өзін-өзі бағалау оның екі құраушы факторының бірлігінде қалыптасады: адамның өзі туралы білімін көрсететін ұтымды және эмоционалды, оның бұл білімді қалай қабылдайтынын және бағалайтынын көрсететін, жалпы нәтиже қандай (және мұнда ауқым өте кең болуы мүмкін - өз идеалына сенуден бейқам өзін-өзі қорлауға дейін) қосады. Сонымен, өзін-өзі бағалау адамның өз іс-әрекеті мен іс-әрекетін, оның мотивтері мен мақсаттарын сезінуінің ерекшеліктерін, өз қабілеттерін көру және бағалау қабілетін көрсетеді.

Өзін-өзі бағалаудың бірқатар өлшемдері бар: ол дұрыс немесе жалған, салыстырмалы түрде жоғары немесе төмен, тұрақты немесе тұрақсыз болуы мүмкін. Жетілген өзін-өзі бағалаудың айрықша белгісі дифференциалды өзін-өзі бағалау болып табылады: адам өмірінің сол салаларын, өзі күшті, жоғары нәтижелерге қол жеткізе алатын, елеулі қиындықтарды жеңе алатын және оның мүмкіндіктері бар салаларын нақты түсінеді және анықтайды. орташа.

Жасөспірімдік кезеңде баланың денесінде үлкен өзгерістер орын алады, оның жылдам қайта құрылымдалуы жүріп жатыр. Жасөспірімнің өмірінде көптеген өзгерістер орын алады. Осы жаста мектеп оқушылары игере бастайтын ғылымдардың негіздерін зерттеу олардың ойлауына, есте сақтауына және басқа психикалық процестеріне жаңа, жоғары талаптар қояды. Жаңа оқу пәндері, оқу материалының көлемінің ұлғаюы білімді меңгеру техникасы мен әдістерін жетілдіруді, үлкен дербестікті талап етеді. Жасөспірімдердің қоғамдық жұмысы байыпты және мазмұнды бола түсуде: олар қазірдің өзінде мектептің қоғамдық өмірінің негізгі бастамашылары мен қатысушылары болып табылады. Жасөспірімнің үйдегі орны өзгереді. Кейбір жағынан олар оны ересек адам ретінде тани бастады, оның құқықтары мен міндеттері көбірек, олар оған көбірек сенеді, бірақ одан көбірек сұрайды[5,6].

Жеткіншектің шынайы дербестігінің өсуі оның өзіне деген жаңа көзқарасына, өзін түсінуге, өзін толық бағалауға ұмтылуына әкеледі. Осы өзгерістердің барлығы өзіндік сананың дамуын ынталандыратын қайнар көзі, негізгі факторы болып табылады.

Жасөспірімдік шақ «ғылым бойынша» да, «өмірде» де «қиын», «сын», «қайшылықтар дәуірі» болып саналады. Осы кезде тез, кейде бірнеше айдың ішінде баланың сыртқы келбеті мен мінез-құлқында мұндай өзгерістер орын алып, ол танылмайтын болып, оның әрекеті түсініксіз, түсініксіз болып көрінеді.

Осылайша, жасөспірімнің өзін-өзі бағалауы оны құрдастары арасында қабылданған моральдық құндылықтар мен талаптарға сәйкестендіру процесінде қалыптасады. Өзін-өзі бағалаудың тұрақтылығына айналаңыздағы адамдардан өзіңізді және мінез-құлқыңызды мақұлдау арқылы қол жеткізіледі.

Жасөспірімдер ерекше жасөспірім субмәдениетін құрайтын өзіндік нормалары, көзқарастары, мінез-құлық формалары бар ерекше әлеуметтік-психологиялық және демографиялық топ болып табылады.

Ересек ұрпақтың міндеті - балаларды қоғамдағы толық тәуелсіз өмірге, олардың табиғи мүмкіндіктерін іске асыруға және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуға дайындау.

#### Әдебиет

1. Божович Л.И. Личность и её формирование в детском возрасте. СПб: Питер, 2008. 341 с.
2. Абульханова-Славская К.А. Стратегия жизни. – Москва : Мысль, 2011.
3. Божович Л.И. Проблемы формирования личности / под ред. Д.И. Фельдштейна. – Москва : Институт практической психологии; Воронеж : МОДЭК, 1997.

4. Лисина М.И. Общение, личность и психическое развитие ребенка / под ред. А.Г. Рузской. – Москва : Институт практической психологии; Воронеж : МОДЭК, 1997.
5. Кон И.С. Психология ранней юности. – Москва : Просвещение, 1989
6. Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы. – А.: Қазақ Университеті, 2014. – 354 б.

**Токина А.А., Мадалиева З.Б.**

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)*

## **ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗИ БАҒАЛАУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазіргі таңда суицидтің таралуы, өздігінен өлу,өзіне - өзі қол жұмсау, ішімдікке, нашақорлыққа, темекіге қызығушылық, тәуелділік, алкогольге тойып алып, есін білмей қылмыс жасап қоюы, бірімен - бірі байланысып қалу, төбелесу, құмар ойындарына тәуелділік т.б. барлығы жасөспірімдердің арасында өте көп кездеседі.

Девиант кең мағынасында - жолдан тайған немесе нормадан ауытқыған кез келген адам. Девиантты мінез - құлық проблемасы - бұл тек отбасы мен мектеп емес, жалпы қоғам мәселесі. Қоғам мен мемлекеттің моральдық және рухани дамуы оның шешіміне байланысты [1].

Е.Н. Пашкова - ның зерттеуінде әлеуметтік нормаларды бұзу деп түсінілетін девиантты мінез-құлық соңғы жылдары жаппай сипатқа ие болды және бұл мәселені әлеуметтік педагогтар мен психологтардың, дәрігерлердің және құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің назарына қойды. Осы әлеуметтік құбылысты анықтайтын себептерді, жағдайлар мен факторларды түсіндіру шұғыл міндет болды. Е.Н. Пашкова «Девиантты жасөспірімнің әлеуметтік - психологиялық портреті» әдістемесін қолданып, 5-8 сынып оқушылары арасында - 122 адам (11-14 жас аралығындағы жасөспірімдер) және 9-11 сынып оқушылары арасында - 64 адам (15-17 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар) өткізген. Жалпы 186 жасөспірімге осы әдістемені жүргізген. Жасөспірімдердің спирттік ішімдіктерді қолдануға қатынасы: сұралғандардың 27,7% – ы спирттік ішімдіктерді ішпегендерін; 46,8% (87 адам) - сыра ішкендерін; 10,2% - ы арақ, ал 6,5% - ы спирт ішкендерін айтады. Осылайша, 72,3% - бұл алкогольді ішетін жасөспірімдер. Жасөспірімдердің 14,9% - ы өмірінде кем дегенде бір рет есірткі немесе улы заттарды қолданғанын айтады [2].

Н.В. Кулагинаның зерттеуі бойынша қазіргі қоғамның өзекті мәселесі – кәмелетке толмағандар арасындағы мінез-құлықтың әртүрлі формаларының өсуі көрсетілген [3]. Нәтижелерді талдау жыныстық айырмашылықтар призмасы арқылы ұсынылған. Зерттеуге 180 жасөспірім мен 70 мектеп маманы қатысты. Эмпирикалық мәліметтерді жинау үшін А.Н. Орелдің «Девиантты мінез - құлыққа бейімділікті анықтау» әдісі қолданылды. Мектеп мамандарына сауалнама жүргізу үшін авторлық сауалнама пайдаланылды. А.Н. Орелдің әдістемесі бойынша ұлдарда ережелер мен нормаларды сақтауға бейімділік 55,32%, аддиктивті мінез - құлыққа бейімділік 56,02%, агрессия мен зорлық - зомбылыққа бейімділік 61,67%, деликвентті мінез-құлыққа бейімділік 63,69% көрсетті. Қыздарда ережелер мен нормаларды сақтауға бейімділік 50,70%, аддиктивті мінез - құлыққа бейімділік 48,38%, агрессия мен зорлық-зомбылыққа бейімділік 54,38%, деликвентті мінез - құлыққа бейімділік 49,29% көрсетті.

С.Н. Панцырь өз зерттеуінде девиантты мінез - құлық бар жасөспірімдер мен қалыпты мінез-құлық бар жасөспірімдердің өзін- өзі ұстау ерекшеліктерін салыстырмалы түрде зерттеді [4]. Девиантты мінез- құлық бар жасөспірімдерде айқын сыртқы бақылау локусымен, рефлексияның төмен деңгейімен және өзін-өзі сәйкестендірудің жеткіліксіз қалыптасуымен бірге жүретін өзара қарым- қатынастың теріс формалары басым болады деген болжам жасалды. Девиантты мінез-құлық бар жасөспірімдердің көпшілігінде сыртқы бақылау локусының басым болуы, рефлексияның төмен деңгейі және өзін-өзі сәйкестендірудің жеткіліксіз қалыптасуы байқалады.

Біздің зерттеуіміздің алғашқы қадамы жасөспірімдердің девиантты мінез-құлыққа бейімділігін психологиялық тексеру болды. Біз А.Н. Орелдың «Девиантты мінез - құлыққа бейімділікті анықтау» әдісін қолдандым. Сонымен қатар 15 -17 жас аралығындағы жасөспірімдерге онлайн түрде сауалнама жүргіздік [5]. Сауалнаманы жүргізуге мен 25 адамды алған болатынымын, олардың 13-ы ұл бала, 12-ы қыз бала болды. Себебі, бұл сауалнама қыздарға арналған, ұлдарға арналған деп бөлінеді. Қыздарға арналған сауалнама 108 сұрақтан, ұлдардікі 98 сұрақтан тұрады, («иә», «жоқ») деген жауаптар арқылы жауап береді.


Жасөспірімдердің өзін - өзі бағалауының деңгейін анықтау үшін С.В. Ковалёвтің «Өзін - өзі бағалау деңгейін анықтау» тест-сауалнамасын [6] сілтемесі арқылы онлайн түрде 25 адамға жүргіздім. С.В. Ковалёв әзірлеген әдіс жеке тұлғаның өзін - өзі бағалау деңгейін анықтауға арналған. Бұл ұсынылған жауап нұсқаларымен өз көзқарасын білдіру қажет 32 пайымдауды білдіреді.

Нәтижелері:

А.Н. Орелдің сауалнамасы бойынша:


Қыздар: Барлығы 12 қыз

- 66,6% (8 қыз) нормалар мен ережелерді жеңуге бейімділік шкаласын көрсетті.
- 8,3% (1 қыз) агрессия мен зорлық-зомбылыққа бейімділік шкаласын көрсетті.
- 25% (3 қыз) Әйелдің әлеуметтік рөлін қабылдау шкаласын көрсетті.



Ұлдар: Барлығы 13 ұл

- 38,5% (5 ұл) тәуелді(аддиктивті) мінез - құлыққа бейімділік шкаласын көрсетті.
- 46,2% (6 ұл) нормалар мен ережелерді жеңуге бейімділік шкаласын көрсетті.
- 7,7% (1 ұл) агрессия мен зорлық - зомбылыққа бейімділік шкаласын көрсетті.
- 7,7% 1 ұл Заңсыз мінез - құлыққа бейімділік шкаласын көрсетті.




Ковалёвтің тест - сауалнамасы бойынша:

Ковалёвтің өзін - өзі бағалау деңгейін анықтауға арналған тест -сауалнамасы бойынша қыздар мен ұлдардың бағалау деңгейлері орташа деңгейді көрсетті.

Қыздар:



- 8 қыз нормалар мен ережелерді жеңуге бейімділік шкаласын көрсетті:  
62,5% (5 - інде) өзін - өзі бағалау деңгейі - жоғары деңгейді көрсетті.  
37,5% (3 - інде) орташа деңгейді көрсетті.
- 1 қыз агрессия мен зорлық - зомбылыққа бейімділік шкаласын көрсетті:  
100%(1- інде) өзін - өзі бағалау деңгейі - орташа деңгейді көрсетті.
- 3 қыз әйелдің әлеуметтік рөлін қабылдау шкаласын көрсетті:  
100% (3 - қызда да)өзін - өзі бағалау деңгейі жоғары көрсеткішті көрсетті.  
Барлығы (12 қыз): Жоғары деңгей: 8 қыз (0 - 25 балл)  
Орташа деңгей: 4 қыз (26 - 45 балл)  
Төмен деңгей: мүлдем жоқ.(46 - 128 балл)




#### Ұлдар:

- 5 ұл Тәуелді(аддиктивті) мінез - құлыққа бейімділік шкаласын көрсетті:  
60%(3 - ұл да) өзін - өзі бағалау деңгейі - жоғары көрсеткішті көрсетті.  
40%(2 - ұл да)өзін - өзі бағалау деңгейі - төмен көрсеткішті көрсетті.
- 6 ұл нормалар мен ережелерді жеңуге бейімділік шкаласын көрсетті:  
83,3%(5 - ұл да) өзін - өзі бағалау деңгейі - орташа деңгейді көрсетті.  
16,6%(1 - ұл да)өзін - өзі бағалау деңгейі - жоғары деңгейді көрсетті.
- 1 ұл агрессия мен зорлық - зомбылыққа бейімділік шкаласын көрсетті:  
100%(1 - ұл да)өзін - өзі бағалау деңгейі - орташа деңгейді көрсетті.
- 1 ұл заңсыз мінез - құлыққа бейімділік шкаласын көрсетті:  
100% (1 - ұл да) өзін - өзі бағалау деңгейі - орташа деңгейді көрсетті.

Барлығы (13 ұл):Жоғары деңгей: 4 ұл (0 - 25 балл)

Орташа деңгей: 7 ұл (26 - 45 балл)

Төмен деңгей: 2 ұл (46 - 128 балл)



Барлығы(25 адам)	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төменгі деңгей
Қыздар(12)	8	4	жоқ
Ұлдар(13)	4	7	2

Қазіргі таңда суицидтің таралуы, өздігінен өлу, өзіне өзі қол жұмсау, ішімдікке, нашақорлыққа, темекіге қызығушылық, тәуелділік, алкогольге тойып алып, есін білмей қылмыс жасап қоюы, бірімен - бірі байланысып қалу, төбелесу, құмар ойындарына тәуелділік т.б. барлығы жасөспірімдердің арасында өте көп кездеседі. Сондықтан да, мен тақырыбымды осылай жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқына қатыстырып алдым. Әр адам осы проблемамен күресіп, өзі үшін мұндай мінез-құлықтың үлкен зиянын түсініп, онымен үнемі күресуге тырысуы керек.

«Жақсылық етсең, жетерсің мұратқа, жаманға ерсең қаларсың ұятқа» т.б. - осындай нақылды сөздерді оқи отырып, мінез - құлықтың үлгі нормасы ретінде қабылданады. Отбасы жағдайында мұндай ізгі өмірлік мәні зор кез келген мәселені шешуде өзара түсінушілігі мен бірлігін нығайтады.

#### Әдебиет

1. Құдиярова М. Жасөспірімдердің мінез-құлық ауытқышылық себептері. - Алматы, 2006.
2. Девиантное поведение подростков как форма проявления дефицита морального и нравственного развития личности - Е.Н. Пашкова <https://urok.1sept.ru/articles/578777>
3. Кулагина Н.В. Девиантное поведение подростков: современное состояние и проблемы. Газет «Психология и педагогика». DOI: 10.7256/2070 - 8955.2016.2.18823
4. Самоотношение подростков с девиантным поведением /С.Н. Панцырь. Электронный журнал «Психологическая наука и образование» [www.psyedu.ru](http://www.psyedu.ru) / ISSN: 2074-5885 /.. file:///C:/Users/1/Downloads/psyedu\_ru\_2012\_1\_2800.pdf
5. [tps://psytests.org/family/osopFf.html](https://psytests.org/family/osopFf.html)
6. <https://banktestov.ru/test/60566>

**Тоқсанбаева Н.К.,**

(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)

**Шакирова А.Д.,**

(Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті)

**Токебаева Ә.Е.**

(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭТНИКАЛЫҚ ТОЛЕРАНТТЫҒЫНА ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГТЕРДІҢ ӘСЕРІН ТЕОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Қазіргі ғылымда этникалық толеранттылық мәселесі ғалымдар мен практиктердің назарын аударады. Толерантты сананы, толерантты мінез-құлықты және толерантты тұлғаны қалыптастырудың өзектілігі 2001 жылы Қазақстанда қабылдаған мақсатты бағдарламада "толерантты сананың көзқарасын қалыптастыру және қазақ қоғамындағы экстремизмнің алдын алу" атап өтілген. Біз әдіснамалық негіз ретінде қабылдаған жүйелік тәсіл кез-келген құбылысты оның мәнін түсіну арқылы зерттеуді қамтиды, яғни, осы құбылыс білдіретін тұжырымдаманың мазмұнын нақты анықтау. Бұл жұмыста "толеранттылық" ұғымы осындай. Бүгінгі таңда философияда, психологияда және әлеуметтануда толеранттылықты анықтауда әртүрлі көзқарастар бар.

Этникалық толеранттылық мәселесі сонау ерте заманнан басталған. Бірақта толеранттық ұғымы ізгілік, рақым, шыдамдылық, төзімділік, адамгершілік идеялары негізінде көрініс тапқан.



Этникалық толеранттық проблемасының негізгі мәселелері антикалық дәуірден басталады. Этникалық толеранттық антикалық философтардың зерттеу пәні болмағанымен, сол кезде әрі қарай өз жалғасын тапқан көптеген теориялық қағидалар қалыптасты. Кейінгі ғасырлардағы ойшылдардың өздерінің толеранттыққа арналған еңбектерінде антикалық саяси қайраткерлер мен философтарға сілтемеберуі жайдан-жай емес.

Қазақстандық отансүйгіштікке, толеранттыққа, жоғары мәдениетке, адам бостандығы мен құқығына, сыйластыққа тәрбиелеу тақырыптың өзектілігінің тағы бір дәлелі [1].

Бұл міндеттерді орындауда ЖОО негізгі орында тұр, себебі шыдамсыздықпен студенттердің этникалық толеранттығынан бастап пәрменді тәрбие құралдары арқылы күресу қажет.

Қазақ ойшылдарының еңбектерінде тікелей этникалық толеранттық ұғымы табылмағанымен, ізгілік, халықтық бірлік туралы идеяларының ерекше дамығандығын атап өтуге болады. Бұған Әбу-Насыр-әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашғари, Қ.А. Иассауи, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би идеяларындағы шынайылық, шыдамдылық, төзімділік, адалдық, ізгілік мәселелерін уағыздаған еңбектері дәлел болады. Бұл ойлар тарихи шындыққа байланысты қалыптасып, қазіргі уақытта өз өзектілігін жоғалтпай, өткір әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер кезеңінде жалғасын тауып отыр. Аталған өзгерістер рухани дамуға ықпал етіп, тарихи тәжірибені ғылыми тұрғыда қайта түсінуге әкеледі. Сондықтан бұл идеяларды, қазақ психологиялық ғылымының, халықтық білім берудің, белсенді әрекетінің қалыптасу ерекшеліктерін тәрбиелеу мен білім берудің қазіргі кезеңінде қарастырып өткен өте маңызды.

Қазақ ғұламаларының еңбектерінде адамдарға деген зорлық-зомбылықсыз қатынас рақым, ізгілік ұғымдары арқылы да түсіндірілген.

Рақым - біреуге жақсылық, жанашырлық жасаудың белгісі. Ұлттық тәрбие ұрпақтың рақым жасай білуін уағыздайды.

Ізгілік - әдеп санаты; адамның қоғамдық және жеке өміріндегі құбылыстардың мұратқа қатысты жағымды адамгершілік мәнін бейнелейді.

Адамгершілік - қоғамдық сананың неғұрлым жалпы ұғымдарының бірі.

Ізгілікке қарама-қарсы ұғым - зұлымдық. Нақ ненің бағамдалып отырғанына (жеке адамның қылығы, адамгершілік сапасы, адамдардың қарым-қатынастары не әлеуметтік қызметі) орай ізгілік неғұрлым нақты нысанын алады - жақсылық, қайырымдылық, әділеттілік және т.б.

Қазақ халқының аса көрнекті ағартушысы, жаңашыл педагог, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин баланы оқыту, тәрбиелеу жұмысында дүние жүзі педагогика классиктерінің (Я.А. Коменский, К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой т.б.) гуманистік идеяларын басшылыққа алып, оларды қазақ даласында оқу-ағарту тәжірибесіне енгізген тұңғыш педагог болды. Ы. Алтынсарин шығармалары жастарды еңбек сүйеге, оқуға ұмтылуға, елін сүйетін патриоттық сезімге, талапты, жігерлі, кішіпейіл болуға баулиды. Жалқаулықты, қиянат жасауды, надандықты сынап, жас ұрпақты ондай әдеттерден аулақ болуға шақырады [3].

Ұлы ақын, қоғам қайраткері, мәдениетті ағартушылық реформалаушы Абай Құнанбаевтың еңбектеріндегі әлеуметтік ойларында бірінші орын адамгершілік ізет пен басқа мәдениетті тануға берілген. Оның пікірінше, көзқарастардың кеңдігі, адамгершілік қасиеттердің бар болуы адамды басқа ұлттардың тілін, мәдениетін меңгеруге міндеттейді. Басқа елдің тілі мен мәдениетін меңгерген адам сол ұлт өкілдерімен тең құқыққа иеленеді. Басқа мәдениетті қабылдай алатын адам дүниеге деген кең көзқарасқа қарай қадам жасап, өзіне сыни қарауға үйренеді, шектеулі пікірлерден арылады [4].

Абайдан кейінгі ойшылдар да оның дәстүрін жалғастырып, ой-өрісін кеңейте түсті. Бұл тұрғыда Шәкәрім Құдайбердіұлы айрықша ізденімпаздық танытты. Шәкәрім Құдайбердіұлы айналасындағы кемшіліктерді, адамдардың мінез-құлқындағы, әлеуметтік өмірдегі кереғарлықты сынағанда, халқын надандықтан, келеңсіздік атаулыдан арылтуға, экономикалық және рухани дамудың таза жолына салуға ұмтылды. Болашақ дамудың бірден-бір жолы ғылым мен өнер үйрену, еңбек ету, бірлікті сақтау және озық елдерден үлгі алу деген тоқтамға келді. Бұл көзқарас оны Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Шоқан

Уәлихановтың идеяларымен сабақтастырады. Халық пен халықты, мәдениет пен мәдениетті жақындастырудағы еңбегі оның шығармашылығының интернационалистік сипатын аша түседі [5].

Атақты жазушы, ғалым, ағартушы, педагог, «Тәрбиеге көмекші», «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау» кітаптарының авторы Жүсіпбек Аймауытовтың тұлға тұжырымдамасы, оқыту-тәрбиелеу педагогикасы, ұстаз психологиясы туралы пікірлері аса қызықты. Ж. Аймауытовтың ой-пікірлері Дж. Уотсонның және П.П. Блонскийдің тұжырымдарымен сабақтастық тапқан. Оның еңбектерінде ұлттық менталитеттің қалыптасып дамуының әлеуметтік-психологиялық аспектілері, тұлға қалыптасуындағы қоғамдық сананың маңызы, ұстаз бен оқушы арасындағы өзара қатынастардың әдістері мен тәсілдері қарастырылған [6].

Шетелдік ғылымдардың еңбектерінде толеранттық ұғымы кең қарастырылған. (И. Кант, Л.М. Дробизева, В.А. Лекторский, А.И. Панченко, В.А. Тишков, М. Уолцер және т.б.).

Бұл еңбектер толеранттықты адамның өмір сүру жағдайы ретінде кез-келген деңгейдегі қарым-қатынас қағидасының негізгі сапасы ретінде талдап көрсетеді. Біздің пайымдауымызша толеранттықтың ең көп қарастырылған аспектісі сенім шыдамдылығы мәселесі болып табылады. (П. Бейль, Н.А. Бердяев, Р.Р. Валитова, Вольтер, Д. Локк.

Толеранттық мәселесін зерттеуге Қазақстандық зерттеушілер де үлес қосып келеді. Бұл зерттеулер толеранттық мәселесінің маңызды бағыттарына арналған: рухани философия, Е.З. Батталханов *Формирование гуманистического мировоззрения учащейся молодежи как социально-педагогическая проблема*, 2002 [7]; Л.И. Сексенбаева *Педагогические условия формирования культуры межнационального общения учащихся, проживающих вне своей национальной государственности*, 2000 [8], тірі және әлеуметтік жүйелердің экологиялық мәселелері және т.б.

Т.Т. Тәжібаев, Қ.Б. Жарықбаев, А.И. Сембаев, А.С. Ситдықов, К.К. Құнантаева, Г.М. Храпченков, А.А. Калюжный, Ғ. Нұрғалиева, С.А. Ұзақбаева, Л.К. Керимов, Г.Ж. Меңлібекова секілді Қазақстандық ғалымдар еңбектерінде тұлғаны тәрбиелеудің жалпы теориялық және әдістемелік ерекшеліктері әлеуметтік-психологиялық тұрғыда толық сипатталған, бұл міндетті шешудегі білім беру жүйесінің жетекші ролі анық көрсетілген.

Тұлғаны қалыптастыру мәселелері философтардың (Н.А. Бердяев, Б.С. Гершунский және т.б.), психологтардың (П.П. Блонский, Л.С. Выготский, Л.И. Божович, И.С. Кон, Д.Б. Эльконин, Ж.И. Намазбаева, А.А. Тынышбаева, К.А. Айдарбеков, А.У. Ескендірова және т.б.) еңбектерінде де көрініс тапқан.

Әбу-Насыр-әл-Фарабидің еңбектері баланың әрбір әрекетінің ізгілікке бағытталған құлқын қалыптастыруды көздейтін, тұлға тәрбиесінің ізгіліктілігі идеясымен ерекше. Тұлғаның бойында алғыр да аңғарымпаздық, білімге құмарлық, қанағатшылдық, шыншылдық, ізгі ниеттілік, әділеттілік, батыл да ер жүректілік қасиеттерді тәрбиелеу «мінсіз адамды» қалыптастыруға мүмкіндік береді деп тұжырымдайды [9].

Ж. Баласағұнның дидактикалық сарында жазылған «Құтты білік» шығармасында этика, әдептілік, қоғамдағы адамдардың қарым-қатынасы, сөйлесуі, жан-жақты сөз болды. Ақын мемлекеттің мықтылығы қалың әскерге де, қарулы күштердің көптігінде емес, адамдардың татулығына байланысты деп санап, адамдықты сипаттайтын негізгі төрт қасиетті бөліп көрсетті; әділдік, ақыл, бақыт, қанағат деп бөліп көрсетті.

М. Қашғари адам бұл өмірге ізгілік жасау үшін келеді деп ойлап, адам бойындағы еңбекқорлық, үлкенді сыйлау, қиыншылыққа төзу сияқты қасиеттерді ерекше атап өтті.

Яссауи Қожа Ахмет тақуалықты, барға қанағат, жоққа төзімділік мұраттарын уағыздай отырып, байлығы асқан, мейманасы тасқан феодалдар менхалыққа жағымсыз діндарлар іс-әрекетін мансұқтап: «Дүниеқор болма, опасыз дүние үшін жамандық жасауға барма. Бір-біріңе мейірімді, қайырымды бол! Момынның жетімнің ақысын жеме, кем-кетік пен кедей-кепшікке жәрдемдесіп жүр», - деген пікір айтқан. Ол ұрлыққа, зорлық-зомбылыққа жаны қас болды. Адамды түзету арқылы қоғамды, қоғамды түзету арқылы заманды түзету, жалпыға бірдей әділетті өмір орнату, оның адамдық мұраты діндарлық мақсаты, ақындық парызы деп

түсінген. Адам бойындағы туралық, адалдық, қиындыққа төзу, шыдамдылық қасиеттерді жоғары бағалайды.

Қазіргі заманғы философиялық зерттеулерде толеранттық мәселесі алғашқы зерттеу сатысында қалып отыр. Осы мәселеге қатысты көптеген материалдар мерзімді баспасөз беттерінде және әлеуметтік-философиялық жинақтарда жарықкөріп отырады. Бұл жұмыстар толеранттық түсінігін адамның өмірлік әрекетінің түрлі салаларына қатысты талдайды және толеранттықты қазіргі заманғы адамның өмір сүруінің ең басты шарты ретінде қабылдау қажеттілігін көрсетеді. Толеранттық проблемасының ең көп талданған аспектісі Батыс Еуропада Д. Локк, Вольтер және т.б., ал Ресейде В.С. Соловьев, Н.А. Бердяев және т.б. көтерген сенім шыдамдылығы мәселесі болып табылады. Орыс философы В.С. Соловьев былай деп жазады: «Жоғары деңгейдегі мінез-құлық идеалы бізден өзге адамдарды өзімізді сүйгендей сүюді талап етеді, бірақ жеке адамдардың тұтас халықтан тыс өмір сүрмейтіндіктен (халық жеке адамдарсыз болмайтындығы сияқты) бұл байланыс та мінез-құлықтық, ішкі болып кеткен. Бұдан шығатын қорытынды, біз бар халықты өзімізді сияқты сүюіміз керек».

Қазіргі таңда этникалық толеранттықты шыдамдылықпен араластыру мүлде дұрыс емес деп таниды. Бір жағынан алып қарағанда қазіргі заманғы қоғамда толеранттық өзгеге белсенді қарым-қатынас ретінде қызмет атқаруы мүмкін. Ал екінші жағынан бұл өзгелердің этникалық, діни ерекшеліктеріне, күшті не әлсіздігіне қарамастан оның құқығы мен еркін саналы түрде мойындау болып табылады. Басқаша айтқанда, толеранттық қазіргі заманғы түсінікте өзге әсерлерге қарамастан өмір сүру әрекеті дегенді білдіреді.

А.Г. Асмоловтың пікірінше толеранттылық өзара бәсекелес мәдениеттер арасындағы өркениетті келісім және өзгешелікті, әртүрлілікті сақтаудың жағдайы болып табылатын өзге қисындар мен көзқарастарды қабылдауға дайындық. Бұл жағдайда толеранттықтың сипаты төмендегідей болып табылады:

Біріншіден, шыдамдылық көрсету, өзін-өзі ұстау, бейбітшілікті сүю, өзгенің пікіріне, мінез-құлқына шыдау;

Екіншіден, қоршаған табиғат пен әлеуметтік ортаға бейімделеті дей жоғары адаптивтік қабілеттердің көрінісі;

Үшіншіден, қақтығыс жағдайларынан бейбіт жолмен шығу. Этникалық толеранттықтың зерттелу тарихына жасалған қысқаша шолудан әр дәуірде бұл мәселенің әртүрлі түсіндірілгенін көруге болады. Ғасырлар бойы этникалық толеранттық қоғамдық және діни біліктің, дін мен секталардың, дінге сенушілер мен атеистердің өзара қарым-қатынасының қағидасы ретінде түсіндіріліп келді. Антикалық кезең толеранттықты танудың екі жолын көрсетеді. Біріншісі діни тәжірибенің, философиялық және саяси плюрализмнің көп түрлі формаларынан көрінсе, екіншісі ұлтты алалаушылық пен сенім үшін шеттетудің жоқтығынан көрінеді.

Орта ғасыр философиялары үшін негізгі мәселе сенім шыдамдылығы мен көнбістік болды ХҮІІ–ХҮІІІ ғғ. толеранттылық негізінен саяси утилитаризм тұрғысынан қарастырылды және діндер, ұлттар, әлеуметтік топтар арасындағы татулық пен келісімнің негізін салушы компонент, яғни жалпыға ортақ құндылық деп танылды.

XIX ғасырда этникалық толеранттық адамның ішкі «мені» мен оның басқаға қарым-қатынасы тұрғысында сипатталды. XX ғ. басындағы отандық философияда толеранттық тұрмыстық диалог ретінде сипатталды.

Сонымен қорыта келгенде этникалық толеранттық мінез-құлық басқаның пікіріне сыйластықпен қарап, шыдамдылық танытып, туындаған мәселені келісіп шеше білу, зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет ету.

Шиеленісті жағдайларда өзін-өзі ұстай білетін, қақтығыс жағдайларынан бейбіт жолмен шаға білетін, өзгенің пікіріне, мінез-құлқына шыдай алатын, қарым-қатынасқа әр уақытта дайын, өз ұстанымын қайта қарауға икемді тұлғаны - толерантты тұлға дейміз.

## Әдебиет

1. Қазақстан Республикасында 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. - 2004 жыл, 11-қазан, № 1459
2. Тәрбие хрестоматиясы. /құрастырған Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 331 б.
3. Алтысарин Ы. Избранные произведения. /сост. и подг. к печати Сулейменов Б.С. – Алма-Ата: Акад. Наук Каз ССР, 1957- 466 с.
4. Ауезов М.О. Абай Кунанбаев статьи и исследования. /под.общ.ред. Дюсенбаева И.Т. – Алма-Ата: Акад. Наук Каз ССР, 1957 - С. 391.
5. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі // Қазақ ұлт педагогикасы мен ұлттық психологиялық тарихы. Оқу құралы.- Алматы: Санат, 1995. – 352 б.
6. Жарықбаев Қ. Жүсіпбек Аймауытовтың көзқарастары.- Алматы: Білім, 2000. - 76 б.
7. Жарықбаев Қ. Жантануға кіріспе. Хрестоматия. Ж.О.О-ның студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Дарын, 2005 – 186 б..
8. Шолпанкулова Г.К. Формирование гуманных отношений у учащихся (8-9 класс). В процессе обучения на основе межпредметных связей: Дис к.п.н.:
9. Алматы, 1995.- 157 с.
10. Узакбаева С.А. Эстетическое воспитание в казахской народной педагогике: дис .....д.п.н.: Алматы, 1993.- 420 с.
11. Болеев К. Теория и практика подготовки будущих учителей к национальному воспитанию учащихся: дис д.п.н. - Тараз, 2002.- 343 с.
12. Толеубекова Р.К. Использование прогрессивных традиции народной педагогики в нравственном воспитании учащихся начальных классов казахской школы: дис. ... д.п.н. - Алматы, 1994.- 162.с.

***Torebek A.B., Berdibayeva S.K.***

*(Kazakhstan, Almaty, Al-Farabi Kazakh National University)*

## COMMUNICATIVE BEHAVIOR OF THE COMPANY'S EMPLOYEES

The current world's globalization process necessitates good workplace engagement and communication. As a result, there has been a lot of interest in communicative behavior, strategies, and the successful use of both verbal and nonverbal language in communication. Effective communication is essential for every business and may benefit it in a variety of ways. And we recognize the importance of communication in product creation, customer interactions, human resource management, and nearly every facet of a business. Employees of the firm are an important audience since they frequently act as guides for other audiences. Bonds with other groups will be strong if firm personnel are well informed and involved [1]. Strong relationships are built on effective communication. It is critical to have strong communication skills. Because trust and loyalty are fundamental aspects of every relationship, communication that is tailored to fit individual requirements, deliver critical messages, and give positive and constructive feedback is essential. Effective communication regarding the company's goods, services, culture, and values is also facilitated by strong partnerships with external audiences. Lee Thayer, an American communication philosopher, claims that communication and energy functions are two crucial aspects of our lives. And, like diet or health, communication has an impact on life [2]. As a result, we must have a thorough understanding of communication. The process of information flow between sender and recipient is known as communication [3].

Nothing would be accomplished in the workplace if communication was not present; employees would be unable to give instructions, and equipment and materials would be unable to be ordered; most importantly, progress would be impossible to measure, and products and services would be unable to be delivered to customers. The five management functions — planning, organizing, staffing, leading, and controlling — all rely on communication, according to Drucker (1954). In fact, the capacity to communicate effectively with customers and workers was ranked as the most critical talent required by firm personnel in studies of highly successful organizations throughout the country. The major purpose of business communication, according to Thomas J. Lee (2004), is to inspire and motivate all workers to accomplish their strategic vision. It is critical for a firm employee to be able

to convey, receive, and comprehend strategic information rapidly. There are three ways to communicate: down, up, and horizontally. [4, P 261]. A good balance between downstream and upstream communication is required [5]. For a communication to be successful, it must be a peer-to-peer procedure between sender and recipient. Communication does not take into account the size of the organization because communication is two-way even in tiny groups [6]. Communication skills include the capacity to structure a message's text in an appropriate format, speaking skills, the ability to harmonize external and internal manifestations, the ability to accept feedback, the ability to overcome communication hurdles, and so on [7].

Companies have emphasized "customer service" for many years. They just lately begun to pay workers the same attention, understanding that employees have a greater impact on a company's performance than a group of consumers. According to research conducted by consulting firm Watson Wyatt, staff communication is no longer a "soft" function, but rather a business function that affects productivity and adds to a company's financial success [8]. As a result, we recognize the value of internal communication in the workplace. Internal communication is a critical instrument for establishing a clear and accurate corporate image. Furthermore, you may assist the firm by giving employees with information about the organization through internal communication [9]. Internal communication is a complex, imperative process through which employees coordinate the workflow necessary for the functioning of any organization in the company. Today, as we understand employees, they want to get more information about the company in which they work, so internal communication is a catalyst for the organization's excellence and efficiency [9]. If the internal communication is very well organized, it gives all employees a willingness to answer questions about the organization. It is important to provide information in a clear and simple way so that you can remember it and give the correct answers when you receive questions about the company [10]. In the article we will investigate communication with a set of behavior, and how important is the role of tolerance in communicative behavior in a company. The first thing to understand is the term "communicative behavior". Sternin in his work defines communicative behavior as a set of communicative norms and traditions, which was generally accepted by a certain group of people [11]. That is, communicative behavior is the behavior of a person or a group of persons in the process of communication, regulated by the norms and traditions of communication of a given society [12].

Communicative behavior is communication with the interlocutor through the language and cultural traditions characteristic of a particular community of people, and the exchange of information between people. The result of this level of interaction is mutual understanding between people. The interactive aspect of communicative behavior leads to the establishment of certain relationships between communicants, which are based on the personal characteristics of people and the perception of positions in relation to each other. The level of perception makes possible mutual cognition and rapprochement of people, is a process of perception by partners of each other, the definition of a communication situation. Perceptual skills of communicative behavior are manifested in the ability to control one's perception, "read" the mood of partners by verbal and non-verbal characteristics, understand the psychological effect of perception and take them into account to reduce distortions. The communicative behavior of an individual depends on communicative competence, which includes knowledge of the sign-symbolic system within which communication takes place, knowledge about the external world, acquired by the individual on the basis of his personal experience and basic knowledge about the world that representatives of this ethnic group possess due to belonging to a particular national, ethnic, social, religious, professional and other group. The communicative behavior of the interlocutor as a result of his communicative actions is determined through acts of mutual understanding, linking the action plans of various participants and linking purposeful actions into a single and joint interaction [1]. We have learned that communication is critical in a variety of contexts, especially in a culturally diverse workplace [13]. This allows people in the organization to interact and work effectively and efficiently. Communication behavior consists of actions, interactions and dual interactions that work together to achieve communication goals in the workplace [14].

And we realized that one of the important factors in the communicative behavior of a person is

communicative tolerance. For the first time, the term "communicative tolerance" was introduced into scientific circulation by V.V. Boyko, understanding it as a reflection of a positive communicative attitude in the behavior [15]. This is "a characteristic of a person's relationship to people, showing the degree of tolerance of unacceptable and unpleasant mental states, qualities and actions of partners in interaction". [7, P. 396]. He identified the following types of communicative tolerance: • situational communicative tolerance (tolerant attitude of a given person to this particular person); • typological communicative tolerance (tolerant attitude of a person towards collective types of individuals or groups of people); • professional communicative tolerance (tolerant attitude towards collective types of people with whom one has to deal by the nature of the activity); • general communicative tolerance (tolerant attitude towards people in general; tendencies due to life experience, attitudes, character traits, moral principles, the state of human mental health) [16, p. 405]. If we consider other authors, then E.A. Kalach notes that the tolerance shown by the individual in the process of communication (communicative tolerance) is, first of all, a stable psychological characteristic of the personality, characterized by a two-level structure: 1) the level of consciousness in the form of the attitude of the personality and 2) the level of behavior as a conscious action or deed. In addition, according to the researcher, this category "captures a special tolerant, peaceful, conflict-free, respectful, trusting, empathic, equivalent type of relationship within the framework of subject-subject interaction (communication)". [17, P. 49-50]. And L.A. Nikolaeva understands communicative tolerance as the spiritual and physical state of an individual, coordinating a certain type of his relationship with communication partners and including the value characteristics of the individual, which contribute to the formation and development of tolerant communication. In the context of his research, the author notes that the phenomenon of communicative tolerance "in the professional activity of a lawyer is based on partial or complete acceptance of the views and communicative characteristics of a communication partner to achieve mutual or general well-being in a legal way". [18, P. 39]. SV Rusakova, within the framework of her research, understands communicative tolerance as a personality characteristic, manifested in the interaction of subjects of the educational process and expressed in understanding, acceptance and recognition of the other. [19, P. 35]. Z. A. Ageeva notes in turn that a person either does not see significant differences between the manifestations of his own and someone else's personality, or does not experience negative feelings about such differences. [20, P. 49]. Considering all the definitions, we can come to the conclusion that communicative tolerance is at the same time a professionally significant quality for a good employee. In addition, all of the above authors are unanimous in the opinion that communicative tolerance is manifested as the ability to interact and communicate with other people.

#### References

1. Alyona Korneeva. Communicative behavior as the way of expressing cultural identity//International Conference on Advanced Studies in Social Sciences and Humanities in the Post-Soviet Era (ICPSE 2018).- 2018.- pp.6.
2. [https://mipt.ru/education/chair/philosophy/textbooks/uchebnikonline/1\\_1\\_racionalizm\\_empirizm.php](https://mipt.ru/education/chair/philosophy/textbooks/uchebnikonline/1_1_racionalizm_empirizm.php)
3. Znakov V. V. Psychology of understanding: problems and prospects: monograph / Russian Academy of Sciences, Institute of Psychology. - M.: Institute of Psychology of the Russian Academy of Sciences, 2005. – pp. 446
4. Guest D.E. Human resource management and employee well-being: Towards a new analytic framework.Human Resource Management Journal, 2017, pp. 22-38
5. Kevin Yakers. Communication skills. 2 Books In 1: How To Improve Your Social Relationships In Life. Overcome Anxiety And Shyness. Effective Public Speaking. Achieve Success With Active Listening And Empathy. London. 2020. - pp.452
6. Blundel, R. Effective organizational communication: Perspectives, principles and practices. Second edition. Ashford Colour Press Ltd, Gosport. ISBN 0-273-68569-4.2004.- pp.2-5
7. Sapargaliyeva A., Begimbekova S., Mametkhanova A. Communicative competence is a professional value of a modern pedagogue // Pedagogics and psychology. – 2020. – № 4(45). – C.213–221: DOI: 10.51889/2020-4.2077-6861.26 [Electronic resource]: URL: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/140> (accessed: 3.02.2022)
8. Argenti, P. A. Corporate Communication. Fourth edition. International Edition. Printed in Singapore. ISBN 007-12541.2007.- pp.137
9. Marcin Jakubiec.The importance of internal communication for management of an organization.Silesian

University of technology publishing house. 2019

10. Kalla, H. Integrated internal communications in the multinational corporation. Helsinki School of Economics. ISBN-10: 952-488-063-6. 2006.- pp.141

11. Sternin A. On the concept of communicative behavior (Kommunikativ Funktionale Sprachbetrachtung).- Halle, 1989.- pp. 279-282

12. Prokhorov Yu.E., Sternin I.A. Russian: communicative behavior (Flint-Nauka).-Moscow, 2007.- pp. 328

13. Abdullah, Z. Cultural diversity management in Malaysia: A perspective of communication management. In M. Özbilgin & J. Syed (Eds.), Managing cultural diversity in Asia. 2010.- pp. 14–38.

14. Cornelissen, J. Corporate communication: A guide to theory and practice. London. 2014.

15. Katerinina A.A. Communicative tolerance of students of secondary vocational education of different profiles / A.A. Katerinina, Yu.V. Timoshenko // Science, education, society: trends and development prospects: materials of the XIX Intern. scientific-practical. conf. (Cheboksary, September 25, 2020) / editorial board: O.N. Shirokov [et al.] - Cheboksary: CNS Interactive Plus, 2020. – pp.134-136.

16. Boyko V. V. The energy of emotions in communication: a look at yourself and others. Moscow: Filin Information and Publishing House, 1996.- pp. 472

17. Kalach E. A. Educational and professional interaction as a factor of successful development of communicative tolerance of students of the specialty "public relations": dis. candidate of Pedagogical Sciences. Izhevsk, 2006.- pp. 223 .

18. Beketova, A.P. Theoretical and methodological approaches to the definition of intercultural communicative tolerance / A.P. Beketova, T.V. Kuprin // Successes of modern science and education: scientific journal. 2017. - No. 1. Volume 4. - pp. 37–40.

19. Beketova, A.P. Development of intercultural communicative tolerance of students in the multilingual educational environment of the university / A.P. Beketova, T.V. Kuprina, A. Petrikova // Education and science: a scientific journal. 2018. - No. 2. T.20. - S. 108–124.

20. Ageeva, Z.A. Communicative tolerance as an element of a person's communicative competence / Z. A. Bulletin of the Ivanovo State University. Series: Natural, Social Sciences. 2012.- No. 1.- pp. 49-53

*Тубаева Г.С., Тымбаева Ж.А.*

*(Қазақстан Республикасы, Тараз қ.*

*№ 28 бөбекжай – бақшасы)*

## **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЕКІНШІ ТІЛДІ ҮЙРЕТУ МӘСЕЛЕСІ**

Шетел тілін білу өмірдің өзекті мәселесіне айналды. Бірақ ең алдымен бала өзінің ана тілінде толық сөйлеуі қалыптасып, барлық дыбыстарды анық айтқаннан кейін басқа шетел тілін үйрету қажет. Сондықтан, өскелең ұрпақты шетел тіліне оқытуда әр түрлі әдістемелік жаңа әдістерді түрлендіре, күрделендіре түсу қажеттілігі туындап отыр. Осыған орай әр оқытушы шетел тілін оқытуда жаңа әдістемелік технологияларды қолданып жас ұрпақтың тілге деген ынтасын, көзқарасын, біліктілігін арттыру мақсатын алға қояды. Әрине, тілді меңгеруде әлі де көптеген қиыншылықтар жетерлік. Соның бірі сөйлеу әрекеті. Ол негізінен жеке тұлғаны түрлендіріп оқытудың жетіспеушілігінен туындайды.

Тілді дамыту мен шет тілін меңгерудегі ойынның рөлі туралы Б.Шварц, Д. Берген, З.А.Кочкина, Т.Н. Ушакова және т.б. еңбектері орын алған. Бәрімізге мәлім шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты – коммуникативтік қатынасты дамыту. Тілді меңгерудің негізі - есту, көру қабілеттілігінің байланысын түрлі жаттығулар арқылы дамытып, бала мен жеке жұмыс дағдысын қалыптастыру. Ендеше әр баланың өмірлік қадамына жол ашудың ауыр салмағы мектеп мұғалімінің шағына түседі. Сонымен қатар қазіргі замандағы ғылым мен техниканың күрт дамуына қарай мамандардың да қоғамға сай, болашаққа қабілетті, бейімді, икемді болу қажеттілігінен туып отыр.

Мемлекетімізге шет тілін білетін жоғарғы деңгейдегі мамандардың санын арттыру мектеп қабырғасында басталуы тиіс. Шет тілі оның ішінде ағылшын тілі қазіргі қоғам дамуында үлкен рөл атқарып отыр.

Ендеше әр баланың өмірлік қадамына жол ашудың ауыр салмағы мектеп мұғалімінің шағына түседі. Сонымен қатар, қазіргі замандағы ғылым мен техниканың күрт дамуына қарай

мамандардың да қоғамға сай, болашаққа қабілетті, бейімді, икемді болу қажеттілігінен туып отыр. Мемлекетімізге шет тілін білетін жоғарғы деңгейдегі мамандардың санын арттыру мектеп қабырғасында басталуы тиіс. Шет тілі оның ішінде ағылшын тілі қазіргі қоғам дамуында үлкен рөл атқарып отыр.

Сондықтан өскелең ұрпақты шетел тіліне оқытуда жаңа әдістерді ұтымды қолдану оқытушының жас ұрпақтың тілге деген ынтасын, көзқарасын, біліктілігін арттыру мақсатын ең алдымен қояды. Әрине, тілді меңгеруде әлі де көптеген қиыншылықтар кездеседі. Соның бірі сөйлеу әрекеті. Ол негізінен жеке тұлғаны түрлендіріп оқытудың жетіспеушілігінен туындайды. Тілді меңгерудің негізі – танымдық іс-әрекетінің байланысын түрлі жаттығулар арқылы дамытып, бала мен жеке жұмыс дағдысын қалыптастыру.

Баланың оқудағы негізгі психологиялық түрткісінің бірі – тілді үйренуге деген қызығушылығы. Әрине пәнге деген қызығушылық болмаса, шет тілін меңгеру бала ға қиынға соғады. Ал баланың қызығуы бір нәрсеге асыра зейін қоюдан, оған құмартудан, соны үнемі ойлаудан көрініп отырады. Бала бойына осындай пәнге деген қызығушылықты ұялату, әрине ең алдымен мұғалімнің кәсіби педагогикалық шеберлігі мен психологиялық сауаттылығына байланысты [1].

Бастауыш сынып жасы шет тілін оқытуға өте қолайлы кезең, өйткені бұл жастағы балалар тілдік құбылысты қабылдау қабілеттілігімен ерекшеленеді және өзінің сөйлеу тәжірибесін, тіл «құпияларын» байқау қызығушылығы пайда болады. Олар лезде берілген шағын материалды меңгеріп алып, оны өте жақсы кері айтып бере алады. Бірақ ол ең алдымен өз ұлтының ана тілін толық және дұрыс меңгеруі қажет. Сондықтан ана тілін толық меңгермейінше өзге тілді қабылдау бастауыш сынып бала сы үшін қиындық туғызуы мүмкін.

Тілді меңгеруді үйрету мен оқытуда сөйлеу, тындап түсіну, оқу талаптарымен қатар аударма және жазу техникасы бойынша арнайы біліктер жоспарланып міндетті түрде беріледі. Тілді терең меңгерту бағытындағы мектептерде оқу мен сөйлеу басты әрекет бола отырып, оқытудың тәрбиелік, білімдік, дамытушылық мақсаттары төмендегідей бөлімдерде нақтылана түседі:

- жаттығулардың негізгі компоненттерін меңгерту (жалпы дамытатын және арнайы жаттығулардың кейбір түрлерін қоса);
- тілді қабылдауда баланың саналы түрде қатынасы, өзінің болашақ өмірінде шетел тілдерін күнделікті қажеттілікпен қолдана білу икемділігін сезінуге бағыттау;
- баланың өз біліміне деген қажетті жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту;
- таным процесінде баланың ойлауы, есте сақтауы, тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениетін дамыту;
- бала ларды ауызша және жазбаша түрде тұрмыс тіршілігіне байланысты өзара мәдени қарым-қатынас жасай білуге дайындау [2].

Білім беру жүйесін ұйымдастыру, балалардың өздігінен білімді меңгеру әрекетіне жағдай жасау деп қарастыру керек. Оқу сабақтастығы, психологиялық ахуал, педагог пен бала арасында орнатылған ерекше қарым-қатынас. Оқытушы тілді үйретуде тек дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы немесе бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын топтық жұмыстың ұйтқысы. Тек осындай білім беру мен оқыту ғана бала интеллектісін дамытып, оның творчестволық қабілетін қалптастыру.

Білім беру орындарында шетел тілі - ерекше пән. Басқа елдің тілін игеруде бала лар ұзақ үйрену жолынан өтеді. Ал педагог балалардың сол әрекетті қиындықсыз меңгеруіне тікелей ықпал етеді. Күнделікті жаңа сөздермен танысу және оны жаттау, аудармен сөздіктермен жұмыс, грамматикалық конструкцияларды талдау т.б.

Оқу үдерісіндегі технология ерекшелігі, оқу әрекетінің негізгі себебі танымдық қызығушылығымен сипатталады. Ал білім беру оқу орындарында көптеген нұсқауларды және оқытудың жаңа технологияларын пайдалануда. Бірақ, кеңінен қолданылатын жаңа технологиялар өзінің жүйелілігін, сонымен қатар жүйелі ұйымдастырып, бір жақты топтастыруын қажет етеді. Осы мәселені кеңес зерттеушілері В.М. Максимова, Г.К. Селевко, А.Я.Савильев т.б. еңбектерінде қарастырған.



Осы орайда оқудың жаңа технологиясын В.М. Максимова төмендегідей топтастырған:

- Әр түрлі пәндік білімнің интеграциясы - интеграциялық технология;
- Құрылымды- логикалық технология;
- Ойын технологиясы;
- Психологиялық тренингтік технология;
- Ақпараттық-коммуникативтік технология;
- Диалогтік технология.

Қазіргі білім беруде жоғарыдағы оқуы технологияларын ұйымдастыру, бұрынғы кезге қарағанда жекеленген, кеңейтілген және жүйеленіп, бір бағытқа топтастырылған. Сол сияқты жоғары оқу орнындағы жаңа педагогикалық технологияның жаңа жүйесін қалыптастыру бұл оқытушымен студенттің белсенді іс-әрекетіне және олардың ұйымдастыру қабілетіне байланысты.

Ал Г.К.Селевконың еңбектеріндегі оқытуды ұйымдастыру мазмұны басқа технологиялардың мазмұны және қолданылу тәсіліне ұқсас келеді. Олай болса жаңа технологияларды талдай келе мынандай қорытынды жасауға болады: әр мұғалімнің өзіндік кәсіби шығармашылығы педагогикалық үдерісте жарияланып отыруы қажет, ал осыдан мынадай анықтама белгілі болады: «жаңа педагогикалық технология – ол педагогикалық үдерістің теориялық және қолданбалы жақтарын қалыптастыратын, педагогтің және білім алушының жеке тұлғасын дамытуға әсер ететін олардың білім мен тұлғалық қасиетінң даму нәтижесін байқауға, кезең бойынша өлшеу мен бағалауға болатын үрдісті» айтамыз.

Адамды өзінің таңдаған мамандығы бойынша жеткілікті кәсіби білім қорымен қаруландыру және өз бетінше ойлауға үйрету мәселесі, егер оның білім алуға ынта – жігері, құмарлығы, қызығушылығы, білімдерді меңгеру әдістерін білуге құлқы болмаған жағдайда түпкілікті шешілуі мүмкін еместігі оның ақыл–ой белсенділігін төмендетеді. Жаңа педагогикалық технологияны таңдау критерийі туралы Н.Д.Хмель ұсынған келесі көрсеткішті қарастырамыз:

- теориялық және практикалық ойлау;
- зерттеушілердің әдістемелік ұстанымы;
- жүйелі бағалау;
- педагогикалық технология үдерісінің екі жақтылығы;
- алынған нәтижелердің диагностикасы;
- субъектіні зерттеу, оқу–тәрбие үдерістегі педагогикалық қарым-қатынас;
- оқу–тәрбие үдерісінде шығармашылық технологияны қолдану.

Оқу–тәрбие үдерісі - бұл білім алушылардың бірлескен қызметі, педагогтар мен психологтардың жетекшілігімен қоғамдық өмірге, кәсби іс–әрекетке дайындық, рухани және мәдени білімді маманның бойына қалыптастыру бағытында іске асатын әрекет.

Баланың жаңадан қабылдаған заттары мен түсініктерін талдау және саралау мүмкіндіктері онда заттардың жекелеген тікелей қасиеттерін анықтау мен айырудан гөрі күрделілеу қызмет түрінің қалыптасуымен байланысты. Ал мектептегі оқу үдерісінде бақылау деп аталатын бұл іс–әрекет түрі қалыптасады. Оқу қызметі барысында бала қандай да бір пәннің жаңа материалдарын қабылдау міндеттерін алып, ал одан кейін өзі де кең түрде тұжырымдайды. Осының арқасында қабылдау арнайы жоспарланған мақсатқа бағытталады. Сондықтан педагог бұл құбылыстарды көру немесе есту әдістерін (олардың қасиеттерін анықтау ережесі, қол көмегі мен көздің қимыл бағыттарын және т.б.), бекітілген қасиеттерді жазу құралдарын бала ларға үздіксіз көрсетіп отырады. Ол түрлі әдіс–тәсілдерді қолданғанда ғана көздеген мақсатына жете алады [3]. Оқу үдеріс жұмысының жемісті болуы – бала да білімге деген қызығушылықтың нәтижесі болып табылады. Қызығушылықты келесі 3 маңызды процес анықтайды:

1. Оқу материалының мазмұны мен жаңалықтар;

2. Оқытудың проблемалық сипаты, балалардың шығармашылық және практикалық жұмыстарды өздігінен орындау, көрнекі құралдар мен техникалық құралдар т.б. бұл оқудың әдістері мен формалары.

3. Педагог пен балалар арасындағы педагогикалық қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктері. Оқу қызметінде балалар үйлесімді педагогикалық қарым-қатынастың болуы, мұғалімнің жағымды эмоциялық күйі, мейірімділігі, бала лардың бірін-бірі қолдауы, өзара жағымды байланысты ұйымдастыру.

Балаларға тілді меңгертіп, оқуды, жазуды, сөйлеуді, бір тілден екінші тілге аударуды т.б біліктілікті үйреткенде, біз оларға басқа халықтың мәдениетіне жол ашамыз, яғни басқа халықтармен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік туғызамыз.

Әдебиет

1. Зимняя И.А. Педагогикалық психология. - М.: Логос.- А., 2005. – 453 б.
2. Зимняя И.А. Психология обучения иностранным языкам в школе. - М., 1991.
3. Щацкий С.Т. Энциклопедия современного учителя. - М.: АСТ.- 2000. -200 с.
4. Бәкірова А. Байланыстырып сөйлеуге арналған көрнекіліктер пайдалану жолдары. // Бастауыш мектеп №10, 1997 ж.

*Тұрдалиева Ш.Т.*

*(Қазақстан Республикасы, Тараз қ.,*

*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті)*

## **АҚПАРАТ АЛМАСУ ҮДЕРІСІНДЕ ВЕРБАЛДЫ ЕМЕС ҚАРЫМ - ҚАТЫНАСТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Педагогикалық іс-әрекет білім алушының тұлғалық, интеллектуалдық, іс-әрекеттік дамуына бағытталған және сонымен бірге өзін-өзі жетілдіруінің негізі болып табылатын педагогтың ықпал етуі. Ол әрекет белгілі бір педагогикалық жағдайлардағы субъектілердің өзара қарым-қатынасқа түсуі.

Адам өзінің шындыққа келетін сырт көрінісінен басқа өзінің мінез-бітістері жөнінде де азды-көпті мәліметке ие, бірақ бұл мәліметтер көбіне адамның өзі жөніндегі ұнамды пайымдауларды қамтиды. Сонымен берге, адам өзінің кейбір әлеуметтік талапқа сай қажетсінулері мен әрекет-қылығының түрткілерін тануға бейім. Ал өз санасының астарында жатқан немесе моральдық тыйымдарға байланысты санаға жат психологиялық бітістерін тіпті білмейді. Уақыт ағымына берілмей, ұзақ мерзім сақталатын белгілер – адамның қажетсінулері, әрекет-қылық мотивтері мен қызығулары. Осы арқылы біз адамды тануымыз мүмкін, бірақ бұл үшін аталған белгілер сол адамның сырт көрінісі мен мінезінен біраз байқалуы тиіс.

Адам өзі жөніндегі шындықты басқалардың оның іс-әрекетіне болған қатынасынан байқауға болады. Өз әрекеттері мен сол әрекеттерге берген басқалар бағасын салыстыра, адам жанама түрде өз қасиеті мен сапаларын болжауына болады [1]. Осы орайда, менеджмент ғылымы тікелей адамдармен қарым-қатынасқа негізделеді.

Басшы өзінің көпшілік уақытын мәліметтер алу және шешім қабылдау үшін, біреулермен байланысуға, қарым-қатынас орнатуға арнайды. Басқарудың жоспарлау, ұйымдастыру мотивациясы және бақылау қызметтерін орындау да қарым-қатынас орнатуға байланысты. Коммуникация – басшылық етудің байланыстырушы процесі болып саналады. Басшы өз уақытының көпшілік бөлігін әңгіме, кеңес өткізуге, тікелей байланыс орнатуға, мәлімет алмасуға жұмсайды. Осыған орай жеке адамдар арасындағы коммуникацияда қандай кедергілер болатындығын білудің айрықша маңызы бар. Олар бірнеше белгілермен сипатталады:

Бірінші, қабылдауға – түсініп, ұғынуға қатысты кедергілер. Адамдардың қабылдап ұғынуына алуан түрлі факторлар ықпал етеді, сондықтан коммуникация тиімділігін кемітпес

үшін бұларды ескеру қажет. Коммуникациялық ахуал басшылар мен бағыныштылар арасындағы өзара қарым-қатынасқа байланысты.

Екіншіден, байланысқа қатыса отырып және символдарды пайдаланып, мәліметтер алмасады, әрі оны түсінуге тырысады да, мұндайда сөз символын, дене қимылы мен мәліметтерді қолданады. Ол семантика – сөзді және айтылған сөз мәнін пайдалану әдісін зерттейді.

Үшіншіден, вербалды емес қарым-қатынастық (латынша вербалис – ауызша, сөздей деген мағына білдіреді) кедергілер. Вербалды емес қарым-қатынаста сөзден басқа кез келген символдар қолданылады. Ым-ишара арқылы берілетін хабар көп жағдайда сөзбен берілетін хабармен қоса өтеді де, сөз мәнін күшейтуі де немесе өзгертуі де мүмкін. Вербалды емес қарым-қатынас мысалына пікір алмасуды, адамның бет әлпетіндегі өзгерісті, мәселен, күлкісін, қабылдамау белгісін, ойнақы немесе түнерген қалпын, қабылдаған немесе қабылдамаған көзқарасын анықтауға болады.

Төртіншіден, нашар кері байланыс. Кері байланыс өте маңызды, өйткені оның өзі адамның алған хабарының нақтылығын анықтауға мүмкіндік береді. Басшылар тарапынан жіберілген хабарға қатысты кері байланыстың болмауы жеке адамдар арасында мәлімет алу тиімділігін шектейді.

Бесіншіден, тыңдай білмеу. Қарым-қатынас тиімділігін арттырудың маңызды жағдайларының бірі – адам хабарды жібергенде де және қабылдағанда да бірдей дәл болуы тиіс.

Жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас тиімділігін арттыру үшін мынадай жайттар ұсынылады:

- Мұқият тыңдай білуге дағдылану;
- Өз идеяңды айтпас бұрын айқындап алу;
- Потенциалдық семантикалық проблемаларды қабылдай білу;
- Өзіңнің дене тұрысыңа, қимылыңа, дауыс ырғағыңа зер салу;
- Эмпатия және ашық-жарқын әңгімеге көңіл бөлу. Эмпатия – бұл басқа адамның сезіміне көңіл аудару, әрі өзара пікірлескенде, хабар алмасқанда қолдау, көңілді әңгімелесу;
- Кері байланыс орнатуға тырысу [2].

Ұйымдық қарым-қатынас кәсіпорын қызметінің тиімділігіне едәуір ықпал етеді, сондықтан да қандай кедергілер болатындығын, әрі мұндай алмасуды қалай жетілдіруге болатындығын білудің зор маңызы бар.

Кедергілердің бірі – хабардың бұрмалануы. Ұжымның ішінде мәліметтің бұрмалануы жеке адамдар арасында жөнді қарым-қатынас орнатылмаудан немесе басқарушының біреуі хабармен келіспегенде болуы мүмкін. Екінші бір себебі мәліметтің ерекшеліп-сүзілуінен (филтрациялануынан) немесе мәліметтің дұрыс сұрыпталмауынан оның мазмұны бұрмаланады.

Келесі кедергі мәліметтің тым көп келуінен болады. Мұндайда басшы қажетті, қажетсіз мәліметтерді өңдеуге әуестенеді. Ұжымның тиімсіз құрылымы басшының қойылған міндетті жоспарлау және жүзеге асыру мүмкіндігін шектейді. Онда мәлімет алмасуды жақсартуға болады, ол үшін кері байланыс жүйесі құрылуы, мәлімет тасқыны реттеліп отыруы, басқару әрекетінің белсенділігі арттырылуы, ұсыныс жинау жүйесі өрістелуі, алынған мәліметтерді бастырып, ұйым ісінді пайдалануы, сондай-ақ мәлімет алу үшін қазіргі технология жетістіктерін қолдануы тиіс.

Бөгде адамның тұлғалық дәрежесі жөнінде біз оның дене құрылымы, психологиялық және қылық-әрекеттік белгілері бойынша топшылаймыз. Бұл белгілер адамның сырт көрінісінен, киімінен, әрекет-қылығынан, сөзінен, бет әлпеті мен ым-ишарасынан байқалады. Адамның сыртқы көрінісі мен психологиялық бейнесі арасында тікелей де толық байланыс болмағанымен, бұлардың екеуі қандайда бір өзара ықпалды қатынаста. Өрқандай адам жөніндегі біздің бірінше пайымдауымыз осы сырт келбет пен сөз, қылық-әрекет көрінісінен туындайды. Ғылым ежелден-ақ адам мінезі мен дене құрылысының өзара байланысты екенін

дәлелдеген. (Э. Кречмер, У. Шелдон, т.б.). Дене құрылымы ерекше бітіске ие болған адамдар, мінезі жағынан да әртүрлі. Осы тұрғыдан барша адамдар үш типке жатады: астеник, пикник, атлетик. Пикниик типтес адамдар – көңілді, үйіршең, әңгімешіл, әрқандай қиыншылыққа жасымайды; астеник адамдар – көбіне тұйық, оңашаланғанды ұнатады. Ұдайы ойға шомып жүреді; ал атлетиктер – ұстамсыз, дүлей келеді.

Вербалды емес коммуникация - бұл көрнекі қимылдар (мимика және пантомимика), жесттер (иілу, бұрылу, т.б.), заттарды қолдану (қызға гүл беру, т.б.). Адамдар өздеріне қажетті белгі-символдарды құрды: жол немесе көлік жүргізу белгілері, киім, марапаттау белгілірі, т.с.с.

Кез келген тұлғаның вербалды емес әрекеті жартылай функционалды екендігін естен шығармау керек. Вербалды емес әрекет, ол:

- қарым-қатынас бойынша әріптестің бейнесін құрады;
- тұлғаның психикалық күйінің актуалды көрсеткіші болып табылады;
- сөз арқылы берілген хабарлардың өзгеруін нақтылайды, айтылған сөздердің эмоциялық ерекшеліктерін айқындай түседі;
- қарым-қатынасқа түсушілер арасындағы жақындық деңгейін қолдау ретінде танылады;
- статустық-рөлдік қатынастың көрсеткіші ретінде көрінеді [3].

Вербалды емес мінез-құлық қарым-қатынаста басқарылуға берілмейтін бейсаналы қылық болып саналады. Адамдар ақпарат алмасу барысында вербалды қарым-қатынас каналдарына қарағанда, вербалды емес қарым-қатынас каналдарына көбірек сенеді.

Әлеуметтік-психологиялық зерттеулерде вербалды емес қарым-қатынас классификацияларының түрлері көптеп кездеседі. Ол В.Ю Дрошенко, Л.И. Зотова, Н.А. Нартовтың (әлеуметтік психология және іскерлік әңгіме) зерттеулерінде қарастырылады.

Арнайы әдебиеттерде бет көрінісіне 20 000-нан аса сипаттама беріледі. Оларды жүйелендіру үшін Экманның енгізген FAST әдістемесі ұсынылды. Оның принципі келесідей: адамның беті жазықтық бойынша 3 бөлікке бөлінеді, олар: адамның көзі мен маңдайы; мұрын және мұрын аймағы; ауыз және жақ бөлігі. Осыдан кейін, ең көп тараған 6 негізгі эмоциялық көзқарастары бөліп қарастырылады: қуаныш, ашу, таңқалу, жиіркену, қорқыныш және қайғы. Оларды бет зоналары бойынша фиксациялау мимикалық қимылдарды дұрысырақ белгілеуге мүмкіндік береді.

Ең көп кездесетін және кез-келген ұлт пен мәдениеттерде бірдей болып табылатын, эмоцияға тәуелді мимикалар:

#### Ашу:

- Маңдай бұлшық еттері ішке кіріңкі немесе төмен түсу арқылы көздерге жабыңқы, қауіп-қатерлі бейне береді;
- Бадырайған немесе сығыңқы күйінде көздер жайнайды;
- Танаулар кеңейген және мұрын қанатшалары көтеріңкі;
- Ерін қатты жабылған немесе тістер көрінетіндей тіктөртбұрыш формасында артқа тартылған;
- Бет жиі қызарады.

#### Жек көру:

- Қас көтеріңкі;
- Бет бұлшық еттері тартыңқы;
- Адам жоғарыдан төменге қарап тұрғандай басы жоғары көтеріңкі;
- Аузы жабық және ерін ұштары төмен түскен;
- Көздері сығырайған және сығыңқы;

#### Қиналу:

1. Қастары біріккен;
2. Көз жанары сөнген, бұлыңғыр;
3. Ернінің ұштары сәл төмен түскен;

4. Беті бір қалыпты, мұздап кеткендей.

Қорқыныш:

- Қастары сәл көтеріңкі, тік формаға ие;
- Маңдайы бойынша горизонтальды әжімдер өтеді;
- Көздері жанарсыз, бірақ бадырайған және астыңғы қабағынды қысым бар, ал үстіңгі қабағы жоғары көтерілген;
- Аузы ашық, ал езуі артқа тартылған.

Таң қалу:

- Жоғары көтерілген қастары маңдайға горизонт бойынша әжім түсіреді;
- Көздері кеңінен ашылған;
- Ауыздары шеңбер формасында ашық болады.

Қуаныш:

- Аузы ашыңқы, ерін ұштары артқа бағытталған;
- Аузы жабық;
- Көз тұсында майда әжімдер болады, көз жанары жылтыр, сәл сығыңқы немесе ашық;
- Маңдайында горизонтальды әжімдер;

Беттің әрбір өрнегі, қалпы – ол беттегі көптеген бұлшық еттердің қысқаруы, жиырылуы және жалпы қимылы. Себебі барлық мимикалық бұлшық еттер инерциясы бір нервке байланысты. Ал эмоциялық көріністер жоспарсыз және ырықты мимикалық реакциялардан құрылады.

Алайда, мимиканы ырықты және ырықсыз компоненттер арқылы анализдеуге болмайды. Сонымен, келесі компоненттерді ескеру керек:

- Физиологиялық параметрлер бойынша (күші, тонусы, симметрия-ассиметриясы, бұлшық ет қысқаруының комбинациясы, динамикасы, амплитудасы);
- Фрагментті (жеке зоналар бойынша: маңдай, мұрын, көз) және жалпылай;
- Әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық тұрғыда (белгілі бір ұлт, мәдениет өкілеттілігіне, белгілі топта қабылданған өзін-өзі көрсету стилі немесе индивидтің қатынас стилі бойынша);
- Мимикалық белгілер сай келетін психикалық құбылыстар немесе эталондық әсер бойынша [4].

Қуаныш, сүю, таң қалу – сияқты жағымды эмоцияларды анықтау оңай, ал қайғы, ашу, жиіркену – сияқты жағымсыз эмоцияларды ажырату қиынға соғуы мүмкін.

Вербалды емес мінез-құлықтың көрінуі қарым-қатынасқа қатысушылар арасында кодтау және декодтау процесі арқылы белсенді ақпарат алмасу қызметін атқарады. Е.В.Кузнецованың пікірі бойынша кодтау – коммуникация мақсатында ақпаратты орналастыру болса, декодтау – қарым-қатынаста адамдардың бірін-бірі қабылдауы, түсінуі және ұғынуы. Вербалды емес мінез-құлық формалары арнайы өзара әрекеттесу рөлін орындауға арналған. Оның негізгі сәттері вербалды емес белгілермен қарым-қатынас болып, онда байланыс орнату, ақпараттық ізденіс, психологиялық жақындауларды орнату және өзгерту, бір-біріне эмоциялық келбет көрсету және т.б. [5]. Осы орайда вербалды емес мінез-құлық өзара ықпал, тұлғааралық әрекеттесу құралы ретінде қызмет атқарады. Көбіне тыңдау әңгіме кезінде енжар мінез-құлық болып қабылданады. Мұндайда, біреуі сөйлегенде, екіншісі оның сөзінің үзілісін үнсіз күтіп тұрады да, тоқтаған кезде бірден өзінің мәселесін айта бастайды. Ал кей жағдайда серіктесінің сөзін іле шала бөліп тастайды. Қарым-қатынаста тыңдау маңызды орын алады. Егер екінші адамның ойы толық тыңдап қабылданбаса, онда қарым-қатынас процесінде қиындықтар туындауына әкеліп соқтырады.

Қарым-қатынастың ортақ нәтижеге қол жеткізу мен қатынасты жақсарту мақсатындағы олардың күшін біріктіруге және келісімге келуге бағытталған екі (немесе одан да көп) адамның өзара әрекеттесуі екені белгілі. Қарым-қатынас барысында адамдар бір-біріне сөз арқылы үн қату, одан жауап алу немесе вербалды емес қатынастар есебінде байланыс орнатады. Бұл барлық басқа әрекеттерден қарым-қатынас актын жеңіл бөліп алуға мүмкіндік

береді. Егер басқа адам бізді тыңдап, бетімізге қараса және мейірімді сөздерімізге күліп жауап қайтарса, жылы көзқарас білдіргенін сезінсеңіз, сіздің көзіңізге көз алмай қарауға талпынса – біздер қарым-қатынас жасап жатқанымызға сенімді боламыз. Бірақ ол басқа бөлмедегі дыбысқа назары аударылып, бұрылып қарайды немесе басын иіп, қозғалған құбылысқа қызығушылықпен көңіл аударады – мұнда қарым-қатынас үзіліп, оны танымдық іс-әрекеті алмастырды. Мұнда қарым-қатынас адам белсенділігінің басқа түрлерінен бөлек эпизод ретінде ерекшеленуі мүмкін.

Сонымен адам басқа адамдармен вербалды және вербалды емес қарым-қатынас жасау арқылы өзара әрекеттеседі. Қорыта келгенде педагогикалық іс-әрекетте басқару жүйесінде міндетті нәтижелерге қол жеткізу ғана емес, тұлғалардың қарым-қатынас туралы білімдері мен дағдысын кеңейтіп, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, танымдық белсенділігін арттыру мен жетілдіру үшін жағдай жасау қажет.

#### Әдебиет

1. Зимняя И.А. Педагогикалық психология. - М.: Логос.- А., 2005. – 453 б.
2. Биркенбиль В. Язык интонации, мимики, жестов. – СПб.: Питер Пресс, 1997. – 224 с.
3. Носуленко В.Н. Динамика процесса совместной оценки сигналов // Психологический журнал. - 1980.- №6. - С. 26-27.
4. Аллан Пиз, Барбара Пиз. Язык телодвижений. Расширенная версия ; [пер. с англ. Т. Новиковой]. – Москва: Эксмо, 2009. – 464 с.: ил.
5. Кузнецова Е.В. Развитие межличностных невербальных коммуникаций средствами социально-психологического тренинга: дис. канд. психол. наук: 19.00.05. - М., 1988. - 275 с.

**Узбекова Ш.Б., Болтаева А.М.**

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)*

## **ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АТА-АНАМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Бүгінгі таңда жасөспірімдердің ата-анасымен қарым- қатынасының ерекшеліктерін зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Балалардың күнделікті дамуы мен қоршаған ортаны тануына, өзара тілдесіп қарым-қатынас жасаудың қаншалықты әсер ететіндігін жете түсінуге болады. Ата-аналар балаларымен тілдесіп, мағлұмат жеткізуді доғаратын болса, олардың өсіп жетілуге, рухани жағынан толыққанды қанағаттандырылмай, әр қилы өзгеріске ұшырар еді.

Қарым-қатынас адамзат үшін әр түрлі деңгейде, әртүрлі кезеңде қалыптастыруды қажет ететін құбылыс. Жеке адам қарым-қатынас процесінде ұқсау, мысалы, өнеге алу, үйрену, еліктеу арқылы қоғамдық және жеке сананы, эмоцияны, сезімді, мінез-құлық нормаларын көрсетудің формаларын меңгереді[1]. Сонымен бірге, жасөспірім шақта ата-ана мен бала арасында бірін-бірі түсінбеу көптен-көп кездесіп жатады. Өйткені, осы жасөспірім шақта баланың физиологиялық жетілуіне байланысты, жасөспірімдерде психологиялық ерекшеліктер пайда бола бастайды.

Жасөспірімдер мен ата-ана қарым-қатынасын жақсарту және теориялық талдау-мақаланың негізгі мақсаты болып табылады.

Қазіргі таңда, жасөспірімдердің ата-анасымен қарым-қатынасы ерекшеліктері бірқатар ғалымдар мен психолог мамандар тарапынан зерттеліп жүргенін көруге болады. Мысалы, К.Н. Поливанова [2] психологияға дамудың дағдарыстық кезеңі ретіндегі жасөспірімдік шақ туралы ұғым енгізеді. Жасөспірімлік шақтың дағдарыстық, жағымсыз құбылыстарын берілген кезеңнің онтогенездегі өтпелілігімен, аралық кезең болуымен байланыстырды. Ол жасөспірімдік шақтағы даму үдерістерінің биологиялық шарттылығы туралы түсінікті негізге алған. Сонымен қатар, Г.А.Цукерман[3], Л.С.Выготский [4], Д.Б. Эльконин [5] атты ғалымдар

зерттеген. М.И. Лисина [6]зерттеуіне сүйенсек, жасөспірімдер 14 -15 жасқа өткенде ата-аналарына деген қарым-қатынасы өзгере бастайды. Көбіне агрессиялық мінез- құлық пайда болады, ата-аналарының сөзіне құлақ аспау көптеп білінеді деген қорытынды жасаған болатын.

Ф. Райс көзқарасы бойынша, ата-анасының қолдауы бала үшін өте қажет болып табылады деген тұжырым жасаған болатын. Отандық ғалымдардың ішінде жас ерекшелік психологиясы Н.С. Жұбаназарова секілді авторлардың еңбегінде қарастырылған [7].

Өзіміз білетіндей, бала дамуының әр түрлі кезеңдерде өзара ауысуы, әдетте, өте қарқынды әрі шұғыл түрде жүреді. Мұнда, үлкендер мен балалардың өзара қарым-қатынасында қиыншылықтардың бар екенін көреміз. Соның ішінде, балалардың дербестік танытуының ұлғаюы мен өздерінің құқығын қоғауы жолындағы агрессиялық мінезді алуға болады. Бұл өтпелі кезеңдер психологияда дағдарысты деп аталады.

Жалпы алғанда, бала психологиясында негізгі төрт дағдарысты кезеңдерді байқауға болады. Олар:

- Бір жастағы дағдарыс (бөбек кезден балалық шақтың ерте кезіне өту);
- Үш жас дағдарысы (балалық шақтың ерте кезінен мектеп жасына дейінгі кезге өту);
- Жеті жас дағдарысы (мектеп жасына дейінгі кезден төменгі сынып жасына дейін);
- Жасөспірімдік дағдарыс (12-16 жас аралығы).

Бір қалыпты жасқа қарағанда дағдарысты жаста баланың психологиясы мен іс- әрекетіде жарқын әрі жылдам өзгерістер байқалады. Бұл сатыларда даму эволюциялық емес, ревалюциялық жолмен іске асырылады.

Адамның 11 жастан 14 жасқа дейінгі даму сатысын психологияда дәстүрлі түрде жасөспірімдік, сондай - ақ өтпелі, қиын, ауыспалы жас деп атайды. Бұл жасты көптеген көрнекті ғалымдар зерттеген, жасөспірім психологиясына арналған әдебиет көп кездеседі [2,89].

Жасөспірімдік шақтың психологиясында алатын орны ерекше. Оның маңыздылығы, ең алдымен, көлемді практикалық мәнімен анықталады; екіншіден, дәл осы шақта адамдағы биологиялық және әлеуметтік қатынастар мәселесі анық байқалады; үшіншіден, жасөспірім «жас» түсінігінің әр жақтылығы мен күрделілігінің мысалы бола алады.

Бала қашан жасөспірімге, жасөспірім - бозбалаға, бозбала – ержеткен адамға айналады? Сұрақ түсінікті: ешкім 12жастағыны бозбала деп, 20 жастағыны жасөспірім деп айта алмайды. Бірақ, 14-18 жастағыға осы екі атауды да қолданады, және бұл бекер емес. Балалық шақтан ересектікке өту шегі шартты түрде жүреді. Жастық категория көп жерлерде жас пен биологиялық даму дәрежесін емес, адамның әлеуметтік мәртебесі мен қоғамдағы орнын білдіреді. Қазіргі кезде жасөспірімділік кез деп 11-ден 15-16 жас аралықтарын айтады. Л.С. Выготскийдің ойынша, жасөспірімдік кезең екі кезеңнен тұрады[4,476.]:

- табиғи - жыныстық жетілуді қоса алғандағы ағзадағы биологиялық жетілу процесі;
- әлеуметтік - қарым-қатынас, тәрбие, әлеуметтендіру процесі.

Бұл процестер өзара байланысты болғанымен, синхронды емес.

Әр баладағы физикалық және психикалық даму әр түрлі қарқында болды (бір бала 14-15 жасында үлкен көрініп, ал басқа бала кішіболып көрінеді);

-жекелеген биологиялық жүйелер мен психиканың жетілуіндеішкі диспропорциялар болады;

-физикалық есеюге сәйкес келмейтін әлеуметтік есею байқалады (әлеуметтік қалыптасудың жетілуі, мамандық алу, экономикалық дербестік және азаматтық тұрғыда өзін-өзін анықтауға қарағанда физикалық жетілуі жылдам жүреді).

Көбіне осы жасөспірімдік шақта құрдастарына еліктеу байқалып жататын кезең болып келеді. Жасөспірім шақта ата-аналар баласымен жақсы қарым-қатынас орнатуы маңызды болып табылады.

Жасөспірімдік шақта кейбір ата-аналар балаларының мінездері тым ауыр, агрессивті болып кеткеніне шағымданады. Жасөспірімдерде “мен өзім білем, өзім шешім қабылдаймын”- деген сөздерді де көп айтып жатады. Балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас тең

емес. Көптеген ата-аналар өз балаларын басқаруға үйреніп, балаларының өз ойы пайда болып, ата-аналарының сөзіне қарсы шыға бастағанда, ата-аналарының бой сұнуы қиындай түседі. Бұндағы, ата-аналарының үлкен қателігіне балаларын өздеріне бағындырып ұстағысы келетінінде екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, ата-ана мен жасөспірімдік шақтағы бала арасыдағы қарым-қатынаста конфликті жағдайдар көбіне ата-анасының шектен тыс бақылауы мен сабағының нашарлауынан, дос таңдаудағы ата-анасының қарсы келуінен болып тұрады. Ата-ананың шектен тыс жасөспірімге авторитарлы тәрби беруі- баланың ары қарай психологиялық және әлеуметтік жетілуіне кедергісін келтіреді.

Ал, егерде балаға тым қатыгездік танытып не болмаса көңіл бөлінбесе, жасөспірімдік шақта оның бәрі балаға ауыр тиеді. Ол өзін артық сезінуі немесе өзін тек жамандық алып келемін деген ой қалыптасуы мүмкін.

Жасөспірім шақта- бала өз құрдастарымен жүрсем, өзім шешім қабылдап, өз өміріме толыққанды өзім жауап берем деген ойда болады. Ата-аналарының титтей болсын өмірлеріне араласуы олар үшін үлкен реніш тудырады.

Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынаста негізгі мәселе- ата-анасы баланың ішкі жан дүниесін түсінбеуі. Сенім, құрмет, түсіністік, махаббат – бұл ата-аналармен жасөспірім арасындағы қарым-қатынаста болу керек.

Сонымен, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас қазіргі таңда психологияда көңіл бөлерлік жағдай болып отыр. Дәл осы жасөспірімдік шақта ата-ана мен бала арасында жаңжалдар туындайды. Бұл жас кезеңінде - ата-анаға да, балаға да оңай тимейді. Ата-аналар мен балалар арасында туындайтын шиеленіс- ересектердің жасөспіріммен қарым-қатынас орната алмауынан болып тұрады. Бұл сұрақ алғаш рет жасөспірім кезеңінде байыпты түрде туындайды және ата-аналар мен балалар арасында қақтығыстар болуына алып келеді.

#### Әдебиет

1. Баймолдина Л., Екзекова С. Қарым қатынастың бала психологиясына әсері // Жантану мәселелері №2 /2010. - 3-6 б.
2. Поливанова К.Н. Психологическое содержание подросткового возраста//Вопр.психол.1996. №1.
3. Цукерман Г.А. Психология саморазвития: задача для подростков и их педагогов.-М.,1990.
4. Выготский Л.С.Собр. Соч.:В 6-и т. Т-4.-М,1984.
5. Эльконин Б.Д. Введение в психологию развития.-М, 1994.
6. Лисина М.И. Общение,личность и психика ребенка.-М, 1996.
7. Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы: оқу құралы.- Алматы: Қазақ университеті, 2013.- 354 б.

*Усенова А., Болтаева А.М.*

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті)*

### **ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АДДИКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН ФАКТОРЛАРЫ**

Жасөспірімдердің аддиктивті мінез-құлқы – психоактивті заттар арқылы қажеттіліктерді қанағаттандырудың деформацияланған түрімен сананың өзгеруімен байланысты девиантты аутодеструктивтік мінез-құлық түрі, бұл жасөспірімдердегі бейімделу бұзылыстарының бір түрі, ол біреуді теріс пайдаланумен сипатталады. «Addiction» ұғымы ағылшын тілінде тәуелділік, бір нәрсеге тәуелділік, жағымсыз бейімділік деген түсініктен шыққан. Бұл термин оларға физикалық тәуелділік қалыптасқанға дейін психикалық жағдайды өзгертетін әртүрлі заттарды теріс пайдалану деп атала бастады. Басқа мінез-құлық бұзылыстарымен біріктірілген жеке психикалық немесе физикалық тәуелділік белгілері жоқ немесе одан да көп психоактивті заттар [1].



Жасөспірімдер үшін «тәуелді мінез-құлық» термині ең орынды болуы мүмкін. Есірткі емес, басқа заттар қолданылған кездегі нашақорлық жағдайларын айту дұрыс емес. Сонымен қатар, алкоголизммен, морфизммен және т.б. үйлесімділікте бұл термин қалыптасқан тәуелділікті ұсынуы мүмкін. Дегенмен, тәуелділік мінез-құлық пен нашақорлықтың ауру ретіндегі арасындағы шекара өте бұлыңғыр екенін есте ұстаған жөн.

Нашақорлық мінез-құлық, сондай-ақ ауру ретінде нашақорлықты түзету және емдеу өте қиын. Әдетте, олар әлеуметтік қолдау мен оңалтудың кешенді шараларымен қатар жүруі керек. Сондықтан профилактиканы жүргізіп, басқа сипаттағы жалпыұлттық профилактикалық шараларды өткізу тиімдірек.

*Жасөспірімдік шақта тәуелділік келесі себептерге байланысты болуы мүмкін:*

✓ Әлеуметтік-педагогикалық немқұрайлылық, жасөспірімнің мінез-құлқының нашарлығынан, оның қажетті оң білімінің, дағдыларының болмауынан немесе дұрыс тәрбие бермегендіктен оның азғындығынан өзін дұрыс ұстамау, бұлайдағы жағымсыз мінез-құлық стереотиптерінің қалыптасуы.

✓ қолайсыз отбасылық қарым-қатынастардан, жанұядағы жағымсыз психологиялық микроклиматтан, жүйелі оқудағы сәтсіздіктерден, сынып ұжымындағы құрдастарымен қарым-қатынастардан, ата-аналардың, мұғалімдердің, сыныптастардың оған деген дұрыс емес (әділетсіз, дөрекі, қатыгез) қатынасынан туындаған терең психикалық жайсыздықтар. т.б.

✓ психикалық және физикалық саулық пен даму жағдайындағы ауытқулар, жасқа байланысты дағдарыстар, мінез акцентуациялары және физиологиялық және психоневрологиялық қасиеттердің басқа да себептері.

✓ Өзін-өзі көрсетуге, сыртқы және ішкі белсенділіктің орынды көрінуіне жағдайдың болмауы; пайдалы қызметтегі жұмыссыздық, оң және маңызды әлеуметтік және жеке өмірлік мақсаттар мен жоспарлардың болмауы.

✓ Елемеушілік, қоршаған ортаның теріс әсері және осы негізде дамитын әлеуметтік-психологиялық дезадаптация, әлеуметтік және жеке құндылықтардың оңнан теріске ауысуы [2].

Бұл себептер тізбегінде жасөспірімдердің айналасындағылардың оларға деген немқұрайлы, немқұрайлы қатынасы фонында дамитын әлеуметтік-педагогикалық немқұрайлылық ерекше рөл атқарады. Нәтижесінде жалғыздық, тастандылық, олардың пайдасыздығы, сенімсіздік сезімі пайда болады. Қарсылық, жаттық, үлкендерге өшпенділік, бірауыздан, ортақ тағдыр, мүдде, бейімділік негізінде бірігуге, ынтымақтастыққа, өзін-өзі ұйымдастыруға ұмтылу.

Позитивті әлеуметтік тәжірибенің жоқтығы, дамымаған және қалыптаспаған дүниетаным, құндылық бағдарлар жүйесі, этикалық нормалар мен эстетикалық талғам жасөспірімдердің өз қызметін қолданудың теріс, заңсыз салаларын таңдауына ықпал етеді, бұл олардың мінез-құлқына, мінез-құлқының қалыптасуына сөзсіз әсер етеді. тұлғалық, асоциалды келбет. Бұл процесте уақтылы, қажетті педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік және медициналық көмектің болмауы маңызды рөл атқарады [3].

Тәуелді жасөспірімдермен жұмыс табысты болуы үшін ауытқулардың әртүрлі формаларын тудыратын факторларды да анықтап, ескеру қажет. Келесі факторларды қарастыруға болады:

*1. Қоғамда болып жатқан процестер:*

- әлеуметтік құндылықтардың иерархиясын өзгертуге бағытталған айқын позитивті мемлекеттік идеологияның болмауы;
- заңдар мен құқық қорғау органдарының жұмысының жетілдірілмегендігі, қылмыстардың жазасыз қалуы;
- жұмыссыздық (анық және жасырын);
- балалы экономикалық дәрменсіз отбасыларға әлеуметтік кепілдіктер мен мемлекеттік қолдаудың болмауы;
- өскелең ұрпақты әлеуметтендірудің дәстүрлі институттарының (балалар мен жасөспірімдер ұйымдары, отбасылар, мектептер) дағдарысы;

- психоактивті заттардың жарнамасы және қолжетімділігі.

## 2. Отбасы жағдайы, оның атмосферасы:

- толық емес отбасы;
- отбасының материалдық жағдайы (кедейшілік те, байлық та);
- ата-аналардың әлеуметтік және мәдени деңгейінің төмендігі;
- отбасылық дәстүрлердің болмауы;
- отбасындағы тәрбие стилі (балаға біркелкі талаптардың болмауы, ата-ананың қатыгездігі, балаларға немқұрайлы қарау, бала құқығы болмауы);
- баланың өзін-өзі бағалауын жоққа шығару;
- балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру (жетіспеуі не артық болуы);
- ата-аналардың және басқа да туыстарының алкогольді, есірткі немесе басқа да психоактивті заттарды асыра пайдалануы;
- ата-аналардың есірткіні қолдануына рұқсат етушілік қатынасы.

## 3. Мектеп өміріндегі ұйымнан келетін қауіп факторлары:

- білім беру және тәрбиелеу процестерін басқаруды ұйымдастырудың жетілдірілмегендігі (мектептің материалдық қамтамасыз етілуінің нашарлығы, мектеп пен оқушылар отбасының жүйелі байланысының және бала тәрбиесіне қатыспайтын ата-аналардың ықпалының жоқтығы, тәрбиенің қанағаттанарлықсыз ұйымдастырылуы); мектептен тыс жұмыстар, мектепте балалар ұйымының жоқтығы.

- кейбір мұғалімдердің бала, даму психологиясын білмеуінен көрінетін кәсіби сәтсіздік. Бұл қауіп факторлары сыртқы, объективті [4].

Дегенмен, бұл әсерлерден басқа, жасөспірімге ішкі қауіп факторлары әсер етеді. Оларға мыналар жатады: өзінің елеусіздігін сезіну, пайдасыздығы, өзін-өзі төмен бағалау, өзіне сенімсіздік, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі реттеудің жеткіліксіздігі, әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды білмеу немесе қабылдамау, әртүрлі жағдайларда сыни тұрғыдан ойлау және адекватты шешім қабылдау қабілетсіздігі, өз сезімдерін білдіре алмау және басқа адамдардың мінез-құлқына және мінез-құлқына дұрыс жауап беру.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, тәуелділік мінез-құлқының себептері мен факторлары сыртқы сипатта болуы мүмкін деген қорытынды жасауға болады (әлеуметтік-педагогикалық немқұрайлылық, отбасындағы келеңсіздіктерден туындаған терең психикалық жайсыздық, психикалық және физикалық денсаулық жағдайындағы ауытқулар және). дамыту, өзін-өзі көрсетуге жағдайдың жоқтығы, немқұрайлылық, қоршаған ортаның теріс әсері) және ішкі (өзінің пайдасыздығын сезіну, өзін-өзі төмен бағалау, өзін-өзі бақылаудың жеткіліксіздігі, әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды білмеу және қабылдамау, сыни тұрғыдан ойлай алмау. және адекватты шешім қабылдау, өз сезімін білдіре алмау, өзінің және басқалардың мінез-құлқына дұрыс жауап беру). Тәуелді мінез-құлққа мотивация көбінесе құрдастарымен бірге жүруге, басқалар сияқты болуға ұмтылу, неғұрлым жетілген болып көрінуге тырысу, белгісіз сезімдер мен тәжірибелерді сезіну және т.б. болып табылады.

### Әдебиет

1. Шабалина В.В. Психология зависимого поведения: СПб, 2011.
2. Юсупов В.В., Корзунин В.А. Психологическая диагностика зависимого поведения. – СПб.: - Речь, 2007.
3. Уайнхолд Б., Уайнхолд Дж. Освобождение от созависимости / Перевод с английского А.Г. Чеславской — М.: Независимая фирма “Класс”, 2002.
4. Интернет источник [https://infourok.ru/addiktivnoe\\_povedenie\\_v\\_podrostkovom\\_vozraste](https://infourok.ru/addiktivnoe_povedenie_v_podrostkovom_vozraste).

## **ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ**

Елімізде салауатты өмір салтына қол жеткізуде, басты байлығымыз денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттердің бірі – балалардың құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы профилактикалық жұмыс жүргізу, түйінін шешу. Зорлық-зомбылықты физикалық қасірет көрсету әрекеті деп анықтайтын болсақ, тұрмыстық зомбылықта осы әрекеттің бастауы мен айқындау нүктесі анық белгіленеді. Ол – Отбасы, яғни зорлық-зомбылық көрсетуші мен оның құрбаны өкінішке орай бір-біріне ең жақын адамдар болып келеді. Зомбылықтың құрбаны – жұбайлар мен балалар. Жалпы отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі әлем бойынша белең алып келе жатырған күрделі мәселелердің бірі. Зорлық-зомбылықтың салдарынан балаларға физикалық және психологиялық тұрғыда денсаулықтарына зиян келеді, жан-жақты дамуына кері әсерін тигізеді, тұлға болып жетілу процесінде қиындықтар, яғни айтқанда балада комплекстер пайда болады.

Өкінішке орай, Қазақстанда әрбір екінші неке ажырасумен аяқталып отыр. Соңғы статистикаларға сүйенетін болсақ, жолдары екіге айырылған жандардың 83%-ының ортақ балалары бар. Елімізде зорлық зомбылықтың құрбандарының ішінен жылына кем дегенде 400 әйел адам өз өмірімен қош айтысты [1]. Зорлық-зомбылықтың алдын-алу шараларын қатаң түрде күшейтпейтін болсақ, бұл сандардың көбеймесе азаятын түрі жоқ. Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, сонымен қатар бағытталған профилактикалық сипаттағы шараларды жүргізуде Бұқаралық ақпарат көздерін қолданып, үгіттеушілік жұмыстарын өткізу аса қажет. Зорлық-зомбылық құқықта «Бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасауы» делінген [2]. Адамның өмірі мен денсаулығына қасақана қауіпті әдіс қолданылып жасалған қылмыстар «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің» тиісті баптарына сәйкес жауаптылықпен қатаң түрде жазалануы керек. Қазақ халқының «Әйел адамға рухы әлсіз ер адам ғана қол көтереді» деген дана сөзі бар. Алайда, өкінішке орай осы дана сөздер кейбір ер адамдарға жат сыңайлы [3]. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, ең алдымен балаға отбасы, ошақ қасының берер тәрбиесінің әсері мол. Тәрбиенің қайнар көзі – отбасы, ата-ананың берген тәрбиесі дұрыс болмаса, қоғамдағы ортасы кері әсерін тигізетін болса, бала уақыт өте келе қазіргі қоғамдағы мәселе туғызушы, бір сөзбен айтқанда «абьюзерге» біртіндеп айналады. Яғни осындай типтегі адамдарды біз – қоғам өз қолымызбен жасап жатқандаймыз.

Ал енді зорлық-зомбылықтың түріне терең үңілетін болсақ, отбасындағы зорлық-зомбылықтың негізгі себептері көп. Мәселен, “агрессордың», «абьюзердің» отбасы мүшелеріне жұмсайтын өзінің эмоциясы мен агрессиясын басқаруға құлықсыздығы немесе қабілетсіздігі. Сондай-ақ отбасындағы қақтығыстарды бейбіт шеше алмауы немесе шешкісі келмеуі, яғни жеке сезімдеріне ерік беріп, бір-біріне иілгісі келмеуі, эгоизмдікке беріліп, ақыры соңында жанжалмен аяқталуы. Жоғарыда айтқандай, кейінгі 5 жылда отбасылық-тұрмыстық құқықбұзушылық тұрақты түрде өсіп келеді.

Криминологиялық зерттеулерге сүйенсек, зорлық-зомбылық жасағаннан ләззат алатын агрессорлар бар. Мұндайда агрессорларға отбасы мүшелері “оңай олжа”. Өйткені агрессор олардың ешқайда кетпейтінін және оған төзетінін біледі. Мысалы, кішкентай балалар өз бетімен қайда кете алады?! Бұндай агрессорлар отбасы мүшелеріне қол көтеру үшін кез келген сылтауды іздейді: әйелім сұрағыма дұрыс жауап бермеді, кешкі асты дұрыс дайындамады, кеш оралды, т.с.с. Жоғарыда айтып өткенімдей, агрессорлардың басым бөлігі - бала күнінен дұрыс тәрбие алмаған, кішкене кезінде психологиялық тұрғыда жарақат (травма) алған адамдардан шығады [4].

Зорлық-зомбылықтың алдын алуға болады. Ол үшін:

- үйдегі жанжалдарды бейбіт шешу;
- саналы ата-ана болу;
- ашуланшақтық пен эмоцияны басқаруға психологиялық көмек көрсету арқылы құқықтық тәрбиелеу арқылы;
- жазаның неғұрлым тиімді шараларын енгізіп, агрессорға тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағанда жауапқа тартылатынын түсіндіре отырып, қатаң түрде жазалау;
- құрбанмен де, агрессормен де психологиялық түрде жеке түзету жұмыстарын жүргізу.

Кейбір агрессорлар белгілі бір кезеңде ашушаң болады. Көктем, күз мезгілдеріне қарай агрессия күшейе түседі. Бұл мәселені арнайы зерттеу керек, себебі бұл психологиялық ауытқу болуы әбден мүмкін. Сол себепті агрессияның түп тамырын зерттеген абзал. Егер айтқандай психологиялық ауытқу болатын болса, арнайы мамандарға жүгініп, емдеуге болады. Ал егер есірткі, алкоголь салдарынан туындаған агрессия болса, оны тәуелділіктен айықтырудан басталуы керек. Бәріне бірдей қарап, бір алгоритммен емдеуге болмайды. Агрессияның да әртүрлі себебі болады, агрессия танытатын адам - психологтың көмегіне мұқтаж адам. Біздің қоғамда агрессорлармен жұмыс жасау мәдениеті қалыптаспаған. Емдейтін арнайы орталықтар жоқ, сондықтан агрессиямен күрес әлсіз болғандықтан, салдары үлкен қылмысқа алып келіп жатады.

Жалпы айтқанда, қазіргі заманғы отбасы көптеген қолайсыз дағдарысты басынан кешіп отыр. Нақтырақ айтсақ, ер адам мен әйел адам арасындағы байланыс заңды түрде бекітуді мұқтаж етеді. Ерлі-зайыптылар арасындағы өзара қарым-қатынастардың үйреншікті қалпы бұзылуда: отбасы ұғымы өз тұрақтылығынан айырылды, ажырасу ерекше фактіден қалыптыға айналды, ата-аналардың ықпалы әлсіреді. Туысқандар арасындағы даулар жиілеп, қылмыстық сипатта (ұрып-соғудан - кісі өлтіруге дейін) орын алуда.

Ата-анаға, қарттарға деген құрметтің бастапқы түп қазығы жоғалуда, мүмкін моральдық және этикалық құндылықтардың дағдарысы өскелең ұрпақтың тәрбиелілігінің деңгейіне әсерін тигізгендіктен шығар. Сондықтан қазіргі жас ұрпақтың жағдайын «қаңбақ» синдромы ретінде қарастыруға болады. Өскелең ұрпақ қаңбақ секілді белгілі бір құндылықтардан алшақтап, жаңа нысандағы «әке мен бала» қарым-қатынастарына жете қоймады. Өйткені олардың ата-аналарының өзі қоғам өмірінің қазіргі болмысы аясындағы адамгершілік-этикалық көзқарасын анықтай алмай отыр.

Ұлы Абайдың «Қара сөздерінде» (бірінші сөз) айтып кеткен жағдайды еске алатын болсақ: «Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай харекетке қосайын? Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпенен көрерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам...?» [5]. Біз әлі де тура жол таба алмай келеміз, адасу үстіндеміз...

Әдебиет

1. Tengrinews.kz ақпараттық порталы.
2. Зорлық-зомбылық құқығы (Зорлық — Уикипедия (wikipedia.org))
3. «Білім айнасы» газеті.
4. «Egemen Qazaqstan» газеті, 16 қараша 2020 ж.
5. Абайдың қара сөздері (бірінші сөзі).

**Шаукилова К. Т.**

(Республика Казахстан, г. Алматы,  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби)

## ПСИХОЛОГИЯ ДЕНЕГ В КАЗАХСТАНЕ

Казахстан может похвастаться очень малым количеством научных исследований, касаемых психологии денег, и отношении населения к деньгам в целом. Во многом, это

объясняется менталитетом народа, среди которого вопрос открытого обсуждения денег в семье и обществе до сих пор является табу.

У каждого человека денежные отношения имеют свой собственный субъективный образец «моральных и денежных ценностей». Однако важно отметить, что родители, распространяя свои представления о деньгах среди своих детей, время от времени игнорируют смену моральной и финансовой парадигмы.

Человечество имеет вековые религиозные и законодательные постулаты, и тем не менее 90 процентов уголовных преступлений в мире совершаются именно из-за денег. Все, что относится к человеку, основано на его/ее психологии и отношении к тому или иному явлению. Именно психология связывает в единое целое все остальные науки, поскольку они были созданы и существуют только благодаря человеческому мышлению.

В мире всегда были, есть и будут психологические методы регулирования человеческого поведения, направленные на денежную выгоду, поскольку хрематизм, по авторитету Аристотеля, не знает границ [1, 803 с.].

Становится ясно, что на сегодняшний день в государстве стоит вопрос «здорового денежного ментального сознания», которое необходимо для социальной и правовой стабильности любой развитой страны.

К сожалению, в Казахстане до сих пор действует доверчивое отношение людей к финансовым пирамидам, которые носят негативный денежный характер.

Согласно данным Комитета по правовой статистике и спецучетам (КПССУ) Генпрокуратуры РК, за последние несколько лет в базе Единого реестра досудебных расследований (ЕРДР) было зарегистрировано 444 правонарушений и уголовных дел по статье 217 УК РК «Создание и руководство инвестиционной пирамидой» [2, 15 с.].

Таблица 1 показывает возрастную группу, которая задействована в данных преступлениях.

Многие из них на момент преступления находились без работы или не имели образования, или находились в тяжелых жизненных обстоятельствах.

Преступления, совершенные из-за денег, ярко показывают проблему финансовой грамотности в стране. С одной стороны, люди, у которых отсутствует экологичное отношение к деньгам, отсутствует нормы морали, и они совершают финансовые преступления. С другой стороны, доверчивая часть населения, зачастую с низким уровнем жизни, которые не знают элементарной базы финансовой грамотности, поэтому доверяют свои деньги финансовым пирамидам, букмекерским конторам, игровым казино и т.д.

Таблица 1 - Возраст лиц, совершивших финансовые преступления

От 20 до 40 лет	От 40 до 49 лет	От 50 до 59 лет
Более 50 %	18 %	15%

Важность правильного финансового образования, начиная с раннего возраста, является залогом будущего осознанного отношения к деньгам. Все эти факторы и образуют в целом систему психологии денег в Казахстане и не только.

Как показывает таблица выше, большинство преступлений совершается молодыми людьми. Наиболее подверженной искушению получить «быстрые» и «легкие» деньги прослойкой населения является именно молодежь. Неустойчивость незрелой психики, сопровождающаяся всплесками девиантного поведения, всегда беспокоила человечество, а растущая агрессия молодого поколения в наше время - тем более.

Главные важные тенденции психологического воздействия денег можно увидеть в работах Г. Зиммеля, который утверждает, что «деньги – это Бог нашего времени; «транспортное средство» для личностного развития; которое приравнивается к «проститутке», меняющей вопросы «кто» и «что» на «сколько», и ведет индивида к деградации и потере человеческого достоинства [3, 485 с.].

Многовековые особенности прагматического воспитания отношения к деньгам были также подробно описаны М. Вебером и другими исследователями [4, 808 с.].

С точки зрения психологии, деньги - это не фиксированная сущность, а скорее комплекс точек данных, проблем и возможностей, вокруг которых человек вращается, взаимодействует и испытывает определенные чувства и паттерны. Человек принимает денежные и финансовые решения, которые влияют на его финансовое положение, и эти последствия, в свою очередь, взаимно влияют на чувства и будущее поведение персоны. И это отношения, которые развиваются на протяжении всей жизни [5, 80 с.].

Вот три ключевые вещи, которые нужно знать о психологии, лежащей в основе наших личных отношений с деньгами:

Эмоции играют огромную роль.

Самыми важными эмоциями по отношению к деньгам являются страх, вина, стыд и зависть. Стоит потратить некоторое усилие, чтобы осознать эмоции, которые для вас особенно связаны с деньгами, потому что без осознания они будут иметь тенденцию подавлять рациональное мышление и управлять вашими действиями.

*Психическое здоровье и психические заболевания*

Некоторые люди сталкиваются со следующими проблемами психического здоровья: расстройство, связанное с употреблением алкоголя, тяжелая депрессия, биполярное расстройство. Каждое из этих заболеваний может оказать значительное влияние на личные финансы. Чрезмерное употребление алкоголя или других веществ приводит к неадекватности, невнимательности к финансам, риску трудоустройства и скрытности. Депрессия может привести к остановке карьеры или даже к потере работы. Люди, страдающие депрессией, часто не могут справиться с финансовыми обязанностями из-за недостатка энергии или целеустремленности.

Следует внимательно относиться ко своему здоровью, в том числе психическому, своевременно выявлять у себя негативные признаки, в случае необходимости просить помощи у близких и родных.

*Продолжительное влияние семьи на психику*

У каждой семьи есть своя особая психология денег. О чем можно говорить, кто должен контролировать, какие денежные обязанности возложены на какой пол, насколько важны деньги или нет.

Кроме того, всегда есть истории о деньгах, которые являются частью идентичности семьи. Возможно, дедушка - серийный предприниматель потерял семейное состояние, вызвав чрезмерный консерватизм у последующих поколений. Или было замечено, что блестящую родительницу обманом лишили ее истинной судьбы.

Очень важно вовремя пройти сепарацию от семьи и научиться самостоятельно принимать финансовые решения.

Обобщая вышесказанное, следует отметить, что помимо перечисленных выше аргументов, актуальность изучения психологии денег заключается также в том факте, что на фоне обострения глобального финансового кризиса быстро растет число самоубийств наряду с психическими и психосоматическими заболеваниями, вызванными "денежными" разочарованиями.

По этой причине исследовательские задачи включают выявление продуктивных паттернов здорового поведения по отношению к деньгам и семейным ценностям. Практические последствия заключаются в том, что выявленные стратегии преодоления трудностей с деньгами будут рекомендованы для широкого использования, чтобы заблокировать девиантное и разрушительное поведение, направлять энергию человека в конструктивное русло творческого личностного роста и поддерживать традиционные семейные ценности, основанные на любви и уважении в семье и обществе.

#### Литература

1. Аристотель. Политика. Собрание сочинений в четырех томах. – М., Мысль, 1983. – В. 4, перев. С.А. Жебелев, – П. 38-57.
2. Осипова И. Кто в Казахстане зарабатывает на финансовых пирамидах. 2020 год.
3. Зиммель Г. Большой город и современная жизнь. Сочинения 1895-1917 годов. Арто Норо, 2005 год. Гаудеамус, Хельсинки.
4. Вебер М. Избранные произведения. – М., Прогресс, 1990.
5. Рэйчел Круз. Понимание психологии денег. 6 августа 2021 год.

**Ысқақ Г.Т., Сангилбаев О.С.**  
(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
Тұран университеті)

### ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Оқу процесін дәстүрлі ұйымдастыруда ақпаратты беру әдісі ретінде біржақты байланыс нысаны қолданылады. Оның мәні-оқытушының ақпаратты таратуы және оны студенттердің оны кейіннен қайталауы. Білім алушы тек оқып, естіп, білімнің белгілі бір салалары туралы сөйлесіп, тек қабылдаушының позициясын алатын жағдайда болады. Кейде біржақтылық бұзылуы мүмкін (мысалы, студент бір нәрсені нақтылағанда немесе сұрақ қойғанда), содан кейін екі жақты байланыс пайда болады. Байланыстың бір жақты формасы тек дәріс сабақтарында ғана емес, сонымен қатар тәжірибелік сабақтарда да бар. Айырмашылық тек оқытушы емес, студент кейбір ақпаратты таратады. Бұл семинар басталғанға дейін мұғалім қойған сұрақтарға, рефераттарға, жауап беріп дәріс материалдарын қайталап қана қояды. Коммуникацияның бұл түрі құзыреттілік тәсіл принциптеріне сәйкес келмейді. Білім беру процесінде көпжақты қарым-қатынас нысаны түбегейлі ерекшеленеді. Бұл қарым-қатынас моделінің мәні студенттердің мәлімдемелеріне рұқсат беруді ғана емес, сонымен бірге олардың білімін білім беру процесіне енгізуді де қамтиды.

Коммуникативті жоспарда оқыту келесі тұжырымдарды сипаттайды:

1. Егер студенттерге өз тәжірибелері арқылы пәнге жақындауға мүмкіндік берілсе, олар белгілі бір дағдыларды жақсы меңгереді.
2. Егер оқытушы олардың білім алу тәсілін белсенді қолдаса, студенттер жақсы оқиды.
3. Егер оқытушы, бір жағынан, тақырыпты оңай меңгеру үшін құрылымдаса, екінші жағынан, студенттер материалды жақсы қабылдайды, өз көзқарасымен сәйкес келмейтін білім алушылардың пікірлерін қабылдайды және талқылауға енгізеді.

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде құзыреттілік тәсіліне көшу оқу процесінде сабақтан тыс жұмыстармен ұштастыра отырып сабақтарды өткізудің белсенді және интерактивті нысандарын (компьютерлік симуляциялар, іскерлік және рөлдік ойындар, нақты жағдайларды талдау, психологиялық және өзге де тренингтер) кеңінен пайдалануды көздейді. Интерактивті нысандарда ... оқу процесінде өткізілетін сабақтардың үлес салмағы аудиториялық сабақтардың кемінде 20 пайызын құрауы тиіс [1, 56].

Қазіргі кезде оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологияларын пайдалана алу әрбір оқытушының біліктілігін анықтайды. Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда оқытушы сабақты дайын күйінде бағалайды, әрбір білім алушының өзі ізденіп, ғылыми негіздерін өз бетінше игеріп, ғылыми зерттеуді көздейді, ал оқытушының негізгі міндетіне білім алушының іс-әрекетін бақылау жатады [2, 26].

Дәстүрлі білім беру технологиялары білімді жеткізуге және әрекет ету әдістерін сипаттауға бағытталған, студенттерге дайын түрде беріледі және репродуктивті ассимиляцияға арналған. Білім беру технологияларының бұл тобына мыналар жатады:

- Түсіндірмелі және иллюстрациялық оқыту технологиясы;
- Проблемалық оқыту технологиясы;

- Бағдарламаланған оқыту технологиясы;
- Модульдік оқыту технологиясы;
- Үлкен блокты зерттеу технологиясы;
- Дәріс-семинар-кредит жүйесі;
- Ойынмен оқыту технологиясы және т.б.

Жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру технологиялары білім беруде ғылымның заманауи жетістіктерін және ақпараттық технологияларды пайдалануға негізделген әдістерді білдіреді. Олар оқушылардың шығармашылығын, дербестігін дамыту арқылы оқыту сапасын арттыруға бағытталған. Олар онлайн оқытуға мүмкіндік береді; студенттердің оқытылатын пәнге деген қызығушылығын арттыру; оқуды күнделікті өмір тәжірибесіне жақындату (тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамыту, тез өзгеретін өмір жағдайларына бейімделу, психологиялық стресске төзімділікті арттыру, жанжалдарды шешу дағдыларын үйрету және т.б.); жаңа әлеуметтанулық білім алу әдістемесін үйрету.

Бұл топқа мыналар кіреді:

- Тұлғаға бағытталған оқыту технологиялары;
- Топтық жобалау технологиясы;
- Командалық-модульдік жұмыс технологиясы;
- Ақпараттық технологиялар;
- Денсаулықты сақтау технологиялары және т.б. [3].

Оқытушылардың білім беру процесінде *интербелсенді әдістерді қолданудағы қиындықтары*:

- әдістің мазмұнын білмеу;
- оны іс жүзінде қолдана алмау;
- сабақ құрылымындағы әдіс орнын түсінбеу;
- оқыту процесінде әдістерді қолданудың тиімділігіне сенбеу.

Оқу процесін ұйымдастырудағы құзыреттілік тәсіл оқытушыдан оқу процесін өзгертуді талап етеді: оның құрылымы, қызметті ұйымдастыру формалары, субъектілердің өзара әрекеттесу принциптері. Бұл мұғалімнің жұмысындағы басымдық қарым-қатынастың диалогтық әдістеріне, шындықты бірлесіп іздеуге және әртүрлі шығармашылық белсенділікке берілетінін білдіреді. Мұның бәрі оқытудың интерактивті әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

"Интерактив" сөзі бізге ағылшын тілінен "interact" сөзінен келді. "Интер" - бұл "өзара", "акт" - әрекет ету. Интербелсенділік - бұл өзара әрекеттесу мүмкіндігі немесе сөйлесу, біреумен (адаммен) немесе бірдеңемен (мысалы, компьютермен) диалог режимінде.

Оқу процесі білім алушылардың барлығы дерлік таным процесіне тартылатындай, олар не біледі және не туралы ойлайтындарын түсіну. Интерактивті әдістердің ерекшелігі-өзара әрекеттесу субъектілерінің өзара бағытталған белсенділігінің жоғары деңгейі, қатысушылардың эмоционалды, рухани бірлігі.

Оқытудың *дәстүрлі түрлерімен салыстырғанда интерактивті оқытуда* оқыту мен студенттің өзара әрекеті өзгереді: оқытушының белсенділігі студенттердің белсенділігіне жол ашады, ал оқытушының міндеті олардың бастамасы үшін жағдай жасау болып табылады.

Диалогтық оқыту барысында студенттер сыни ойлауға, жағдайларды талдау және тиісті ақпарат негізінде күрделі мәселелерді шешуге, балама пікірлерді өлшеуге, ойластырылған шешімдер қабылдауға, пікірталастарға қатысуға, басқа адамдармен сөйлесуге үйренеді. Ол үшін сабақтарда жұптық және топтық жұмыс ұйымдастырылады, зерттеу жобалары, рөлдік ойындар қолданылады, құжаттармен және әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жүргізіледі, шығармашылық жұмыстар пайдаланылады.

Студент оқу процесінің толық қатысушысы болады, оның тәжірибесі білім берудің негізгі көзі болып табылады. Оқытушы дайын білім бермейді, бірақ қатысушыларды өз бетінше іздеуге итермелейді және жұмыста көмекші қызметін атқарады.

Сабақтарды өткізудің интерактивті формалары:



- білім алушылардың қызығушылығын оятады;
- оқу процесіне белсенді қатысуға шақырады.;
- әр оқушының сезіміне жүгінеді;
- оқу материалын тиімді игеруге ықпал етеді.;
- білім алушыларға көпжоспарлы әсер етеді.;
- кері байланысты жүзеге асырады (аудиторияның жауабы);
- білім алушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады.;
- өмірлік дағдыларды қалыптастырады;
- мінез-құлықтың өзгеруіне ықпал етеді

*Интерактивті оқытуды ұйымдастырудың негізгі ережелері.*

*Бірінші ереже.* Жұмысқа барлық қатысушылар тартылуы тиіс. Осы мақсатта барлық қатысушыларды талқылау процесіне қосуға мүмкіндік беретін технологияларды қолдану пайдалы.

*Екінші ереже.* Қатысушылардың психологиялық дайындығы туралы қамқорлық қажет. Бұл сабаққа келгендердің барлығы психологиялық тұрғыдан белгілі бір жұмыс түрлеріне тікелей қосылуға дайын емес екендігі туралы. Осыған байланысты қыздыру, жұмысқа белсенді қатысқаны үшін үнемі ынталандыру және өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік беру пайдалы.

*Үшінші ереже.* Интербелсенді технологиясында білім алушылар көп болмауы тиіс. Қатысушылардың саны мен оқыту сапасы тікелей байланысты болуы мүмкін. Қатысушылардың оңтайлы саны-25 адамға дейін.

*Төртінші ереже.* Бөлме қатысушыларға үлкен және кіші топтарда жұмыс істеу үшін оңай қозғала алатындай етіп дайындалуы керек.

*Бесінші ереже.* Рәсімдер мен регламенттерді нақты бекіту (бекіту). Бұл туралы ең басында келісіп, оны бұзбауға тырысу керек. Мысалы: барлық қатысушылар кез-келген көзқарасқа төзімділік танытады, әркімнің сөз бостандығына құқығын құрметтейді, оның қадір-қасиетін құрметтейді.

*Алтыншы ереже.* Семинарға қатысушыларды топтарға бөлуге назар аударыңыз. Бастапқыда ол еріктілік негізінде жасауға мүмкіндік беруге болады. Содан кейін кездейсоқ таңдау принципі қолданған дұрыс.

***Интерактивті оқытуды ұйымдастырудың міндетті шарттары:***

- білім беруші мен білім алушы арасындағы сенімді, оң қарым-қатынас;
- демократиялық стиль;
- білім беруші мен білім алушылардың өзара қарым-қатынас процесіндегі ынтымақтастық;
- білім алушылардың жеке ("педагогикалық") тәжірибесіне сүйену, оқу, жарқын мысалдар, фактілер, суреттер процесі;
- ақпаратты ұсынудың нысандары мен әдістерінің алуан түрлілігін, білім алушылардың ұтқырлығы;
- іс-әрекеттің сыртқы және ішкі мотивациясының, сондай-ақ білім алушылардың өзарамотивациясының қосылуы.

Оқытудың интерактивті формалары жоғары мотивацияны, білімнің беріктігін, шығармашылық пен қиялды, қарым-қатынасты, белсенді өмірлік ұстанымды қамтамасыз етеді, командалық рух, даралықтың құндылығы, өзін-өзі білдіру бостандығы, іс-әрекетке баса назар аудару, өзара құрмет пен демократияны қамтамасыз етеді.

***Интерактивті оқытудың нәтижелілігі:***

- белсенді-танымдық және ойлау қызметін дамыту;;
- студенттерді таным процесіне жаңа материалды меңгеру пассивті тыңдаушылар ретінде емес, белсенді қатысушылар ретінде тарту;
- талдау және сыни ойлау дағдыларын дамыту;
- пәндерді, оқу жоспарын оқуға деген ынтаны күшейту;
- сабақта жағымды, шығармашылық атмосфера құру;
- студенттердің коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту;
- дәстүрлі аудиториялық жұмыстың үлесін азайту және өзіндік жұмыстың көлемін ұлғайту.

- ақпаратты өңдеудің заманауи техникалық құралдары мен технологияларын меңгеру біліктері мен дағдыларын дамыту;
- дағдыларын қалыптастыру және дамыту, ақпаратты өз бетінше табу және оның шынайылық деңгейін анықтау;
- оқу процесінің икемділігі мен қол жетімділігі - студенттер желідегі кез-келген компьютерден оқу ресурстары мен бағдарламаларына қосыла алады;
- электрондық тесттер (ағымдағы, аралық) сияқты бақылау нысандарын пайдалану оқу процесін неғұрлым нақты басқаруға мүмкіндік береді.
- студенттердің білімін, іскерлігін және құзыреттілігін бағалаудың объективтілігін арттыру;

Интерактивті технологиялар студенттің оқытушымен эпизодтық емес (кесте бойынша) байланысын қамтамасыз етеді [1, 86].

**Қорытындылай келе** кез - келген оқу кезеңдерінде және бүкіл курсты аяқтағаннан кейін студенттердің рефлексивті жұмыстары олардың оқу процесі мен нәтижелеріне жоғары жеке қанағаттанушылығын көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар сыни, икемділік, тәуелсіздік және ойлау тереңдігінде, сөйлеу құзыреттілігінде оң динамиканы анықтауға мүмкіндік береді (күрделі сөйлеу жанрлары игеріледі, монологтік және диалогтік сөйлеудің қалыптасуының барлық көрсеткіштері дамиды). Жалпы оқу дағдылары (ғылыми мәтіндерді оқу және түсіну, рефераттау, педагогикалық зерттеу және жобалау), оқу мотивациясының мазмұны мен модальділігінде (өзін-өзі тәрбиелеудің тұрақты қажеттілігі, терең және тиімді танымдық қызығушылықтар қалыптасады, жеке адамға терең қанағат әкелетін зияткерлік эмоциялар пайда болады).

Жоғарыда аталған барлық көрсеткіштер болашақ мұғалімдердің жеке кәсіби маңызды қасиеттерінің дамуын, олардың педагогикалық қарым-қатынастың қажетті компоненттерінің қалыптасуын және студенттердің негізгі педагогикалық дағдылар мен дағдыларды игеруін көрсетеді: аналитикалық, болжамдық, рефлексиялық, гностикалық, рефлексивті, проективтік. Осылайша, интерактивті әдістер оқытушы мен студенттер арасындағы қарым-қатынас оқу сабақтарына танымдық мағынада белсенді сипат беріп қана қоймай, оларды тәрбиелік процеске айналдыратын жағдай жасайды.

#### Әдебиет

1. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего профессионального образования. «Российская правовая академия министерства юстиции российской федерации» Ростовский (г. ростов-на-дону) юридический институт (филиал) интерактивные методы, формы и средства обучения (методические рекомендации) Ростов-на-Дону, 2013
2. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 б.
3. <https://goaravetisyan.ru/kk/nauchno-metodicheskie-osnovy-issledovaniya-problemy-ispolzovaniya/>

**Юнусова С.**

(Қазақстан Республикасы, Тараз қ.  
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті)

### ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАДА ТИІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Тұлға аралық қатынас дегеніміз-күрделі мәселе. Күнделікті тұрмысымызда қарым-қатынасыз жасауымыз мүмкін емес. Тұлға аралық қарым-қатынастың бірнеше түрі бар: жеке және қызметтік, дара және топтық, тең құқықты және тәуелді, қарама-қарсылықты және дау-дамайлы.

«Қарым-қатынас», «араласу», «өзара қатынас» ұғымдары қарапайым әрі соншалық жалпылама болып көрінетіндіктен, оларды жұрттың бәрі түйсік арқылы түсіне тұрса да, дәл анықтай қою қиынға түседі. Расында да араласу (сөздің дәл мағынасында алсақ — коммуникация) дегеніміз — хабарлау, айтып жеткізу. Адам араласу арқылы айналадағы дүние туралы білім алады, тәжірибені, еңбек пен тұрмыс дағдыларын қабылдау да, тарихи даму барысында адам баласы жасап шығарған мәдени, адамгершілік және әлеуметтік құндылықтарды меңгеру де осы араласу арқылы болады. Алайда араласу ақпарат алмасумен ғана байланысты емес. Араласудың эмоциялық емес, интеллектік жағы ғана көрінетін, сезімдер алмаспай, тек білім ғана алмастырылатын жағдайды көзге елестетуге бола қояр ма екен. Тіпті бір ғана фильмді жеке өзің немесе достарыңмен бірге көрудің, теледидардан немесе кинотеатрдың көрерменге толы залында отырып тамашалаудың өзі сол шығармаға түрліше қарауға мәжбүр етеді. Бір істі жалғыз жүріп үйренуден гөрі, құрдастарыңмен қосыла үйрену жеңілдеу. Сөйтіп, қарым-қатынас жасау нәтижесінде білім мен іскерлік, ықылас-ынта, ойлар мен сезімдер алмасып отырады.

Әлеуметтік орта топтардан құралады. Жеке адамдар мен топтар күнделікті өмірде басқа да әр түрлі топтармен, адамдармен істес болып, өзара тығыз қарым-қатынас жасайды. Бұл адамның қызмет немесе оқу орнындағы сондай-ақ, өмір сүретін ортасындағы адамдардың топтары болуы да мүмкін. Ал, ұстаздар мен мектеп оқушылары белгілі бір мерзім ішінде мақсат-мүдделері топтасқан ұжым құрып, ресми топқа айналады. Бұл топтағы шәкірттер мен жетекшілер топ ішіндегі әлеуметтік-психологиялық жағдайда мақсатты түрде істес, пікірлес болып, қарым-қатынасқа түседі. Мұндай жағдай ұстаздардан арнайы білімділік пен дағдыларды талап етеді. Ондағы мақсат- әр адамның әлеуметтік орнын, қоғамдық мәнін білу. Жеке адамның өзі де - қоғам мүшесі әлеуметтік тұлға. Сондықтан, оның өмір тіршілігіндегі әрбір қимыл әрекеті, ісі қоғамдық өмірдің көрінісі болып табылады.

Әлеуметтік ортада тіршілік етуші азамат өзінің кім екенін былайғы жұртқа өзін қоршаған орта мен сыртқы дүниеге деген қатынасы арқылы таныта алады. Адамдар қарым-қатынасының сыр-сипаты қоғамдық өмірде, әсіресе өндірістік істердегі әрекетінен айқын байқалады.

Топ ішіндегі адамдардың бір-біріне тәуелділігі, бағынуы, бірлесіп атқаратын істері, өзара көмектесуі - олардың нағыз топтық тіршілігінің заңды түрде қалыптасуын көрсететін сипаттар. Олардың арасындағы қарым-қатынастардың мазмұнды болуы түрлі әлеуметтік жағдайларға және әрбір азаматтың даралық нақты іс-әрекеттеріне байланысты. Мұндағы өзекті мәселе - адамдардың қоғамдық ісінің нәтижелі болуы мен әлеуметтік мақсаттылығы. Адамдар арасындағы тікелей қарым-қатынас бір-бірін ұнатып, қолдау нәтижесінде өрістесе, ал жанама қарым-қатынас олардың бағалы заттарды өзара алмасуы мен бірінін ісін бірі бағалау нәтижесінде қалыптасады. Мұндай қатынас негізінен, ұжымдық сипат алады.

Психология пәні адамдар арасындағы жанама қатынастардың түрлі өзгерістерге ұшырайтынын ерекше атап көрсетіп, олардың мынадай деңгейлерде қалыптасып отыратындығына мән береді: а) диффузиялық топ-бұл аралас топ деп те аталады, мұндай топтағы адамдардың өзара қарым-қатынасы топтың негізгі іс-әрекетіне байланыссыз-ақ жүзеге асады; ә) ассоциация - бұл күрделі топ, топтың іс-әрекеті әрбір адамның мүддесіне сай келетін болғандықтан, топтар ішіндегі қарым-қатынас жандана бермек; б) корпорация, мұнда да жеке мүдделерге сәйкес қатынас ассоциациялық негізде дами бермек; в) ұжым топтың ең жоғары деңгейде ұйымдасқан формасы, мұнда топ ішіндегі қарым-қатынас жалпы мақсатты іс-әрекеттер арқылы жүзеге асып, әрбір адамның қоғамдық мақсат-мүддесімен ұштасып жатады. Ұжымдық қарым-қатынас жасаудың негізгі объектісі - адамдардың ұйымшылдығы мен бірлігі топтағы психологиялық ахуал, әрбір ұжым мүшесінің көңіл-күйі, сергектігі, болашақ мақсат-мүддесі әлеуметтік психологияда өзекті жәйт ретінде дара түрде қарастырылады. Бұл мәселелердің бәрі ұжымдық мүдде деп саналады.

Американдық психолог әрі социолог Дж.Морено шағын топтағы адамдардың қарым-қатынасын зерттеу үшін социометриялы әдісті ұсынған болатын. Бұл әдіс бойынша ұстаздар мен тәрбиешілер, шағын ұжымдардың жетекшілері, өндірістік-кәсіптік мекемелердегі

топтардың басшылары қарамағындағылардың өзара қарым-қатынасын анықтай алады. Бұл тәсілдің негізгі өлшемі (критерий) әр қилы. Басты мақсаты - топ ішіндегі адамдардың тілегі мен мүддесін анықтау. Ондағы адамдардың өзара қарым-қатынастарының үйлесімді болуы, немесе бір-бірін ұнатуы, ұнатпауы олардың сезімдік-эмоциялық күйлеріне байланысты. Топтағы, ұжымдағы әрбір адам екі түрлі: іскерлік және жеке қатынаста болады. Жеке адамдардың бір-бірімен қатынасын зерттеген кезде бақылау, эксперимент, әр түрлі әңгімелесу әдістері пайдаланылады. Мұндай әдістердің бірі-таңдау болып табылады. Таңдау әдісі жеке адамның қадір-қасиеті жағынан шын мәнінде алатын орынын анықтауға, ұжым мүшелерінің танымал болу дәрежесін белгілеуге, бастауыш топтардың бар-жоғын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдісті жүргізген кезде бірлесіп атқаруды, болмаса топ мүшелерімен басқадай бір істі орындауды қалауы жөніндегі сұраққа жауап беруі ескеріледі. Қойылатын сұрақтар таңдау критерийлері деп аталынады. Топта, ұжымда әдетте жетекшілік міндетін өзіне алатын бір адам болады. Әлеуметтік психологияда мұндай адамды “көшбасшы” деп атайды. Көшбасшы топты ұйымдастыруға және басшылық етуге сайланады, не ұсынылады. Көшбасшы әдетте топтың іс-әрекеті жайлы, оның құрамы мен мүмкіндіктері жайлы мейлінше хабардар болады. Ол топ мүшелерімен қарым-қатынаста өзін еркін, сенімді ұстайды. Шағын топтардағы көшбасшылықты зерттеген Н.С. Жеребованың зерттеулерінде көшбасшы мынандай қызмет атқаратындығы айқындалған: а) ол топ алға қойған мақсатқа жетудің жолдары мен құралдарын жоспарлайды, б) топ мүшелері арасында атқарылатын іске жауапты адамдарды белгілейді, в) егер топтың алдына маңызды іскерлік қойылған болса және бұл топ өндірістік еңбек коллективі болса, белгілі бір топтық атмосфера орнатады, г) топ мүшелерінің қоғамдық белсенділігін дамытады.

Жеке адамдар мен топтар күнделікті өмірде басқада әр түрлі топтар мен адамдармен, істес болып өзара тығыз қарым-қатынас жасайды. Бұл адамның қызмет немесе оқу орнындағы, сондай-ақ өмір сүретін ортасындағы адамдардың топтары болуы да мүмкін. Ондағы мақсат-әр адамның әлеуметтік орнын, қоғамдық мәнін білу.

Пікірлесудің қандай түрлері болса да, сөйлеу формалары арқылы жүзеге асып отырады. Пікір алысудың нақтылы мақсаты мен жеке жағдайларына қарай сөйлеу түрлі ерекшеліктермен көрінеді. Осы айтылғандар тұрғысынан сөйлеу бірнеше түрлерге бөлінеді. Алдымен сыртқы және ішкі сөйлеу болып үлкен екі топқа жіктеледі.

Сыртқы сөйлеу ауызша және жазбаша сөйлеу болып, ал ауызша сөйлеудің өзі диалог және монолог.

Ауызша сөйлеу – сөйлеудің негізгі бір түрі болғандықтан оның қалған түрлері де соның төңірегінде құрылады. Мәселен, жазу сөзіндегі әріптер ауызша сөздің түрлі дыбыстарын белгілейді. Былайша айтқанда, жазу сөзі ауызекі сөздің қағаздағы таңбасы, оның ерекше бір варианты.

Ауызша сөйлеудің негізгі бір түрі – диалогтық сөйлеу. Екі немесе коданда көп адамдардың арасындағы әңгіме, сөйлесу түрінде жүретін диалогтық сөйлеу үрдісінде адам сұрақ қояды және оған жауап береді, сын-пікір айтады, қолдау және қарсылық білдіреді. Оларға аз ойларын кеңейтілген түрде байындауды қажет етпейді. Диалог сөз ым-шаралармен, бет пен көздегі мәнерлі қозғалыстармен толықтырылады.

Монологтік сөйлеу қарым-қатынас тәжірибесінде ерекше орын алады және әр түрлі ауызша және жазбаша сөйлеген сөздер мен баяндамаларда байқалады. Сөйлеудің монологиялық түрлеріне лекциялар, баяндамалар, жиналыстарда сөйлеген сөздер хабарландырулар, бұйрықтар жатады. Бұл сөйлеудің мақсаты тыңдаушыға қажетті ықпалға қол жеткізу.

Сөйлеу көбінесе беттің мимикасының өзгеруімен, ымдау сипатындағы түрлі қозғалыстар мен қосарланып отырады. Орынды ымдар біздің сөзімізді мәнерлі етумен қатар, оның өзімізге де, өзгеге де түсінікті болуына жағдай туғызады. Бірақ осындай ым – ишаралардың дербес күйінде аса үлкен маңызы жоқ. Адам мұны көмекші құрал ретінде ғана пайдаланады.

Әлеуметтік ортадағы қарым-қатынастың барлық түрлері ішінде *жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас*, яғни адамның адаммен тікелей араласуы анағұрлым қызық.

Жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас — ойлай және сезіне білетін адамдар арасында шынайы өмірде қалыптасатын қарым-қатынастардың нақ өзі. Жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас араласудың мәні, оның өзіндік нәтижесі болып табылады. Араласу процесінде қалыптаса келіп, жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас, өз тарапынан, оның өзіне әсер етіп, араласудың мазмұны мен басқа да ерекшеліктерін айқындайды. Сондықтан да «араласу» немесе «өзара қарым-қатынас» ұғымдары, аталған мәселенің нақ қандай қыры қаралып отырғанына байланысты қолданылады.

Жеке тұлғаның барлық адамдық қасиеттері басқа адамдармен қарым-қатынас барысында қалыптасады. Білімді меңгеру, кәсіби даярлықтан өту және кәсіби шеберлікті шыңдау қарым-қатынас барысында басқалардың тәжірибесін үйренудің нәтижесінде орын алады.

Адамның әлеуметтік тіршілік иесі ретіндегі ерекшеліктері де осы қарым-қатынаста көрінеді. Өйткені қарым-қатынас белсенділігі жеке тұлғаның ең маңызды жақтарының дамуына жағдай жасайды, олар – адамгершілік, қайырымдылық, қамқорлық, өз өзі үшін, адамдар алдындағы өз істері үшін жауапкершілік. Адамның индивид ретінде де, тұлға ретінде де даму шыңы өзін-өзі жетілдіру болып табылады. Тұлғаның өзіндік дамуы – ол өзін-өзі жетілдіруі. Өзін-өзі жетілдіру - өзінің өмірлік қуатының мәнін, мақсатын жүзеге асыратын тәндік, жандық, рухани күш-қуатты сандық және сапалық өзгеріске түсіретін ішкі объективті процесс. Көпшілік жағдайда бұл үрдіс өзіндік тәрбиемен, өзін-өзі танумен, интеллектуалды дамумен байланыстырып қарастырылады. Өйткені, әр адамның даму деңгейі ол ұстанған қарым-қатынас сипатына тәуелді екені анық. Мәселен, күнделікті тұрмыстық күйбең, пайдакүнемдіктен аса алмаған адам төменгі даму деңгейіндегі тұлға болып қала береді, ал жоғары деңгейдегі адамның қоғамдық мәнді құндылықтарынан, оның рухани жігерлі шабытынан көрінеді.

Өзіндік дамудың аса маңызды көрсеткіші оның өзіндік психикалық реттеу әрекетінде психологиялық мүмкіндіктерін өзара тұтастықта және қоршаған әлеммен үйлесімдікте дамыта білуі. Қысқаша айтқанда, адам тұтастықта, бірлікте, тым ерекше болады, ол өзін ерекше тиімді көрсете алады. Ол ерлік пен күшке ие болады. Солай қарым-қатынаста да шынайы адамилықтың аса маңызды аспектілері бірінші орынға қойылады.

Сонымен, тұлға аралық қабылдау үрдісінде кері байланыс түсінік беретін функцияның және өзін-өзі басқару қызметін атқарады.

#### Әдебиет

1. Тұрдалиева Ш.Т. Қарым-қатынас психологиясы [Мәтін]: оқу құралы / Ш.Т. Тұрдалиева. - Алматы : Эпиграф, 2017.
2. Шерьяданова Х.Т. т.б. Қарым-қатынас психологиясы: Оқулық. - Алматы: Отан ЖҚ, 2014. <http://rmebrk.kz/>
3. Майерс Д. Әлеуметтік психология [Мәтін]: Оқулық / Д. Майерс, Ж. Туенж. - 12-ші бас. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018.
4. Турдалиева Ш.Т. Конфликтология [Электронды басылым]: электронды оқу құралы / Ш.Т. Турдалиева. - Тараз : ЖАТО, 2017.
5. Аронсон Э. Көпке ұмтылған жалғыз [Мәтін] Әлеуметтік психологияға кіріспе: Оқулық / Э. Аронсон. - 11ші -басылым. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018.
6. Құдиярова А.М. Қарым-қатынас психологиясы (Ортақтасу): Оқу құралы. - Алматы: Шұғыла, 2006. <http://rmebrk.kz/>

Ғылыми басылым

**Профессор С.М. Жакыповқа арналған  
«ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ МЕН ПРАКТИКАСЫНДАҒЫ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ  
ТҰЛҒА ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»  
атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

ИБ № 15512

Басуға 22.05.2022 жылы қол қойылды. Пішіні 60x84 1/16.

Көлемі 24,875 б.т. Тапсырыс № 16105.

Электронды басылым. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.